


821
Р 23



КАЙСЕНОВ

Касым



ҚАЙСЕНОВ

Kaibim

ЖАУ
МУЛДЫНДАГЫ
ЗАРА

Повестер мен әңгімелер



АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2003

Қайсенов К.

К 23 Жау тылышындағы бала. Повестер мен әңгімелер.— Алматы: Атамұра, 2003.— 208 бет.

ISBN 9965-05-798-2

Көрнекті жазушы Қасым Қайсенов бұл кітабында Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылышындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаган зор ерліктерін және өзінін ауылда өткен балалық шағын үлкен тебіреніспен суреттеп жазған.

Кітап көпшілік оқырман қауымта арналған.

К 47002220201-302
418(05)-2003 хабарландырусыз—2003

ББК 84.4 Каз 7

ISBN 9965-05-798-2

© Қайсенов К., 2003
© «Атамұра» баспасы, 2003

Побесмет

*Соғыс зор апат. Сондықтан дүние
жүзіндеңі барлық ізгі ниетті адам
бейбітшілік болуын тілейді.*

ЖАУ ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛА

Кешегі сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезінде он жасар қазақ баласы Украина жерінде, жау тылында, партизандар қатарында болды дегенге, бәлкім, сене де қоймассыздар. Сөйткенмен, осы бір сәбидің басынан кешкен қызықтырылған өмір соқпақтарын оқушыларға айтып беру көптен бергі борышым сияқты болып келген еді. Қайда барсам да, сол баланың бейнесі қоңлімнен бір шықпай, әлдебір балалық мұнын шаққандай, көз алдында мөлтеннедейді де тұрады. Сәби жүзі, бұғанасы қатпай ауыр күндерге душар болған балғын шағы жан-жүйемді тебіренте беретін болды.

Сол баланың өмірі туралы жолдастарыммен әнгімелесіп, оқиғаның ұзын-ұрғасын баяндап бергенімде: «Жазсаңшы осыны, балаларға мұндай жағдайды білудің өзі бір сабак емес пе? Жаз, оқысын замандастарын», – дейтін еді. Содан бері көп уақыт өтсе де, бірақ оқиға барған сайын ойыма үялап, әнгіменің айтылар толғагы жиілеп, жанымды мазалай берді. Сөйтін, енді сол бір қиын-қыстау күндерден бері есімде жүрген оқиғаның ізіне түскелі отырмын.

* * *

Июнь айының жайма шуақ күндерінің бірі еді. Аспан асты тыныштық құшагында маужырап тұр. Сол тыныштықта кеудесін кере тосқан майор Мергенбаев қатты жүріп келе жатқан жеңіл машинаның алдыңғы жағына дегбірсіздене қарайды. Әлдебір жайға асығып келе жатқан тұрі бар. Қолындағы телеграмманы қайта-қайта оқып, қуанышты сезіммен жымып күліп те қояды өзі.

– Жолдас майор, бір оқиға есінізге түсіп келе ме? – деп сұрады шофер машина астына сырғи кіріп, сызыла қалып жатқан түп-түзу асфальт жолдан көзін алмай, алға тұра қарап отырып.

– Жоқ, осы поезден келе жатқан баламды көрмегеніме екі жыл болған еді. Мен кеткенде бірінші класта оқитын

жеті жасар бала еді өзі. Қазір ер жетіп қалған болу керек. Биыл, мінеки, үшінші класты бітіріп, папасына қонаққа келе жатыр. Мұндай құрметті қонаққа қалай қуанбасын!— деп, майор сағатына карады.— Поездың келуіне бес-ақ минут қалыпты, үлгіреміз бе?

— Үлгіреміз!— деді де, шофер машинасын үшінші жыл-дамдыққа басты.

Жолдың екі жағындағы қалың сымды бағаналар, көкке бойлап өскен зәулім ағаштар, қатарлана тізілген өдемі биік үйлер көз ілеспей артта қалып жатыр...

Машина вокзал алдына келіп тоқтағанда, жолаушы поеззының паровозы да алқына дем алыш, перронға келіп тоқтаған-ды.

Колдарына жомарт жаздың қызылды-жасыл гүлін алыш, вагондарға қарай жүгіріп бара жаткан жүргіт. Майор Мергенбаев қолына бір шок гүл ұстап, жүгіре басып бесінші вагонның алдына келді. Дәл осы кезде бір қолына чемодан ұстап, он жасар ер баланы сонынан ерткен бір толықша келген, қараторы жас әйел вагоннан шығып келе жатыр еді. Жұбайы мен баласын көрген жерде майордың жүзі жұз құбылып жайнап кетті.

Алда, шофердің қатарында отырған жас әйел артына бұрылып:

— Біз кеткендегіден ел көп өзгерген екен. Колхозшылар қазір дүрілдеп тұр. Еңбектеріне 4—5 килограмнан астық, ақшалай да көп ақы алышты. Колхоз үлкен электр станциясын салып жатыр екен, осы бірер айда бітетін болу керек. Әр үй электр сымын тарттырып койып, Ильич нұрын күтіп отыр... Енді біраз уақытта халықтың тұрмысы қандай жақсы болар екен десенші!— деп, еріне аудан алыш қайтқан өсерінің шет-жағасын сүйінш сезіммен айттып келеді.

— Біздің үйде де электр лампасы бар,— деп, папасының жанында отырған бала мамасының сөзін бөліп жіберді. Мамасы баласына елжірей қарап:

— Серікжан үшінші класты өте жақсы деген бағамен бітіріпті. Атасы «екі-үш ай болса да сағынамын гой» деп, бетінен сүйіп, жылап қалды. Қартайған адам бала сияқты болады екен, тіпті солқылдаپ тұрып жылады. Август айынан қалдырмай әкеп тастандар деп қалды. Көрші-

лердің балалары да өзін жақсы көреді екен, жиналып шығарып салды. Тікті Степанның Петясы мен Ефим шалдың Мишасы да станцияға дейін шығарып салды. Тегі, Серікжанды алып қайтуға барғаным да жақсы болған екен, туған-туысқандардың бәрін көріп, амандықтарын біліп қайттым. Өзғеріс те, жаңалық та көп. Айтпақшы, біздің Асылғазы Семен қарттың Люба деген кіші қызына үйленіпті. Бұлдіршіндегі екі баласы бар екен,— деп жолжөнекейгі сөзін аяқтағандай болды да, енді ерінен мұндағы көршілердің, таныс-жолдастардың хал-жайын сұрай бастады.

Машина екпіндей жүріп, үш қабат қызыл кірпіш үйдің алдына келіп тоқтады...

Шырт үйқыда жатқан Серік төрдегі стол үстінде тұрған телефонның безектей шылдырлаған дыбысынан кенет оянып кетті. Бір аунақшып түсіп, басын көтеріп алып еді, папасы телефон трубкасын құлағына тосып тұр екен.

— Тыңдал тұрған майор Мергенбаев,— деп келте сөйлеген папасы лезде,— солай ма?.. Қазір жетем!— деді де, өні бұзылып, трубканы тарс еткізіп іле салды. Сосын үнсізтүнсіз тез киіне бастаған еді. Төсектен ұшып тұрған Жамал:

— Жомартжан, не боп қалды?— деп абыржи сұрады.

— Тұрып киініндер де, дайын болындар! Шекарадан фашист армиясы отіп кетіпті. Біздің полкте соғыс дабылы соғылғалы бес минут болған екен,— деп қысқа жауап қатты да, майор Жамалы мен Серігінің беттерінен сүйіп, киімдерін апыл-құпыл түзей салды да, үйден жүгіріп шыға жөнелді...

Жамал мен Серік тез киінді де, үйдің ішін буып-түйе бастады. Жамал ойына әр түрлі қорқынышты құдіктер үялай берді. Бұл қала шекарадан небары қырық-ақ километр жерде болатын. Шекарадан отіп кеткен жау бірнеше сағаттан соң осы қалаға, өздері тұрған зәулім биік үйлерге оқ атуы мүмкін. Сонда қайтпек? Жамал әрі ойлап, бері ойлап, Серікті атасы мен өжесінің қолынан алып келгеніне қатты өкінді. Жап-жас баласының ендігі құндері немен шектелмек? Көнілінде ешбір құдігі, ой-

ында ешбір аланы жок сәби енді жау оғынан бұқпантай-лап, бас сауғалап жүрмек пе? Бұл калай болғаны сонда? Жамал әлсін-әлі балконға шығып, полк тұрған казармаларға, зенбірек аландарына, ат қоралар жаққа көз жіберді. Қайда болмасын абыр-сабыр, асығып-үсігіп қайшыласып жүгіріп жүрген солдаттар мен офицерлер. Терезелерден, балкондардан бастары қылтиып жан-жағына құдіктене көз жіберіп тұрған офицер семьялары, жай адамдар. Соңсоң тұрып тың тыңдады. Қаланың әр жерінен соғыс дабылы, анда-санда саңқ-саңқ еткен офицерлердің бүйира ай-қайлаған дауысы естіледі.

Тыныштық құшағында мұлгіген осы көркем қаланы мұнша әбігерлендіріп, шырқын бұзған кім? Неге өшікті еken осынша? Керегі не оған?

Жамал әлі қарап тұр сыртқа. Ендігі бір сөтте сапқа тізілген солдаттар, көсемдеп бірнеше ат жеккен зенбіректер, ұшы-қыры жок жүк тиеген машиналар, атты әскерлер көше-көшелермен қаланың батыс жағына қарай ағылыш өте бастады. Серік те мамасының жанында осы жойқын көріністен көз алмай қарап тұрған-ды. Бала жүрегі де қауіпті сезгендей еді. Сонысын байқатып:

— Папам үйге енді келе ме? — деп сұрады ол мамасына құдіктене қарап.

— Келеді, жаным, келеді! — деп, жұбаныш айтып жауап қайырды, Жамал ұзак-сонар ой сонында тұрып. Осыдан кейін екеуі біріне-бірі тіл қатқан жок, мамасы баласына, баласы анасына үnsіз қарай берді. Екеуі баяу басып, бірінің сонынан бірі еріп, үйге қайта кірді.

Серіктің құлағына соғыс дабылы алыстан үзіліп-үзіліп келіп тұрды.

Жомарт үйге келгенде Жамал мен Серік бұған теңнің үстінде үрпісіп-үрпісін отырған-ды. Серік папасын көре сала орнынан ұшып тұрып, жүгіріп барып, оның мойнына асыла кетті. Майор оны екі бетінен алма-кеzek сүйді де:

— Жамал, біз аттанып барамыз. Қоштасайын деп бірер минутке ғана келдім. Өте асығыспын. Командованиенің бүйрығы бойынша бүгін барлық офицерлердің семьясы кейін, тылға қарай көшіріледі. Көшіретін адамдар осында қалды. Бірақ қай жерге көшірілетіні белгісіз. Кейін

хабарласамыз той. Эйтсе де,— деп сөл кідіріп, Жамалға қадала қарай бергенде, Жамал көзіне жас алып:

— Жомарт, жолың болсын! Әлдеқандай уақыт болады, кім білсін. Мүмкін соғыс ұзаққа созылар; біз елге қайтайық. Аман болсаң келерсің. Хат жазып тұр,— деп Жомарттың құшағына кіре түсті.

— Мен де соны айтайын деп тұр едім. Асылы елге қайтқандарың жөн болар. Барлық тұған-туысқандарга сөлем айт!— деді Жомарт та жарының сөзін макұлдан. Серік папасы мен мамасына жаутаңдан қарай берді.

Сөйтіп, семьяның да шырқы бұзылып, бірімен-бірі қоштасып, әке — майданға, шеше мен бала елге қарай жол тартты.

Эшелон жол-жөнекей жи тоқтап, ауа шабуылынан қорғанып келеді. Осы үш күндік сапарда, шыққан жерінен онша ұзап та кете қойған жок. Күн сайын, сағат сайын ауа шабуылы жиілеп, бомбадан қираған вагондардағы адамдарды сау вагондарға ауыстырып, ал істен шыққан вагондарды кез келген разъезд, станцияларға тастап отырды.

Бұл эшелондағы адамдардың көбі жаралы болатын.

Серігін құшақтап нардың астында отырған Жамал қарсысындағы полк комиссары Савченконың әйелі Анна Ивановнаға ойлы пішінмен көз тастап, әлденені айтқысы келғендей қарай береді. Анна Ивановна да Борясының басын көкіргегіне қысып, әлденеден қауіптенгендей, сыртқа құлағын сала тыңдал, вагонның есігінен көз алмай қарап отыр. Ересек балалар, әйелдер вагон есігінін тесіктерінен сығалап тұр.

Көп кешіккен жок, жау самолеттерінің гүлі тагы өрши бастиады. Эшелон жай жылжып келді де, бір жерге тоқтады.

Жоғарыдан естілген самолет моторларының мазасыз гүлі қара жерді қақ жаратындаған бол қаһарлы ұнғе басты. Бір кезде өр жерден жарылған бомбаның гүрслі естіліп, оған қоса самолеттерден пулемет оғы жауды. Ышқынып түскен бомбаның, ыскырып өткен оқтың зәрелі даусығана естіледі. Эшелон жауған оқ, түскен бомбаның астында қалды. Серік көзін шарт жұмып, мамасының бауырына тығыла түсті.

Далада жер төңкеріліп жатқандай, ұлардай шулаған үрейлі дауыс. Самолет моторларының гүлі басылу ор-

нына, барған сайын ұдей ғулейді. Вагондағы жұрт тұптығел үрейлі.

Бір кезде бірнеше бомба жақын бір жерден жарылды да, вагондарды дірілдете-солқылдатып, шайқап толқытып жіберді. Сол-ақ екен, сырттан:

— Вагоннан тез шығындар, эшелон өртенді. Тез шығындар!—деген бір ерек адамның азы даусы саңқылдай естілді.

Соны күткендей бол әзір тұрган адамдар вагонның есігін жабылып ашып жіберіп, есіктен бірлеп-екілеп қарғи баставы. Жамал да Серіктің қолынан жетектеп вагоннан жерге түссе, алдыңғы бірнеше вагон жанып жатыр екен. Жұрттың бәрі өкпе тұстағы шағын тоғайға қарай тырым-тырағай бол жүгіріп кетіп барады. Жамал Серікті сүйрелей-мүйрелей отырып, вагоннан жұз метрдей ұзағанша, жау самолеттері эшелонды тағы да бомбалай бастады. Бірнеше бомба бірінен соң бірі эшелонның ұзын бойына қуалай түсті де, вагондардың астын-ұстіне шығарды. Жұрт азан-қазан. Маңай лаулаған өрт. Будақтаған қою қара түтін мей қып-қызыл жалынға оранып эшелон жанып жатты.

Тылға тартып бара жатқан эшелонды әбден басынып алған жау самолеттері сол төңірекке қайта оралып, қаруызыз ана, дәрменсіз балаларға енді тіпті жақыннан шүйіліп келіп, пулеметтен оқты бүрката жаудырды. Жан ұшыра жүгірген жұрт өр жерге бір бассауғалап, зытып барады. Жау тіпті көзіне көрінген өрбір адамды оқтың астына алған болатын-ды.

Жамалда ес жоқ. Екі өкпесін қолына алып, сүрінекебіна жүгіріп келе жатыр еді, бір самолет төмендей түсіп, оған оқты боратып жіберді. Ол баласын құшақтаған күйі бір шүқырга етпетінен құлап түсті де:

— Серігім!— деп дауыстал жіберді. Ышқына шықты үні. Шешесінің бауырында жатқан Серіктің оған жауап қатуға мұршасы келмеді. Ана үрейі баланы тіpten булықтырып жіберді.

Не заматта Жамал есін жиғандай болып:

— Серікжан, оқ тиген жоқ па, қарашибыым?!— деді.

— Жоқ, тиген жоқ! Мама, бұл жерден тез кетелік. Самолет тағы келип қалады. Жұр, жұр, мама,— деп Серік мамасының бауырынан жұлқынып ұшып тұра келді де, оның қолынан тарта баставы.

нынан тез тұра алмады. Әзер-әзер көтерілді. Ол екі-үш үмтүліп барып қайтадан құлап тұсті. Оқ тиген екен.

Мамасына оқ тигенін Серік сондаға барып білді. Енді не істерін білмей сасқан бала, жан-жағына жалтақтап, аңырып тұрып қалды. Бар қауқары: «Мама, тұр, тұр!»— деп қолынан тартқылай берді.

Бір кезде Жамал ышқынып барып, екінші жақ жамбасына аунап тұсті.

Сол жерде Серік шешесінің қанға боялып жатқанын көрін шошып кетті.

— Мама, ана ағаш ішіне жетелік, жүрттың бәрі соған барып тығылды. Мама, жүрші!— деді Серік тағы да, он қолымен көзінің жасын сұртіп. Жамал тіл қатпады. Аузынан өлсіз үн, болымсыз дем шығады. Серік көгендереген қозыдай ешқайда кете алмай, шешесінің жанында жылап тұра берді.

Жау самолеттері қайтып оралмады. Әлгіндеға астан-кестен болған дүние бір сөт тынышталып, жым-жырт бола қалды.

Маңайда жан жоқ. Екі-үш сағат өткеннен кейін Серіктің жылай-жылай дәрмені құрып, шешесінің бас жағына жүресінен отыра кетті.

Жамал тағы бір сағаттай қиналып жатты да, жан тапсырды. Әкесі алдыңғы шепке аттанып, анасы далада қаза тауып, жас Серік бұрын аяғы баспаған алыс жерде тірі жетім бол, жалғыз қала берді. Қайда барады, не істейді, не күтіп тұр алдында? Бәрі оған мәлімсіз.

Серік анасының қасынан кете алмай тұрган шақта, сол мандағы бір ағаштың түбінде толық денелі, орта бойлы, қою сары шашты, отыздың екеу-үшеуіне келген бір әйел отыр еді. Бұл полк комиссары Савченконың жұбайы, партия мүшесі Анна Ивановна Савченко болатын. Оның жанында ағашқа сүйеніп, он бір-он екілер шамасындағы ақ сары шашты, көк көзді жалаң бас бір ер бала тұр. Бұл сол Анна Ивановнаның Борис деген жалғыз ұлы болатын. Ол станция жаққа ағаш арасынан коз алмай ұзақ қарап тұрды.

— Мама, ана жерде біреу отыр. Ол мұнда келіп неге тығылмайды?— деді. Анна Ивановна орнынан тұрып, баласының нұсқаған жағын қарап еді, шынында да ашық аланда біреу отыр екен.

— Мама, анау Серік кой! Танып тұрмын, Серік!— деді тағы да манадан бері одан көз алмай қарап тұрған Борис.

Анна Ивановнаң басына енді: «мұның шешесіне оқ тиғен екен, сөйтіп, Серік оның жаңынан кете алмай тұр екен», — деген құдікті ой сап ете тұсті. Бористің қолынан жетектеп алды да, Анна Ивановна солай қарай беттеді. Орманның шетіне келіп анықтап қарап еді, өлгі отырған Серіктің дәл өзі екен. Анна Ивановна «жау самолеті көрінбей ме екен» дегендей, айнала аспанға бағдарлай қарап алды да:

— Боря, сен осы жерде тұра тұр. Мен барып, не болғанын біліп келейін,— деді. Боря басын изеді. Анна Ивановна жедел басып Серіктің жаңына келгенде, ол орнынан үшып тұрып, Анна мен шешесіне алма-кезек қарап егіліп жылап қоя берді.

— Серік, неге жылайсың? Мамаң жараплы ма?— деп, Анна Ивановна Жамалдың бетіне үніле қарап, тамырын ұстап көрсе, ол жан тәсілім берген екен. Енді Анна Ивановна да не істерін білмей, Серіктің басынан сипап анырып тұрып қалды. Оның коз алдынан қара торы, толық денелі, кою, ұзын қара шашты, өзінің көршісі Жамалдың жарқын бейнесі кетпеді. Ол сол сүйкімді бейнені көз алдынан кетіргісі келмегендей, бір нұктеден көзін алмай қарап тұра берді. Сәлден соң бір шешімге келгендей Серікті бауырына қыса түсіп:

— Серік, маман өлді. Маманды фашистер өлтірді!— деуі-ақ мұн екен, Серік тағы да тізерлеп отыра қалып, мамасының олі денесін құшактап еніреп жылап қоя берді. Анна Ивановна да егіліп тұр еді. Жамалдың бетін оның жасырып кеткісі келді, бірақ қалай жасырмак?! Не қолында құрегі жоқ, не төніректен еш нәрсе табар емес.

Сөйткенше болған жоқ, алыстан самолет моторлары жер жара гүлден, тағы да жақындағай тұсті. Анна Ивановна дереу Жамалдың үстіндегі қанға боялған жаздық жұқа пальтосын шешіп алды да, денесіне айқара жапты. Қысылтаянда қолынан бар келгені сол-ақ еді. Сосын:

— Серік, жұр кетейік! Әне, фашист самолеттері тағы да үшып келеді. Жұр, әне жерде Боря тұр, соған барайық,— деді ол Серіктің қолынан ұстап. Көзіне жас толған Серік мамасының денесінен көз алмай: «Бармаймын, осы арада боламын», — дегендей басын шайқап, орнынан козғалмады.

— Серік, мұның не? Жүр, мамаң өлді. Енді папанды тауып алайық! — деді Анна Ивановна, оны мамасынан күдер үздіріп, ертіп әкетейін деген оймен. Сол арада жау самолеттері де қаптап кетті. Серік артына жалтақ-жалтақ қарап, Анна Ивановнаның соңынан еріп, бұлкектеп кете барды.

Толассыз жауған жаңбыр. Әр ағаштың түбіп паналяған адам. Бұлар екі-үш күннен бергі жау бомбасынан, бораған оқтан әлдеқалай аман қалғандар. Көбі әйел, балашаға, іштерінде әшелондарды басқарып келе жатқан бірен-саран әскери адамдар да бар. Әшелондары өртеніп, жаудан баспаналап қашқанда бәрі де киім-кешек, азық-түліктерін тастап кеткен. Дені жаралы. Бұларға осы төніректегі село, станциялардан қашқан адамдар да келіп қосылған. Жаңа қосылған адамдар: «Жау пәлен жерге, түген жерге келіп қалды. Қызыл Армия шегініп келеді. Жау бүгін-ертең осы арада болады. Бұл жерден дереу кету керек», — деген үрейлі хабарды да ала келген болатын.

Анна Ивановна екі баланы бауырына қысып, бұтақты жуан талды паналяп тұр. Не істеу керек? Осы сұраққа ол неше күннен бері жауап бере алмады. «Енді поезден жүре алмаймыз. Біреуді біреу біліп болар емес. Төніректегі жұрттың бәрі шығысқа беттеп барады. Алдағы бірер күнде азығымыз да таусылады, сонда не іstemекпін? Жаяулап қанша жерге бармақпын? Егер жау қуып жетсе, фашистердің қолында қалсам не боламын?» Дәл осы ақырғы сұраулы ойға келіп тоқтағанда, оның денесі тітіркеніп кетті де, костюмінің ішкі қалтасындағы партбилетін ұстай алды.

Жаулап алған жерлерде фашистер коммунистерге, тіпті жай совет адамдарына не істеп келе жатқанын батыс жақтан қашқан адамдардан талай естіген болатын.

Анна Ивановнаның өз басындағы қайғысына бауырында бүрісіп тұрган кішкентай Серіктің қасіретті қайғысы келіп үстемелей қосылды. Оның ойы онға, санасты санға бөлініп, басы қатты. Ұйқы дегенді ұмытты. Шаршау не, шалдыгу не? Ол да бұл шақта ойға кіріп шығар емес.

Анна Ивановна Винница облысы, Сомогородок ауданы, Зазулин селосында туған еді. Онда қарт әкесі, өгей шешесі тұратын. Ендігі бір ойы, осы туған селосына

жеткісі келді. Осы тоқтам, осы байлам женіп, ақырында қалған бір тілім нанды екі балаға бөліп берді де, жолға әзірленді ол.

Шығысқа қарай шұбыра ағылып бара жатқан жүрт. Біреулер бозғыл шаңды бұрқыратып жолмен, кейбіреулер жол бойына жарыса шыққан ағаш арасымен, енді біреулер ашық даламен тартқан. Бәрі де арттарына, батыс жаққа, аспанға жалтақ-жалтақ кектене қарайды, ызалана қарайды. Үлкеннің де, кішінің де жүзінде жанкештіліктің, ызының, ашу-толқынның, жалындаған кектің таңбасы бар.

Анна Ивановна арт жағына бұрылып қараса, шұбырынды қалың босқындар әр жерге топтанып-топтанып тұр екен. Бір кезде бірнеше жерден автоматтардан дыр-дыр етін оқ атылды. Жүрт әр жаққа тырым-тырақай қаша жөнелді. Автомат даусын естігенде, Серік пен Борис құлактарын тіфе қалды да, зәрелері ұшып кетті. Қарусыз халық кез келген жаққа жан ұшыра ойысып барады. Оқ тигендері құлап та жатыр. Босып келе жатқан бейбіт адамдарға жан-жақтан оқ борап кетті. Анна Ивановна екі баланы екі қолымен ұстай алды да, он жақ өкпе тұстағы тогайға қарай жүгірді.

— Мама, оқ атқан кімдер? — деп сұрады артына бұрыла қарап келе жатқан Борис.

— Білмеймін! — деп, Анна Ивановна келте жауап қайырды да, ілгері қарай жүгіре берді.

Автоматтан, жеке винтовкалардан атылған оқ даусынан тәнірек жаңғырығып кетті. Дәл осы кезде гүрілдеғен мотор даусы естілді де, ғүріл үдей түсіп, дарылдаған автомат даусына ұласты. Біреуді біреу біліп болар емес. Астан-кестен бір дүние әйтеуір. Бассауғалап кез келген жаққа қарай жан ұшыра безіп бара жатқан жүрт.

Анна Ивановна екі баласымен тогайға келіп кірді де, не істерін білмей кілт бұрылып, бір орыннан тапжылмай тұрып қалды.

— Жүр, жүр, мама! — дей берді үрейлері ұшқан екі бала аналарының қолынан ілгері қарай тартып. Анна Ивановна: «оқ атқан кімдер, анықтап көріп алайын» дегендей, қашып келген жағына ұзақ қараумен болды. Екі көзі бұлдырап еш нәрсе көрер емес. Көзін қайта-қайта сұртіп қараганмен, бірақ ешкімді анық көре алмады. Содан соң ол балаларын ертіп бір талдын түбіне келді де, отыра кетті. Тағы да құлақ тұндыра оқ атылды. Сөлден соң атылған

оқ Серіктер отырған маңайды тіміскілей бастады. Ыскырып өткен оқтан қорғанып, балалар да бұталарды пана-
лап бүға қалысты.

«Бұл не сүмдүк?... Оқ атып жатқан кім? Фашистердің келіп-ақ қалғаны ма?.. Жоқ. Ол жауыздарды Қызыл Армия жібере қоймас!.. Сонда оқ атқан кім? Біздің әскерлер босып келе жатқан өз адамдарына оқ ата ма? Жоқ, оқ атуы мүмкін емес. Сонда кімдер?..»— деген ойда отырғанда, мотоциклистер жол бойына қаптап кетті. Бірінің соңынан бірі жолмен ілгері қарай өтіп жатыр. Бәрі де біркелкі кок киімді, білектерін шынтақтарына дейін түріп, бастарына каска киіп, автоматтарын алдарына қолденен асып алған.

— Мынау біздің солдаттар емес!— деді Борис жұлып алғандай мотоциклистерден көз алмай қарап тұрып. Серік те, Анна Ивановна да оған ешбір жауап қатқан жоқ, үнсіз, қимылсыз тұрып мотоциклистерге үніле қараумен болды.

Анна Ивановна көзін он қолының салалы саусақта-
рымен қайта-қайта сүртіп қарап тұр. Не заматта осы са-
былып өтіп жатқан фашистер екеніне көзі әбден жеткен соң: «Ия, жау қуып жетті! Ендігі құніміз не болар екен?»—
деп күбірледі де, Борис пен Серікке алма-кезек бір қарап қойды.

Сол күні Анна Ивановна екі баласымен ағаш түбіне паналап шықты. Енді жолмен жұру бұлар үшін қауіпті болды. «Не болса да алға қарай жүре берейін»,— деген шешімге келген ана Борис пен Серікті ертіп, ағаш-агаштың арасымен ілгері қарай жүре берді. Азықтары таусылған болатын. Бірер сағат жүргеннен кейін сирей бастаған тоғай шетінен қалың өрт көзге шалынды. Будактаған тұтін ішінен қызыл жалынның тілі жалаң-жалаң етті. Орт ма-
нында қарандыған әйелдер... Үшеуі солға қарай бұрылып, өртті айналып жүрмек болды. Анна Ивановнаға жанып жатқан мал қорасы, не бір сарай сияқты болып көрінді. Ілгері біраз жүргеннен кейін өртеніп жатқан мал қорасы емес, село болып шықты. Әр үйдің қасында екі-үштен мотоциклистер жүр екен.

— Село өртеніп жатыр!— деді Серік Анна Ивановнаға қарап. Бірақ ана ешбір жауап қатпастан ілгері қарап аян-
дай берді.

Ағаш ішімен жаңып жатқан селоны айналып өткен соң, бір талдың түбіне отырып дем алды бұлар. Неше күндер бойы жол жүріп, шаршап-шалдығып келе жатқан Серік пен Борис мамаларының тізесіне басын сүйеп отырып, қалғып та кеткен еді. Жарты сағаттай уақыт өтті. Анна Ивановна балаларының үйқысын қимай, екеуінің басын екі қолымен сипап отыра берді. Тағы бір он минуттай уақыт өткен соң, Серік:

— Мама!.. Мама, жүрші!— деп айқайлап шошып оянып кетті.

— Сережа, Сережа! Не болды саған? Айқайлама?!— деп, Анна Ивановна Серікті құшақтай алды. Серік кеудесіне келіп қалған өксігін басып, кішкентай көкірегін кере күрсінді де, көзінің жасын сүртіп, жан-жағына мұңая қаралды. Борис те оянып, не болды дегендей, мамасына қарап тесіле қалды. «Үйықтап кетсе-ақ шошиды. Ана қазасы баланы әбден илеп барады. Сережа шошымалы ауру болып кетер ме еken?».. Аурулы болып кетсе, не істемекпін? Онда мұның көрген күні мен менің күнім не болмақшы?!”— деп ойлады ана.

Осылай қайғы құшағында отырғанда, село жақтан дырылдағын мотоцикл моторларының даусы естілді де, мылтық атылды. Сөйткеніше болмай, атылған мылтық даусына ұлардай шулаған үрейлі адам даусы ұласып, төнірек азан-қазан болды да қалды. «Тағы не болып қалды?» дегендей, Анна Ивановна орнынан тұрып қараса, село жақтан көп адам қашып келеді еken. Көбінің қолында жас нәресте. Әйелдер, балалар, кемпір мен шалдар. Бәрі де қолдарынан келер қайраты жок, қорғансыз жандар. Ажал тырнағынан сыйылып шыққандай, екі өкпелерін қолдарына алып, сүрініп-қабынып, жан ұшырып, бассауғалап келеді. Бәрінің іздейтіні тыныштық, бас амандық. Бірақ жау бейбіт елге ол берекені берер емес. Ойрандалап, талқандап барады.

«Бұлар осынша неден ығып келеді? Әлде немістер қуып келе ме?»— деген оймен, Анна Ивановна шұбырып келе жатқандардан көз айырмады.

— Неге тұрсындар? Қашындар! Неміс солдаттары селоны өртеп, адамдарды асып-атып жатыр!— деп, баласын көтеріп тоғай жиегіне ентігіп-демігіп бұрын жеткен жас әйел Анна Ивановнаға есі шыға қарады.

Анна Ивановна жас әйелге тіл қатқанша, шұбырындылар сонынан оқ атылып, селодан онша үзап шыға алмаған дәрменсіз қарттар бораған оқтың астында қалды. Басқыншылар оғына ұшқан жас балалар, қарттар, әлсіз аурулар өр жерде ажал азабын шегіп жатыр. Селодан құғыншылар да шықты.

— Не деген қанішерлер!.. Адам баласында осыншама тағылық, осыншама жауыздық болады екен?.. Жоқ, бұлар адам баласы емес, жоқ!.. — деп күбірледі Анна Ивановна осы көрініске қарап тұрып. Құғыншы мотоциклистердің қарасы жақындаған соң, Анна Ивановналар да босып шыққан село адамдарымен қалың тоғай ішіне кіріп, тоғай шетінен алыстай берді. Ит тұмсығы өткісіз ағаш ішіне баспаналарын тастап келген село адамдары жиналып қалды. Құғыншылар тоғай ішіне кірмеді. Әр жерден оқ атты. Жарты сағаттан соң ол да тынды.

Анна Ивановна село жайын анықтап білмек болып, манағы жас әйелдің жанына барып:

— Селода не болды, айтшы? — деді.

— Біздің селодан өзіміздің солдаттардың соны кеткенине екі-ак сағаттай уақыт болды. Соңан соң, селога неміс мотоциклистері қаптап кетті де, әр үйді қоршап алып, тінте бастады. Савчук деген қарттың үйінің шатырына жасырынған біздің екі солдат оларға қол пулсеметінен оқ атыпты. Немістің біраз солдаттарын өлтірсе керек. Сол үшін бүкіл селоны өртеп, адамдарын атып, аса бастады. Олардан құтылып шыққандар, міне, осылар ғана болғаны ғой!.. — деп, әйел көзіне жас алып, қолындағы нәрестесін бауырына қыса түсіп, жан-жағындағы адамдарға қамыға қарады.

— Көбін үйлерінен шығармай, үйлерінің есіктерін сыртынан бекітіп, өртеп жіберді. Терезелерінен қашып шықпақ болғандарын атып тастады. Жас балалары барлар, кемпір-шалдар үйден шыға алмай қалды!.. — деді ентігіп-демігіп бір мосқал адам.

Бірінің анасы, екіншісінің баласы, үшінші біреулерінің туған-туысқандары қалған үрейлі жандар село жаққа қарайды. Қайран село қара күйеге малтырып ол жатыр.

Анна Ивановна село адамдарынан жол сұрап алды да, түс ауа олармен қоشتасты.

Қалың орманнан шыққан соң, село адамдарының айтқан «бас паналар бүргені де жоқ» ашық даламен жүргуге

тура келді. Сонда да жолдан бой тасалап, тағы бір күн жүргеннен кейін, ұлken өзен кездесті. Кешіп өтуге болмайтындығын сезген ана амалсыздан көпір іздеді. Судың бойымен жоғары қарай үш-төрт шақырым жүрген соң, темір көпір көрінді. Көпірғе жақындаған кезде, оның ауызында тұрган неміс сақшыларын көріп, зәресі үшіп анырып тұрып қалды. Есі кетіп: «Енді не істеймін?.. Бұл судан қалай өтемін?»— деп тұрган ананың ойын:

— Ком, комая!— деп барқ ете тұскен неміс сақшыларының бірінің даусы бөліп жіберді. Анна Ивановнаның қорқынышы біреу-ақ еді. Ол талай қауіпті күндерден бері көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан партиялық билеті болатын. Оны соңғы күндері Серіктің вельветкасының жағасының ішіне тігіп берген еді. Бірақ қайда тықса да неміс жендеттері көріп тұргандай, тінткен жерде оны тауып алып қоятындаи болып көрінетін-ді оған. Әсіресе соны қауіп қылышп, қипақтап қалды.

Шақырып тұрган сақшының алдына қанша барғысы келмесе де, амалсыздан екі баласын екі жағына алып, қолдарынан мықтап ұстап, көшірге қарай беттеді. Екі бала қауіпті сезгендей, ана мен неміс сақшыларына алма-кеzek жалтақтап қараумен келеді.

— Бұл жерде не іздел жүрсін?— деп сұрады бір солдат орыс тілін өзөр құрап сөйлеп.

— Үйге кетіп бара жатырмыз,— деп жауап қатты Анна Ивановна.

— Үйге!.. Үй қайда?..— деп әлгі солдат қайта барқ ете түсті де, жанындағы солдаттарға «тінтіндер» дегендей иек қакты. Үш-төрт солдат әрі тінтіп, бері тінтін Анна Ивановнаның паспорты мен қол сағатынан басқа еш нәрсе таба алмады.

— Басқа документтерің қайда?— деп тебінді әлгі солдат.— Басқа документім жоқ,— деп, Анна Ивановна қысқағана жауап берді. Не қыларын білмей аптығып тұрган әлгі солдат:

— Мынау кімнің баласы?— деп сұрады Серікке қадала қарап.

— Өзімнің балам!— деп Анна Ивановна іркілмей жауап берді де, Серіктің иығынан ұстап өзіне қарай тартты.

— Өтірік айтасың! Мынау азиат. Орыс емес, украиндық емес!— деп ақырды әлгі солдат.

— Азиат, азиат!..— десін жамырасып кетті солдаттардың барлығы.

Анна Ивановнаның зәресі үшіп кетті. «Азиат деп бұл сорлы баланы менен айырып алып кетсе қайтем?.. Онда баладан да, партиялық билетімнен де айырылғаным ғой!..»— деген ой оған сап ете түсіп, Серікті өзіне қарай онан сайын тарта берді. Серік те қорқып, Анна Ивановнаның бауырына қарай тығылды.

Солдаттар біріне-бірі барқылдан сөйлеп, бұларды коршай түсті.

— Сен азиатпсың, ә!...— деп бір кекслеу жуан қарын солдат Серікке төніп келді де, «Сен кісі етін жейтін үлттың баласымысың?» дегендегі өзінің добалдай жұнді білегін өзі тістеді. Сонаң соң оң қолының сұқ саусағын шошайтып балаға сұс көрсетті. Серік онан бетер қорқа түсті. Зәре қалмады. Кішкентай қара көздеріне мөлдіреп жас іркіле қалды.

«Гитлер солдаттарын азия халықтары кісі етін жейді деп үйреткен екен ғой»,— деп жорамалдады Анна Ивановна, жуан қарын солдаттың әлгі сөзінен кейін.

Анна Ивановнаның аузына: «Өзімнің балам, өзімнің балам»,— дегеннен басқа сөз түспеді. Бастапқы солдат қол сағатты өз қалтасына салды да, паспортты Анна Ивановнаға қайтып берді. Сөйтіп тұрганда, көпірдің арғы жағынан үстін брезентпен жапқан он шақты жүк машинасы келе қалды. Алдыңғы машинаның кабинасынан басына маңдайы шошайған қалпақ киғен бір неміс офицері қарғып түсті де, Анна Ивановналардың қасында үймелеп тұрган солдаттарға қолын бұлғап айқай салды. Барлығы соған қарай жүгіре жөнелді. Жүгіріп бара жатқан солдаттардың ең сонындағы біреуі тұра қалды да, артына қарап сөл кідіріп барып, Анна Ивановнаға жүгіріп келді.

— Мен чехпyn. Біз туысқан адамдармыз. Бұлардың өздері кісі жегіш! Ел тонағыш тағылар! Тез кетініздер,— деп түстік жақты нұсқады да, ол қайта жүгіре жөнелді. Анна Ивановна екі баласын жетектеп, көпір аузынан түстікке қарай үзай берді....

Көпірден ұзақ шыққан соң, бір қалың тогайға кезікті олар. Тұңжырап жайғана ағып жатқан үлкен судың жағасымен жоғары орlep тағы біраз жүрген соң:

— Мама, Сережа өбден шаршады. Мениң де аяғымды ботинкем қажап, жүре алмай келемін. Дем алайықшы.

Жендеттерден тағы бір құтылдық кой,— деді Борис жас терекке сүйене кетіп. Бористің ұсынысын қолдағандай, Серік те тұра қалды. Анна Ивановна артына бұрылып, «жарайды, демалсақ, демалайық» дегендей, жуан теректің түбіне отыра кетті. Балалар да шешесінің жанына келіп жайғасты.

— Мама, қара жолмен жүрсек, Сережа екеуіміз де ботинкелерімізді шешіп алып, жалаң аяқ жүрер едік. Мына жолсыз жерде ботинке аяғымызды әбден қажап тастанды. Жалаң аяқ жүруге бұта-қарағаннан тағы болмайды,— деді Борис ботинкесін шешіп жатып.

— Е, Боречка! Енді бізге жолмен жүруге болмайды. Фашистер атып тастанды. Көрдіңдер ғой, өлгінде олардың бізді қалай қаумалағанын?.. Енді алыс емес. Бірер күнде жетеміз. Нағашыларың аман болса...— деп, Анна Ивановна ауыр күрсініп алды. Ана күрсінісін балалар да үгады. Ұққанымен істер қайрат, қылар дәрмен бар ма?

— Мама, «тез кетіндер» деген неміс жақсы екен. Бізді аяп кетті ғой деймін?— деді Борис балалық мінезben.

— Ол неміс емес. Өзі чехпyn деді ғой. Ол чех. Тіпті немістердің ішінде де жақсылары бар. Олардың барлығы фашистер емес,— деді Анна Ивановна зат салатын дорбасының ауызын шешіп жатып.

— Онда, олар бізге қарсы неге соғысады?— деді Серік жұлып алғандай.

— Оларды Гитлер соғысқа зорлап жіберіп отыр. Бармаймын десе асып өлтіреді, туган-туысқандарын да тірі қоймайды,— деді Анна Ивановна Серікке бір ұзім нан ұсынып жатып.

— Гитлер жауыз!— деді Серік.

— Эрине, ол жауыз! Жол-жөнекей көрдің ғой. Ортеп жатыр. Асып жатыр. Атып жатыр, соның барлығын Гитлердің бүйрігымен істеп отыр,— деп, Борис екілене сөйлемді. Екі баланың да Гитлерге деген, Гитлер жендеттеріне деген кегі іштерінде қазандай қайнап тұр.

— Жарайды. Нандарынды жеп, дем алындар! Құн батпай мына судың арғы жағына өтіп алайық,— деді Анна Ивановна жау қылышына ызалы отырган балаларын аздалап та болса дем алдырып алғысы кеп.

Бір сағаттай тынығып алған соң, тағы да суды жагалап жүріп отырып, бір селога жақындаады.

«Селода тагы жendetтерге кездесіп қалармыз» дегендай, Анна Ивановнаның ілгері жүргісі келмеді. Сөйтіп, дал болып тұрғанда, судың арғы жағынан бері қарай бір қол қайық келе жатты. «Не де болса, осы қайықшыға жалынып көрейін»,— деп, Анна Ивановна жағаға қарай беттеді. Қайықшы ескегін құлаштай есіп, Анна Ивановнаның қасына келип тоқтады.

— Саламатсыз ба?— деді Анна Ивановна ары қарап отырған қайықшының желке жағына барып.

— Саламат! Саламат!— деп қайықшы ескегіне сүйеніп, орнынан тұрып. Анна Ивановнаның бетіне тесіле қарай қалды. Анна Ивановна да бұл адамды қайдан көрдім дегендей, сілейіп тұр.

— Сізді мен бір жерден көрген сияқтымын,— деп тіл катты өлден уақытта қайықшы.

— Мен де сізді шырамытамын. Бірақ, қайдан көргенімді есіме түсіре алмай тұрмын,— деді Анна Ивановна оған жақындал.

— Сіз Винницада оқыдыңыз ба?— деді қайықшы қайығынан қарғып түсіп.

— Оқыдым,— деді де, Анна Ивановна:— Сіз Иващенко емессіз бе?— деді жұлып алғандай. Қайықшы жан-жағына үрлана қарады да:

— Ия, Иващенкомын. Сіздің фамилияңыз кім?— деді.

— Полищук.

— Е, енді таныдым. Аня, халің қалай, қайдан жүрсін?— деп қайықшы Анна Ивановнаны құшақтай алды. Төрт жыл бойы Винницианың педагогикалық институтында жұп жазбай бірге оқыған екеуі осылай кездесті.

— Коля, сен, тіпті өзгеріп кетіпсің, мен танымай қалдым. Толыпсың. Мына қоя берген сақал-мұртың не?— деді Анна Ивановна оған таңдана қарап.

— Қазір жағдай солай болып тұр гой, Аня! Жасым қырыққа жетпесе де, сақал-мұрт қоюға тұра келді. Ол жөнінде әңгімелесерміз. Өзің қайдан келесін? Ана тұрған балалар кім?— деді Иващенко.

— Ол екеуі бізге қарап қалыпты ғой. Анау — үлкені менің Борис деген балам. Биыл он екіде. Жанындағы Сережа деген, ол да менің балам,— деп құрсініп қойды Анна Ивановна.

Сол күні қас қарайғанша Анна Ивановна мен Иващенко екеуі ұзақ әңгімелесті. Анна Ивановна институт

бітіргеннен кейінгі өмірін, соғыс басталғаннан бері жи-
ырма күннің ішіндегі басынан кешірген оқиғаларын,
көрген-білгендерін Иващенкоға түгел айтып берді. Ива-
щенко да институтты бітіргеннен кейін аудандық комсо-
мол комитетінің секретары, онан аудандық партия
комитетінің екінші, сонынан бірінші секретары болып
жүріп, ауданға басқыншылар кірердің алдында астыртын
жұмысқа қалдырылғанын айтып ұзак отырды. Ұзак жол
жүріп, шаршап-шалдығып әбден бүрлігіп келе жатқан
екі балаға ол алма-кезек қарады да:

— Балалардың қарны әбден ашқан шығар. Мен мына
селодан азық алып келейін. Сендер мына бір жас қайын-
ның ішине кіріп, күте тұрындар. Біреу-міреу көріп қой-
масын. Қазір басқыншылардың соғыс коменданттының
бүйріғы бойынша, орманда жүрген адамдарды банда
ретінде атады, не асады. Кешкі сағат сегізден кейін дала-
да, село мен қала көшелерінде жүруге болмайды,— деп
ескертті Иващенко орнынан тұрып жатып.

— Онда, Коля, өзің де байқап жүр,— деді Анна Ива-
новна.

— Жоқ, мен бұл селоға үйреніп алдым. Мұнда сенімді
адамдар бар,— деп Иващенко селоға қарай жүгіріп кетті.

Иващенко жанына екі адам ертіп, түннің бір уағында
оралды. Екі бала олар келгенде қалжырап ұйықтап жат-
қан-ды. Оларды оятып, тамақтандырып болған сон:

— Ал, Аня, өткел қайықшысы болғандықтан, сендерді
арғы жағаға өткізіп салайын, жүріндер. Бұл қайықпен өлі
талайлар отер, талай жауыздар су түбіне кетер,— деп қал-
жындауды Иващенко.

— Жоқ, Коля, қызметің жаман емес,— деп қойды Анна
Ивановна қайыққа түсіп жатып. Борис пен Серік те қай-
ықтың ортасына жайғасып отырды.

Судың арғы жағына жолаушыларын өткізіп салып тұ-
рып:

— Жолдарың болсын! Аня, ендігі хабарды өзімнен күт.
Сақ бол! Біздің тапсырмамызды орындар деп сенеміз,—
деген еді Иващенко.

— Ракмет, Коля! Маған өзіңдей сен!— деп жауап қатты
Анна Ивановна.

Анна Ивановна туған селосына үшінші күні кеш батып,
қас қарайған шақтағана жетті. Ол тұра өзінің өкесінің үйіне
бармай, жолда селоның батыс жақ шетіндегі жастайынан

бірге оқып, бірге өскен Тамараның үйіне соға кеткісі келді. Оның үйіне бірден кірмей, екі баланы үйдін арт жағындағы тасалау жерге қалдыра тұрып, өзі аяғын ептеп басып, терезеге жақындалды. Терезеден шам жарығы көрінбеген соң, жан-жағындағы үйлерге қарады. Ол үйлердің де терезелерінен жарық көре алмады. Сонан соң: «Бұл село адамдары қайда кеткен?»— деп ойлап, сөл аңырып тұрды да, әлгі үйдің терезесіне құлағын төсеп, тың тыңдал еді, құлағына күбірлеп сөйлеген адамның даусы келді. Енді Анна Ивановна: «Бұл үйде адам бар екен»,— деп, терезенің бұрыш-бұрышынан мұқият қарай бастады. Бір кезде төргі бөлменің терезесінен санылау тауып, сығалап қараса, үсті ішімдікке толы стол басында немістің бір офицері отыр екен. Барлық формасымен емін-еркін арак ішіп отырған неміс офицерін көргенде, Анна Ивановнаның жүрегі су ете түсті. «Тамара үйде жоқ шығар. Ол не шығыска қарай кетіп қалды, не болмаса мына жендеттер олтіріп таставан гой!»— деп ойлады. Офицердің жанында біреу отыр, бірақ оның офицерге қарай созған рюмка ұстаган қолының көлеңкесі ғана көрінеді. Анна Ивановна қанша сығалағанмен оның кім екенін байқай алмады. Сонан соң ол екі баланың жанына қайтып келді де, «кеттік» дегендей белгі беріп, өз үйіне қарай жүріп кетті.

Келсе, өз үйінде де жарық жоқ екен. Тағы да терезеге келіп қараса, ол ішінен жабылмаған. Үйде мұлде жарық жоқ. «Кемпір мен шал сорлыларды да құртқан екен гой!»— деп ойлап аңырып тұрып қалды. Екі бала да жанына келіп тұрды. Анна Ивановна өз көзіне өзі сенбей, терезеге тағы үңілді. Сол кезде үйдің ішінен біреу қарандап көрінді де, терезеге жақындалап келіп:

— Бұл кім?— деп сұрады. Бірақ Анна Ивановна бірден жауап бермей, кідіріп қалды.

— Бұл кім?— деп әлгі адам даусын қаттырақ шығарып, екінші рет сұрағанда барып, Анна Ивановна өз әкесінің даусын танып қуанып кетті.

— Папа, папа! Мен Аня гой, Аня!— деп Анна Ивановна сыйырлап, терезе шынысына аузын төседі. Қарт та қызын таныды білем:

— Құдай-ау... Аночка!— деп, сол сәтте-ақ гайып болды. Терезеден кейін шегіне бергенде, Анна Ивановнаны әкесі мен шешесі қабаттасып келіп құшақтай алды. Біраз құшақтап мауқын басқан соң:

— Жүр, жүр үйге!— деп сыбырлады әкесі. Барлығы үйге кірді. Терезені ішінен түмшалап жауып, шам жақты. Иван Дементьевич қызын тағы құшақтап, солқылдап жылай берді.

— Папа, қой жылама?— деді Анна Ивановна.— Анна Борис пен Сережаны көрдіңіз бе?

Иван Дементьевич көзінің жасын сұртіп, екі баланың мандайынан сүйді.

— Аночка, бұл дүние не болды?! Құрыдық қой! Біздің армияға не болды?...— деп Иван Дементьевич тағы да сарыуайымға салынып, Анна Ивановнаға қарады. Анна Ивановна құрсініп:

— Қайдан білейін! Әлі еш норседен хабарым жок. Бұл бір уақытша жағдай шығар. Совет халқының женілуі, фашистерге құл болуы мүмкін емес. Қашан да болса әділеттілік женеді. Фашистер елімізге басып кірді, бұл әділеттілік емес. Біздің халық болса, енді өз отанын қорғайды, басқыншыларды туған жерімізден қуу үшін оларға қарсы құреседі, бұл әділеттілік. Олай болса, біз женеміз!— деді.

— Осында Антон Архипович, Тамара Уляктар немістердің алдынан нан мен тұз алыш шығып, «совет үкіметі құрыды» деп жүр,— деді қарт. Сол кезде Анна Ивановнаң көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ол сасқалақтап:

— Папа, не дейсіз? Тамара дейсіз бе?.. Антон шалды қойшы. Ол өмірі колхоз мүлкін үрлаумен абақтыда келе жатыр. Ал Тамараны не қара басты? Бәсе, босе!..— өзінің жаңа ғана Тамараның үйінің жанында болғанын есіне түсіріп, неміс офицерімен рюмка соғыстырып сұрқияла на күлші отырғанын ол көз алдына келтірді.

— Ол бұзылған әйел. Неміс офицерлері үйінен шықпайды. Николайды ұмытты. Бұл бұрынғыдай емес. Біздікіне келуді қойды. Сен онымен енді байқап сөйлес,— деп, Софья Павловна да сөзге араласты.

— Жок, мама! Онымен мен енді сөйлеспеймін де. Әлгінде келе жатып онын үйіне соғып едім, мен де бір сүмдікты байқап қалдым...— деп сәл кідірді де:— Оны қойшы, Николай келсе, көреміз. Ал не істедіңдер? Село адамдарынан кімдер бар?— деп, Анна Ивановна әкесіне жақындей тұсті.

— Селода ашық жүргендер тогышарлар. Фашистерге қайтсем жағам деп жүргендер. Ал өзіміздің совет үкіметін жақсы көретіндерден ашық жүргендер жоқ. Коршауда қалып үйлеріне келген жастардың барлығы да әлі көшеге шыға қойған жоқ. Осында жақсы жігіттер де бар. Олар туралы кейін айтам,— деді қарт балаларға құдіктене қарап.

Өзінің әке-шешесінің бұрынғыдай совет үкіметіне берілген күйінде қалғанына Анна Ивановна қатты қуанып, бар ықылас-денімен риза болып, өзін шын бақыттымын деп есептеді осы кез.

— Майданнан не хабар бар, папа? Қызыл Армия қай жерге дейін шегініпті?— деп сұрады Анна Ивановна.

— Днепрде дейді ғой майдан. Олейниктің баласы келген еken. Сол біздің армия Днепрдің сол жағында, ал немістер оң жағында, немістерді ары қарай өткізбей тұр деп келіпті, кім білсін!— деп жауап берді қарт.

— Папа, уайымдама. Бұл уақытша ғана шегіну ғой. 1812 жылы Наполеон да Москваға дейін барып, оны алып та қойған. Артынан не болды? Бар солдатын тастан өзі өзөр құтылмап па еді. Бұл Гитлер де соның аяғын құшады. «Қызыл армия женіледі, совет халқы фашистер алдында тізе бүгеді» деген лақапқа еш уақытта сенуге болмайды,— деп, Анна Ивановна қыза сөйледі.

— Аночка, қайдан білейін, бізге көп мемлекет жабылып кетті ғой!— деп күрсінді қарт.

— Жабылғанмен олар өз еріктерімен жабылып жатқан жоқ. Оларды да Гитлер жауладап алды ғой. Демек, ол мемлекеттердің халықтары да біздің совет халқы сияқты өздерінің отандарын азат ету үшін күреседі. Тарихта талай ел талай елді жауладап алған. Бірақ жауланған елдің халқы әділеттік соғыс ашып, өз отанын азат еткен. Демек, біз де өз отанымызды азат етеміз, олар да өз отанын азат етеді,— деді Анна Ивановна өзінің көкейіндегі көптен бергі ойын ақтарып.

Кешегі құле қараған өмір, енді аяқ астынан қабағын түйіп күніреніп өтіп жатты. Біреуден біреу қорқады, біреуге біреу сенбейді. Өйтпеске лаж жоқ. Неміс коменданттының бүйрығы бойынша селодан ешкім шашау шықпайды. Тұнде селода полицайлардан басқа ешкімнің үйден шығуға да правосы жоқ. Орманда ұсталған адамдар

сол жерде қолма-қол атылады. Коммунистер мен активтерді атып-асып жатыр. Адам правосын қоргайтын заң жоқ. Басқыншыларды былай қойғанда, сатқын бол алған староста, полицайлар халыққа не істеймін десе де ерікті. Олардың қолдарын ешкім қақпайды. Көнілдеріне жакпағандарды атуға да, асуға да, дүре соғуға да, малмұлқін тонап алуға да праволы. Бір сөзбен айтқанда, халық правосыз, заңсыз өмір кешін жатты.

Анна Ивановна Тамараны үш-төрт күннен кейін көрді. Есік алдында кір жуып жатқан Анна Ивановнаны көріп Тамараның өзі бұрылған-ды. Амандастып тұрып ол:

- Қашан келдің?— деп сұрады.
- Осы, жаңа ғана,— деп жауап берді Анна Ивановна.
- Сол сәтте Серік пен Борис үйден шыға келді.
- А, мыналар кімнің балалары?— деп, Тамара шегір көзімен балаларды түйреп өтті.
- Өзімнің балаларым гой,— дей салды Анна Ивановна Тамарага жириене қарап.

— Сенде бала біреу-ақ емес пе еді?

— Жоқ, екеу,— деді Анна Ивановна. Осы тұста: «Жаман айтпай жақсы жоқ. Комиссардың әйелі деп мені осы Тамараның өзі үстап бермесін»,— деген жаман ой да сап ете түсті. Тамара үзак тұрмады, бұрынғыдан емес, салқын ғана сөйлесіп, село орталығына қарай жүріп кетті.

«Екі жұзді азғын! Сені де совет үкіметі тегін оқытып тәрбиеледі-ау. Соны ақтағаның, қадірін білгенің осы ма?»— деп күбірледі Анна Ивановна оның сонынан қарап тұрып.

Анна Ивановнаның ойлаған күдігі Тамараның залымдық әрекетінің үстінен дәл шықты. Оның кеткеніне екі сағат өтпей-ақ Анна Ивановна: «Екі балаңызben комендантқа келиңіз»,— деген шақыру қағаз алды. Ол не істерін білмей сасып қалды. Бірақ, амал не, бармаса болмайды. Екі баланы ертіп, комендантқа келді. Комендант бұрынғы орта мектеп үйіне орналасыпты. Мұғалімдер бөлмесі есігінің алдында қолына винтовка үстап тұрган полицай:

— Аня, аман ба?— деді. Анна Ивановна оған ала көзімен бір қарады да, жауап қатпады. Полицай ыңғайсызданып қалды да, теріс айналып кетті.

«Совет үкіметі тұсында бригадир болып жүруші еді, бүл сүм сиді полицай болып, неміс полицайының кебінін киіп, өзгере қалыпты гой. Сатылған екі жұзді!»— деп Анна естілер-естілмес қылып күбір ете түсті де, комендант

кабинетінің есігін ашты. Үстіне көк шүға жапқан төрдегі ұзын стол басында отырған ат жақты, көзілдірікті, ұзын бойлы неміс Анна Ивановна мен екі балаға көзілдірігінің үстінен сұзе қарады. Неміс офицерінің сол жағында отырған ақсары мосқал әйел:

— Фамилияңыз кім? — деп сұрады орыс тілінде.

— Полищук, — деп қана солғын жауап берді Анна Ивановна. Оның көзі офицердің артқы жағындағы қабыргада ілулі түрған Гитлердің суретінің астына жазылған: «Гитлер азат етуші», — деген орыс тіліндегі жазуды шалып қалғанда, жүргегі су ете түсті. «Бұл жауыздың түрі осындағы екен ғой», — деп ойлады ол ішінен. Сол сәтте осыдан екі-үш күн бұрын өз көзімен жол-жөнекей көрген бұл «азат етушінің» кісі олтіргіштерінің айуандықтары бірінен соң бірі түйдектелін Аннаның ой елесіне келе қалып, енді оның көзі суреттен сұрініп кетті. Көзіне елестеп, ойна оралған бұл көріністерден де қашқалақтағандай болған Анна Ивановнаның көзі қарсы алдындағы офицерге, онан тілмаш әйелге амалсыз келіп тірелді.

— Комиссар Савченконың зайыбы емессіз бе? — деп тілмаш әйел сиқырлана құлді.

— Ия, бұрынғы күйеуім комиссар екені рас. Бірақ онан айырылып кеткеніме он бір жыл болды. Көзіргі күйеуім паровоз машинисі — ұлты казақ. Одан бір балам бар. Мынау бала соңғы күйеуімнен, — деп, Анна Ивановна Серікті нұсқады. Неміс офицері орнынан тұрып, өшіп қалған шылымын қайта тұтатты да, «не дейді» дегендей, тілмаш әйелден немісше бірдемелерді сұрады. Тілмаш әйел Анна Ивановна мен екі баланы алма-кезек нұсқап, немісше сөйлеп кетті. Тілмаш сөзін аяқтаған кезде, офицер қос ауыз мылтықтың аузындаш шұңғрайшып кеткен көзіне көзілдірігін баса түсіп, Серікке қарады. Серік те оған тайсалмай кектене қарай қалды. Комендант тілмаш әйелге қарап, басын шайқап бірдемелерді айтып, ашу шақырып айқайлай бастады. Оның даусы қатты шыққан сайын, он жағында жатқан тік құлақ үлкен қара сұр ит иесіне елең етіп, әлдебір әмір күткендей, тілін шығарып тамсанып қояды. Иесі «айт» десе, Анна Ивановна мен екі баланы ала түсетіндей, кейде ырылдаپ, кейде қозғалақтап оларға да қарайды. Комендант даусы бәсендей берген кезде:

— Сіз өтірік айтасыз. Комендант қолындағы мәлімет бойынша сіз комиссар Савченконың өйелісіз. Өзіңіз коммунистсіз. Неге жасырасыз? Шыныңызды айтыңыз! Бәрібір шыныңызды айтқызады! Айтыңыз шыныңызды!— деді тілмаш өйел комендантқа қарап қойып.

— Шыным сол. Шынымды айттым!— деп қысқа жауап қатты Анна Ивановна.

— Онда өз обалыңыз өзінізге болсын, пан комендантқа шыныңызды айтқаныңыз жөн болатын еді. Бәрібір айтқызамыз!— деп, тілмаш өйел комендантқа бар денесімен бұрылып, немісше бірдемелерді мыңқылдан айта бастады. Бірақ комендант онын сөзінің аяғын тыңдамастан айқайладап орнынан атып тұрды. Жанындағы жәрдемші иті де «ыр» ете түсті. Сол кезде Борис пен Серік шошып кетті. Комендант Анна Ивановнаға жақындарап барып, он қолының сұқ саусағын шошайтып «Большевик», «Комиссар!» деп тебінді. Анна Ивановна тіл қатпады. Ит Анна Ивановнаға төніп келіп қалған сәтте «ең алдымен өзім қабайын, итті үстай тұр» дегендей, тілмашына белгі берді. Тілмаш өйел итті қарғыбауынан екі қолымен үстай алып, кейін тартты. Екі бала үрейі ұшып, не істерін білмей тұр. Ашуға булығып екі көзі қанталап кеткен жендет Анна Ивановнаны бар пәрменімен жақтан салып жіберді. Сол кезде «Мама!» деп, Серік бар даусымен айқайладап жіберді де, бетін алақанымен баса қойды. Борис те баж ете түсті. Залым комендант Серікке жетіп барып: «Мама, мама!»— деп қабырғаға сүйеніп тұрған Анна Ивановнаны нұсқады. Серік енді өзін ұрады еken деп, тағы «мама!» деп баж ете түсті. Сонда ғана комендант шегініп, стол басына барып тілмаш өйелге бірдемелерді айтқандай болды. Ол өйел «білмеймін» дегендей, екі иығын қусырып, басын шайқады.

Серік өз мамасынан айырылып, Анна Ивановнаға ергелі көп уақыт өткен-ді. Ол Борис не десе сол деп, Анна Ивановнаны «мама» деп кеткен еді. Енді, міне, Анна Ивановнаға жендеттің қанды қолы тиғен сәтте, бір кезде өз мамасының жан түршігерлік өлімін көріп, үрей болып қалған бала, енді Анна Ивановнаны да өлтіреді еken деп «мамалап» тыптырышыған себебі сол еді. Тілмаш өйел иттің қарғы бауын босатып қоя беріп Серікті өзіне шакырды. Серік козінің жасын суртіп, аяғын ақырын басып оған жақындалды.

— Мынау сенін маман ба?— деп сұрады.

— Мамам. Мениң мамам! — деп іркілмей жауап берді Серік. Серік жауабы соққы көріп тұрган ана жанына ерекше бір қозғау салғандай еді осы кез. Бала мінезі, бала өжеттігі Анна Ивановнаны да жігерлендіре түскендей болды.

Тілмаш әйел комендантқа, комендант оған қарап қалды. Сәлден соң комендант екі баланы нұсқап, бірдемелерді тілмашқа айтты да, «тұтқындарға осы айтқанымды түсіндір» дегендей иек қақты.

— Жетісіне бір рет келіп, осындағы комендант көмекшісіндегі тізім кнегесіне өзініздің осында екендігінізге белгі жасатып отырсын дейді пан комендант. Қазір жүре беруінізге болады,— деді тілмаш әйел.

Анна Ивановна екі баласын ертін сыртқа шықса, комендатураға қарай Тамара келе жатыр екен.

Сатқынды атарға оғы, асарға шамасы болмаған Анна Ивановна, Тамараға оқты көзімен бір қарады да, тіс жармай өте шықты. Азғын Тамара: «Мениң кім екенімді енді білген шыгарсын. Мен өмірдің бағасын білем. Сендер сияқты азап шекпей-ақ, күнімді көре аламын. Көзір сен кім, мен кім? Мениң бағам неміс офицерлерінің арасында сенен мың есе артық. Сен мениң алақанымдасың. Қызыл комиссардың әйелі болған сені мен әлі талай рет неміс офицерлеріне ұстаратам да, талай рет сыйбағанды тартқызам. Сенің маған бас игің келмейді екен рой. Келмесе, не боларыңды білмей қаларсың», — деген зымияндық көз қарасын тастанап, сайқалдана жүріп бара жатты.

Арада үш күн өткен соң, Анна Ивановнаны екі баласымен комендант тағы шақырды.

Мұның тағы да Тамарадан келген бәле екенін сезе қойған Анна Ивановна барапын да, бармасын да білмей дал болып отырған шағында, бақ жақтағы терезені біреу қақты. Жүйрік сезім күші жетегіне алған Анна Ивановна өз адамдарының бірі екенін бірден түсініп, терезеге келсе, ойлағандай-ақ Полина Петровна екен. Ол терезенің тесігіне аузын төседі де:

— Аня, саған Борис Андреевич селодан тез кетсін деп сәлем айтты. Комендант сені бүгін тұтқынға алмақшы. Уақыт өткізбе, тез кет! — деп қоштасқандай қол бұлғады да, баққа қарай жүгіре жөнелді.

Анна Ивановна апыл-ғұптың жиналып, Серік пен Бористі ертіп, бақ ішімен селодан шығып кетті.

Аудандық астыртын үйымның басшыларының бірі Борис Андреевич Олейниктің байланысшысы Алексей сол күні Анна Ивановналарды екінші селодағы күні бұрын әзірлеп қойған жасырын үйге әкеліп кіргізіп кетті.

Үйдің иесі жоқ екен, оларды отыздарға жаңа келген жас әйел жылы шыраймен қарсы алды. Бұл астыртын үйымның мүшесі Николай Михайлович Абраменконың зайыбы Мария Николаевна еді. Жұздері таныс болмасада, жүректері таныс бір тілек, бір мақсаттағы абзал жандар бір-бірімен қысқаша амандастып болған соң, Мария Николаевна:

— Үйдің кожасы ертең келеді. Әзірше дем алындар,— деп жаңа таныстарын ортадағы бөлмеге ертіп келді. Ол терезеге құдіктене қарап қойды да:

— Анна Ивановна, ғафу етерсіз. Үйде болу өте қауінті. Полицайлар бұл үйге күнде келеді. Фашистердің жасырын агенттері бұл селода да аз емес. Сіздерді, қарсы болмасаңыз, «жайлы конысқа» қондырайын деп тұрмын,— дегенді айтты.

— Қарсылығым жоқ,— деп, Анна Ивановна келісімін берді.

— Онда жүрініздер,— деп, Мария қабыргадағы темір киім ілгішті жогары қарай көтеріп қалып еді, кісі көлденең сиярлықтай есік ары қарай ашылып кетті. Соңан кейін әлгі енсіз есікті жапты да, қолындағы фонарьды жағып, тар екі қабырганың аралығымен екі-үш метрдей жүріп келип: «Енді байқап жүрініздер»,— деп ескертті. Баспалдақпен тәмен екі-үш метр түскен соң, Мария сол жаңа қабыргаға фонарының жарығын түсіріп, бір қуыстан ондық керосин шам алып, Анна Ивановнаға үстата берді. Соңсоң қалтасынан сірінке алып, шамды жақты. Бұл орынды көргенде Анна Ивановна: «Шынында да мынау жайлы коныс екен!»— деді ішінен. 25–26 шаршы метрдей, астына құрғақ сабан төсеген жер үй. Ортасында үлкен стол, оның айналасында төрт орындық түр. Үйдің бір жағына тақтайдан 6–7 кіслік нар салынған. Нардың үстінде ішіне сабан толтырылған жалпақ төрт матрас, төрт жастық жатыр. Екінші бір қабыргасында он шақты кара-бин сүйеулі түр. Оның қасында екі жәшік мылтық патроны мен бес-алты кездік жатыр. Стол үстінде қатқан наң кесектері мен төрт кружка, бір үлкен құмыра түр. Осыған қарап Анна Ивановна: «Мұнда талай патриоттар

келіп-кетіп жүреді еken ғой», — деген ойға келді.

— Шынында да жайлы қоныс еken, — деді Анна Ивановна орындыққа отыра беріп.

— Солай ма? Олай болса жайғасып дем ала берініздер. Балалардың қарындары ашқан шығар, тамақ әкелейін. Анна Ивановна, түсінесіз ғой, сақ болу керек. Егер, сондай бір қауінті жағдай кездесе қалса, біз мына сым арқылы белгі береміз, — деп қабыргадағы сары жез сымды үстап көрсетті, — онда сіздер анау есік арқылы, осы арадан 100 метр қашықтықтағы бақ ішінен шығып кетулерінізге болады, — деп бұрыштағы кішкене есікті нұсқады. — Ол жолды кейін корсетерміз, — дегенді айтты да, Мария кетіп қалды.

Екі күн бір қалыпты онаша тыныштықта өтті. Үшінші күні үстінгі жақтан сым арқылы «Өзіміз, қауіптенбеніз» деген белгі берді де, жер үйге екі адам кіріп келді. Бірі орта бойлы, ашанқ, жасы қырықтарда, ол өзін: «Абраменко», — деп таныстырды. Екіншісі беті бұжыр, қара торы жас жігіт. Ол өзін: «Шевченко», — деп таныстырды. Екеуі Анна Ивановнамен амандастып болған соң, дереу кенеп қаптағы радиоқабылдағыштың азығын алғып, бұрыштағы орындықтың үстінде тұрған радиоқабылдағышты айналдыра бастады.

Серік пен Борис те нардан түсіп, олардың қасына барды.

— Москвадан хабар естігілерін келе ме? — деді балаларға Шевченко қабылдағышты түзеп жатып. Екі бала «осы кісі шын айтып тұр ма» деғендей, анырып тұрып қалды да:

— Әрине, естігіміз келеді! — десіп, қосарлана жауап берді.

— Ендеше маган болысындар. Мына сымды осылай үстап тұршы біреуін.

Серік сымды екі қолымен үстай алды.

— Маган көмекшілер табылды. Николай Михайлович, әлгі Мария машинкасын дайындаі берсін, қазір жарты сағаттан кейін хабарды тындау керек, — деп Шевченко қол сағатына қарап қойды. Абраменко жер үйден асығыс шығып кетті. Шевченко қабылдағышты жөндеп болып, оны белгілі бір толқынға дәлдеп жатқанда, Николай

Михайлович пен Мария да кірді. Бір кезде радиоқабылдағыш үні: «Москваны тыңданыздар», — деп барып, кілт үзіліп кетті. Хабарды стенографиялағалы отырған Мария не болды дегендей, Шевченкоға сұраулы түрде қарай қалды. Шевченко радиоқабылдағышты тағы дәлдей бастады. Кенет қабылдағышта Левитанның мол, екпінді даусы теңіз толқынындағы бірде жоғары көтеріліп, бірде төмен ырғак-пен санқылдай ағытылып кетті.

«...Айбынды Қызыл Армия жаудың таңдаулы дивизияларын талқандады... Курск қаласы үшін кескілескен ұрыстан кейін, стратегиялық жағдаймен оны уақытша жау қолына қалдырып кетуге тура келді...» — деген жерлерге келгенде, «Уақытша жау қолына қалдырып кетуге тура келді...» — деген Левитанның солғындау сөздерін Анна Ивановна қабылдағышқа қарап тұрып, екі-үш рет қайталаپ айтты. Серік пен Борис те мамаларына қарап жабығып қалды.

Диктордың сөзі аяқталып, қабылдағышта ызың пайда болды. Мария дереу жазып алған түсініксіз сызықтарға толы дәптерін жазу машинкасының сол жақ жанына қойып, Шевченкоға қарады. Ол «Баса бер» дегендей, иек қақты.

Шырт үйқыда жатқан Серік өлденеден оянып кетіш жан-жағына қараса, Анна Ивановна өлі келген жоқ екен. Борис етпетінен түсіп ұйықтап жатыр. Серік Бориске жақындаған барып, оны түртін оятты да:

— Мамам өлі келмеген бе? — деп сұрады. Борис жауап орнына басын шайқады.

— Қашан келеді? Тез келе ме? — деп тағы сұрады Серік. Борис аз-кем үнсіз жатты да:

— Келеді. Бұғін келеді, — деді оны жұбатып. Сөйткенше болмай, үстен сым арқылы «өзіміз» деғен белгі берілді де, Анна Ивановна мен Мария жер үйге сөйлей кірді.

— Сәті түсіп, листовкаларды түгел таратқаныңыз жақсы болған екен. Мен де жаңа ғана келдім. Аман болса Николай мен Константин де бұғін-ертеңдер келіп қалар, — деп Мария өзі естіген жаман хабар есіне түсіп кетіп, ернін тістеп тұра қалды. Серік пен Борис бұл кезде жуынып жатыр еді. Мамаларының келгенін көрп қатты қуанысты. Анна Ивановна балаларын алма-кезек құшақтап сүйіп тұрып, Мария бетіндегі ренішті байқамай қалды.

«Айтсам ба екен? Қалай айтамын? Жоқ, өуелі Николайға айтайын, сонсоң айта ма, жоқ па, сол тапсын ақылын»,— деген Қорытындыға келді де, Мария тамақ әкелейін деп, үске шығып кетті.

— Галя, сыртқа шығып, село жақты байқап тұршы,— деді Мария кітап оқып отырған сіңлісіне.

Галя басқыншылар келгелі өзінің күнделікті орындаپ жүрген міндеттін атқаруға үндеместен есікке қарай бет алды. Мария стол басында отырған Николай мен Костяға жақындаپ келді де:

— Николай, Анна Ивановнаның әкесі мен шешесін және төрт-бес адамды үстап гестапошылар сол өз селоларында асып өлтіріпті. Селоға лаң салып тұрган, өлгі ста-роста шал мен оның қызы көрінеді,— деді.

— Сен, немене, оны озіне айтып қойдың ба?— деп, Николай еденді нұскады қолымен.

— Жоқ, жоқ. Айтқаным жоқ.

— Бәсе, өзір айтпау керек. Ол үйим туралы бүгін Иван Кузьмичпен ақылдасамыз.

— Ия, бұл туралы Анна Ивановнаға сездірмеу керек. Онсыз да оның қайғысы жеткілікті,— деп, Константин Шевченко да сөзге араласты.

Осы сотте терезе алдынан өтіп бара жатқан Галя тере-зе шынысын екі рет шертін қалды. Бұл «полиция келе жатыр» деген белгі болатын. Костя дереу жер үйге түсіп кетті. Үй иелері өздерінің үй шаруашылықтарымен айна-лысқан болды. Үйге екі полицай кіріп келді. Олардың сонынан үйге Галя да кірді.

— Пан Абраменко, халініз қалай?— деп алдынғы бұжыр бет мосқал полицай үй иесінің амандығын сұрап, төрдегі стол басына барып отырды. Абраменкоға «пан» деген сөз тікенше қадалғанмен, ол сөзді жаратпаған күй-сезімін білдірмеуге тырысып:

— Халдің несін сұрайсыз. Үйде отын жоқ. Отын жоқ болған соң береке де кірмейді ғой үйге. Қазір отынға барғалы дайындалып жатыр едім,— деді Абраменко қолындағы қайрап отырған балтасын көрсетіп. Абраменконың бұл құмылында «түбінде осы балтамен сендердің де та-мырларың қыладады» дегендей, бір үнсіз белгі де жалт ете қалғандай еді.

Екінші, ұзын бойлы, шикіл сары полицай тіл қатпастан стол жаңындағы орындыққа келін отырды. Екеуінің де ауыздарынан самогонның сасық исі аңқиды. Еріндері кебірсіп, көздерінің төнірегі ісіп кетіпти. Мария сыртқа шығып кеткен кезде, мосқал полицай арағын бар ма дегендей Абраменкоға қарап, добалдай саусағымен тамағын шертіп, ыржып құлген болды.

— Қайдан болсын. Жоқ,— деді де, Абраменко ішінен: «Иттің ғана балалары, қараши өздерінің арак сұрап сүйретілуін»— деп сыйап алды. Әлгі полицай «онда кеттік» дегендей, серігіне қарап есік жаққа қолын сермеді. Екеуі үйден шығып, бірімен-бірі құнқілдесе сөйлесіп, аяқтарын тенселе басып, селоның екінші жағына қарай кетті.

Ертеңінде ел орынға отырған кезде терезе қағылды да:

— Николай Михайлович, есік аш. Мен ғой,— деген бір ер адамның даусы естілді сырттан. Абраменко елең етіп: «Бұл кім болды екен?»— деп, сөл кідіріп Марияға қарады да, есік ашты. Сып беріп үйге бір он жеті-он сегіздерге келгей, орта бойлы, кою қара шашты, қара торы бала жігіт кіріп келді. Бұл осындағы астыртын комсомол ұйымының мүшесі Иван Гаман еді. Ол үйде бөтен ешкім жоқ па дегендей, төргі бөлмеге басын сұғып қарап, үйде өздері ғана екеніне көзі жеткен соң қайта Абраменконың жаңына келді.

— Не жаңалық бар?— деп сұрады үй иесі келген жігітten.

— Николай Михайлович, жаңалық көп. Біздің үйге кеше тұнде Иван Кузьмич келді...

Иван Кузьмич Примак алғып денелі, жасы отыздардың ішіндегі, жалынды, Отанның қажымас солдаты еді. Осы Киев, Полтава облыстарында партизандар қозғалысын үйымдастыруға әдейі қалдырылған. Ол, міне, Мироновскі, Переяслав, Канев аудандарында болып, осы Ржищев ауданына екінші рет келген беті. Бұл сапарында осы аудандағы астыртын үйымдардың жұмысымен танысып, олардың алдағы іс-әрекеттеріне жөн сілтеп, ақыл бермек.

— Шын ба? Ол қазір қайда?— деп Абраменко Иваның сөзін бөліп асығыс сұрау берді.

— Біздің үйде. Мені сізге жіберді. Сізге жолыққысы келеді.

— Ендеше, осында жеткізіп сал. Ол жалғыз жүр ме?

— Жалғыз.

Гаман асығыс үйден шықты да, үй артындағы шие ағашына байлаулы тұрған кер атқа қарғып мініп, көзден файып болды. Абраменко Гаманды шығарып салып үйге кірді де, есіктің ілгегін іліп, қуанышы қойнына сыймай жер үйге түсіп кетті.

Үш-төрт ауданың астыртын үйымдары бір-бірімен байланыс жасап алған кез болатын. Енді әрбір үйымда отряд құрып, ашық құреске шығуға қызу дайындалып жатқан.

Май айының маужыраған қоныр кештерінің бірі еді. Шөп котерлін, ағаштар жасыл жапыраққа оранып, орман-тоғай сөніне келіп қалған.

Бір топ астыртын үйим мүшелерінің тұнгі операция жасауға шыққан жорықтарының бірінде бір қоян жүрек қашып кетіп, жандармдардың қолына барып тұсті. Соның көрсетуімен село-селодағы астыртын үйымдармен байланысты, ол білетін адамдар тұтқынға алына да бастады. Бір күні тұтқылдан келді де, жандармдар Абраменконың семьясын тұтқынға алды. Абраменконың әйелі Мария, балдызы Галя қапылыста қолға тұсті. Үй ішінде қолға түсе тұра Мария жендеттердің козін ала беріп, жер үйдегі Анна Ивановналарға: «Біз қолға тұстік, бақ ішіндегі есікten шығып кетіндер», — деген хабарды арнаулы сым арқылы хабарлап та үлгірді. Абраменконың бес жасар Виктор деген баласы Гаман үйіне тұнегендіктен қолға түспей аман қалды. Абраменконың өзі ерекше бір тапсырмамен екінші бір ауданға кеткен. Одан өзір хабар-ошар жок.

Анна Ивановна Серік пен Бористі және астыртын үйымның екі мүшесін ертіп, күн бұрынғы келісім бойынша, жер асты арқылы шие бағы ішіндегі есік аузына келді. Дала әлі жарық екен. Даға шықса, әлі жанаған бүрлекен шие ағаштары бұл бесеуін жасырап болмаған соң, сол ауызда аялдай тұруға тұра келді.

«Қалай ғана бұлар қолға тұсті екен? Бұларды дәу де болса, біреу үстап берді ғой. Сонда да ол азғын кім болды екен? — деп ойлап отырды да: — Жок, күдіктенері жоқ. Бұларды не болғанда да анадағы операция кезінде қашып кеткен корқақ үстап берген шығар. Енді Гаман семьясын

сақтап қалу керек», — деген қорытындыға келді Анна Ивановна.

Гамандар ата-анадан төртеу еді. Әке-шешесі соғыстың алдында қайтыс болып, төрт бала жетім қалған. Оның үлкені Иван он жетіде, комсомол мүшесі, комсомолдардың астыртын жұмысының басшыларының бірі. Онан кейінгілері Мария, Гая және Миша. Арапары екі жастаң. Ең кішісі он бірдегі Миша болатын. Олар қазір сонда қонып жатқан Абраменконың Витясымен өрімдей бeseу. Осы бесеуін ойлағанда, Анна Ивановнаның денесі тітіркенін кетті. «Енді не істеу керек? Қазір оларға тезден хабар бермесе, Гаман семьясы да тұтқындалады. Тіпті Иванға немістер құдік туғызбағанмен, Витя үшін оларды тұтқынға алып асады. Абраменко семьясын көрсеткен жауыз, оның семья құрамын да тізіп айтып берді гой. Сонда бұларды қазір тұтқындан жатыр. Николай Михайлович үйде жоқ. Оны басқа жақтан іздейді. Не жортуда жүрген партизандар қатарында деп есептейді. Ал кішкентай Викторды жендеттер алыстан іздемейді. Осы төніректегі селолардан іздейді. Қай селода, қай үйде болуы керек екенин, Виктор қай үйдің балаларымен үйір екенин жендеттерге жорамалдан айтатындар бұл селодан табылмайды деймісін, табылады. Олай болса, оны да табады. Жоқ, таппасын. Таптырмау парыз.

Ол үшін сәбиді жасыру керек», — деген алай-дүлей ой толқыны үстінде мейірімді ана жүрегі тоғыз тебіреніп, он ойнақшыды.

Анна Ивановна ақылды қой көзін қарсы алдында отырған Бориске қадады да:

— Боря, анада тұнде Серік екеуің Иван деген жігітке еріп селоларға листовка таратқанда, сол Иванның өз үйінде болдындар ма? — деп сұрады. Борис ойланып қалды да:

— Гаман Иванның ба? Әлгі Миша деген кішкене інішегі бар Иванның ба? — деді шешесіне қадала қарап.

— Ия, ия! Сен қазір сол үйді таба аласың ба? Таба алсан, қазір қалай да солармен байланыс жасап, сақтандырып қою міндет бол түр. — Борис: «Таба аламыз ба?» — дегендегі Серікке қарады. Манадан бері ана сөзін үйіп қана тындан отырған Серік:

— Таба аламыз. Мен табамын. Ол мына жақтағы хуторда, — деп тұстік-батыс жақты кішкене қоп-қоңыр сұқ

саусағымен нұсқады. Анна Ивановна: «сен тапқанынмен, сені күндіз жіберуге болмайды гой» дегендей, Серікке қарап езу тартып құліп қойды. Бұл кезде аудан-ауданға, село-селога он-он бірдегі қазақ баласы мен он екілердегі орыс баласын ерткен отыздардағы толықша келген ақ сары украинканы ұстауға өскери коменданттардан бүйрық келген болатын. Әрине, тыңшылар үшін бұларды көрген жерден тапжылтпай ұстап беретін белгі – біздің кішкентай Серіктің көзге түсер қаралығы. Сондықтан оны түнде болмаса, күндіз жұмсауға болмайтын еді.

Борис пен Серікті Иван үйіне қалайда болмасын ретін тауып жіберуге бел байлады да, Анна Ивановна шығар жасырын тесіктің қақпағын сәл көтеріп, бақ ішін шолып қарады. Маңайда өздерінен басқа тірі жан көрінбейді. Шие ағаштарының тасасынан үй де көрінбеді, онда қазір не болып жатқаны белгісіз. Анна Ивановна жасырын орнына қайта келді де:

— Ал жолдастар, не істейміз, балаларды Гаманға жібереміз бе? — деп жаңындағы астыртын ұйымның екі мүшесіне алма-кезек қарады.

— Қайдан білейін. Бұл жердің жағдайы бізге таныс емес. Сол балалар айтып отырган хуторды, Гаман үйін білсек, біздің біреуіміз-ақ баар едік. Таба алмай жұрт көзіне түсіп қаламыз ғой, — деді Анна Ивановнаға жақын отырған біреуі.

— Жоқ, сіздердің біреулеріңіз барсын деп отырғаным жоқ. Балаларды жібереміз бе, жоқ, кешті күтіп бәріміз бірге барамыз ба?

— Менімше, кешке қалдыrsақ, ол семьядан да айырыламыз. Сондықтан Боря ол үйді таба алса, жіберу керек, — дегенді айтты тағы әлгі адам.

— Боря жалғыз таба алмайды гой деймін. Ол табатынына онша сенімді емес көрінеді. Ал мына Серік өте жершіл, бұның қатесіз табатыны анық. Сол үшін бұл екеуін де жіберсек. Өйткені, хуторға жеткен соң, ол үйді Серік көрсетіп жіберсе, Борис барып оларға хабарлайды. Ал Сережа бір шұңқырға жасырынып күте тұрсын. Әйтпесе Серікті біреу-міреу көріп қойса, бірден құдіктенеді. Ал егер опасыз біреу-міреу кездессе, ұстап беретініне сөз жоқ, — деді Анна Ивановна. Қасындағы жолдастары да бұл пікірді талассыз қостады.

Оларды жолға шығаруға дайындал болған Анна Ивановна балаларының міндетін өбден түсіндіріп айтты да:

— Эйтеуір байқаңдар. Жолмен жүрмәндег. Адамға кездесуші болмандар. Иван Гаманға мына хатты беріңдер. Бүгін тұнде кездесер жерді ол біледі. Солармен бірге болындар. Біз сендер барған жерге тұнде барамыз. Мұнда қайта келуге болмайды,— деп екеуін бетінен сүйіп, тесіктен шығарып жіберді.

Екі бала селоның шығыс жақ шетіне екі жұз метрдей жақындал келді де, бір топ бүргеннің түбін панарап отыра кетті. Екеуі де ентіге-деміге дем алып село жаққа үрлана қарайды. Село көшелерінде ойнап, жүгіріп жүрген некен-саяқ балалар көрінеді. Анда-санда шәүілдеп үрген ит даусы естіледі. Басқадай бейсауат ештеңе байқалмайды.

Соны көнілге демеу тұтқандай болған Борис:

— Хуторға немістер әлі келген жоқ екен,— деді хутордан көз алмай қарап жатып.

— Онда жүр. Хатты апарып берейік. Иван Гаманның үйі анау тұтін шығып жатқанның бергі жағындағы кішкентай ақ үй, таныдын ба?

— Оның есігі алдында үлкен тал бар еді гой.

— Тал болса, әне, талының да басы қылтиып көрініп түр гой. Есігі арғы жағында, сондықтан қадағалай қарамаса, жөнді байқалмайды бұл жерден.

— Онда сен осы арада мені күте түр. Соті келсе, мен апарып беріп тез орала қояйын.

— Мен де барамын,— деді Серік орнынан көтеріле беріп.

— Жоқ, мамам тек біреуің ғана бар. Серік селоға көрінбесін дегені қайда?— деп, Борис Серіктің баруына қарсы болды.

— Біреуің бар десе, мен барайын,— деді Серік тағы.

— Сережа, саған баруга болмайды. Сені көрін қояды.

Сен белгілісін,— деді тағы да Борис.

Серік өзінің ұстіндегі киімдеріне қарады да, жөнді ештеңе түсінбеген қалыпта:

— Қалай белгілімін?— деп таңдана сұрады.

— Жандармдар бізді, мамамды іздең жүр. Сонда «жанында бір сары, бір қара баласы бар өйелді корген жерде ұсташа керек» депті. Мұнда мен сияқты сары балалар көп.

Ал сен сияқты қап-қара балалар жоқ қой. Сондықтан сені олар танып, комендантқа хабарлап қояды. Есінде бар ма, былтыр атамның үйінде тұрғанымызда комендантқа бізді үстап бергенін. Қашып кетпегендеге бізді асып өлтіретін еді, – деді Борис. Бұрын өзінің мұндай ерекшелігін сезбей келген Серік ойланып қалды. Бұл жөнінде көніліне келіп, бала өзіне-өзі құдіктеніп, жатсынады еken деп ойламасын деген байламмен жүретін Анна Ивановна Серікке еш нәрсе сездірмейтін. Оны Бориспен бірдей үстaugа тырысып бағатын. Сондықтан да Серік Борис не істесе соны істеп, не сөйлесе соны сөйлеп үйреніп кеткен. Анна Ивановнаны Борис сияқты Серіктің де «мама» дейтіні сондықтан еді.

Серік қарақаттай мөлдіреген, кішкентай ойлы көзін Бориске қадап, біраз отырды да:

– Онда бар. Мен күте тұрайын. Тез кел, – деп сол жerde, бұрген түбінде қала берді.

Борис аяғын тездете басып, хуторға қарай жүріп кетті. Серік Бористің сонынан қарап жатыр. «Көз жазып қалмайын» дегендей, кірпік қақпай тесіле қарайды ол. Борис, әне, хуторға жетті. Шеткі үйдің арт жағынан оралып бақ ішінен шыға келді де, жүгренінен жүгріп селоның шығыс жағындағы сайға түсіп корінбей кетті. Оның сонынан екеу келе жатыр. Мұның үлкені Иван, кішісі Борис екенін Серік таныды. Олар да өлгі кеткен балалардың сонынан бет алды. Бірақ арқалаған заттары бар, жүгрімей жай кетіп барады. Арт жақтарына қарай береді. Жыраның дәл жанына барғанда, Борис Серік тығылып жатқан жаққа қарап, шақырғандай қолын бұлғады да, жыраға түсіп, жоқ болып кетті. Серік орнынан тұрып, жыраға қарай жүгіре басып кете барды.

Дәл осы кезде Македон селосынан үш машина толы жандармдар шыға келді. Машиналар бірінің сонынан бірі екпіндегі жүріп келіп, хуторға кіріп токтады. Көк, қара киімді жандармдар машинадан түсіп, үйлерге қарай жүгіре басып кетіп барады.

Қырықтарды құсырған, орта бойлы, шұнірек көз біреу қолына келдек үстаган неміс офицерінің жанында, иесінен еркелей ерген итше еңкендең басып келе жатыр. Бұл

азғын Андрей. Оның соңында жиырмадан жаңа ғана асқан толықша келген шегір көз, сары әйел. Ол – коменданттың тілмашы. Кішілеу ақ үйдің жанына келгендеге, Андрей:

– Осы үй! – деді шегір көз әйел мен офицерге алма-кезек қарап.

Офицер үйдің жан-жағына қарап алды да, соңынан шұбап келе жатқан солдаттарға бірдемелерді бұйыра айттып барқ ете қалды. Андрей селк ете түсіп, кейін шегінін кетті. Солдаттар үйді тінтіп, астан-кестенін шыгарды. Шатыр ішін, қора-қоймаларды түгел қарап, олар ешкімді таба алмады. Іздеп келгендерінің орнын сипалап қалғанын сезген офицер ашу шақырып үй маңында тебініп аласұрды. Сөйтіп тұрганда хутор старостасы келді. Бұл елулерді еңсерген, бадырақ қой көз, Середа деген қара сұр адам. Басқыншылардың аянбай согатын қол шоқпараты. Өз қолымен үстап беріп, талай патриоттарды дарға асқызған, алдына салып айдал барып атқызған қаныпезер сатқын. Оған офицер шұқшия қарап «Гомана?.. Абраменко...» деген сөздерге тағы бірнеше түсініксіз сөздер қосып айқай салып, аузынан көбік шашты.

– Гаман семьясы қайда деп сұрайды пан комендант, – деді тілмаш старостаға. Староста комендантқа үрейлене қарап:

– Бүгін таңертең үйінде жүр еді ғой. Олар қайда кетті дейсін, – деп күмілжіп қалды.

– Село адамдары тығып қойды оларды. Табындар. Пан солай деп тұр. Таппасаңдар олар үшін кепілдемеге селодан кісі алады, – дегенді ескертті шегір көз әйел старостаға.

– Осы кішкентай хуторыныңда не болып жатқанын білмейсіз. Осындағылардың көбінің партизандармен байланысы бар. Көбі астыртын үйым мүшелері. Гаман Иваның да астыртын үйыммен байланысы бар. Абраменконың баласы Виктор осы селода, соны тап, – деп тебінді орта бойлы, толықша келген ақсары. Бұл Мироновка аудандық полиция бастығы Синявский еді. Қанша шарқ үрып тіміскілегенмен хутордан іздеген адамдарын таба алмай, үш машина толы жendetтер келген жағына қайта бет түзеді.

Осы кезде ойында ештеме жоқ, сәби Михаил Гаман Македон селосынан шығып үйіне қарай келе жатты. Ол

кешке кешке Виктор екеуі Ольга Карповна Семещенко апайдың үйіне келіп, сонда қонып қалған. Виктор Ольга апайдың Женя деген қызымен ойнап қалды.

Ольга апайының берген бір табақ бидайын Миша ағапаларына жеткізбек. Ол қара жолдың шетіне дем алайын деп отыра кетті. «Мені үйде іздеп отырган шығар», – деген ой келин, хутор жаққа қарады. Дереу орнынан атып тұрды. Кішкентай жүрегі алып-ұшып, корқып кетті. Жолдан алыстап қаша жөнелді. Бірақ Миша кеш қалды. Алдыңғы машина кілт тоқтады. Бір солдат Мишаны ұстап алып келді.

– Іздеп жүргендерініздің бірі осы Гаман Михаил, – деді Андрей. Мишаны жаққа салып жіберді. Миша шыр ете түсті. Әлгі ұстап алып келген солдатқа «машинаға сал мұны» дегендей, офицер иек қақты. Солдат Мишаны көтеріп, машинаға салды. Миша қайта ұмтылып:

– Ваня, Ванюша! – деп өлген әкесінің орнына әкешешесінің орнына шеше болған Иван ағасын жаны мұрнының ұшына келгенде атын атап, егіліп жылап, қанды кол жендеттердің тағы тырнағына ілініп кете барды.

Тұтқындаған адамдарды жандармдар село-селоларды аралатып жүріп жауап алды. Бірақ он бір жастағы кішкентай Миша өзі білетін астыртын үйымдардың бірde-бірін жендеттерге айтқан жоқ. Ол адам жаны түршігерлік ауыр азапқа түссе де, соның бәріне совет адамдарына тән қайраттылықпен, адамгершілікпен төзіп бакты.

Міне, жасына жетпей бұлтиған сәби жүзіне айуандық қолдың ізі түскен Мишаны кезекті жауапқа Пи селосына алып келді. Староста үйінің алдындағы сарайға әкеп оның жалғыз өзін қамады. Ол бірер сағаттай отырганнан кейін сарайдың есігінен сығалап қараса, сыртта ешкім жоқ екен. Үй ішінен барылдаған еміс-еміс дауыс естіледі. Енді жандармдардың арақ ішіп даурығып отырганын Миша сезді. Бұл село да Мишаның талай келіп, балалармен асыр салып ойнаған селосы. Осы селода тұратын Игнат Исаевиңтің үйіне Миша бірнеше рет келген. Игнат пен Иван ағасы жеке отырып, ұзак әңгімелесетін. Кей кезде екеуінің пистолет тазалап отырганын да, листовкалар бөлісіп алып жатқанын да көрген болатын Миша. Сол ұзын бойлы, өр уақытта өзімен «Миша генерал» деп қалжындастын адам-

ды қазір көргісі келеді. Оған өзінің осы он күн ішінде көрген азабын айтқысы келеді. Тұрмеде Мария, Галялармен бүгін таңертен жолыққанын, оларды ертең Македон селосына апарып жауап алатынын да айтсам жақсы болар еді, деп ойға кетеді. «Иван, Мария, Галя – үшеуі үйде ме екен? Әлде оларды да үстап әкетіп, азаптап жатыр ма екен? Олар мені үстағанын білмейді ғой. Білсе іздеп келер еді!»

Не заматта сарайдың сырт жағынан біреу: «Миша, Мишенька!» дегендей болды. Ол елең етіп бұрылды да, дауыс шыққан жерге барды. Кішкентай бір саңылаудан айтқанында, Игнат Исаковичтің алып денесін көрді. Миша саңылауға аузын төсеп:

- Игнат аға, Игнат аға? – деп егіліп жылап қоя берді.
- Мишенька, жылама! Сені босаталы, жылама! – деп жұбатқан болды Игнат Исакович.

— Мені босатпайды! Мені өлтіреді! – деп, Миша көзінің жасын сұртті де, өлімге белін буып бекінгендей болды. Сосын сәл кідіріп барын: – Ивандарды да қамады ма? Оларды көрдініз бе? – деп сұрады өксіп тұрып.

— Оларды қамаған жок. Олар қашып кетті. Аман! Көрдім. Бүгін тағы барам оларға, – деді Игнат Исакович асыға сөйлеп.

— Оларға айт... – деп Миша тағы кемсендеп жылап жіберді. – Ертең кешке Мария апайды Македонға апарып жауап алады. Соны Николай ағайға хабарласын деп Мария апайдын өзі айтты...

— Ертең бе? Ертең кешке ме? – деп, Игнат Исакович қадағалап сұрай бастады. Сосын ол жан-жағына мұқият қарап шығып, сарайдың іргесіндегі бір жіншкелеу тақтайды сыртқа қарай жұлып алды да:

— Миша, мына жерден шығып қаш, – деп екінші бір тақтайды босата бастады. Миша есік жаққа қарап койып, әлгі жердегі Игнат Исакович сыртқа қарай табандап тартып жатқан тақтайды тізерлей отыра қалып екі қолымен итере бастады. Енді әлгі тақтай аралығы едәуір кеңіп қалды. Сол кезде Игнат Исакович:

— Миша, байқа, жандарм келе жатыр. Бірак, қашу керек, – деді. Сонан кейін не болғаны белгісіз. Миша Игнат Исаковичтің даусын ести алмады. Сарайдың қай жағына барып саңылау-саңылаудан сығалап қарамаса да, оның алып тұлғасын көре алмады. Ол енді сарайдың есігіне келип қараса, есік алдында өзін алып келген жандармдар-

дың екеуі темекі тартып, қарқылдаپ құлсіп түр екен. Миша оларға кектене қарады да, сарайдың артқы жағындағы әлгі жерге келін, босаған тақтайды сыртқа қарай итеріп еді, өзі сиярлықтай болып қалған екен. Миша дереу етпетінен жата қалып басын тесікке тығып сыртты болжады. Ешкім көрінбеген соң: «Сарайдан шығып қалай қарай қашамын?»— деп ойлап отырды. Енді өз селосына қарай беттегісі келмеді. Ол жақтан машина, мотоциклдермен қаптап жүрген неміс солдаттарының сойқан бейнелері көз алдына елестей кетті де, өзін жуан неміс солдаты шап беріп үстай алғандай болды. Миша осы сәтте селк ете түсті де, көзін жұмып, бетін екі қолымен баса қойды. Сәл кідіріп, көзін ашып, орнынан атып тұрды да, тесіктен жып-жылдам сыртқа шығып алып, жүгіре жөнелді. Ол қайтсе де осы селодан шығып кеткісі келіп, тура далаға қарай тартты. Жан ұшырып жүгіріп келеді, жүгіріп келеді...

Мұның қашып келе жатқан бағыты «Көк орман» еді. Жақын маңда орман болмаған соң, партизандар осы орманда шығар деп жорамалдайтын. Міне, қазір де «Ивандар немістерден қашып кеткен болса, осы «Көк орманды» партизандарға барып паналаган шығар»,— деп ойлап келеді. Оның екі көзі мұнартып көрінген «Көк орманда».

«Көк орман» Пи селосынан төрт-бес шақырым қашықтықтағы шағын ну тоғай еді. Ағашының дені қарағай болғандықтан, ол қысы-жазы жап-жасыл болып көрініп тұратын. Оның үстіне, сол орманды айнала қоныстанған селолардың үйлерінін мұржаларынан шыққан көк түтін де соған жиі оралып, алыстан көкмұнар көрсететін. Әлде осыдан ба, әйтеуір, осы шағын орман атам заманнан бері «Көк орман» деп аталатын.

Миша жол ортаға жеткенде, селодан қуғыншы жандармдар да шықты. Миша қуғыншыларды көргенде, жаңын қоярға жер таба алмады. Кіріп кетерге тесік жер болмаған соң, жан дәрмен қылыш алға қарай жүгіре берді, жүгіре берді. Міне, орман да алыс емес. Бірақ жаяу қуғыншылардың сонынан екі мотоциclist шығып қуып келеді. Жан ұшырган Миша, орманның шетіне ілінді. Сол кезде қуып жете алмайтының біліп, орманға кірсе көз жазып қалармыз деген жендеттер екі автоматтан оқ жаудырып жіберді. Миша орманның шетіндегі бір жінішке қарағайды құшақтай алды. Ол денесін ауырсынып, сәл кідірді

де, бұрылып артқы жағына қарап еді, жендеттер «өлген шығар» дегендей, мотоциклдерінің жанында сойдыып-сой-диып түр екен. Миша есін жиғандай болып, ілгері жүрмекші болып еді, жүре алмады. Өз денесін қан жауып кеткенін көріп, ол шошып кетті.

— Ваня!— деп, бар даусымен айқайлап жіберді. Оның сәби қеудесінен қысылғанда шыққан жінішке даусын орманның әр агашы да «аянышты халінді ағана жеткізейік» дегендей, Мишамен бірге қосарлана бірінен соң бірі қайталап, орман ішін шарлап кеткендей болды. Енді бір сәтте әбден әлсіреген Миша жерге құлап тұсті. Енді ол май айының көтеріліп қалған шөбінің тасасынан жендеттердің қарасын көре де алмады. Сәл сұлқ жатты да, басын көтеріп ілгері қарай еңбектеді. Ұзын денесінен аққан ыстық қан жасыл шөпті қызыл бояумен бояп келеді. Елу-алпыс метрдей еңбектеп келді де, бір топ бүргеннің ішіне кіріп сұлқ жата кетті. Ары жылжуға еш дәрмені жоқ. Қимылсыз жата берді. Көз алдында мотоциклге мінген, автомат кезеніп тұрған неміс солдаттары елестесе, әлсіз жан-жүрегі тұршігіп кетеді. Кей кезде өз адамдарын елестетіп қалса, сөйлескісі келгендей ауызын жыбырлатады. Немесе Иван ағасы, туыстарын құшақтағысы келіп, қимыл жасайды. Жоқ, сөйлеуге де, басқа қимыл-әрекет жасауға да дәрмені жоқ. Құр сезім жүйесі ғана соған көңілді жетектейді. Сол өмір мен өлім арасындағы бір қыдыру елес үстінде жатқан Мишаның ойы бірте-бірте тұманданып барып, үзіліп кетті. Бөрі де ғайып болды. Құнәсіз сәби бала сол етпетінен түскен күйі мәнгі көзін жұмды...

Сонынан анталай құған жендеттер қанды-жоса ізben келіп Мишаның жансыз денесінің үстінен тұсті. Бүргенді ашып «түр!» деп бір жендет барқ ете тұсті. Бірақ Миша қайдан тұрсын!..

— Миша қайда екен?— деп сұрады Серік қатарласа беріп, Галяның еғіліп жылап келе жатқанын Серік байқаған жоқ еді. Галя бірден жауап бере қоймағанын түсінбеген бала:

— Мишаның қайда екенин ешкім білмей ме?— деп тағы да сұрау беріп, оның бетіне үңіле қарады. Галяның көзіндегі жасты көріп, жалма-жан:— Неге жылайсын? Галя, жылама!— деді аяқ астынан не дерін білмей қалып.

— Мишаны немістер өл-тіріп-ті! Оны өл-тіріп-ті!— деп Галя онан бетер еғіліп жылады. Серік бұрылышы село жаққа тағы бір қарап қойды да:

— Витяны да өлтіріп пе?— деп сұрады. Галя басын шайқап:

— Жоқ,— деді. Соңан соң екеуі де біріне-бірі тіл қат-пастан жалғыз аяқ жолмен жүріп келіш сайға тұсті. Бұлақтан су ішіп, Галя бетін жуды.

— Сережа, осы біз адасып кеткеніміз жоқ па?— деп, Галя жан-жағына қарады.

— Жоқ, Галя, адаспаймыз. «Сережа адастырмайды» деп саған командир айтып еді ғой. Қорықпа. Бұл жерден Иван ағай екеуіміз талай рет жүргенбіз. Ал қане, айтшы, селога сен бардың ғой, командирдің тапсырмасын орындадың ба?— деп, Серік Галяға қадала қарап жауап күткендей болды.

— Орындарым. Бірақ отрядқа тез жетуіміз керек. Айта-тын асығыс хабар бар,— деп, Галя жалғыз аяқ жолға түсіп жүгіре жөнелді. Сонынан Серік те жүгіріп бара жатты...

Галя мен Серік отряд штабына кірді. Штаб бастығы Федор Нагайцев стол жанында қолындағы километрлік қартасын планшетіне бүктеп салып жатыр екен. Ол ба-лаларды көріп қуанып кетті:

— Аман келдіндер ме?— деп екі кішкентай барлау-шысын алма-кезек құшақтап, бастарынан сипады. Ол екеуін екі жағына отырғызды да:— Ал, не хабар әкелдіндер, айта беріндер,— деп «сен сөз баста» деғен-дей, алдымен Галяға қарады. Галя жылап жіберді. Ол егіліп жылап отырып, Мишаны жандармдар «Көк ор-манда» олтіргенін, ертең кешке Мария апайды жауап алуға Македон селосына әкелетінін хабарлады. Онымен қоса о жақтан беріп жіберғен қағазды таңсырды Галя бастыққа. Серік Галя сөзін құптағандай, екі көзі жаса-урап, басын анда-санда изеп қойып үнсіз отырды. Штаб бастығы орнынан тұрды да:

— Енді өздеріңнің топтарына барындар. Демалындар,— деді. Екі бала штабтан аяқтарын баяу басып шығып кетті.

Сол күні кешке Мария Николаевна Абраменконы азат етуге партизандар тобы жолға шықты.

Ел орынға отырган кез. Тас жолдың екі жағына бөлініп орналасқан халық кегін алушылар қаһарына мініп жа-

тыр. Село жақ тып-тыныш. Ешбір үйдін терезесінен шам жарығы көрінбейді. Шәуілдеген ит те үрмейді. Николай Михайлович ауыр күрсінді. Ол осы селода туып өскен. Осы селода қуанышты жастық шағын откізген. Осы селода үйленіш, осы селода бірінші рет бала сүйген. Осы селода селолық совет председателі болып қызмет істеген. Талай думанды кештерді өзі бастап, өзі тарқатқан. Енді, міне, сол село шетіне жасырынып келіп бас көтермей бұғып жатыр. Өз қолымен салған үйін фашистер өртеп жіберген. Сүйген жары жандармдар қолында, осы селода, осы селода Викторы – жалғыз ұлы тағы бар. Бірақ оның қайда екенін де білмейді. Селога жіберген барлаушылар елі қайтып оралған жоқ.

– Николай, болар іс болды. Әрине, Марияның халі бәрімізге де аянышты, бәріміздің де қабыргамыз қайысады. Бірақ барлығы да отан үшін. Бәріміз де отан үшін бел шешпей жүрміз. Отан үшін құрбан болуға бәріміз де өзірміз. Сен байқа, Иван Кузьмичтің сөзін есінде сакта. Асығыстық жасап орынсыз жерде мерт болып кетпе, – деп ескертті оның оң жағында жатқан топ командирі Василий Клопов. Николай Михайлович біраз үнсіз жатты да:

– Вася, Витяны озіміздің адамдар жасырған шығар. Оған қам жемеймін. Марияны ойласам жаным күйзеледі. Ол ауыр азап шекті ғой. Әрине, мен оған сенбейді емеспін, сенемін. Ол ешкімді үстап бермейді. Өлсе адал өледі. Бірақ күндіз-түні ұрып-соғу, азаптауға оны қимаймын, – деді Абраменко даусы сөл дірілдеп.

Сөйтіп жатқанда барлауға кеткен Иван Гаман мен Серік те келді.

– Мария апайды азғын Андрейдің үйіне түсіріпті. Екі сағаттай жауап алышты. «Ешкімді білмеймін. Бұл селода ешкімнің партизандармен байланысы жоқ» дегеннен база ештеңе айтпапты. Ұрып-соғыпты, онда да айтпапты. Соңсaң зорлап арақ ішкізіпті, бірақ соңда да ешбір ботен сөз айтпаса керек. Қазір селодан бері шығады. Ржищев түрмесінде жатқан тұтқындармен беттестіріп жауап алмақ деседі. Алып келе жатқан неміс офицерінің жанында төрт неміс солдаты, он полицай және Миронов аудандық полициясының бастығы Синявский бар корінеді. Жиыны он алты. Ал Витядан әлі хабар жоқ. Ольга Карповна мен Григорий Романовичке жолықтым. Олар іздестіріп жатыр-

мыз, оған қам жемендер дейді,— деп баяндағы Гаман барлау нәтижесін.

— Жарайды, Иван Кузмичке баяндандар да, орындағына барыңдар,— деді топ командирі барлаушыларға. Серік пен Иван жолдың сол жағына шығып көрінбей кетті. Бұл сапарға Клопов тобымен бірге отряд командирі Иван Кузьмич Примактың өзі де келген еді. Ол жолдың сол жағына орналасқан пулеметшінің жанында болатын.

Енді бір жарты сағаттан соң машина моторының ғүрілдеген даусы естілін селодан бері шыққан кезде, оның жарығы да көрінді. Машина Македон — Ржищев тас жолымен селодан өрге қарай көтерілетін. Машина үсті-үстіне газ беріш, ауыр жүріп келе жатыр. Демек, жүгі де ауыр. Тосқауылға, міне, жақындалап та қалды. Клопов отряд командирінен оқ атуға рұқсат сұрап, қол фонарын сол қолына ұстап, он қолындағы кепкесімен жау көріп қалмас үшін фонарьдың алдыңғы жағынан қалқалап, қызыл жарықпен белгі берді. Отряд командирі «тоқтай тұр» дегендей, көк жарықпен жауап берді. Ендігі бүйрықты Иван Кузьмичтен күткен Клопов сол жақтан көз айырмады. Машина елу-алпыс метрдей келгенде ғана отряд командирі қызыл жарықты жарқ еткізді де, оның жанындағы пулеметші «дегтяревтен» оқ боратып қоя берді. Жолдың он жағынан да, сол жағынан да оқ атылып түн тыныштығы бұзылып кете барды. Машина табандап барып тоқтады да, жарығы өшкен жоқ. Әрине, оқ мотор мен машина қорабының үстінде түрегеліп тұрған жендеттерді қамти атылған. Сол сәтте:

— Болатов, алға!— деп айқай салды Клопов. Жолдың жиегінде жатқан үш партизан алға үмтүлғанда, Абраменко да орнынан атып тұрды. Бірақ оны Клопов шап беріп үстай алып жібермеді. Сөйткенше болмай машина маңынан оқ атыла бастады. Машинаға қарай үмтүлған үшеуі де көzsіз ер жігіттер еді. Алдарында атылған оқтан тайсалмады. «Мен жаралымын» деп үшеудің бірі — Виктор құлап тұсті. Оны екінші партизан сүйемелдеп жатқанда Вася Болатов айқай салып, машинаның жанына тебініп жетіп барды. Оның тайсалмастан жетіп барғанынан зәресі үшіп кеткен жендеттердің ешқайсысы оқ ата алмады. Болатовтың сол қолындағы гранатты көргенде, машина жанында жатқан үш полицай қолдарындағы винтовкаларын тастап қолдарын көтерді. Ашу кернеген Болатов:

«Неге оқ атасындар? Сендер партизан отрядының қоршауындастындар!»— деп тебініп барып, он қолындағы «ТТ» пистолетімен үшеуін үш басты. Ол жолдың оң жағындағы жырада жатқан екі жендеттің де жандарын жаннамға жіберді. Ең батыр достарының бірі оққа үшқан соң, Болатов еш нәрсеге қарамады, жауды онды-солды жайпай берді. Өзінің арпалыс кезіндегі әдеті бойынша күін бұрын дайындалған пистолет обоймасын бірінен соң бірін босатып, босағанын қалтасына сала берді. Ол енді машинаға қайта оралды. «Мені атпаңыз? Мен тілмаш едім»,— деп мұсіркенді машина астынан бір әлсіз дауыс. «Шық бері!— деп тебінді оған Болатов. Ол қолындағы пистолетін тастай беріп, орнынан тұрып екі қолын көтерді. «Тілмаштықтан басқа жұмыс таппадың ба, тілмаш болсан, о дүниеде де тілмаштық жаса»,— деп оны да атып салды. Басқа партизандар ұзап қашқандарын құртып жүрген болу керек. Эр түстен мылтық атылады. Сол сәтте: «Примак, мен Синявскиймін. Мені атпаңдар. Мен сендерге бәрін айтамын»,— деп дауыстады машина үстінен біреу. Енді Болатов қарғып машина үстіне шықты. Қолын көтеріп тұрган адам «мені атпаңыз, мен сіздерге комектесемін»,— деп безек қакты. «Сен азғыннан кім көмек сұрайды? Мен саған көмекті көрсетермін қазір!— деп Болатов пистолетін котере бергенде:

— Вася, Синявскийді атиа, тұра тұр. Атпауга бұйырамын!— деп дауыстады анадайдан отряд командири. «Бұйырамын» демесе, Болатовтың тоқтамайтынын билетін Примак: «Бұйырамын, атпа!»— деп тағы айқай салды. Енді атуға болмайтынын сезген соң ашу кернеген Болатов әлгі жауыздың беліндегі пистолетін белбеуінен сызырып алды да, қолындағы пистолетінің қырымен оны бастан бір салып машинадан құлатып жіберді. Осының барлығы көзді ашып-жұмғанша төрт-бес минут ішінде болған оқиға. Машинаның алдыңғы жағында ыңырсып жаралы жатқан Марияны Болатов енді ғана көрді.

— Мария, тірімісің?— деп, Болатов Марияны жатқан жерінен көтеріп алды.

— Сендер оқ ата бастаған кезде мені бір жендет атып жіберді. Николай бар ма?— деді Мария қинала сөйлеп.

— Бар. Келеді қазір,— деді Болатов оны көтеріп тұрып.

— Мария, Мария!— деп Абраменко да келіп жетті сол кезде.

— Мария жарагы. Міне,— деп, Болатов Марияны машина үстінен Николайға ұсынды. Николай Мариясын көтергеннен көтеріп апарып анадай жол жиегіне жатқызды.

— Николай, Витя, Витям қайда?— деп сұрады Мария жалғыз ұлын.

— Витя отрядта,— деп жауап қайтарды не дерін білмеген күйеуі. Сол кезде Марияның қасына Серік жетіп келіп:

— Мария апай,— деп оны бассалды.

— Сережамысың? Тірі жүрмісің? Маман, Бористер қайда? Менің Витямның до-сы ғой!— деп Серікті аймалап жатып Мария жан тапсырды. Болаттай берік патриотканың басында тұрып халық кегін алуға тағы да ант етті партизандар.

— Машинаны пайдалануға болмайды, кирап қалыпты,— деп баяндады машина тілін білетін топ командирі Клопов, Иван Кузьмич оған қатты қиналды. Марияның сүйегі мен ауыр жарагы Викторды қалай алып жүрмек? Қысқа таң атуға да айналды.

— Вася, тез қамданыңдар. Марияның сүйегін Григорий картқа тапсырындар. Викторды да астыртын ұйымға жасырын тастан кетпесе болмайды. Манағы келісім бойынша жүре беріндер. Біз Серік екеуіміз сендерді қуып жетеміз,— деп бұйрық берді отряд командирі Примак. Клопов бастаған партизандар тобы тосқауыл жасаған жерден ұзап кетіп бара жатты.

Иван Кузьмич Серікті ертіп, партизандар байладап тастаған тұтқынның жанына келді. Серік оның қолын шешті, орта бойлы, дембелше, отыздарға келген тұтқын ақсай басып орнынан тұрды. Бұл Миронов аудандық полиция бастығы Синявский еді. Ол Примактың жерлесі, тіпті екеуі бір кезде бірге оқыған. Сонынан ол орман шаруашылығы ма, әйтеуір бір жоғары оқу орнын бітіріп, сонынан Қызыл Армия қатарында болған. Немістер жаулап алысымен Миронов аудан орталығына келіп басқыншыларға беріле қызмет істеп, аудандық полиция бастығына дейін жоғарылаған. Примак оның полиция бастығы болғанын білмейтін еді. Бір күні астыртын жұмыста жүріп Примак жандармдардың қолына түседі. Неше күн бойы жауап алып, оны азаптайды, дүре соғады, етіне темір қыздырып

басады. Ол ешбір жауап бермейді. Соңсөн неміс фашистері: «Әлде өз үлттына жауап алдыrsақ, жауап берер ме екен?»— деп, оны полиция бастығының қарамағына береді. Примакты кезекті жауапқа алып келсе полиция бастығы болып отырған Синявскийді бір-ақ көреді.

«Бұл азғындық тақтың иесі сен екенсің ғой,— дейді Примак оған. Ол не дерін білмей қалады да: «Иә, меннін»,— дейді. «Онда сен болсан алдыңа келдім»,— дейді Примак. «Не істейін саған?»— дейді Синявский. «Не істесен еркін. Билік сендердікі, өкімет сендердікі»,— дейді Примак. «Сен қай өкіметтікісің?»— дейді Синявский. «Мен совет өкіметіне бағынамын. Коммунистін. Сен фашист өкіметіне бағынасың, оз халқынның мұддесін сатқан азғынсын. Осының барлығын біле отырып несін сұрайсын?»— дейді Примак. Екеуі әрі айтысып, бері айтысып, ақыры Примак: «Сен, тегінде бірге оқып едім, жерлесім еді деп аяма. Тек жау қолында қалған україндық туғандар үшін мені бір рет босат. Екінші рет қолға түссем өзің де аямассын»,— дейді.

Ол халық үшін емес, «бет көрсे жүз үялады» дегендей, Примактың түрмеден қашып шығуына көмектеседі. Соңан, міне, бұғін өзі қолға түсті. Примак онан өзіне керекті коп мәліметтерді сұрап алды да:

— Сені босатайын. Сен Мироновка түрмесіндегі басты-басты саяси тұтқындарды босатып жібер. Соңсөн әлгі өзің уәде берген істі екі күн ішінде орында,— деп тапсырма берді. Ол отряд командирінің тапсырмаларын бұлжытпай орындауға ант ішіп уәде етті.

Екі жүзді азғын Синявский созінде түрмапты. Мироновкаға барысымен барлық тұтқындардың бірін де қалдырмай атқызып тастағанын соңынан партизандар бірақ естіді.

Бір жетіден кейін партизан отряды лагерінен Викторды іздеуге және Македон селосындағы қару-жарак, оқдәрі қоймасындағы қалған керек-жаракты алып қайтуға Василий Клопов басқарған партизандар тобы жолға шықты. Бұл топ сапарға шыгарда Николай Абраменко арнаулы тапсырмамен Канев бағытына кетіп, лагерьде жоқ еді. Клопов басқарған топтың құрамында Македон селосы бойымен тұнде талай жортқан Серік те бар. Топ күндіз орман іші, сай-саламен сұыт жүріп отырды да, Македон селосының батыс жағындағы қалың шие бағына тоқтады.

Сол арада кім қайда барып, қандай тапсырма орындастынын Клопов анықтап берді де, Серікті байланысшы-хабаршы ретінде өз жанына қалдырды. Қас қарайып ел орынға отырды-ау деген кезде, әркім өз тапсырмасын орындауға кетті. Клопов пен Серік кеткен жігіттер тапсырмаларын орындауды-ау деген кезде Викторды іздеуге шықты. Екеуі бақ ішімен Ольга Карповна Семещенконың үйіне жақындалап келіп, тың тыңдалап біраз тұрды. Село қайғылы қара жамылғандай жым-жырт. Бақылдалап жататын көл бақалары да, шәуілдеп үретін иттер де қаралы сияқты, ешбір дыбыс бермейді. Село адамдары болсын-болмасын қаралы. Олар правосыз. Кеш батысымен бірдей бір адам көшеге шыға алмайды. Үйінен әлдеқалай шыға қалған адам көшеде жуан келдек ұстап жүрген жendetтердің қолына түседі. Қолға түссе «партизансын» деп үрады-соғады, атады-асады.

Бұрынғы думан боп жататын көнілді селонын сәні осылай кеткен, шырқы бұзылған.

Шие ағашына сүйеніп тұрған Серік елең ете түсті де, Клоповтың қолынан ұстай алып, өзіне қарай тартып қалды. Клопов «не болды» дегендей, Серіктің аузына құлагын төсей қойды.

— Үйдін бұрышында біреу тұр. Әне, көрдіңіз бе? Әне, әне, бері қарай келе жатыр,— деді Серік оң қолымен үй жақты нұскап. Клопов басын изеді де, «көрінбелік» дегендей, Серікті өзіне қарай тарта түсіп, жүресінен отыра қалды. Қаранғыда қарандап келе жатқан адамды еңкейіп қараган соң анықтап таныды. Ол Ольга Карповна екен. Клопов орнынан тұра келді де, қарсы жүрді. Серік те Ольга Карповнаны танып куанып кетті. Бірақ Ольга Карповна қатты күрсінді де:

— Сендерге Игнат Исакович хабарлай алмаган екен той. Онда бұл село қан саситын болды-ау!— деп бетін басты.

— Не болды?— деп сұрады Клопов Ольга Карповна-ның сөзіне түсіне алмай.

— Не болғаны бар болсын, басқа жігіттер қайда? Олар ешқайда бармасын, қолға түседі. Осындағы құдікті үйлердің барлығы қоршауда. Олар қайда?— деп сұрады тәжірибелі ана бір сүмдүқтың боларын білгендей.

— Олар кеткелі көп болды.

— Қай-қай үйлерге кетті?

— Карпенконың, Жилка, Смолярлардың үйлеріне кетті.

— Ендеше олар құрыды. Енді өздерін сақ болындар. Жаман айтпай жақсы жоқ, осы үйге де жасырын қарауылшы жіберулері мүмкін. Тез кетіндер! — деді Ольга Карповна екеуін асықтырып.

— Ал Виктор қайда екенін білдінізder ме?

— Жоқ. Ол қазір табылмайды. Оны бұл селодан таба алмадық. Мына жақтағы селолардың біріне өткізіп жіберген болу керек. Мына сойқан үстінде біреу біреуғе сенуден қалды. Оны іздестіріп жатырмыз. Тапсақ отрядқа жөнелтеміз. Оған қам жемендер. Ол жендеттердің қолына енді түспейді. Барындар! — деді де, Ольга Карповна көзден ғайып болды.

Клопов Серікті ертіп, кездесеміз деп келіскең жерге келгенде, селоның әр тұсынан мылтық атылып, бара-бара қарама-қарсы жи атыс басталды да, екі-үш жерден өрт шықты. Олар астыртын үйым мүшелері Клава Жилка, Мария және Анна Карпенколардың үйлері еді. Қапылыста тосқауыл қоршауына тап болған әр партизан ондаған жандармлар мен полицайларды жойып, ерлікпен қаза тапты. Сол күні Македон селосынан астыртын үйым мүшелері Мария Карпенконы, екі жасар Катя деген қызымен Анна Киянованы, бес жасар Ала деген қызымен Ольга Закутняны, бір жасар Вова деген ұlyмен Клава Жилканы, оның жетпістегі қарт шешесі Серафима Жилканы және Мария Смолярды, тағы басқа ондаған патриоттарды жандармдар түрмеге қамады. Мария Смолярдың жеті жасар қызы көшеде қалды. Соның соңынан Пи, Дудари тағы басқа селолардан партизандармен байланысы бар қоптеген адамдар бүкіл семьясымен тұтқынға алынды. Осы бір «партизандармен байланысты адамдар» дегенді сылтау етіп, фашист қанқұмарлары совет адамдарына қасқырша шауып, қырғиша тиді. Ржищев қаласының жанынан тұтқындардың өздеріне үлкен ұра қаздырып, сол ұрага ересектерін атып, кішкентай сәбілерді тірідей көмді. Бірнеше күнге дейін ұра үстіндегі топырақ дем алып жатқан адамның қеудесіндегі қымылдап жатты. Шынында да ондағы жатқан жазықсыз жандар ақырғы демін алып, фашизмге карғыс айтып жатыр еді... Серік пен Борис осы сойқандықты көрді. Адам баласының тарихында болмаған осыншама айуандыққа олар қайран қалды. Олар енді

бұрынғыдан да кекті. Отандастары үшін кек алуға ант үстіне ант етті.

Отряд айқасқа аттынып кеткен. Лагерь жым-жырт. Лагерьде жаралы партизандар мен кішкентайлардың барлаушылар тобы ғана қалған. Лагерь коменданттының орнына қалған Анна Ивановна Савченко тұнімен көз шырымын алған жоқ. Ол лагерь құзетінде тұрған сақшыларды арапап дамыл таппады. Ен ақырғы құзет орнынан штабқа қайтып келді. Оның жүргі қобалжып мазасыздана берді. Әрине, бұл өте бір қауіпті күндер еді. Өйткені партизан отрядтары басқыншыларға жиі шабуылдан тұрған кез болатын да, басқыншылар да халық кегін алушыларға қарсы өздерінің жазалауышы отрядтары мен полицайлар тобын үсті-үстіне жіберіп тұрған уақыт еді. Оның үстіне қолға соңғы кезде түскен жау тыңшысының жауабы бойынша, жазалауыш жendetтерінің осы орманға шабуыл жасауға әзірленіп жатқаны анықталған. Сол үшін де отряд командирі лагерьден аттанғанда Анна Ивановна мен кішкентайлар тобына үлкен жауапкершілік артып, осы жағдайды ескеptіп кеткен болатын.

Таң ата жауын жауды. Бірте-бірте бұлт қоюланып, орман үстінен арқан бойы жоғары көтерілді де, арты ақжауынға айналды.

Серік кезекті құзетінен келді. Оны Анна Ивановна әдеттегісінше құшақтап бетінен сүйді де:

— Борис келгенше үйықтап дем ал. Ол келген сонекеуің тағы да үйықтамайсыңдар!— деді.

— Ол кай құзет орнына кетті?— деп сұрады ол Анна Ивановнадан.

— Не, оған барғың келіп тұр ма?

— Ия!

— Жоқ бармайсын. Әскери тәртіпті әлі білмейсін бе?

Құзетте тұрған сақшының жанына құзет бастығынан басқа ешкімнің баруға қақысы жоқ,— деді Анна Ивановна үзілді-кесілді. Озінін досының жанына барғысы келіп тұрған Серік ойланып қалды. Сол кезде бірінші жасырын құзет орнынан құзет бастығын шақырған белгі берілді де, Анна Ивановна өз орнына Витряк Данил Артемовичті қалдырып, Серікті ертті де, асығыс жүріп кетті. Данил Артемович отыздардың ішінде, қара торы, алып денелі

адам еді. Ол отряд комиссары болып жүріп, бір соғыста қолынан жарапанып лагерьде болатын.

Анна Ивановна мен Серік күзет орнына келсе, отыздарға келген ашан, орта бойлы сары әйел мен он алты-он жетілерге келген қара торы қыз тұр екен. Анна Ивановнамен қол алысын амандасқаннан кейін:

— Маған отряд командирі керек еді. Сіз бізге құдіктенбей-ақ қойыныз. Мен Трахтомиров селосындағы астыртын үйымның мүшесі Воронецкая Надежда Ивановнамын, ал мынау да сол үйымның мүшесі Варя деген қыз. Бізді сіз білмегенмен отряд басшыларының көбі біледі,— деді әлгі орта бойлы сары әйел.

— Неге білмеймін, мен сізді сыртыңыздан жақсы білемін. Сіздің істеп жүрген жұмысыңызды командир әрқашанда үлгі ретінде партизандарға айтып отырады,— деді Анна Ивановна.

— Иван Кузьмич пе?

— Иә!

— Сіздің аты-жөніңіз кім? Сізді мен де білетін шыгармы,— деді әлгі әйел жұлып алғандай.

— Савченко Анна, мен де Ивановнамын,— деді күліп Анна Ивановна.

— Е, естігемін. Македон селосында болдыңыз фой...

— Иә, иә!

— Ендеше таныс болып шықтық, өте манызды хабармен келіп едім, командирге қалай жолығар екенмін?— деді Надежда Ивановна асығып.

— Ол кісіге жолыға алмайсыз. Ол кісі лагерьде жок.

— Орнына қалған адамға не орынбасарына болса да жолықсам жарап еді, жұмысым оте тығыз,— деді тағы Надежда Ивановна.

— Айта берініз жұмысыңызды. Иван Кузьмич келісімен айтайын,— деді Анна Ивановна байланысшыларға жақындей түсіп.

— Асығыс деп тұрмын фой. Ходоров селосына екі жазалаушы отряд келді. Олар ертең осы орманды сүзуге шықпақ. Соны хабарлауға келіп едім. Сақ болыңыздар! Ол жендеттер бүгін де бері шығып қалуы мүмкін,— деді Надежда Ивановна келген жағына үрлана қарап қойып. Анна Ивановна аз-кем ойланып тұрды.

— Рақмет, хабарыңызды тез жеткізейін,— деп байланысшылармен қошасты да, Анна Ивановна лагерьге

беттеді. Байланысшылар да күзет орнынан алыстап, ағаш араларына кіріп, көрінбей кетті.

Анна Ивановна Данил Артемовичпен ақылдасып, Серік пен Бористі соңғы жағдайды хабарлау үшін отряд сонын жібермек болды. Бористі күзет кезегінен ауыстырып шақырып алды да, Серік екеуіне тапсырма беріп, лагерьден шыгарып салды.

Екеуі Анна Ивановна мен Данил Артемовичтің айтқан жерімен күннің жауынына қарамастан, орман ішімен отыз шақырымдай жер жүрді. Отрядтың жаумен айқасатын елді пункттеріне де таяп қалды. Астыртын жұмыста жүрген кездерінде бұл тәңіректің әрбір бұтасын біліп алған Серік пен Борис сәл демалып, жол азықтарын жеп жүректерін жалғады. Сөйтіп отырғанда кеш те батып қалды. Барлаушылар да ілгері жүріп кетті. Әбден қаранғы түскенше жүріп Канев қаласының терістік жағындағы қалың жас қайың арасына кіріп, сол жерге түнеп шықпақ болды. Жауыннан әбден су болған балалар киімкешектерін сығып, плащпалаткаға оранып жатып қалды. Көздері енді іліне бергенде мылтық атылып, жақын бір жерден соғыс басталып кетті. Серік пен Борис бастарын көтеріп тың тыңдады. Атыс барған сайын үдей түсті. Жеке мылтықтар даусына пулеметтердің ұзақ очередтері ұласып, түн тыныштығын бұзып жатты. Отрядта ұзақ уақыт болып, сан рет айқастарға қатысқан Серік пен Борис атылған мылтық даусынан өз отрядтарының жаудан гөрі соншалықты басым атқылап жатқанын айырып тыңдал отыр. Жарты сағаттан соң тақ-тақ ток-ток етіп неміс винтовкалары мен пулеметтерінің даусы да естіле бастады. Түн ортасы шамасында бәсендеп, екі дүркін гүрс-гүрс мина жарылды. Сонымен бұл айқас аяқталғандай болып қапқаранғы түн жым-жырт бола қалды. Борис пен Серік те плащпалатқа арасына қайта кірді. Ол екеуі көпке дейін үйіктамады. Осында мазасыз кезде, арнаулы тапсырмамен жүргенде, сірә, үйқы келер ме?

— Енді біз оларды таба алмаймыз,— деді Борис Серікке қарай аунап түсіп.

— Неге таба алмаймыз?— деп сұрады Серік.

— Олар немістермен соғысты гой.

— Соғысса несі бар? Енді бері қарай қайтады. Сонда таңертең осы арадан өтпей ме? Осы арадан басқа жермен жүрмейді. «Днепрдің арғы жағына олар өтпейді» дегені

қайда мамамның. Олай болса осыдан басқа жол жок,— деп дәлелледі Серік. Борис сенерін де, сенбесін де білмей үнсіз жатыр. Екеуі ұзак уақыт жатып, ақыры үйіктап та кетті.

— Борис, Борис, тұр, тұр!— деді Серік Бористі тұртін оятып. Борис басын көтеріп, көзін он қолымен ұқалап отырып:

— Не болды?— деді үйқылы-ояу еш нәрсеге түсіне алмай.

— Отряд келе жатыр гой деймін, тыңдаши, мына жақтан дыбыс шығады,— деп, Серік тұстік жаққа құлағын тіге қойды. Борис те тыңдай қалды. Сөйлеген адамдардың еміс-еміс даусы келеді. Бірақ сөздері анық естілмейді.

— Немістер болса қайтеміз?— деді Борис сыйырлап:

— Немістер болса ма,— деп, Серік сәл ойланып қалды да,— осы арадан байқап көреміз. Егер немістер болса, былай тәмен қарай ағаш арасымен қашамыз да, Днепрдің жагасымен лагерьге барып хабарлаймыз,— деді. Серік осынным дұрыс па дегендей, Бориске сұраулы пішінмен қаралды. Борис алғашында келіскендей болғанмен, аздан соң:

— Отрядты таппай келмендер дегені қайда мамам мен комиссардың?— деп дағдарып қалды.

— Егер бұл келе жатқандар немістер болса, біздің лагерьге шабуыл жасагалы бара жатпағанда, қайда бара жатыр дейсің? Соңдықтан мамама тез барып хабарлауымыз керек. Отрядқа немістер ештеңе істей алмайды. Отряд ертең болса да лагерьге бәрібір келеді. Спижевой агайдың тобы төрт күн немістердің коршауында қалып, аманесен лагерьге келгені қайда? Сол сияқты олар да келеді,— деді Серік Бористің құлағына аузын төсеп. Борис екі ойлылау болып Серікке бажырая қарады да, онан әрі тіл қатпады.

Сейтіп отырғанда, манағы дауыстар жақындалп келіп қалды. Оз отрядының адамдары екені байқалды. Серік пен Борис өз адамдарын танып, қуаныш кетті. Олар жүгіріп барып алда шолушы ретінде келе жатқан агайынды партизандар Сильвестер Горовенко мен Василий Горовенконың мойнына асыла кетті. Партизандар да оларды көріп қуанышып қалды.

— Мұнда қайdan жұрсіңдер таң атпай?— деп сұрады Сильвестер Горовенко екеуінен. Екеуі бірден не дерін білмей іркіліп қалды.

— Лагеръден қашып шығып, біздің соңымыздан тайып отырған ғой,— деді Василий Горовенко екеуіне сенімсіздене қарап.

— Жоқ, Василий ағай, біз командирге пакет өкелдік,— деді Борис вельветінің ішкі қалтасына қолын салып жатып.

— Ендеше тез жүгіріндер, командир кейінірек келе жатыр, — деп, Сильвестер Горовенко екеуіне жол нұсқап жіберді. Серік пен Борис жүгіре жонелді. Олардың сонынан екі партизан коз жазғанша қарап тұрды да, ілгері аяңдады. «Өте жақсы балалар. Бірақ, не керек, деген асыр салып уайым-қайғысыз өткізетін сәби өмірлері оқ пен оттың ортасында өтіп жатыр. Қыршын жастар жасына жетпей, өмір қызығын көре алмай кетуі де мүмкін ғой. Біз болсақ елуге келіп қалдық. Жас шағымыз да жаман өткен жоқ. Жігіттік дәуірдің де қызығын көрдік. Алай-бұлай болып кетсек, өкініші де жоқ сияқты, бұларға қарағанда. Қаршадай бастарынан айдалада түнеп, боз торғайша таң сәрісінен тұрып бұта панарап жүргендері мынау, бұлар тағдырға не жазды екен! Бористі қойшы, оның ма-масы жанында ғой. Ана Сережа бишараны айтсаңы! Шешесі болса жау қолынан қаза тапты. Әкесінің қайда екені, өлі-тірісі де белгісіз! Өз елінде, туған-туысқанда-рының арасында жүрсе тағы бір сәрі, басқа елде, басқа халықтың арасында жүр! Ол тиңті жас кой, не түснеді? Елінің қайда екенін де білмейтін шығар. Осынша бүліншілікке қанішер қарақшы Гитлер жауапты! Баланы анада, ананы баладан айырған сол қарақшы!— деген әрқи-лы ой Сильвестерді шырмап алды да, бас көтертпей қой-ды. Ол Василийге еріп келеді, тек сұлдері келеді.— Мениң Жорам да осылардай. Оның өмірі не болар екен? Бірақ ол әйтеуір әке-шешесінің жанында ғой. Отрядта өзіммен бірге ғой!— деп тағы ойына келген өрнеге ерік беріп келе жатты да, Жорасының өз жанында қазір жоқ екені, оның лагерь күзетінде қалғаны есіне түсіп, денесіне сұық там-шы тигендей сергіп кетті де:

— Вася, өлгі балалардың не үшін жүргенін де сұра-маппаз ғой. Лагерь аман ба екен?— деп деді.

— Лагерь аман дейді. Шамасы бүгін-ертеңдер жазалау-шы отряд осы орманды сүзетін сияқты. Соны хабарла деп командирге жіберсе керек. Қазір командирдің өзі басқа жаңалық болса айтады ғой,— деп жауап қатты Василий алдын мұқият болжап келе жатып.

Сөйткенше болмай «тоқтаңдар» деген команда берілді де, батальон командирлері отряд командиріне кетті. Жартысағат өтпей-ақ салт атты партизан тобы ілгері қарай жүріп кетті.

Борис отрядпен бірге қалды. Серікті салт аттылар тобының командирі Гриша Вовко бір атқа мінгізіп ертін алды.

Серік жастайынан үлкен әкесі Мерген шалдың қолында, колхозда өскен. Ауылда жастайынан атқа мінш үйренген, аттың құлағында ойнайтын. Талай рет тойларда ат жарысына қатысқан. Міне, Серіктің осы сырын білетін командир Вовко оны тастағысы келмеді.

— Сережа, бері кел! — деп Серікті қасына шақырып алды да: — Өскенде кім болғың келеді? — деп сұрады.

— Мен бе? — деп, Серік сәл кідіріп қалды да «осы шын сұрап келе ме» дегендей, командирге қарады.

— Иә сен, кім болғың келеді өскенде? — деп Вовко қайта сұрады.

— Атты өскер командирі, не болмаса артиллерист болым келеді, — деді де, Серік күрсініп қойды. Серіктің неге күрсінгенін түсіне қойған командир сөзді басқа жаққа бұрмакшы болып:

— Сережа, Борис екеулерің анадағы полицайды қайдан үстап алдындар, соны айтшы, — деді.

— Е, оны қойыңызшы, ол мас полицай ғой. Мас үйықтап жатқан полицайдын мылтығын алдық та, екі қолын артына қайырып байлап болған соң, оятып лагерьге алып келдік. Ондай есуас масты Борис екеуіміз түгіл, ана кішкентай Вова мен Миша да лагерьге алып келе алады, — деп, Серік мініп келе жатқан қара төбел атынын төгіліп тұрган шымқай қара жалын оң қолының саусақтарымен тарап қойды да, астындағы офицерлік ер-тоқымына қызыға қарады.

— Ол қарсыласпады ма?

— Қайдан қарсылассын! Қолында мылтығы жоқ болса, тіпті екі қолы бірдей байлаулы болса, не істесін. Борис мылтығын әзірлеп алды да, кезеніп соцынан жүріп отырды. Мен полицайдың мылтығын иығыма асып алып, өз мылтығымды әзір үстап, Бориспен қатарласып жүріп отырдым.

— Е, мылтық деп келе жатқаның мынау ма? — деп Вовко Серіктің мойнында автоматша көлденен асулы келе

жатқан винтовка кесіндісін қамшысымен нұсқады. Сыннан өткен, мылтық атуды жақсы билетін жас партизандарға қару ретінде осындай винтовка кесінділері берілетін. Ол дүмі мен стволын қысқартып кесіп тастаған кәдімгі винтовка. Алып жүргүре өте қолайлы, маузердің ұзындығында болады. Эрине, онымен алыстан атып, жауға дәл тигізе алмайсың. Оның оғы винтовка оғы жететін жерге жете де алмайды. Ол жақын жерден атуға, үйдегі айқасқа қолдануға, астыртын жұмыста жүрген адамдарға ұстауға өте қолайлы қару. Атқанда даусы кәдімгі винтовкалардан қатты шығады. Бұл винтовка кесінділері азамат соғысы кездерінде де қолданылыпты. Міне, сол айбынды қарудың бірі кәзір Серіктің мойнында келеді. Серік мылтығына қарап қойды да:

— Жолдас командир, бұл мылтық болғанда қандай! Бұл зенбірек! Ол полицай сол арада қарсыласса, көресісін көретін еді. Мұнымен атсам, оның мойнын түп орнымен жұлып әкетеді. Анада Тарас атай құзетіп отырған неміс солдаты қашқанда, атай сасып қалып, Борис «зенбірегімен» басып қалғанда, калпақтай үшқаны қайда фашистің?— деп мақтады Серік мылтығын.

— Сонда осы «зенбірекпен» атып па еді Боря?— деп, командир сөзден жеңіле бастағандай болды.

— Иә, осымен атқан. Онда Бористің «зенбірегін» Гаман ағай барлауға алыш кетпеп пе еді,— деді тағы Серік өткенді командирдің есіне салып. Командир сағатына қарады да, «жылдам жүріңдер» деғен белгі берді. Сол жүргеннен сүйт жүріп отырып, салт аттылар тобы лагерьдің қауіп төніп тұрган терістік жағына өтіш, орман шетіне келіп бекінді. Серік командир пакетімен лагерьге тартты.

Серік лагерьден қайта шығып келе жатты. Ол Анна Ивановнаның «Ақырын жүр, жығылып қаласың»— деп ескерткен сөзін екі еткісі келмейді, ақырын жүріп келеді. Жол ортадан асқан кезде іші пысты ма, немене, бір жалғыз аяқ жолға түсті де, ойға қарай желе жөнелді. Қара төбел ат еті қызып алған соң ауыздықпен алысып, жүрісін барған сайын ұдете түсті. Сол жүргеннен жүріп отырып, Серік орманнаның терістік-шығыс шетіне қалай шыққанын да сезбей калды. Ағаш сиреп алыстан бір село мұнарла-

нып көзге түсті. Серік тізгінін тежеп тоқтай қалды. «Бұл қалай, адасып келе жатыр екемін ғой. Анау Григорьевка селосы, анау көрінген су – Днепр», – деп күбірледі де, қаратөбелдің басын солға шұғыл бүрдys. Енді адаспас үшін орманның шетінен алыстамай терістік-батысқа қарай жүрді. Желе-жортып келе жатып ат ауыздығын сүзіп, басын ілгері изеп қалса, Серік тізгінінен айырылып қала-тындаі сезінеді. Тізгінін кішкентай қолына орап, кос қолдан тежеп ұстап келеді. Бір кезде Анна Ивановнаға еріп, осы көрінген Григорьевка селосына талай рет келгені есіне түсіп, Серік оң жағына қарап еді, оның көзі бір сүмдyқты шалып қалды. Селоның бергі жағындағы шағын орманға қарай село жақтан келе жатқан бір топ қара киімділерді корді. Барлауға жиі шығып, тәжірибелі партизандардың жаңында көп жүріп қалған Серік тоқтай қалды. Екі көзі сол село жакта. Қара киімділер соңынан көк киімділер шұбап келе жатыр. Олардың саны тым көп сияқты көрінді. Әлгі шағын орманға кіріп жатыр, кіріп жатыр, кіріп жатыр... Олардың қара киімділері полицайлар, көк киімділері неміс солдаттары екенін Серік бірден білді. Ол енді жаудың қалай бет алып келе жатқанын анықтап білгісі келді де, атын тасаға байладап, өзі ағаш-ағаштың қалқасымен бұтағын жан-жағына еркін жайып тұрған жуан сары қарағайдың түбіне келді. Әлгі жаққа көз жіберіп еді, ештеңе көре алмады. Соңсaн қарағайға өрмелеп шыға бастады. Жоғары шығып барып қарап еді, бүкіл село, оның маңайындағы шағын ағаштар аяғының астында жатқандай болып көрінді. Көк киімділердің соны шағын орманға жақындағанда, қара киімділердің алды ол орманнан шығып, бораннан ықтап келе жатқан малдай Серіктің өзіне тұра келе жатқандай болды. Серік абын-күбің ағаштан түсті де, атына мінді. Ол енді жан-жағына қарамастан шаба жонелді. Сол шапқан бойы тосқауыл жасап жатқан салт атты партизандар тобына келіп, алдынан шыққан Иван Ломакодан:

– Командир қайда? – деп сұрады.

– Оны қайтесің, аттан түс, әңгімелесейік. Лагерьдегілер аман ба екен? – деді Иван Серіктің тізгінінен ұстай алып.

– Керек, жау келіп қалды, ана жақтан келе жатыр. Командир қайда? – деп, Серік тебініп қалғанда қаратөбел атып кетіп, Иван тізгінінен айырылып қалды. Иван: «Ана ағаштың түбінде жатыр», – деп командир жатқан жерді

нұсқап жіберді. Серік командирдің жанына келіп атынан түсे қалды да, оған көрген-білгенін түгел баяндады. Командир кішкентай барлаушының сөзін мұқият тыңдал алды да: «Ол жендеттер қырмен шықпай, Днепр бойымен келген ғой», – деп күбірлеп жүресінен отыра кетіп, планшетінен алған ақ қағазға бірдемелерді жаза бастады. Серік командирдің ендігі бүйрығын құткендей атының тігізін ұстап тұра берді. Қаратөбел ат пысқырып, жер тарпида. Серік оның танауынан сипап, мойнынан қағып қояды.

Командир жазған қағазын тортбұктеп, орнынан тұрды да:

– Осы жерге өзіміз жүріп келген жолды білесің ғой. Сол жолмен шауып барып мына қағазды Иван Кузьмичтің өз қолына тапсыр. Олар біздің ізімізben келе жатыр. Түсіндің бе, Сережа? Тез бар. Бұл жауапты тапсырма, – деді Вовко.

– Түсінікті, – деп, Серік қағазды вельветкасының төс қалтасына салды да, атына қарғып мінді.

– Жолың болсын, Сережа! – деді командир байланысшысына сүйсіне қарап тұрып. Серік атының басын кейін шүғыл бұра беріп:

– Қайтып осы жерге келейін бе? – деп сұрады командирден.

– Жоқ, біз бұл жерде болмаймыз. Отрядпен бірге боласың. Сенің қайда болатыныңды Иван Кузьмич біледі, – деді командир Серіктің соңынан. Серік «түсінікті» дегендей басын изеді де, қаратөбелге қамшы басты.

Иван Кузьмич километрлік картасына қызыл қарындашпен үш-төрт белгі салды да, картаға ұніліп, жанында тұрган Константин Спижевойға қарап:

– Міне, осы жерлерге «максимкаларды» орналастырда, мына екі ортаны ашық қалдыр. Олардың алдыңғы шолушылар тобын өткізіп жібергеннен кейін, бұл жерде екі «дегтяревпен» бекіт. Өте сақ болындар. Жау шолушылары бұл қақпаға ешбір күдіксіз кіретін болсын. Жаудың қалың қолы 50–60 метр жақында майынша оқ атпандар. Вовко мына жеке шоқ қарағай ішінде. Сендер жаудың бетін пулемет оғымен бората тойтарған кезде, олар да қылыштарын көтереді. Жауды мына арадағы еністе біржола жойып жіберу керек, – деп картаның қонырлау

бояумен қисық-қисық сыйылған жерін командир қарындашпен айналдыра сыйып көрсетті. Соңан кейін Спижевойдың бетіне қадала қарап отырды да:— Саған көмекке Бутенко мен Алексеенколар да жетеді,— деп қорытты ол сөзін.

— Түсінікті, жолдас командир. Бұйрығынызды орындауға рұқсат етіні!— деп Спижевой тік тұра қалды.

— Рұқсат. Байланысшыны байқап жұмсандар. Оны оққа ұшырып алмандар. Жолдарың болсын!— деді отряд командири.

— Жарайды. Біздін Сережаға оқ тимейді. Ол оқ тимес. Ол қайда? Амангелді (партизандар оны Амангелді деп атап кеткен еді), баста жолды,— деп, Спижевой анадайда Бористің қасында тұрган Серікке дауыстады. Серік партизандар тобының алдына түсіп, Кузьмичпен қоштасқандай, ат үстінен қолын бұлғады. Командир Серікке «сақ бол» дегендей, сұқ саусағымен белгі берді. Сол арада отряд екіге бөлінді де, жартысы айқасқа аттанып, жартысы лагерьге қарай беттеді.

Командир Спижевой дүrbімен бет алыстағы биіктікті болжап отыр. Агаş арасынан село үйлері ағарып-ағарып көрініп тұр. Бұл өзі туып, жастық шағын сайрандал өткізген Григорьевка селосы. Бір кездे өзі асыр салып ойнаған селосы, міне, енді жау қолында. Соңда жетпіске келген көрі анасы Софья Павловна мен өзінен үлкен апасы Надежда Ивановна тұрады. Олар онда тұрып тұрмыс құрмайды. Құндіз жасырынып, тұнде гана барып ағайын-туғандарының үйлерінен тамақ ішеді. Фашистер селога келісімен, оның әкесі Иванды асып өлтірген. Үйін өртеп жіберген. Софья Павловна мен Надежда Ивановна үйде жоқ болып аман қалған. Өзі болса Қызыл Армия қатарында еді. Болған оқиғаны қоршауда қалып, кейіннен туған селосына тұнде жасырын келгенде бір-ақ білген. Бір жетіден кейін «Совет Армиясының офицері» деп өзін де құфын-сұргінге салған басқыншылар. Сол құндерден бастап Емельян Демьянович Ломако, Сильвестер, Василий Горовенколармен бірге селода астыртын үйым жұмысына басшылық етіп ашық жүруді қойған. Кейіннен Переяслав, Канев аудандарындағы астыртын үйымдарды үйымдастырган, партизан отрядының бір болімшесін бас-

қарып, міне қазір екі отрядтан құралған ірі отрядтың бір батальонын басқарып тосқауылда отыр. Ол дүrbісін жайлап селодан солға қарай бұрды да, бір шоқ қарағайға әкеліп тоқтатты. Бірлі-жарым көк киімділер көрінеді. Дүrbісін онан тәмен – сайға қарай жылжытып еді, топтанған қалың жау көрінді. Ол «мыналарды көріп тұрын ба, жоқ па?» дегендей, дүrbісін сол жақтағы «Вовко мына шоқ қарағай ішінде» деп Иван Кузьмич айтқан шоқ қарағайға тіреді. Бірақ онан ешкімді көре алмаған соң, «әлде қателесіп басқа бір жерге қарап тұрмын ба» дегендей, дүrbісін көзінен алып жай көзімен де қарап көрді. Жоқ, қателескен жоқ екен, сол шоқ қарағай, бірақ мықтап жасырынған болулары керек, ешкім көрінбейді. Спижевой енді дүrbісін қайта жау тобына бағыттады. Иә, көпак. Дені көк киімділер, демек, көбі немістер – басқыншылар. Азы қара киімділер – сатылған ұлтшылдар, отанын сатып басқыншыларға қолшоқпар болған – полицайлар. Олар жаудан да қауіпті. Өйткені олар жердің жағдайын жақсы біледі, тұргын халықты әбден таниды. Олар ел үшін зор апат. Олардың айтуы бойынша басқыншылар совет адамдарын атып-асып жайыр. Жау сайға көп аялдамады. Олар бері қарай ағылып келе жатыр. Жауды Спижевойдың қасында жапырақ арасында демдерін іштеріне тартып жасырынып тұрған Серік пен Борис те көріп тұр. Екеуі «командир келе жатқан жауды көрмей тұр ма» дегендей, Спижевойға қарап қояды.

Міне, он шақты қара киімділер жақындал қалды. Тіпті, орманның жиегіне де ілінді. Бірақ олар жұбын жазбай келе жатқан жоқ. Винтовкаларын кезеңіп, бытырап, әрқайсысы әр жерден келин, орман шетіне кірді. «Қарашы азғындарды, басқыншылар айдап салғанға аңша аңдыздал келе жатқанын! Батыр болса, сендерге дос болса, басқыншылардың өздері неге алға жүрмейді? Өздері бірінші болып орманға неге кірмейді?» – деп тісін қайрап отыр Константин Иванович.

«Жау орманға кіріп кетті, неге атпадық» дегендей, Серік командирге таңдана қарады. Константин Иванович «кіре берсін, оларды жігіттер ұстайды» дегендей, қолын сермей салды Серікке. Серік командир ойын түсінгендей болып, қайтадан алғы жакқа көз жіберді. Жақындал қалды. Серік пен Бористің неге оқ атпайды деп тағаты кете бастады. Константин Иванович Спижевой жиырманың төртеу-

бесеуіндегі қара торы, бүйра шаш, денелі, сымбатты жігіт еді. Оның көркемдігіне ақылы сай, ұстамды, сабырлы командир. Партизан соғысы әдісін әбден менгерген адам. Ол бұл айқастың жөн-жосығына қанық. Сондықтан ол уақыты жетпей қозғалмас...

Жау көздеулі жерге келген кезде Константин Иванович ракетницасын ілгері қарай созды да, жауға қарай қызыл ракета тастады. Сол-ақ екен, пулеметтер үн қости. Бірнеше жерден станкалық пулеметтері оқ боратып жатыр. Атылған пулемет, автомат, винтовка даусына қол гранатасы көмекке келді. Осы бір төрт-бес минут ішінде орман жаңғырығып, аспан астын құңғрентіп жіберді. Оқ астында қалған жау кейін қарай ойысты. Сол сәтте сол жақтан Вовко аттылары шыға келіп шегінген жауға тап берді. Жаудың ойдан бері шығып үлгіре алмағандары сайды құлдилап Днепрге қарай бассауғалап барады. Осы жаналыс-жанберіс айқас үстінде командир Серікті пакеттепен Вовкаға, ал Бористі оң қанаттағы Янцелевичке жіберді. Командирдің өзі пулеметшілерді он қанатқа жылжытып, қашып бара жатқан жауды өкшелей атуға бүйрық берін, Спижевой команды пунктінде қалды. Жан-жақтан ұтылай соққан партизандардың тегеурінді шабуылына төтеп бере алмаған жау, кез келген жаққа бассауғалап, көбі оққа үшты да, жартысы қолға тұсті. Днепрге қарай ойысқан жау тобын оң қанаттағы Янцелевич партизандары жойып жіберді. Аттылар айқасы ұзаққа созылып, олардан бір взводтай жау құтылып, сол жақтағы қалың орманға отіп кетті. Вовко аттыларынан он шақты адам оққа үшып, біразы жараланды. Осы соғыста Серік қолынан жараланып, қаратөбел ат оққа үшты.

Күн бата бұл соғысқа қатысқан партизан бөлімшелерінің бас-аяғы жиналып, көптеген қару-жарак, оқдәрі, азық-тұлікті қолға түсіріп, елу сегіз тұтқынды лағерге айдалап әкелді.

Келесі күн командирлердің ұсынуы бойынша байланыс жұмысында ерлік көрсетіп, ерекше көзге тұскені үшін отряд командирі Серік Мергенбаев пен Борис Савченкоға партизандар сапы алдында алғыс жарияладап, екеуіне сыйлыққа автомат тапсырды.

Серік пен Борис Переяслав бағытынан барлаудан келе жатты. Барлауды ойдағыдай орындағандарына екеуі де

өте көңілді еді. Зарубенцы селосы тұсында Днепр жағасымен жүруді қолайлыш көріп қалың жас шыбықты тоғайға келин кірді.

Днепрдің он жағы биік, орманды келеді де, сол жағы аласа жазық, құмды болады. Майда құмға шықкан талит тұмсығы өткісіз қалың. Осы қалың тал тұтасқан бойы төмен қарай кете береді, кете береді. Жорыққа шыққан партизандар тобы бұл талды талай-талай тасалап келіп, жауға ойран салған. Соны жақсы билетін екі барлаушы тал арасынан жайбаракат жүріп келеді. Аспан айналып жерге түскендей. Күн тым ыссы-ақ. Луковец селосының тұсына келгенде Днепр жағасына шықпай, Днепрден тарамданып жатқан қара судан шөл басқылары келді де, екеуі жағаға қарай жақындалы. Қөлденен кездесе кеткен қара судан кезек барып су ішіп беті-қолдарын жуып салқындалы да, тағы ілгері журді. Сол сөтте өзен жақтан дауыс естіліп, біреулер құлгендей болды. Екеуі тұра қалып тың тындалы да, талдың арасымен дауыс шыққан жерге келсе, екі адам суға түсіп жүр екен. Екеуі де еркек адам сияқты. Суда құлаштап малтып жүр.

— Үлтшылдар ғой, жайбаракат рақаттанып жүргендерін қарашы, жұрттың бөрі қолдарына қару ұстап күреске шыққанда!— деді Борис оларға кектене қарап.

— Олар бізге қарсы соғысып жүрген жоқ па, қайта. Менің мына қолымды жарапаған осылар ғой. Боря, осылар жай үлтшылдар емес, полицайлар болмасын?— деп құдіктенді Серік. Борис «болса болар» дегендей, жан-жағына сақтана қарай қалды. Сөйттіп тұрғанда сол жақтарында жуан талдың бұтағына іліп қойған кок мундир, ақ ішкі көйлектерді көрді. Талдың түбінде бір винтовка сүйеулі тұрғанын көріп екеуі сасып қалды.

— Полицай десек, мыналар нағыз жендеттердің өзі ғой,— деді Борис Серікке жалт бұрылып, Серік судағы малтып жүрғен немістерге қарады. Екеуі су ортасына барып қалыпты. Арғы жақта біреу бір қол қайықпен әуреленіп жүр. Бұлар қайық шақырып, арғы жақтагы Луковец селосына өту үшін қайық күтіп, суға түсіп жүрген неміс солдаттары екенин бірден түсінді барлаушылар. Серік пен Борис: «Маңайда тағы біреулер бар ма»,— деп төніректі шолып шықты. Ешкім жоқ екен. Киім-кешектерін алып кету керек пе, жоқ әлде, күтіп жатып өздерін атып кету керек пе? Екеуі осы жағын ойласты.

— Сережа, винтовкалары мен киім-кешектерін алыш кетейік, олар қайта малтып келгенше талай жерге барып қаламыз,— деген ұсыныс жасады Борис. Серік су жаққа бір қарап қойды. Жау киімдері жатқан жаққа тағы көз тастады. Сонсоң сәл ойланып тұрып:

— Қаруларын алайық та, өздеріп бері судан шыққан соң атып кетейік,— деді жігерлене сөйлеп.

— Командир «оқ атпандар» дегені қайда?— деп қалды Боря.

— «Оқ атпа» дегенде тапсырманы орындал болғанша оқ атпау керек. Енді лагерьге жақындал келіп қалғанда несіне қауіптенеміз. Өздеріп атпай киімдері мен қаруларын алыш кетсек, анадағыдай партизандар бізге құледі ғой. Мас полицайды қолын артына байлан алыш барғанымызда «Борис пен Сережа мас боп үйықтап жатқан жауға батыр» деп құлғені қайда. Оナン да екеуін де судан шығармай атып кетейік. Екеуіміз екеуін екі-ақ тартамыз,— деді Серік автоматына қарап қойып. Борис келіскендей болып: «Давай!» деді. Борис әрқашанда бір нәрсе істер алдында сөзінің сырағысы осы «давай» болатын. Екеуі дереу енбектеп барып, жаудың винтовкасы мен киім-кешектерін құшақтап алыш тал ішіне алыш келді де, кешікпей қайта шықты. Бұл кезде немістер қайта малтып келе жатыр еді. Екеуі бір жуан талдың түбіне жасырынып тұра қалды. Серік Бористің беліндегі пистолетті көріп, қуанып кетті. Борис Серіктің құлагына аузын тақап:

— Біреуінің белбеуінде еken. Демек, булардың бірі офицер,— деп сыйырлады. Екі бала автоматтарын тексеріп, алдарына тәніп тұр. Екі жендет судан шықпай жатып, автомат оғының астында қалды. Днепрдің ашгулы толқыны «тағы атындар мына жендеттерді» дегендей, екі арамденені жиекке итеріп тастап қайтып кетті. Әлде оқ тимей әдейі жатыр ма деп қалған Серік жақындал барып, автоматтан тағы оқ атты. Арғы жақта қол қайық маңында амалсыздан қүйбендел жүрген адам селога қашып бара жатты. Серік пен Борис тогайға кіріп жоқ болды.

Бір жолы барлаудан барлаушылармен бірге келе жатып, Серік «Белое озеро» деген орман шаруашылығындағы құс бағып жүрген балаларға кездесіп, олармен мұндас-

қан болатын. Бұлар бұрынғы Переяслав балалар үйінің балалары еді. Оларды басқыншылар келіп қалған кезде кейін шығысқа қарай алып кетуге үлгіре алмаған. Переяслав пристанында кемеге тиеп әкеткелі жатқанда, неміс сойқандары келіп қалып, балалар тәрбиешілерімен бірге басқыншылардың қолына тұсті. Оларды жаяу Переяслав қаласына айдалап келді. Сарайға қамап қойды. Тәрбиешілерді балалардан, балаларды тәрбиешілерінен айырды. Балалар сарайда қалды. Он күн ішінде балалар аштықтан жүдеп кетті. Оның үстіне «большевиктердің» әдейі құрметтеп тәрбиелеп жатқан «кішкене большевиктері» деп оларды ұрды, соқты. Кейіннен сарайға азamat киімді екі жуан қарын неміс келді. Балалардың жартысын іркеп солар алып кетті. Қайда алып кеткенін ешкім білмеді. Қалғандарының ересектерін Киев қаласына жөнелтті, кішкентайларын осы «Белое озероға» бұрынғы бір колхоздың құсын алып келіп, соны бақтырып қойды. Бұл Переяслав коменданттының азығы. Балаларды алғашқыда жарапалы бір неміс офицері басқаратын еді, сонынан ол кетіп, екі полицай басқаратын болды. Қайсысының болмасын балаларға таяғы жұмсақ тиген жок. Күніне екі рет қара наң мен қара су ішіп, жиырма екі бала құс бақты. Әрбір өлген, жогалған балапан үшін олардың барлығына бірдей дүре соқты. Отырса басқа, тұрса аяққа сабады. Осы жайды балалардың өз аузынан естіген Серік оларды аятын. Оларға жаны ашитын. Әттең шамасы келсе босатып алғысы да келетін. Бірақ Серік тым құрығанда топ қомандирі де емес қой. Ол жай барлаушы. Балалардың әңгімесін ол жалғыз ғана естіген. Онан басқа барлауышылар ағаш шаруашылығының төнірегіне арнаулы тапсырмамен келіп кеткен. Олар балалар жайында, құс фермасы жайында да хабарсыз. Ол туралы білуге уақыттары да жок болатын. Серікке барлық жайды айтып берген он бір-он екілерге келген ашан, ақсары бала. Ол барлығын жыламсырап, кішкентай қеудесін кере күрсініп отырып айтқан еді.

«Партизансындар гой, партизандарда сен сиякты балалар көп пе? Қашып шықсам сендерді таба аламын ба? Партизандардың бастығы мени қабылдап ала ма?»— деген шашы жалбыраған таңқы танау ақсары баланың сөздері, оның қырылдаған қоңыр даусы Серіктің құлағынан еншекашан кетер емес. Серік бір күні бос уақытын пайдала-

нып отряд штабына келді. Штабта Иван Кузьмич жалғыз отыр екен. Серікті көрді де: «Амангелді, бері кел. Жаран жазылды ма? Дәрігерге көрсетіп жүрсің бе?»— деп сұрақты үсті-үстіне қойып, оны өз жанына шақырып алды. Серік командирдің жанына жақын келіп:

— Жарам жазылып кеткен,— деп жеңін шынтағына дейін түрін, жарасының қара қотырланып тұрған орнын көрсепті.

— Е, шынында жазылып кеткен екен,— деп, командир қуанып қалды.— Неге келдің? Лагерьде ұзақ жатып қалып жалықтың ба?— деп, Иван Кузьмич Серікті жанына отыргызып, арқасынан қағып койды. Серік біраз ойланып отырды да әкесіндей жақсы көретін командиріне «Белое озеро» оқиғасын түгел айтып берді. «Не дер екен» дегендей, Иван Кузьмичке қарақаттай қара көзін сұраулы пішінмен қадай койды. Серіктің көкейтесті ойын түсіне қойған командир:

— Оларды босатып отрядқа алып келеміз. Оған сен де баrasың. Гриша Спижевойдың тобын лагерьге келісімен жіберемін,— деді. Серік қуанганаң орнынан атып тұрды да, белбеуін түзең, кетуге ыңғайланып, қодімгі солдаттарша:

— Кетуге рұқсат етіңіз!— деп санқ ете түсті. Иван Кузьмич жымының күлді де:

— Бара беруіне болады,— деп, сол жағын өскери адамша оқыс бұрылып кетіп бара жатқан Серіктің соңынан қарап қала берді. Серіктің ерлігі, Серіктің тапқырлығы, қырағылығы оны бұрыннан да қатты сүйсіндіріп жүретін. Әлгіндегі сөзі, қимылы тағы да үнай түсті, сондықтан бала тілегін қалай да орындауға бел байлады.

Сол күні Григорий Спижевойдың тобы жорықтан келді де, ертенінде тұс ауа «Белое озеро» шығып кетті. Топ алдында қарт партизан Семен Григорьевич Власенконың жанында Серік те кетіп бара жатты.

Отряд үлкен құрамаға айналып, Хоцкий орманында тұрған кез еді. Сентябрь айының ортасы болатын, күн шайдай ашық. Қиян-кескі ұрыстан соң отряд Днепрдің он жағындағы Панилов орманынан осы орманға ойысқа-нына бүгін екінші күн. Сол ұрыста қолға түскен тұтқындардың жауабына қарағанда, фашист армиясы тоқтаусыз

шегініп, қала соңынан қала, село соңынан селоны тастап, шегініп келе жатқанға үқсайды, Бірак майдан линиясы қай жерде екенін олар айта алмаған. Сол себепті құрама басшылары Шығыс – Полтава – Харьков бағытына барлаушылар жіберген болатын. Олардың ішінде әдептегідей Серік те бар. Барлаушылар өлі қайтып оралған жок. Бүкіл лагерь болып олардың хабарын қүтіп отыр. Құтпегенде ше? Жау тылында екі жылдан аса уақыт болып бел шешіп бір күн болса да рақат көрмеген жандар. Осы мезгіл ішінде талай рет жаумен бетпе-бет белдескен. Екі күннің бірінде соғыс, қан төгіс. Айнала жау, артын да, алдың да тосқауыл. Осы екі талай күндерде жанкештілікпен Отан үшін алысқан ерлердің көргендери, бастарынан кешкендери көп еді. Олар сөүлетті қала мен селолардың күл болып қалған орнын көрді, немістер тірідей көмтеген әке-шеше, аға-іні, қарындастарының зиратын көрді. Тоналган елді, үй орнында күл болып қара топырағы ғана қалған жерді көрді. Панасыз жүрген ананы, анасыз жүрген баланы көрді. Жер қан сасып жатты. Міне, фашизмнің салған лаңы осындай еді. Осындай адам баласының жаны түршігерлік айуандық жасаған фашизм қанқұмарларын іштен жайлап ер азаматтар етігімен су кешті. Отан үшін алысты. Кегі кетіп бара жатқан халықтың кегін алысты. Ар үшін, үят үшін, намыс, азаттық үшін белдесті олар. Бостандық үшін, болашақ бақыт үшін жаумен бетпе-бет келіп айқасты ерлер. Өздерінің туған қасиетті жерінің әр қадамы үшін қан төкті. Олар жаудың ту сыртынан соққы беріп, басқыншыларды іштей жайлап, айбынды Қызыл Армияға көмектесті. Ұлы жеңіске үлкен үлес қосып келеді.

Осындай патриоттықтың үлғісін көрсеткен ерлер өз елін, өз жерін, өздерін мәпелеп тәрбиелеген адамдарын сағынды. Олар бейбіт өмірді ансайды. Ата-аналарын, сүйген жар, бала-шағалары, туған-туысқандарын, жора-жолдастарын сағынады.

Кейбірі «Қызыл Армияның бірінші кездескен солдатын құшақтасам, соңан соң өлсем де арманым болмас еді», – дейді. Кейбіреуі отанның бір түкпіріндегі өз үйіне баруды армандайды...

Лагерь сентябрьдің он алтысынан он жетісіне қараған түні үйықтамай шықты. Құрама, отряд комиссарлары партизандар арасында жұмыс жүргізді. Қызыл Армиямен

кездесуге, қанды соғыс қыншылықтарынан жүргі бұзылып аурулы болған партизандарды қуанганин жүргі жарылып өліп кету қаупінен сақтандырып алдын ала әзірлік жасады.

Тан өбден атқанда барлаушылар: «Қызыл Армия Переяславқа келді», — деп хабарлады. Соның сонынан лагерьге көп кешікпей екі танк жетін келді. Танктің люгінен бірінші рет көрінген полковникті көргенде уралап айқайлаған дауыстан бүкіл орман толқып тұрды. Танкистерді партизандар кезек-кезек құшақтап, беттерінен сүйіп амандастып жатыр. Біріне-бірі кезек берер емес. Лагерьдің қуанышты кездесуі бірер сағатқа созылды. Құрама командирі Иван Кузьмич Примак, полковник және танкист үшеуі құрама штабына беттеді, олардың сонынан отряд командирлері мен комиссарлары да штабқа кірді.

Партизандар құрамасы басқыншылардан азат етілген Переяслав ауданының Шобитки, Пологи-Вергуны деген екі селосында дем алуға орналасты. Бұл селолардан майдан линиясына айналған Днепр өзені жиырма бес шақырымдай. Немістер өзеннің он жағына, біздің Қызыл Армия сол жағына барып бекінді. Екі жақ армиясының алдыңғы шебін бөліп тұрған осы Днепр. Жау өзеннің он жағына бекініп, судың батыс жағасының орман басқан дөнеспінің стратегиялық артықшылығын пайдаланып, сонда тұрып қалмак. Бұл қарманғанда қолдарына ілінген ақырғы талы екенін білді жау. Мұнан айырылса, үріккен қойдай дүркірегеннен-дүркіреп қашатыны сөзсіз. Ондай халде қайда барып тоқтары белгісіз. Сондықтан, сонынан тарихта Букрин плацдармы деп аталған бұл жерге жау барлық құшін салып, бар техникасын төтіп бақты. Бірак бұларды өкшелеп қуып келген Қызыл Армия майданы да осал құш емес еді. Олар маршал Малиновский басқарған данкты үшінші Украин майданының жауынгерлері. Қорғанынан астымен де, үстімен де өтіп шығып, жауды тас-талканын шығарып, қасиетті Украин жерінен қумак. Совет жерін, уақытша жау қолында қалған совет адамдарын азат етпек.

Алдымен Днепрден өту керек еді. Оған Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отряды аттанды. Партизандар өздерінің күні бұрын жасырып қойған қайықтарымен бірінші болып Григорьевка селосының сөл төменгі жағынан тұнде өтіп шығып, судың арғы жағына

бекініп, қызыл армияның жаяу өскер бөлімшелерін жа-сырын өткізе бастады. Көп кешікпей жау сезіп қойып, Днепр үстіне аспалы жарық ракеталарын тастап, өзен бойын бомбалады. Өзеннен өтіп ұлғірген қызыл армия бөлімдері мен партизан отряды Григорьевка, Луковец және Зарубенцы селоларына басып кіріп, одан жау өскерлерін қуып шығып, жаудың көптеген танкалары мен машина-ларын қолға түсірді. Сол кезде қызыл армияның танка-лары мен ірі құрамалары да өзеннен өтті. Шешуші ай-қастардың бірі басталып кете барды.

Анна Ивановна Шобитки селосындағы бір шал мен кемпірдің үйіне орналасты да, кішкентайлар тобындағы Борис пен Серікті өз жанына алды. Селода партизан отрядынан басқа екінші эшелонға қаасты бір артиллерия полкы тұр еді. Өмірдің қыншылығын көріп қалған ана «балаларымнан айырылып қалармын» деп, Серік пен Бористі жанынан шығармайтын болды. Ана ойы он, са-насы сан бөлек. Не істеу керек? Қайда бару керек? Өз үй-іші болса анау, комиссар майданға кеткелі хабарсыз, үй дүниелігі болса, эшелонда өртеніп кеткен. Өзінің ту-ған үйінің жайы да белгілі. Фашистер әкесін өлтіріп, үйін өртеп жіберген. Қазірғі үстеріпдегі бір қабат тозығы жет-кен киімдерінен басқа еш нәрсесі жоқ. Баста – пана, усте – киім, оның үстіне ішер ас болмаған соң, қын гой! Соғыс болса мынау, әлі аяқталар емес. Ана осынын бәрін ойлады. Бірсесе өзінің туған селосына барып ағайында-рына паналағысы келеді, бірсесе Киев қаласына барып, жұмысқа орналасып, екі баланы қытпақ болады. Осы екі ойының қайсысына бел байласа да, туған жер бас-қыншылардан түғелдей азат етілгенше, осы жерлердің бірінде тұра тұруға, әлі де жаумен күресуге тұра келер деп те ойлады. Сондықтан да Анна Ивановнаның еш-қайда асыққысы да келмеді. Үй иелерінің көнілін тауып тұра берді.

Отряд қатардағы партизандарына документ беріп, армия қатарына жіберді. Кейбіреулері жау тылына қайта үшып кетті. Кейбір бұрынғы партия, совет қызметкерлері жаудан босаған жерлерге қызметке жіберілді. Отряд жұмы-сын қорытып, Украинаның Орталық Партия комитеті алдында есеп беруге, құрама комиссары бастаған он шакты адам ғана қалды.

Бір күні есік алдында жұрген Борис пен Серік жоқ болды да кетті. Анна Ивановнаның зоресі ұшып, есі кетті. «Қара басып, екеуінен де айырылған екенмін», — деп ойлады ана. Екі өкпесін қолына алып, көшегі жүгіре шықты. Селода әскерлер көп еді. Біреуді біреу біліп болар емес. Селода тұрған әскери бөлімнен басқа село арқылы майдан шебіне қарай өтіп жатқан әскерлер қанша десенші. Тіпті майдан жақтан жарапы жауынгерлерді тиеп, шығыска қарай ағылып кетіп бара жатқан машиналар мен арбалар да коп. Анна Ивановна балаларын іздең осы копке араласып кете барды.

Осыдан екі сағат бұрын Серік пен Борис көшеде кетіп бара жатқан әскери бөлімдерді қызықтап келе жатты. Эр түрлі зенбіректерді қарап жұр.

— Біздін осындай зенбіректеріміз болса ғой, немістердің көкесін көрсететін едік, — деді Борис.

— Ең болмағанда осындай бір зенбірегіміз болса да, оларға көресісін көрсететін едік. Біздін Спижевой командир артиллерист емес пе еді. Міне, дәл анау мойны ұзын зенбіректі Костя командирдін қолына берсе, жауды қыратын еді ғой, — деп оны қостап қояды Серік.

— Сережа, ананы қара, машина үстіне темір жол рельсін орнатып алыпты. Қөпір салуға керек шығар, — деді Борис артиллеристердің тағы бір колоннасы өз тұстарына қатарласа бергенде.

— Ол темір жол рельсі емес. Партизан болсаң да осы уақытқа дейін «катюшаны» білмейді екенсін, — деді артық жақта тұрған бір мұртты солдат. Борис солдатқа жалт қарап, ыңғайсызданып қалды да, қызыл ленталы қара кепкасын түзеп киіп Серікті тұртіп қалып:

— «Катюша» дейді. Міне, ғажап! Қалай атады, рельс сияқты темірлерінен басқа еш нөрсесі жоқ, — деді.

Қалай ататынын Серік қайдан білсін? Ол да «ой ғажап» деп таңырқағаннан басқа ештеңе айта алған жоқ. Сойтіп тұрғанда он жақтағы үлкен ақ үйдін қақпасынан бір кіші лейтенант шыға келді де, Серікке қарай қалды. Серіктің көзі кіші лейтенанттың қаракаттай көзіне түйісіп кеткенде, ол ұялып, қысылып қалды. Кіші лейтенант Серіктің жанына жақындалап келді де:

— Сен қазақпрын? — деп сұрады орысшылап. Серік сәл кідіріп қалды да, Бориске қарады. Борис «Кім екенінді айт» дегендей, басын изеп құлді. Серік кіші лейтенантқа қарап:

— Иә, қазақпрын, — деді орысшылап.

— Қазақ тілін білемісің? Мен де қазақпрын, — деп, кіші лейтенант Серікке жақындай түсті.

— Білемін, — деп, Серік енді қазақша жауап берді. Серік басынан кешкен оқиғаларын түгел айтып берді. Серіктің өмірі кіші лейтенантты таңқалдырғандай болды. Ол бала партизаниның әнгімесін тебірене тұрып тыңдады. Соңсона кіші лейтенант Серіктің иығына қолын салып тұрып:

— Атын кім? — деді.

— Аты Сережа, — деді Борис Серіктің орнына жауап беріп.

— Жоқ, атым Серік, партизандар Сережа деп атайды, — деді Серік қазақшалап.

— Ал Серік, Боря, жұр біздің штабқа барайық. Сендерді штаб бастығымен таныстырайын, — деді кіші лейтенант. Серік пен Борис барапын да, бармасын да білмей тұрып қалды.

— Жүріндер, партизандар осында бола ма екен? Ұялманндар, жүріндер, — деп, кіші лейтенант екі баланы екі қолынан жетектеп үйге қарай журді. Екеуі біріне-бірі қарап жымып құлді де, үйге қарай кете барды.

— Менің атым Мұқан, штабтағылар Миша дейді. Біздің штаб бастығы өте жақсы адам. Балаларды, өсіресе, партизан балаларды жақсы көреді. Қазір сендермен әнгімелеседі, — деп, кіші лейтенанат екі баланы сөзге айналдырып үйге кіргізді. Алдыңғы бөлмедегі үш столды жағалай отырған офицерлер Серік пен Бористі көргенде: «Мыннапар партизандар ғой. Бұларды қайдан тауып алдын, Миша! — деп бәрі дабырлай сұрасты.

— Міне, екеуі де партизан. Чапаевшылар, — деді кіші лейтенант.

— Біз примаковшылармыз, — деді жұлып алғандай Борис.

— Чапаев атындағы партизан құрамасында болдық дегендерің қайда? — деді Мұқан.

— Сол құрамада болдық. Бірақ біздің командиріміз Примак Иван Кузьмич. Бізді примаковшылар деп атайды, — деп жауап қайырды Серік.

— Э, онда жарайды, примаковшылар. Мынау Сережа Мергенбаев мениң жерлесім. Ал, мынау оның қанды көйлек жолдасы Боря Савченко. Біздің штаб бастығының жерлесі болу керек фамилиясына қарағанда,— деп таныстырды балаларды штабтағы жолдастарына кіші лейтенант.

— Неге шулап кеттіндер?— деп сол кезде төргі бөлменің есігін біреу ашып жіберді. Есіктің аргы жағынан бір ал-памсадай кара торы, ұзын адам шыға келді.

— Жолдас подполковник, партизандар бізге қонаққа келді,— деп баяндады кіші лейтенант. Подполковник Серік пен Бористі коріп құлпі жіберді де:

— Кәне, маған кіріндер. Қандай партизан екендерінді көрейін,— деді. Алдыңғы бөлмедегі офицерлер Серік пен Бористі қаумалап, штаб бастығының кабинетіне алып кірді.

— Жолдас подполковник, екеуі де бұрынғы артиллеристердің балалары, біздің артиллеристердің балалары екен. Мынау Боря артиллерија полкінің комиссары Савченко деңен майордың баласы екен, ал мына Сережа дивизион командирі Мергенбаев деңен майордың баласы екен,— деп сезін бастады да, кіші лейтенант екі баланың өмірбаянын, бастарынан кешірген оқигаларын түгел баяндап шықты штаб бастығына. Подполковник екі балаға алма-кезек қарап, ойланып қалды.

Подполковник Красюк Полтава қаласында туып-оскен адам еді. Соғыстың алдында Харьков қаласында артиллерија училищесін үздік бітіріп, лейтенант атағын алған. Полтава қаласында тұрған артиллерија полктарының бірінде взвод командирі болып жүріп 1937 жылы үйленген. Бір жылдан кейін әйелі үл тауып, оның атын Борис Қойған. Соғыс басталып, өзі батыс Украинаға аттанғанда, әйелі баласымен Полтава қаласында қалып еді. Соңан бері олардан хабарсыз. Олардың өлісі де, тірісі де белгісіз, еш дерек жок. Сонан бері талай соғыстарға қатысты, Қызыл Армия бөлімдерімен кейін шегінді. Неше рет жараланды. Әскери ауруханаларда жатты. Оның талайынан сауығып шықты. Неше рет әр түрлі әскери бөлімдерге ауысты. Лейтенанттан шені подполковникке дейін ости. Ақыры осы артиллерија полкына штаб бастығы болып тағайындалды. Полтаваға жеткенше асықты. Жарымды, жалғыз баламды тауып алам деп ойлады. Полк Полтаваны босатуға қатысты. Подполковник полкі қалаға бұзып-

жарып алдымен кіргендердің бірі болды. Туған қала азат етілді. Красюк семьясын іздең езі тұрған үйге келді. Үйден ешкімді таба алмады. Көршілерінен сұрады. «Астыртын үйыммен байланысы бар деп, ұлы мен озін немістер атып тастаған», – деді көршілері.

Міне, екі жетім партизан баланың жайын естігеннен кейін подполковниктің қайғысының жарасының аузы анылып кетті. Оның қайғысын бүкіл полкі билетін еді. Штаб бастығының маңдайын жұдырығымен тіреп қойып, көнілсіз сұлқ отырғанын көрген офицерлер оны аяп кетті. Бірақ олардың қолдарынан не келеді? Қолдарынан бар келгені Полтавадан соң жауды бұрынғыдан бетер қатты соғып келеді. Енді екінші эшелонға шығып, біраз дем алған соң жауды тағы аямай соғады.

Подполковник ауыр күрсініп:

– Екеуі де біздің артиллеристердің балалары екен, ең өуелі тамактандырындар. Варшавскийге айтындар, екеуін де оз әкелерінің формасымен бастан-аяқ киіндірсін. Егер өздерінің қалғылары келсе, полкта қалсын. Соғыс біткен соң окуға жібереміз. Бұлар да артиллерист болып ел корғасын! – деді.

Серік үнсіз подполковнику қарап отырды. Оның «біздің артиллеристердің балалары екен» деғен сөзі Серіктің кокейіне ұлап, өте жылы естілді. Көз алдына әкесі елестей кетті. Әкесінің формасы да осы подполковниктің формасындағы еді. «Артиллеристер бір жerde жүретін шығар. Бірін-бірі билетін шығар», – деп ойлады да: «Мениң әкемді көрмединіз бе? – деп сұрағысы келді подполковниктен. Бірақ батылы барып сұрай алмады. Сол сөтте «партизандар, жүріндер», деп кіші лейтенант екеуін асханаға, тамақ ішуге шақырды. Бористің осы минуттарда не ойлаганын кім білсін, оның шешесі жанында гой, ал Серік болса, көп уақыт өтіп көмекілене бастаған ой соқпақтарына қайта соқты. Енді оның ойынан әкесі кетпеді. «Мамам өлді. Өлгенін көзім көрді. Мамам енді ол жатқан жерден тұрмайды», – деп түнілді. «Ал папам соғысқа кеткен. Ол өлген жоқ. Ол өлмейді. Оны фашистер өлтіре алмайды. Оның солдаттары көп. Зенбіректері де коп болатын. Осы маңаттағы артиллеристердің ішінде солдаттарға команда беріп жүр гой. Қалай тапсам екен? Оны билетін командирлер бар шығар. Бірақ барлығы әскери адамдар, құпия деп, оның қайда екенін айтпайтын болар», – деп ойлап келеді.

Асханадан тамақтанып алған соң, көрші үйдегі киім тігетін мастерскойға келді. Екеуін екі солдат алдарына тұрғызып қойып, бойларын тігінен, қолдененінен өлшей бастады.

Анна Ивановна балаларын іздең дал болып, жан ұшырып жүгірип жүр. Көрінген адамнан сұрайды. Ешкім оларды көрмеген сияқты. «Әлде үйге келді ме екен?»— деп кейін қарай қошесі бойлап қайта келе жатты. Қошениң сол жағында шарбаққа сүйеніп бір мұртты орта жасқа келген солдат тұр екен. Әлгі солдаттың тұсынан өтіп бара жатып: «Осы солдаттан балаларымды неге сұрамадым?»— деп ойлад, Анна Ивановна тоқтай қалды.

— Сіз осы маңайдан балалар көрмедіңіз бе?— деді Анна Ивановна алқына сұрап.

— Қандай балалар? Екі бала ма? Бірі қара бала ма?— деп, солдат мана зеңбірек, «катюшаларды» таңырқаған екі баланы есіне түсірді.

— Иә, иә. Бірі қара бала? Олар қалай қарай кетті?— деп Анна Ивановна ентігіп солдаттың жанына тілтен таяу келді. Солдат қалтасынан темекі дорбасын алғып жатып, Анна Ивановнаға тесіле қарады да:

— Ол екі бала ешқайда кеткен жоқ. Мына полк штабында. Полктың аға писары Миша деген қазақ жігіті еді. Сол осы арада екі баламен сөйлесіп тұрган. Енді бір кезде екі баланы ертіп штабқа кіріп бара жатқанын көрдім,— деді солдат он жағындағы ак үйге қарап.

— Рақмет!— деп, Анна Ивановна солдатқа алғысын айтты да, штабқа қарай жүгірді. «Бұлар бір қылмыс істеп қойды ма, штабқа неге әкетті екен?»— деген оймен келін, Анна Ивановна штабқа кірді. Алдыңғы бөлмеден ешкімді кездестіре алмаған соң, төргі бөлменің есігін ашып еді, бір подполковник отыр екен.

Подполковник келген өйелдің кім екенін айтпай-ақ түсіне қойды да:

— Саламатсыз ба? Балаларыңызды іздең жүрсіз бе?— деді. Анна Ивановна сәлемдесті де, подполковник алдында жазықты адамдай:

— Иә, балаларымды іздең келіп едім. Екеуінің де сотқарлығы жоқ еді,— деп балаларын ақтап сөйлей бастады.

— Жоқ. Олар сотқарлық жасаған жоқ,— деп, подполковник балалардың штабқа қалай келгенін, олармен үзак уақыт әңгімелескенін, өз басындағы қайғысын айтты Анна Ивановнаға. Сонсон:— Бұлар артиллеристердің балалары екен. Біздің артиллерия полына қалдырыныз балаларды. Біз тәрбиелейік,— деді подполковник. Анна Ивановна да біраз уақыт бойына подполковник алдында көзіне жас ала отырып, іштегі мұнын ақтарып салды.

— Балаларды сіздерге бере алмаймын гой. Озіңіз көріп отырсыз, ол екеуінен басқа мениң нем қалды. Кімге сүйенем? Кімім бар мениң? Әрине ашығармыз, тарығармыз. Мұнан жаман күндерді де басымыздан кешірдік. Ашығып та көрдік. Жарық дүние көрмей жер асты үйде де тұрдық. Аңша бұта-қарағанды паналап та жүрдік. Қазір оған қарағанда құдайға шүкір, аш болсақ та, жалаңаш болсақ та жарық дүниеде еркін жүре аламыз гой. Қара жұмыс істесем де екеуін аш-жалаңаш қылмаспын. «Полкке алайын, қамқорлық жасайын»,— дегеніңізге коп ракмет. Олар тағы бір жаққа кетіп қалар,— деп Анна Ивановна орнынан көтеріле берді.

— Сіз әлі де ойланып көріңіз. Соғыс болса әлі де жүріп жатыр. Бористі қалдырмағанмен Сережаны қалдырыныз. Бористі тәрбиелеп жеткізсөніз де үлкен еңбек істеген боласыз. Ал Серік болса жетім бала. Өзініздің баланыз емес. Біздің артиллеристің баласы гой. Біз оны бір соғысқа салады деп ойлайсыз ба? Тамағы аш, кімі жыртық болады дейсіз бе? Штабта жүреді. Соғыс біткен күні оқуға жібереміз. Ол да артиллерист болып шығады әкесі сияқты,— деп подполковник партизан ананы үгіттей бастады...

Анна Ивановнаның іші алай-дүлей. Оның қоз алдына өткен өмір елестері келіп-кетіп жатыр.

«...Озі туған Зазулин селосы. Комендатура. Комендант өзіне таяп келіп, өзін жақтан салып жіберді. Көзінің оты жарқ ете түсіп, көзі қарауытып, есенгіреп қабырғаға барып сүйенді Анна Ивановна. Сол сөтте «мама» деген Серіктің ашы даусы құлағына келді. Көзін ашып қаралды. Серік екі алақанымен бетін басып «мамалап» шыңғырып тұр».

— Жоқ, жолдас подполковник, Серік менен тумаса да, туғандай бол кеткен бала. Ол мені олімнен алып қалған. Мен де оған пана да, ана да болып келемін. Оны сіздерге бергім келмейді. Бере алмаймын. Олар қайда болса, мен

сонда, мен қайда болсам олар сонда болулары керек! Серікті бере алмаймын, оған қолқа салманыз!— деді ана үзілді-кесілді жауап айтып, жыламсырап, көзін сұртіп отырып. Анна Ивановнаның қөнбесіне көзі жеткен соң:

— Жарайды. Балаларыңыз өзінізге болсын. Бірақ балалардың тағдырын біліп отырайық, сіздің адресіңізді жазып алайын, біздің полк адресін сіз жазып алыңыз. Хабарласып тұрайық,— деп, подполковник полк адресін Анна Ивановнаға жазып беріп, оның адресін блокнотына жазып алды да:— Балаларыңызға киім тіккізіп жатырмын, біздің полктан артиллерист балаларына ескерткіш болсын. Олар мынау қарсы үйде,— деп, штаб бастығы тerezeden қарсыдағы сабан шатырлы үйді нұсқады. Анна Ивановна орнынан тұрып:

— Сізге көп рақмет! Жақсылығынызды ұмытпаспыз! Рақмет. Хош, сау болыңыз, жортқанда жолыңыз болсын,— деп штаб бастығымен қоштасты да, тез-тез басып сыртқа шығып кетті.

Балалардың киімі ертеңгे дайын болатын болды. Анна Ивановна Серік пен Бористі ертіп көшеде келе жатты. «Қызыл Армия — халық армиясы, халықтың қорғаушысы. Қызыл Армия халықтан шыққан, халық үшін қызмет істейлі деген осы-ау. Кешегі неміс армиясына, типті неміс азаматтары жақын бара алды ма? Жоқ, олардан халық қорқатын. Оларды көрмеуге тырысатын бейбіт халық. Міне, біздің армияны айтсаңшы! Былай қарағанда оларға ешбір қатысымыз жоқ сияқты, бірақ өлгі подполковниктің соншама жылы қарсы алып, қаншама қамқорлық жасағаны халықтан, өзіміздің еңбеккөр халықтан шыққандығы ғой»,— деп ойлады Анна Ивановна ішінен.

Анна Ивановна Переяслав қаласындағы май заводына жұмысқа орналасты. Бұрынғы май заводынан еш нөрсе қалмаған. Қаладан шегінер алдында заводты неміс сойқандары киратып, тас-талқанын шыгарып кеткен. Енді сол кираган заводты қалпына келтіру керек. Жұмыс көп, бастан асады. Оның үстіне біздің партизандар мен Қызыл Армияның ерекше соққысынан шегіне қашқан жаудан алып қалған сиыр сүті заводқа түсे бастады. Одан май, ірімшік кәдімгі қол күшімен жасалады. Бұл завотда Анна Ивановнадан басқа Похолок Татьяна, Широконос Надеж-

да, Матузъка Татьяна сияқты партизанкалар да жұмыс істейді. Серік пен Борис Днепрден қармақ пен балық аулап, кешке бір шелек шабақ әкеледі. Үшеуінің негізгі корегі сол. Оны асып та, қуырып та жейді. Көп кешіккен жоқ, октябрь айының аяғында қалада он жылдық мектеп ашылды. Серік пен Борис мектепке барып оку оқитын болды.

Софыс жүріп жатыр. Днепр бойы құндіз-тұні бомба астында құніреніп жатыр. Қала үстінен екі жақтың самолеттері жүздел үшады. Эр сағат, әр минут самолет гүлімен жарыса өтіп жатыр.

Бір жетіден соң жағдай басқаша боп өзгерді.

Енді жау самолеті құн сайын сирек қөрінетін болды. Майдан шебі Днепрдің оң жағына қошті. Соңан біртіндеп батысқа қарай алыстай берді, алыстай берді.

Анна Ивановна қаншалықты шаршап жүрсе де, осы кездерде көнілдене бастады. Өйткені енді көп үзамай өзі туған Зазулин селосы азат етіледі. Онда Анна Ивановна үшін ең қымбатты нәрсе бар. Ол оның партиялық билеті. Оған село азат етілген күні Анна Ивановна барады. Мұқият тығып қойған жерінен оны алады. Сосын қайтадан сүйікті Ленин партиясы солдаттарының сапына тұрады. Міне, партизан ананың ендігі асыға күтіп жүргені осы еді.

— Мама, сүйінші, Иван атамның селосы азат етіліпті. Атама барамыз,— деп, Борис алдыңғы бөлмеде тамак пісіріп жүрген Анна Ивановнаның мойнына жүгіріп барып асыла кетті.

— Оны қайдан білдің, алтыным,— деп, Анна Ивановна да елең ете қалды. Ол сенбей тұр.

— Тындашы, мама, радиодан хабарлап жатыр,— деп Борис мамасының қолынан үстай алып, торғы бөлмеге қарай жетекtedі. Сол кезде соңғы хабарды ырғағымен радиодан асқақтата оқып тұрған Левитанның даусы: «...Соңғы хабарды оқыған Левитан», — деп барып тына қалды. Анна Ивановна соңғы хабарды ести алмай қалды. Оқуға кеткен Серік те естіген жоқ. Анна Ивановна Бористің сөзіне сенді. Борис өтірік айтпайтын. Бірақ сол сәтте Анна Ивановнаға көңілсіздік те пайда бола кетті. Ол Бористің басынан сипап тұрып, көзіне жас алды. Анна Ивановнаның бетінен сыр-

ғып барып өзінің бетіне тамып кеткен ыстық тамшыдан ғана мамасының жылап тұрғанын сезді Борис. Сосын Борис: «Мамам неге жылайды? Тегі мамам да мен сияқты өз папасын сағынған екен ғой?»—деп ойлады. Нагашы атасын немістердің өлтіргенін Борис естіген жоқ, білмейтін еді. Анна Ивановна: «Иван атанды немістер өлтірген», — деп айтпақшы болып оқталды да, жас бала қөніліне қаяу салмайын деп, кезінде айтпады. Иван атайларын Борис те, Серік те жақсы көретін. Ол кісі де ақ қөніл, бала сияқты адал адам еді. Эсіреле, балаларды жақсы көретін. Балалармен балаша ойнайтын. Онда он шакты күн болғаның өзінде екі баланың қөнілін тауып баурап әкеткен еді. Ақыры сол балалар үшін жау қолынан қаза тапты. Анна Ивановна әкесінің өлімін көре алмаған. Сонынан, бір жылдан кейін партизандар қатарында жүрген кезінде отряд командирі мен отряд комиссары естірткен.

Анна Ивановна катты қайғырды, егіле жылады. Қанды балақ басқыншыларға, олардың қолына ұстап берген азғын Тамараға деген қарғысын аяған жоқ. Сосын Анна Ивановнаның көз алдына Тамараның құбыжық бейнесі елестей кетті де, ол көзінің жасын сүртіп, кектене есік жаққа карады. «Аз күнге сұранып барып, селодан билетімді алып қайтайын. Екі жұзді азғын қайда кетті дейсің, оны өкімет орнына ұстап берейін. Барғанда да, екі баланы ерте бару керек, тірі екенімізді ол азғын көрсін», — деген қорытындыға келіп, Боряның тамағын берді де, жұмысына кетті.

Сол күн Анна Ивановна завод директорынан он күнге сұранып, Борис пен Серік үшеуі майдан шебіне кетіп бара жатқан машиналардың біріне түсіп, туған селосына жүріп те кетті.

Селода сау үй қалмапты. Не бір сәулетті үйлердің орнында топырақ үйіндісі жатыр. Үй орнында әр жерде пеш мұржалары осы жерде бұрын үй болғандықтың белгісі ретінде сорайып-сорайып тұр. Күре жолдан алыс кейбір үйлер аман қалыпты. Аман қалған үйлер тере зесіне айқыш-үйқыш қағаз жапсырып тастанты. Соған қарағанда бұл селода артиллерия айқасы, ауа шабуылы болғанға ұксайды.

Сөйткенмен селода тіршілік бар екені көрініп тұр. Әр үй маңында адамдар көрінеді. Біреулер үйдің қабырғаларын қалап жатса, екінші біреулер үйлерінің төбелерін

жауып жүр. Машина үстінде келе жатқан Анна Ивановна өз үйінің орнын да көре алмады. Сол кезде оның жүргегі су ете тұсті. «Жендеттер шие бағын да жойып жіберді ме екен» дегендей, шарасы кең көзін үйдің артқы жағына аударды. Бақ аман, бірақ сиреп қалған сияқты. Анна Ивановнаның онан әрі жүргісі келмей, машина кабинасының төбесінен тоқылдатып үрді. Машина кенет тоқтай қалды. Анна Ивановна машинадан тұсті. Серік пен Борис те машина қорабынан секіріп, жерге түсе қалды. Машина жүргізуші солдатқа үшеуі бірдей қатарласа алғыс айтты, машина ілгері қарай жүріп кетті.

Анна Ивановна екі баланы ертіп бақша ішімен өзі туған үйдің орнына келді. Үшеуі аң-тан. Үй орнында уатылған кесектер, кап-қара болып күйген тақтай сынықтары ғана үйіліп жатыр. Ортасында «мен мұндалап» пеш мұржасы сорайып тұр.

— Мама, зенбірек оғы тиіп үй күйіп кеткен гой деймін,— деді Борис таңырқап.

— Жоқ, зенбіректің оғы тиіп жоқ. Немістер өртеп жіберген,— деп, Анна Ивановна көз жасын балаларға көрсеткісі келмей, теріс айналып кетті.

— Атам қайда?— деп, Борис «үйі өртенген соң, біреудің үйінде шығар» дегендей, манайдагы үйлерге көз жіберді.

— Атаң, атан сорлы да жоқ!— деді егіліп жылап тұрған ана. Бар жауабы сол-ақ болды. Онан әрі тіл қата алмады. Оның даусы, әдettегідей емес, дірілдеп өзөр шықты. Балалар да мамаларының жылап тұрғанын, бір сүмдыштың болғанын сезіп, онан әрі еш нәрсе сұрамады. Томсарып-томсарып біріне-бірі сұраулы пішінмен қараумен болды. Анна Ивановна біраз уақыт егіліп жылап тұрды да:

— Сережа, біз анадағы орамалды қайда тығып едік?— деп баққа қарай беттеді.

— Орамалды ма, оны анау жуан ағаштың түбіне тыққамыз — деп, ол Анна Ивановна мен Бористі ертіп, бір жуан алмұрт ағашының жанына алып келді. «Осы жерге тығып па едік?»— деп Анна Ивановна әлгі ағаштың түбіне қарап ойланып қалды. Мамасының екі ойлылау болып тұрғанын түсіне қойған Серік:

— Мама, дәл осы жер,— деп қолымен әлгі ағаштың түбін қаза бастады. Сонда ғана Анна Ивановна «болса болар» дегендей, Серікке сүйсіне қарады да:

— Тоқтай тұр. Күрекпен қазбаса болмайды. Сендер осы арада тұра тұрындар, мен Параска апайдың үйінен

күрек алып келейін,— деп, көршілес үйге қарай кетті. Кетіп бара жатып, Серіктің соншама жершіл екеніне тағы бір таңғалды.

Мамалары ұзап кеткен соң, екеуі жан-жақтарына қарап біраз тұрды. Сәлден соң:

— Сережа, Иван атам қайда екен?— деді Борис мұнайып. Серік иығын қиқаң еткізді де қойды.

— Үйді өртегендеге атамды да өртеп жіберген ғой иттер,— деп, енді Борис екі жұдырығын түйіп тұрып кектең сөйлемеді.

— Онда атам қашпай ма?

— Қайдан кашады. «Олар үйдің сыртынан бекітіп қойып өртейді» дегені қайда бізге Василий ағай,— деп дәлелдемекші болды өз ойын Борис.

— Біздін Иван атай оған коне қоймас. Ол шатырды тесіп шығып кетер. «Азамат соғысы кезінде осы үйдің шатырына тығылдым. Сосын қаракышылар үйге кірген кезде шатырдан шығып, алдыңғы жылғы біз сияқты, бақ ішімен қашып құтылдым»,— деп бізге әнгіме айтып беріп еді ғой. Иван атам ақылын табады,— деп, Серік атасын өлімге қимай тұр. Осылай екеуі таласып тұра берді, Анна Ивановна көрінбеді. Не заматта үйден Анна Ивановна шықты да, сонынан бір әйел ере шығып, қолын село ортасына қарай сермелеп бірдемелерді айтып жатты. Оның сөзін Анна Ивановна үйіп тыңдал тұрганға ұқсайды. Әлден уақытта темір күрек алып Анна Ивановна да келді-ау. Келе үшеулеп ағаш түбін қазып жүріп, іздеғен орамалдарын тауып алды. Сыртына ораған клеенкасын алып тастады да, орамалдың бүктеуін жазып, билетін қолына алғандаған Анна Ивановнаның жүрегі орнына түскендей болды.

Көршінің күрегін апарып берді де, Анна Ивановна Борис пен Серікті ертіп, тұра сельсовет кенсесіне қарай беттеді.

Сельсовет кенсесіне келсе, совет председателі Василенко атаймен бірге үш-төрт өскери адам отыр екен. Анна Ивановнаны көре салып:

— Е, қызым, Анечка, тірімісің? Жаңағана сен туралы мына кісілерге айтып отыр едім. «Кімді айтсаң сол келеді» деген, келе қалғаныңды қараши!— деп, Василенко қолын беріп амандасты да:— О, мына солдаттар да келген екен ғой,— деп, Серік пен Бориске де қол берді. Сонын Василенко қарт қалбалақтап соңғы келген үшеуін орындыққа

отырғызды да, әскери адамдарға Анна Ивановнаны таңыстыра бастады.

— Сіздің келгеніңіз жақсы болды. Біз Армияның бірінің ерекше бөліміненбіз. Осы аудан, оның ішінде осы селода болған басқыншылар айуандығын анықтау үшін бөлінген комиссия мүшелеріміз. Біздің қолымызға түскен осы селоның бұрынғы старостасы Чуляк, оның қызы Тамара-лардың қылмысын анықтау үшін сіз бізге керек едіңіз,— дей берген капитанның сөзін бөліп:

— Ол жауыздар қазір қолға түсті ме?— деп сұрады Анна Ивановна, орнынан үшyп тұра келіп.

— Қолға түсті. Қайда қашып құтылады дейсіз,— деп жауап қатты әлгі капитан . Анна Ивановна жүргегі енді орныққандай болып, орнына қайта отырды.

— Жергілікті халық та оларды қарап, жауыздықтарын мойындарына қойып жатыр,— деп жалғады сөзін капитан.— Дегенмен, басқыншыларға олардың үстап берген адамдарының бірі де тірі қалмаған. Жендертер олардың барлығын да дарға асып, атып олтіріп үлгіріпті. Солардың ішінде сізben ғана кездесіп отырмыз. Бұл жөнінде сіз бізге үлкен көмек көрсетер деп сенеміз,— деп аяқтады сөзін капитан.

— Жолдас капитан, әрине, көмектесемін,— деп, Анна Ивановна Тамара мен қарт азғын Чуляктің қылмыстарын айта бастады. Екінші бір капитан мен тағы бір аға лейтенант Анна Ивановнаның аузынан шыққан дәлелді анықтамасын жазып отыр. Партизан ана болған оқиғаның айықұні, тиіті сағатына дейін көрсете айтты. Ол анда-санда: «Солай емес пе еді, Серік», «Есінде бар ма, солай емес пе еді, Борис?» деп айтып отырған сөзін екі баласына алма-кезек мақұлдатып отырды. Анамен бірге осыншама қантөгіс жойқын оқиғаға куә болған осы екі балаға комиссия мүшелері қайран қалды. Анна Иванована айтып отырған ұзақ сонар оқиғаның бір жерінде олар екі балаға жандары ашып мұстрекесе, енді бір жерінде олардың ерлігіне, тапқырлығына таңқалып риза болып отырды.

Сол күні селолық совет председателі Василенко бастаған село халқы жиналып Анна Ивановнаның жау қолынан қаза тапқан әкесі Иван Дементьевич Полищуктің сүйегін тауып, селоның орталық аланындағы туысқандық зиратына әкеліп жерледі. Селоның әр түсінан жерлестер келіп марқұмның басына гүл койды. Еске түсіре

келген село адамдары Анна Ивановнаға қөніл айтып кеш тарады.

Анна Ивановна Переяслав қаласына қайтып келген күні анадағы артиллерия штабы бастығына хат жазды. Хатында Переяслав май заводында смена мастері болып жұмыс істейтінін, Серік пен Борис оқу оқып жүргенін, туған селосына барғанын, ондағы көрген-білгенін айта келіп, подполковникке өздерінің соңғы тұратын адресін білдірді. Хатты почтаға салып жіберді де, бір кезде өзіне қамқорлық көрсеткен адамнан хат күтті. Онымен хабарласқысы келді.

Полк штабынан көп кешікпей-ақ хат келді. Онда полк женіспен батысқа кетіп бара жатқанын, полкке гвардия атағы беріліп, полк офицерлері мен жауынгерлерінің на-градталғанын жазынты. Хаттың соңында: «...Анна Ивановна, екі артилерист баланың әкелерін іздең Москва-дағы өскери анықтама басқармасына қатынас жаздым. Олар табылып жақсы хабар бола қалса, тез хабарлаймын. Балалардың өкесінен үміт үзбеніз...», — деген жерін оқығанда, зарыққан, жабыққан ана әлденеден үміттен-гендей болып қуанып кетті. Осы бір соңғы жылдың сөздерді қайта-қайта оқи бергісі келді. Сөйтіп отырып «Оларды подполковник қалай іздең жатыр? Біреуді іздеу үшін оның аты-жөнін, бұрын қайда тұрғанын білу керек шығар?!»— деген оған бір шым-шытырық ойлар келе қалды. Енді ана ойға шомып, подполковничен штабта қалай кездескенін, оған өзі не айтқанын, өзіне подполковник не дегенін есіне түсіре бастады.

«Иә, подполковникке барлығын айтыппын. Олардың аты-жөндерін, Каменең-Подольскі қаласынан шекараға — майданға аттанғанын, полк номеріне дейін айтқамын, ол блокнотына бір нәрселерді анда-санда жазып қойып отыр еді, сонда осының барлығын жазып алған екен ғой. Өзі де семьясынан қапыда айырылған қайғылы адам еді, менің қайғыма да ортақ екендігін көрсетті. Николай Семенович, саған тағы да көптен-көп рақмет! Женістен-женіске жетіп, мереійің үstem болсын! Аман бол!»— деген тілекпен аяқтады сол бір сәттегі ойын Анна Ивановна. Енді ана бұрынғыдай емес, қоңылденіп сала берді.

Бірақ оның осы қуанышты хабарды Серік пен Борис-ке қалай да айтқысы келмеді. «Кім біледі, екеуінің әкелері табылса жақсы, табылмаса екеуінің сәби жүректерін уақытша алдағандай болам ба? Қазір екеуі ешбір ойдан

аулак, тып-тыныш оқуларын оқып жүргенде, тағы да көңілдерін алаң қылмайын. Әсіреке Серік ойлы бала, оған әзірше ой салмай-ак қояйын. Не болса да істің ақырын қүтейін», – деген оймен жүре берді.

Күн артынан күн ел көшіндегі өтіп жатты. Сол күндердің бірінде подполковник Красюктен хат келді. Ол хатында: «...Москвадан хабар алдым. Серіктің әкесі табылды», деген жерге келгенде, Анна Ивановна қуанып кетін хатты қеудесіне баса қойды да, әлгі жерден былай қарай тағы оқыды. «...Бористің әкесін әлі іздестіріш жатырмын», – деген сөйлемін оқып ана кідіре қалды. «Бұл қалай? Екеуі бір емес пе еді? Бір полкта еді ғой? Бірі табылып, бір табылмағаны қалай?» деп сұраулы ой шырмауына оралып барып хатты әрі қарай оқи берді. «... Подполковник Мергенбаев Жомарт үшінші Украина майданының Н. бөлімінде полк командирі екен. Серіктің әкесі екенін анық білдім. Дивизия штабындағы рация арқылы Мергенбаевтың өзімен ауызба-ауыз сөйлестім. Серіктің жайын айттым. Сіздердің адрестеріңізді бердім. Өзі төртбес күнге сұранып сіздерге барып қайтамын деді. Құтініздер, екі-үш күнде барып қалар. Серікті менің атымнан құттықтап, бетінен сүюінізді өтінемін. Тағы толық хат жазармын.

Бірнеше минуттан кейін шабуылға шығамыз. Уақыт болмай хатты қысқа жазып отырмын, кешірініз. Сөлеммен Красюқ», – деп қол қойыпты.

Бұл демалыс күні еді. Серік пен Борис мектеп маңында доп ойнап жүрген. Анна Ивановна хатты тағы бір анықтап оқыды да, оны төрт бүктеп қалтасына салып, сыртқа шықты. Ол тұра мектепке қарай беттеп келе жатты да, тағы ойға шомды. «Серікке айтсам, ол сөз жоқ қуанар. Кішкентай жүрегі тайша тулап, қуанышы қойнына сыймас. Сонда Борис қандай күйде болады? Оған да ес кіріп қалған бала, ол да әкесін ойлайды ғой. Қой, бітіп келе жатқан жараның аузын ашпай, әлде де болса тұра тұрайын. Серіктің әкесі келе қалса, онда көрермін. Әлде де сабыр етейін», – деп ана кейін қайтты. «Мергенбаев полк командирі. Ол қай полк? Бұрынғы 198-артилерия полкы болса, онда оның командирі полковник Лысенко қайда? Ол полктың комиссары менің сүйікті Степаным қайда? Олар әлде майданда құрбан болып кетті ме? Жоқ, олай болмас», – деп сүйген жарының жоқтығын жамандыққа жорығысы келмеді. Оны өлімге қимады.

Оның көзіне ыстық жас келіп іркіле қалды. Ол Москваға екеуін де іздеп хат жазды. Екеуі бір полкта болатын. Сонда Мергенбаевтың қазір қайда екенін білген Москва, комиссар Савченконың да қайда екенін білуі керек еді ғой?.. «Әлде комиссар туралы Красюк жаман хабар алып, маған хатқа жазғысы келмеді ме?..»— деген сұық ойга тірелін барып, «Жоқ, ондай жаман хабар алмаған шығар»,— деп, ол ойдын түйігінан да тайқып шықты. Сосын «Мергенбаевты қүтейін. Ол Степанның қайда екенін біледі ғой»,— деген қорытындыға келді.

Күткен коп күндердің бірінде таң сәрісінен есік қагылды. Ұзак таңды көзімен атқызатын Анна Ивановна төсегінен тұрып, «Бұл кім болды екен, ертемен есік қаққан? Бірдеме сұрай келген көршілердің бірі ме? Әлде Сережаның әкесі келіп қалды ма?» деген екі үшты оймен есікке келді де:

— Бұл кім?— деді.

— Анна Ивановна, есік аш, мен ғой, Варя,— деген көрші әйелдің даусы естілді есік сыртынан. Тағы сіренке сұрай келген ғой»,— деп ойлаған Анна Ивановна:

— Сіренке жоқ. Пештен шала алмасаң,— деп есік ашты.

— Анна Ивановна, сіреңке сұрай келгенім жоқ. Сыртта сізді бір командир іздеп келіп тұр. Сережаның әкесі болу керек, сол сияқты қара,— деді ентігіп-демігіп сөйлемен көрші әйел. Анна Ивановна қуанғанынан:

— Варечка, сол Серіктің әкесі ғой, күтіп жүргенбіз. Саган рақмет. Қазір шыгайын,— деп киинуге кейін қарай жүгірді. Көрші әйел үйден шығып кетті. Анна Ивановна тез киінді де, құшақтасып үйіктаап жатқан Серік пен Бористі оятпастан үйден шықты. Анадайда корші әйелмен сөйлесіп тұрган офицер Анна Ивановнаны көріп, көшеде тұрган женіл машинаның жүргізушісіне «бері бүр машинаңды» дегендей, он қолымен белгі берді де, үйге қарай беттеді.

— Қымбатты жолдас Мергенбаев!— деп Анна Ивановна қатты дауыстап жіберді де, келген офицерді құшақтай алып, егіліп жылап қоя берді. Өлім-жітім көріп қайғылы болған екі жан бірін-бірі құшақтап үзак тұрды. Офицер де көзіне жас алды. Не заматта барып амандасуға шамалары әзер келді.

— Анна Ивановна, балалар қайда?— деді подполковник Мергенбаев. Анна Ивановна орамалымен көзін сұртіп тұрып:

— Үйге жүрініз. Екеуі де үйықтап жатыр,— деп үйге қарай бұрылды. Сонда ғана барып «балам шынында бар екен» дегендей, Жомарт қуанып кетті. Машина да келіп есік алдына тоқтады. Анна Ивановна үйге бұрынырақ кірді де, өз төсегінің үстіне көнетоз одеал жаба салып, келген қонағын өздері жататын төргі бөлмеге шақырды. Бұл сөтте екі бала бірін-бірі құшақтап таңтертеңгі тәтті үйқыда жатыр еді. Жомарт Серігіп — жалғыз баласын көріп жүгіріп барып құшақтай алып бетінен сүйіп жатыр. Сол кезде Борис оянып кетті де, көзін уқалап, жанындағы Серікті сүйіп жатқан адамға қарай қалды.

— Боря, сенбісің?— деп, Жомарт Бористі құшақтап екі бетінен алма-кезек сүйді. Сонда ғана Борис Жомартты танып:

— Сережа, папан келді, ура!— деп айқайладап жіберді. Бористің қуанышты даусынан Серік те оянып кетіп, көзін уқалап үйқысын аша алмай отырды да, бір кезде әкесін танып:

— Папа!— деп дауыстап әкесінің мойнынан құшақтай алды. Серік «папалап» жылай берді, жылай берді. Анна Ивановна да жылап тұр. Серіктің «папалаған» даусы Жомарт пен Анна Ивановнаның сай-сүйегін сырқыратты. Жомарт Серігін аймалап көтеріп алды да, не істерін білмей, екі бетінен кезек-кезек сүйе берді.

— Сережа, келдім, жылама!— дей берді ол, баласының қуанғаннан жүрегі жарылып кетеді екен дегендей оны уатып. Екі семьядан қалған қайғылы төрт жанның ойла-маған жерден кездесуі осылай болды. Эке мен баланың, бала мен ананың шері үшан-теніз. Сол шерді тарқату оңайға түспеді. Жомарт пен Анна Ивановна қинала отырып, біріне-бірі көніл айтты. Бірде қуанышты, бірде қайғылы әнгімелер қабаттасып жатты. Ақылды ана бар қайғысын ақылга жендіріп өзін-өзі тоқтатты да, стол басында шай ішіп отырып, болған оқиғаның барлығын Жомартқа айтып берді. Жомарт та өз семьясы тағдырының шетжағасын рация арқылы сөйлескенде подполковник Красюкten естіген болатын. Жомарт бұл ел басына туған қаһарлы қүндерде Серігін тауып алғанына да шүкірлік етіп, Жамал қайғысын женілдеткісі келді.

— Анна Ивановна, уақыт солай! Бір ғана біз емес, бүкіл совет халқы, қала берсе жер жүзі қарапайым халықтарына келген бір зор апат болды. Жандай жақсы көретін адамдарымыздан айырылған жалғыз біз емес. Фашизм, бас

кесер Гитлер ланы жұртты қан қақсатты. Бекініңіз, жылағанмен, қайғыранмен Степан Сергеевич қайтып келмейді. Сол сияқты қанша қайғырсам да енді маган Жамал тіріліп келер ме?! Келмейді! Енді Борис пен Серік аман болсын! Солардың тілеуін тілейік. Біз жыласақ, біз қайғырсақ, бұлар да шерлі болып жүдеп кетеді. Ауруға шалдығып кетулері де мүмкін,— дег Жомарт Анна Ивановнаға токтау айтты.

— Солай ғой, бірақ өлігін көре алмаған соң адамға қыын болады екен,— деп күрсінді ана көзінің жасын сұртіп отырып. «Степан Сергеевичтің өлімін қалай естіртер екенмін», — деп қатты қиналып келген Жомарт ынғайын тауып естірткеннен кейін, сол бір соғыстың бірінші күнін еске түсіргісі келді.

— Есінізде ме, Анна Ивановна, 22 июнь күні таңертең қаладан шығып кетіп едік қой. Шекараға жақындей бергенде-ақ шабуыл жасап келе жатқан жау өскерінің алдыңғы бөлімдерімен соғыс басталып кетті. Сақадай сай келе жатқан жаудың танкалы құрамалары өйтіп-бұйткенше болмай, бізге тап берді. Бетпе-бет белдескен үрыста зеңбіректеріміз іске аспады, көлемізге жарамады. Неміс танкалары онды-солды бізді жайпап жіберді. Біздің полктан не бәрі он шақты адам ғана қалды. Сол алғашқы айқаста полк командирі оқقا үшты. Степан Сергеевич танк киарататын гранатпен жаудың төрт танкасын табан астында талқандады. Сол сөтте сол жақтағы ағаш ішінен шыға келген бір танк Степан Сергеевич тобына, өздері де тортбес-ақ адам еді, тап берді. Олардың гранаталары болмай қалды ғой деймін, танкіге винтовкадан оқ ата бастады. Сол сөтте танкіге орнатылған ірі калиберлі пулеметтен жау оқты боратып жіберді. Комиссар бастаған жауынгерлер түгелімен сол арада ерлікпен Отан үшін қаза тапты, — деп барып, Жомарт астыңғы ернін тістеп, басын шайқап козіне жас алып, орамалмен бетін жаба сұртті. Анна Ивановна егіліп жылаап отыр. Серік пен Борис сырттағы машина маңында еді, бұл әңгімені олар естіген де жоқ.

— Сонан, — деп жалғады сөзін Жомарт, — менің жанымда қалған жауынгерлер жауға қарсы аянбай оқ атып, жау танкісін өзімізге қарай беттетпеді. Сөйтіп, жан алып, жан беріп тұрғанымызда артымыздан күш келіп жаудың бетін қайтардық. Жауды окшелеп қуып бара жатқанымызда менің он жақ санымнан оқ тиіп ауыр жарапандым. Жүруге жарамай, коп өлік арасында қансырап жата бердім.

Қанша уақыттан соң екені есімде жок, бір кезде майдан даласынан өлік жинап жүрген өзіміздің өскерлер келіп мені бір жерге алып келді де, менімен төрт адамды самолетке салды. Сонан соң не болғанымды білмеймін, бір далалық госпитальда жатқанымды бірнеше күннен кейін бір-ақ білдім. Санымнан операция жасап, танып тастапты. Оң аяғым ап-ауыр, қозғалсам сырқырап ауырады. Госпитальда сол жатқаннан жата бердім. Госпитальды бір жерден екінші жерге кошіре берді. Сонан есімді жинаған соң, Жамал мен Серікті іздең елге хат жаздым. Әкем Жамал мен Серіктің елге келмегенін, олардан хабарсыз екенин айтып хат жазыпты. Жамалды осылай жоғалтып жүре бердім. Екі ай дегенде жарам жазылып жүруғе жарадым. Госпитальдан шығарып, бір артиллерия полкына штаб бастығы етіп тағайындалды. Бір айдан соң подполковник атағын беріп, сол полктің командирлігіне ауыстырды. Бұл полк та талай кескілескен үрыстарға қатысып, көптеген шығынға үшырап жүрді. Шығынның орнын талай рет толтырып, үрысқа шығып отырдық. Осы Диепрден өтуде ерекше көзге түсіп полкке гвардия атағы берілді. Полкымыз «Қызыл ту» орденімен наградталды. Офицерлеріміз бен жауынгерлеріміз де талай рет наградталды. Қазір осы полктың командирімін. Серік пен Жамалды қалай, қайдан іздерімді білмей жүруші едім. Бір күні подполковник Красюкten хат алдым да, сол күннің ертеңінде өзімен рация арқылы сөйлесіп, сіздердің хабарларынызды естіп қатты қуандым. Менің бұл халімді дивизия командирі жақсы білуші еді. Қуанғанымнан сол кісіге барып жағдайымды айттым. Мен сұрамай-ақ: «Екі күнге босаттым. Барып балаңды тауып ал», – дегені. Мұндай өмірімде қуанбаспын да! Екінші эшелонда тұр едік. Орныма комиссарды қалдырып, бері қарай тартып отырдым. Жолда подполковник Красюктің штабына соғып, ол кісіге де алғысымды айттым. Міне, Анна Ивановна, киын қыстау күндерде Серігімді паналатып бауырынызға басыпсыз. Әке орнына – әке, шеше орнына – шеше болыпсыз. Сіз болмасаңыз Серіктің күні не болатын еді?! Сізге бір ғана ракмет айту аз сияқты. Сіздің бұл жақсылығынызды немен ақтарымды білмей отырмын, деп қиналды Жомарт Анна Ивановна алдында.

– Сіз сонша қиналмай-ақ қойыныз. Бұл істегендерімнің барлығы менің аналық борышым. Бұл әрбір совет адамының борышы. Әрбір партия мүшесі осылай істер

еді, егер осында жағдайға тап болса. Жомарт Мергенбаевич, сізге көп рақмет. Хабарсыз кеткен Степанның Отан үшін ерлікпен қаза тапқанын сіздің аузыныздан естідім. Сізден басқа мұны ешкімнің аузынан ести алмайтын едім. Өйткені оның өлімін көргендердің барлығы да қаза тапқанын өзініз айтып отырсыз. Оның куәсі сіз ғана. Әрине, бұл қайғылы хабар, сонда да менің жұбанатыным, өлмейтін адам болмайды, бәріміз де өлеміз ғой бір күні, Степан өлсе Отан үшін, бақытты болашақ үшін жаумен алысып өлді. Отан солдаттарының алдынғы қатарында қаза тапқанын қөніліме медеу тұтам. Барлығымыз да сүйікті Отан үшін, коммунизм ісі үшін өлсек армансызыбыз дейміз ғой. Олай болса Степан сол Отан үшін, коммунизм үшін белдескен айқаста мерт болды, арманы жоқ деп ойлаймын. Бірақ армансыз адам болмайды ғой, оның да арманы, ансағаны болған шығар,— деді Анна Ивановна қөзіне қайта жас алып. Оны салалы саусактарымен сығып тастанады да, сөзін әрі карай жалғады.— Дегенмен, ол өзінің жеке басының арманы ғой. Отан мұддесі, халық мұддесіне қарағанда ол не? Степан коммунист еді, комиссар еді — Отан солдаты еді, сол Отаны үшін қаза тапты. Оның үстіне артына өзі сияқты бір Отан солдатын қалдырды. Степанның топырағы торқа болсын! Енді Борисім тірі болса болғаны,— деп Анна Ивановна өзінен өзі тоқтау айтып Жомарттың борышын женілдеткендей болды. Жомарт көпті көрген бұл ананың соншама ақылды екеніне іштей риза болды. «Соғыстан бұрын екі-үш жыл көрші тұрдық. Онда жай әйелдердің бірі ғана сияқты еді. Кімнің кім екені қыншылықта көрінеді деген осы-ау. Қандай ақылды, қандай парасатты адам. Міне, адам болса осында болсын!»— деп қорытты Жомарт Анна Ивановна туралы ойын.

Сол күні Анна Ивановна мен Жомарт арасында үшантеніз әңгіме жібінің ұшығы таусылмады. Соңан әңгіме соны мұнан былайғы омірге ойысты. Жомарт Серік пен Бориске, Анна Ивановнаға әкелген сәлемдемесін берді. Енді берілмеген бір нәрсе бар. Оны қалай жөнін тауып берерін Жомарт білмеді. Ол ақша еді. Оны Анна Ивановна алмауы да мүмкін. Анна Ивановна біреуден ақша ала қоятын сұғанақ адам емес. Оны Жомарт біліп отыр. Соңда да қағазға мүқият оралып, екі жерінен айқыш-үйқыш жіппен байланған түйіншекті Анна Ивановнаға ұсынып:

— Анна Ивановна, анда-мұнда барғандай боласыз ба, мына азын-аулақ ақша еді, жолдарыңызға үстарсыздар,— деді Жомарт.

— Қойыныз, мұныныз қалай? Елде әке-шешеніз бар көрінеді, соларға жіберіңіз. Біз енді қайда барып жатырыз, ешқайда бармаймыз,— деп ақшаны Анна Ивановна-ның алғысы келмеді. Сол сөтте столға сүйеніп тұрған Серік:

— Мама, алыныз. Әлі елдегі атама барамыз,— деп папасының қолындағы түйіншекті алып Анна Ивановна-ның қолына берді. Анна Ивановна енді алмай қайтып берудің жөнін таба алмай, ақшаны Серіктің қолынан алды.

— Ал, Анна Ивановна, менің майдан шебіне қайтар уақытым болды. Ақылдасайықшы, соғыс болса әлі жүріп жатыр. Ел жағдайы өзірше қын. Мүмкін, соғыс аяқталғанша біздің Қазақстанға, Мерген карттың үйіне барып тұра тұрсаныздар қалай болады? Қанша айтқанмен ол соғыс болмаған жер, тұрмыс жағдайына қолайлырақ болар. Мерген қарт аққөңіл адам, сізді бар ықыласымен қарсы алар еді,— деді Жомарт Анна Ивановнаны неміс бомбасы астында бұліншілікке ұшыраған қалаға тастап кеткісі келмей. Анна Ивановна ойға шомып біраз отырды да:

— Жомарт Мергенбаевич, оның жөні келмес. Мына заводқа орналасып қойдым. Сол заводты қалпына келтіру керек. Оның үстіне бастауыш партия үйіміның хатшысы етіп сайлады. Жұмыс көп. Сол қыншылықтан қашып, өмір женілдігін енді іздеуім дұрыс болmas. Мұнан жаман күнде де қыншылық алдында тізе бүккен жоқпыш. Сіз уақытыңыздан кешікпей полкыңызға барыныз. Женіс күні алыс емес шығар. Біз үшеуміз осында болайық,— деді. Жомарт ананың дәлелді жауабына қарсы ештene дей алмады. Елге барайық деп Анна Ивановна келіссе бір сөрі еді, енді Жомарт Серігін тастап кеткісі тағы келмеді. Ол жалғыз Серігінен тағы коз жазып қаламын ба деп қауіптенді. Осы абыр-сабыр асығыс жүргенде оны елге, атасына жіберудің де жөнін таба алмады. Ол өзінің осы ойын Анна Ивановнадан жасырмады. Анна Ивановна алдында: «Соғыс аяқталғанша Серікті қайда жіберем. Папасы болса кескілескен майданда жүр. Соғыс біткен соң келіп алар», деп ойлағанмен, соңынан бұл ойынан қайтып қалды. «Кім біледі. Сережа бір күні оқыс болып, не

болмаса ауырып-сырқап алай-былай болып кетсе, Жомарт алдында қара бет болып қалармын. Сонсоң оның өкініші кетпес. Онсыз да Жомарт Мергенбаевич қайғылы адам. Көз көрмеген өлімнің күйінші де, өкініші де, құдігі де көп көрінеді. Өз борышымнан Жомарт Мергенбаевич алдында құтылған сияқтымын. Не болса да Сережа әкесінің көзінің алдында болсын», — деген корытындыға келді де:

— Жомарт Мергенбаевич, оныңыз дұрыс екен. Өз қасында болсын Сережа. Ол ақылды бала. Штабта болады. Тіпті майдан жағдайы қыын болып бара жатса, елден біреуді шақыртып оны елге, атасына да жіберуге боладығой, — деп түйді сезін Анна Ивановна.

— Өзім де соны ойлап отырмын. Ал онда, қымбатты Анна Ивановна, менің полкке оралар уақыттым да болды, сізге көптен-көп раҳмет. Бұл жақсылығынызды еш уақытта ұмытпаспын. Хат жазып хабарласып тұрамын. Соғыс бітіп қолым босаған күні келемін. Оған дейін де қолымнан келген көмегімді аямаспын. Сіз Серігіме туған анасындай болдыныз. Мен де Бориске туған әкесіндей қамкорлық жасауға борыштымын деп есептеймін, — деп, Жомарт орнынан түрді. Борис Серікті үйден құшақтап шықты. Машинаға мінген Серікті Анна Ивановна құшақтап ұзақ жылады. Серік те жылады, Бористі құшақтаған бойы көпке дейін жібермеді. Тағдыры бір екі бала осылай қоштасты. Кешікпей машина орнынан жай қозғалып барып, жүрші кетті. Қолдарын бұлғап қала берген сол бір аяулы екі жанға Серік пен Жомарт та көз жазғанша қол бұлғап, батысқа, майдан шебіне қарай кете барды.

* * *

1959 жылдың күзінде Ленинградтан Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасына хат келді. Ол хат маған арналып жазылмағанмен, мені іздең, сұрау салған хат екен. Оны баспа қызметкерлерінің бірі маған берді. Конверт сыртындағы «Абраменко» деген хат иесінің фамилиясын көре сала, осыдан он сегіз жыл бұрын болған оқиға есіме түсті...

Иә, Абраменко? Абраменко мениң досым, майдандас қанды көйлек досым! Онан қалай хат келді? Ол өлген. Ол ерлікпен Отан үшін қаза тапқан. Оның ардақты зайн

ыбы Мария да өлген. Астыртын үйім ісі үшін жан қиған. Осы шакта қаһарман достарымның жарқын бейнесі көз алдымға елестеп кетті де, бойымды сағыныш билеп орындыққа сылқ етіп отыра кеттім. Көнілім босап, көзіме жас та келіп қалды...

Хатты ашып оқысам: «Мен Николай Абраменконың баласымын. Атым Виктор...»— деп жазыпты бір жерінде. Сонда ғана барып бір кезде ата-анасыз, панасыз сонау Украинада, Македон селосында қалған кішкентай бес жасар Витя есіме тұсті.

Іә, Витя селода қалған. Селодагы адад адамдар Абраменко семьясына жандармдар қанды шенғелін салып жатқанда, «тым болмаса жас нәрестесі тірі қалсын» деп, сыртта ойнап жүрген Витяны алып кетіп жасырған. Міне, сол кішкентай Витя мені іздең хат жазыпты. «Бала – өміріңнің жалғасы» деген осы екен. Фашистер Абраменко тұқымын құрта алмапты. Витя тірі қалыпты.

Бір жолы каникулға Киев қаласына барған Витя магазиннен «Переяслав партизандары» деген менің кітабымды кездейсоқ кездестіріп сатып алыпты. Онда өзінің әкесі мен шешесі туралы жазғанымды оқыпты. Менің әке-шешемнің тағдырын білетін адам ғой мұны жазып отырған деген ойға келиш, сол кітапты шығарып отырған баспаға хат жазыпты. Онда «...Мүмкіндігі болса, осы кітаптың авторын тауып алуыма көмектесініздер. Әке-шешемнің қайғылы тағдырын ол кісіден тағы да анықтап білгім келеді»,— деп жазыпты. Мен сол күні Витяға хат жаздым. Әке-шешесінің тағдырын бастан-аяқ баяндап, өзін Алматыға қонаққа шақырдым. Ленинградта Витя оқып жүрген Дене шынықтыру және спорт техникумы басшыла-рына оның жайын айтып, оған көмектесулерін сұрап арнағы хат жолдадым. Көп кешікпей Витядан екінші рет өз адресіме хат келді.

«Елдің айтуы бойынша сізді менің әкем мен шешем де Вася деп атаған көрінеді, сондықтан сізді менің де Вася ағай деп атауды рұқсат етіңіз,— деп жазыпты хатының басында.— Сөйтіп, Вася ағай, ол кезде кішкентай болсам да сіздер туралы есімде біраз елестер қалыпты. Әлі есімде, бір күні тұнде біздін үйде төрт адам отырып ұрыстыңыздар. Ұмыт-пасам, ұрыс қару-жарак туралы болды. Мен әкемнің тізесіне сүйеніп тұрып тыннадым. Сонсоң мамам мені алдыңғы бөлмеге алып кетті. Біраздан соң мамам тамақ

әзірлеуге айналып кетті. Соны пайдаланып қайта төргі бөлмеге келсем сіздер жоқ екенсіздер. Есік біреу, онан алдынғы бөлме арқылы шығу керек еді, бұлар қайда кетті деп ойладым. Менен жасырынып қалды ма деп, бөлме ішін шарқ үрып іздедім. «Папа, папа», — деп екі-үш рет даусымды шығарып әкемді шақырдым. Сонан кейін ғазиз әкемнің жарқын жүзін көре алмадым! Мамам байғұс та мені жақсы көретін. Мені құшақтап сүйе беруші еді. Сойтсем, ол да мені тастап кетерін біліп жүрген екен. Сонан озініз жазғандай селода жалғыз қалып қойдым. Мамам мен Гая апайды тұтқынға алып, үйді ортеген күні село адамдары мені жасырып Пи селосына шығарып жіберді. Бір сүмдыштың болғанын білдім. Бірақ амал қанша, сол күннен бастап үштөрт айға дейін жарық қөрғенім жоқ. Параска апайдың қарауында болдым. Ол апай бірде шатырға, енді бірде погребке, пеш үстіне жасырып жүрді мені. Папам мен мамамды сағынып жылап та жүрдім. Олар тұрсын өзімді ойнатып жүретін Гая апайға да зар болдым. Параска апайдан талай рет қашып та кетіп қөрдім. Бірақ, үй жоқ, папам да, мамам да жоқ, түнде қайтып келіп жүрдім. Түнде кетіп қалатынмыды біліп Параска апай үрсып, «сені де неміс асып өлтіреді», — деп мені қорқытты. Сонан былай ол апай не айтса, соны істейтін болдым. Жасырын өмір сүріп жаттым. Параска апай мені тіпті қөршілерге де корсетпейтін еді. Қазір ойлаймын, сол апай талай совет адамдарын жасырган шығар. Өйткені мен танымайтын көп адамдар түнде келіп, сол үйді күндіз панарап келесі бір күндері кешке, әбден қаранғы түскенде кетіп қалып жүрді. Қөршілерден жасырганмен, мені олардан жасырмайтын-ды. Сол бейтанс адамдармен бірге жатып, бірге тамақ ішіп жүрдім. Сол апай сондай бір берік адам еді. Қанша уақыт өткені есімде жоқ, бір күні Параска апай: «Біздің адамдар келіп қалған болуы керек, комендант, староста, полицайлар қашып кетіп жатыр. Иттерге сол керек!» — деді.

— Біздің адамдар деп тұрганыңыз кімдер? — деп сұрадым онан. Өл бетіме таңдана қарады да:

— Қызыл Армияны айтам, — деді қуанып.

Мен тағы ойға кеттім. Біздің адамдар дегенге папамдар, партизандар келеді екен деп қалып едім. Енді Қызыл Армия келеді деген соң бәрібір партизандар сол Қызыл Армиямен бірге шығар деп ойладым. Соның артынан коп үзамай алыстан зенбірек даусы естіліп, село үстінен күн-

де самолеттер ұша бастады. Шатырда соның барлығын естіп жатамын.

Тағы бір жетіден соң селодагы чиновниктер кетті де, селоға майдан шебі келіп тірелді. «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей, жандармдардың селоларды тіміскілеп біздерді іздеуге шамалары да келмесе керек. Енді Параска апайдың рұқсаты бойынша көшеде ашық жүре бастадым. Бірақ әр үйге неміс солдаттары орналасып, үй маңынан окоп қаза бастады. Бізді селодан қуып батысқа қарай көшірмекші болды. Жұрт көше бастады. Алдымен староста, полицайлардың семьялары көшті. Днепрдің сол жағынан қашып келе жатқандардың көбі сол азғындар: старосталар, полицайлар, олардың семьялары, туған-туыскандары болатын. Бұлар салт атпен, арбамен артынып-тартынып кетіп барады. Биік көк қалпақты неміс коменданктары да елден тонаған заттарын машиналарға тиеп өтіп жатыр. Солармен араласып Параска апай екеуміз де селодан шықтық. Апай селодан онша ұзап кеткісі келмеді ғой деймін, Пи мен Македон селосы аралығындағы сайға түсті. Бұрын біреудің жарды үнгіп қазған погребі болу керек, бір терең үнгірге мені кіргізіп отырғызыды. Өзі шығып, жан-жақты болжап алды да:

— Витя, сен осы арада отыра тұр,— деп өзіміз келген жакқа қарай кетіп қалды. Көп кешікпей жарты қап азық алып келді. Соңсоң үйден ала келген күрегімен шым ойып әкеліп әлгі үнгірдің аузын бітей бастады. Шымның шөптесін жағын сыртқа қаратып қалап, кісі енбектеп шығарлықтай тесік қалдырды да, үнгірдің аузын бітеп тастанады. Біз бұл үнгірде көп жатпадық. Екі-үш күн өткен соң, төніректе атыс басталып кетті де, «уралаган» дауыс шықты. Параска апай құлағын тұріп отырды да:

— Қызыл Армия келін қалды ғой деймін. Мынау біздің әскерлердің даусы. Естимісің, «ура, ура» демей ме?— деп үнгірдің тесігінен сыртқа қарады. Мен де апайдың жанына бардым. Сөйткенше болмай апай тесіктен сыртқа шықты. Мен де оған ере шықсам, өзіміздің әскерлер батысқа, Македон селосына қарай қаптап кетіп барады еken. Параска апай қуанғанынан өкіріп жылап, біздің жанымызға келе берген бір солдатты құшақтай алды. Оның жанындағы тағы бір солдат мені құшақтап бетімнен сүйді. Сол сөтте менің қуанышымда шек болмады. Әлгі бетімнен сүйген солдат маған қол фонарын берді. Сөйтіп тұрганда Македон селосы жақтан атыс басталып, барған сайын үдеп

кетті. Біздің жанымызда қаумалап тұрған солдаттар со-
лай қарай сайдың ішімен жүгіре жөнелді.

Апай екеуіміз үнгірдің аузын ашып, азық-тұлік,
төсенишімізді алдық та үйге келдік. Үй бұлінген жок, аман
екен.

— Үйді өртеуге де шамалары келмеген екен ғой жауыз-
дардың,— деді апай. Сонымен апай екеуіміз погребке апа-
рып қойған үй іші мұліктерін, ыдыс-аяқтарды үйге тасып,
үйді жондеп жинап қойдық та, бір жана дүниеге келгендей
масайрадық та қалдық. Бірсек сыртқа шығамыз да тың
тындаимыз. Манағыдай емес мылтық даусы алыстан анда-
санда үзіліп-үзіліп естіледі. Фашистер алды-артына қара-
май қашып бара жатқанға үқсайды. Біздің әскерлер лек-
легімен ілгері қарай кетіп жатыр, кетіп жатыр.

Осылай біздің селолар басқыншылардан азат етілді.
Майдан шебі батысқа ұзаң кетті. Жұрт есін жинап, бірін-
бірі іздең табыса бастады. Үйлері аман қалғандары
үйлеріне кірді. Үйлері өртенгендер, зенбірек оғы, бомба-
дан қирағандары қайтадан үй салуға кірісті. Ішетін ас,
киетін киімдері, төсеништері болмаса да, жұрт мұнайған
жок. Әркім өзінің тіршілік қамын істеп жатты. Көп ұза-
май өкімет тарапынан жұртқа көмек те беріле бастады.
Колхозға мал да, құрал-сайман, машиналар да келіп қал-
ды. Колхоз бұрынғы сабасына келіп, шаруашылығына
кірісін кетті. Село да көркіне келіп, соғысқа дейінгідей
құлпырып шыға келді. Бірақ мен бұрынғыдай әке-
шешесіз, үйсіз сол мейірімді Параска апайдың қолында
қала бердім. Ол апай менің папам мен мамады іздейді-ау
демін, күнде үйден кетіп қалады да, кеш оралады. Ма-
ған аяныш білдіре қарайды. Эрине, менің тамағым аш
емес. Киімімді де апай жамап-жасқап береді. Бірақ папам
да, мамам да жоқ, қой! Өзім де қарап жүрмеймін. Оларды
іздеймін. Түсі таныс адамдар аты-жөнімді сұраса-ак бол-
ғаны: «Мениң мамамды көрдіңіз бе? Папамды біліп тұрсыз
ғой, көрген шығарсыз? Мен жалғыз жүрмін», — деймін.
Бірақ сұрау салған адамдарым менің мамамды да, папам-
ды да көрмеген болып шығады.

Сонымен екі-үш жыл уақыт өтін кетті. Бір күні үйге
жүз таныс екі адам келді. Бірі орта бойлы, мығым денелі
сары, екіншісі онан гөрі жастау, орта бойлы, ашаң жүзді
қара торы жігіт. Екеуі де менің бетімнен сүйнп, «Витя,
халиң қалай?»— деп хал-жайымды сұрай келді. «Осылар
менің папам мен мамамды білетін шығар», — деп ойладым

да, олардан да сұрамақшы болып едім, бірақ Параска апайдан бата алмадым. Келген адамдар апайды төргі бөлмеге алып шығып ұзақ сойлесті. Сонсон: «Витя, оқу оқығын келе ме?»— деп сұрады мығым денелі сары.

— Оқығым келеді,— деп жауап бердім оған.

— Параска апай да сені оқысын дейді. Онда бізben бірге жүр, окуға түсіреміз. Мектеп жақсы. Жаңында Днепр өзені ағып жатыр. Бос уақытыңда балалармен бірге суға түсесін, онда жүзіп үйренесін,— деді қара торы жігіт. Сол күні Параска апаймен қоштасып, келген екі адамға еріп кете бардым. Параска апай қатты жылап қалды.

Мені Львов қаласындағы балалар үйіне орналастырыған сол екі адамның үлкені партизан Николай Михайлович Попов, кішісі Иван Прохорович Гаман екенін соңынан білдім. Олар да әкемнің жолдасы екен, бірақ папам мен мамам жайында ештеңе айтпады олар.

Балалар үйінде 1946 жылдан 1951 жылға дейін болдым. 1951 жылы тәрбиешім Ставрополь қаласына әкелін, мені Суворов мектебіне түсірмекші болды. Бірақ жасым асып кетіп ол мектепке түсе алмадым. Сонсон тәрбиешім сол қаладағы балалар үйіне берді. Сонда бір жылдай болдым, ремесло училищесіне түстім. Оны 1956 жылы үздік бітіріп шықтым. Училищеде оқып жүргенімде спортпен шұғылданым. Екі жыл машина-трактор станциясында жұмыс істедім. 1958 жылы осы техникумға түстім. Келер жылы бұл техникумды бітіремін. Македон селосында бірнеше рет болдым. Бірақ кімнен сұрасам да әкешешемнің тағдырын біле алмадым. Сіздің кітабыныздан папам мен мамамның тағдырын бір-ақ білдім!...»— деп хатын аяқтапты Витя.

Витя Абраменко осылай тірі қалыпты, табылды. Қазір Киев қаласында Данилевская көшесі, 52-ші үйде тұрады. Өмірден өз орнын тауып, қоғамға адал еңбек істеп жүр.

Ваня, Мария, Гая Гамандар мен Илько Витряк және Вася Яковенколар да қазір ер жетіп, туған жерлерінде тұрады. Борис пен Серіктен хабар жоқ. Сонан былайғы олардың тағдыры маған белгісіз. Олар да тірі болса бір жерде жүрген шығар, табылып қалар деп үміттенемін. Ал қаршадай Миша Гаман болса, өздеріне мәлім, жау қолынан қаза тапты.

Софыс зардабы осындай. Соғыс зор апат. Сондықтан дүние жүзіндегі барлық ізгі ниетті адам бейбітшілік болуын тілейді.

Егіс бригадасының бригадирі Григорий Васильевич Витряқ партия жиналышынан кешірек қайтты. Қабырғадағы үлкен сағаттың стрелкалары бірқалышты қозғалысымен тұнгі сағат бірден жиырма бес минут өткенін көрсетіп тұр. Бұл, әрине, әдетте бола беретін жиналыштардан гөрі тым-ақ кешеуілдеуді байқатты.

Мария Исаковна бұл уақыттың ішінде үй ішінің бірталай шаруасын, оны-мұнысын жайғастырып қойды. Кешкі тамақ әлдекашан әзір болған еді, бірақ Мария Исаковнаның өзі де, он төрттегі баласы Илько да тамақтану үшін столға отыра қоймады. Бірі әкесін, бірі зайыбын – екеуі Григорий Васильевичті күтіп, бір-біріне үнсіз қарасып қана отырды. Күткен сағаттар қандай ұзақ болып көрінеді десенші.

Олар оның ұзақ келмегеніне едәуір тағатсызданды. Григорий Васильевич бұрын еш уақытта мұнша кешіге қоймайтын-ды.

Осындай бір үнсіздік үстінде терезеден біреудің сәл шерте қоюы мүн-ақ еken, Илько атып тұрып, есікке қарай жүгірді.

– Илько, сен өлі жатқан жоқсын ба? – деді Григорий Васильевич кіре беріп, ол баласын мейірлене аймалап, еркелете құшты.

– Жоқ, оке, мамам екеуміз сізді көп күттік. Неге кешікті деп уайымдадық. Қайдағы үйқы, осындайда үйқы болар ма? – деді әкесіне Илько, әрі еркелік, әрі бір көнілсіздікпен.

– Әкесі, бүгін сен тым көп кешіктің ғой? – деді Мария Исаковна еріне дастарқан жасап жатып.

– Бүгінгі жиналышта бір үлкен мәселе қаралды, міне, соның себебінен көбірек аялдауға тұра келді, – деді Григорий Васильевич шаршап қалжыраған, ойлы пішінмен.

– Әке, сіздердің осы жиналыштарынызға келген бетен адамдарыныз кім? – деп, құмарлықпен сұрады Илько тостағандай көкшіл көздерін әкесінен айырмastaн.

Баласының бұл сұрағында бос құмарлықтан гөрі сол келген адамдардың жайдан-жай келмегенін сезгендей, енді-енді соны анығырақ білуғе ынтыққандай кескін бар еді. Григорий Васильевич баласының бетіне қарап, солғана жымыши күлді де, артынша бір сөт ойланып қалып:

— Осы уақытқа дейін тамақ ішией, мені күтіп, аш отырғандарың не, ә?— деп, әлгі сұраққа берер жауапты ойлас-тырган тұрмен, әңгіме бетін басқа жаққа бура түсті.— Мені күтіп, баланы, өзінді осынша зарықтырармысың, мені осыдан келмей жоғалып кетеді деп ойладыңдар ма? А, жоғала қалсам, сендер бар тамақты жемей, аштан өле-сіндер ме? Бұларың жақсы әдет емес.

Ол тағы да аз кідірді де, баламнан оның несін жасыра-мын дегендей:

— Айтпақшы, әлгі сен сұраған кісі Ржишевтен, аудан-дық комитеттен келіпті. Илько, сенің көзің оны қайдан шалып жүр? Ол қас қарай, қаранғы түскен соң келген еді ғой?— деп қарсы сұрақ берді.

— Мен бе, мен ол кездे мектептен келе жатыр едім, бір машина селолық советтің қеңсесіне келіп тоқтады. Бейтаныс адам машинадан түсті де, қеңсеге асыға басып кіріп кетті,— деді Илько.— Бірак жүзін абайламай қал-дым, өзі қандай адам?

— Ал сендердің мектептерінде не болып еді, кеш қай-тысыңдар ғой?— деп сұрады ол.

— Мектептегі пионерлер мен комсомолецтер жиналып, майдан хабарларын оқыды,— деп қөнілдене сөйлемді Илько.— Ересек комсомолецтер ертең военкоматқа барып, армияға өз еріктерімен баруға сұранбақшы. Олар кешкі қарай винтовканы, пулеметті, гранатаны оқып үйренеді. Ал, бізге сендер әлі жассыңдар деп, мацына жуыттайды, он төрттегі бала жас бола ма екен!

— Комсомолецтердің мұнысы игілікті іс екен. Соғыс жаңа ғана басталды ғой. Олар — Отанымыздың ең адал жас перзенттері өрі ұрыстарда бізге керек болады ғой. Олардың соғыс өнерін үйренуге ынталана кірісуі, әрине, жақсы,— деді Григорий Васильевич ұлының сөзін ықылас-тана тындалап,— бұл — сүйсінерлік іс. Ал әзірше оларға мұнда да жұмыс табылады. Тылды нығайту — майданда белдескенмен бірдей, ізгі іс.

Григорий Васильевич баласына жылды шыраймен қарады.

— Ал, өкесі, аудандық комитеттен келген қонақты үйге неге шақырмадың?— деді Мария Исаковна еріне.

— Василий Алексеевич менен бұрын шақырып қой-ыпты. Ол колхоз партия үйымының секретары ғой, мүмкін, келген адаммен ол кейбір мәселелерді шешуі керек шығар. Мениң онымен қабаттасқым келмеді.

— Ал майданнан қандай хабар бар? — деді Мария Исааковна өлгі келген адам бір жаңалық айткан болар деген оймен.

— Мама, сен қызық екенсің, — деді Илько. — Мен майдан жайы туралы саған нақ қазір екі сағат бойы айттым ғой. Түсінбедің бе? Ең басты, жаңа хабарларды айттым, ал енді тағы папамның мазасын аласың.

Анасы сәл жымия баласына қарады да:

— Сенің айтқандарыңа косар жаңалығы бар ма екен дегенім ғой! — деді.

Григорий Васильевич көз қыығымен баласына қарады да, ұлкенмен де, кішімен де, жатпен де, жақынмен де сөйлескендегі ежелгі байсалды, ұстамдылығымен, сөздің бір жағын қалжынға айналдырғандай:

— Илько, маман дұрыс сұрап түр, екіншіден ол сенің созіне иланбагандықтан емес, тағы не бар екен деген оймен сұрады. Шешениң өлгі келген адамның қандай жаңалық хабар әкелгенін білгісі келіп түр ғой, — деп түсіндірді баласына Григорий Васильевич. — Сен озің білесін, біз әр уақытта саған сенеміз, сенің өтірік айтпайтыныңды біз жақсы білеміз, мектеп оқушылары отірік айтпайды, олардың ададыққа берген анты бар.

Илько шешесіне кінәлы адамша «артық айтсам кешірерсің» дегендей мұңая қарады:

— Мен мамама біраз өкпеледім, ойткені ол майдан жайын менен сұраған еді, мен бар білгенімді, естігенімді айттым, ал енді тағы да сенің мазанды алмасын дегенім ғой, артық болса, мамажан, кешіре көр, — деп ол мамасына бұрылды.

Мария Исааковна ұлын құшақтап, оны бауырына қатты қысып, торсиган қызыл жүзінен шөп-шоп еткізіп құшырлана сүйіп алды.

Григорий Васильевич әйелі мен баласының құшақтасып тұрысына аса бір ұлken мақтаныш сезімімен, әкелік мейірмандықпен жайдары қарады, ол аз кідірістен кейін, сабырмен әнгімесін айта бастады.

— Аудандық комитеттен келген жолдас жиналыста бізге мынаны хабарлады: қарғыс атқан гитлершіл сұмырайлар тосыннан бізге бас салып, өзінің сыйбайластарымен жаулап алған елдерден көп күш жинап, Қызыл Армия бөлімдерін ығыстырып, еліміздің ішіне қарай баса-көктеп келеді, — деп бастады Григорий Васильевич. — Біз дереу

эвакуацияға өзірленуіміз керек, бірақ ешқандай абыржу болмауға тиіс. Еркін, адал енбегімізben табылған бір сабак жібіміз жау қолына түспейтін болсын. Жау табаны уақытиша жерімізді басса да, төрімізді баспасын!

— Оңбаган бұл иттер бәрібір алыс кете алмайды, оларды біз құртамыз,— деп ызалана, даусын көтере сөйлемді Илько.— Біздің бәріміз Қызыл Армияға, оның жауынгерлеріне жәрдемдесеміз. Біздің Армия құнты! Жау біздің халқымызben соғысу дегеннің не екенін көретін болады. Ал егер мені армияға алатын болса, мен де барамын.

Илько осы сөзді айтты да, бірсесе шешесіне, бірсесе әкесіне қарады.

Григорий Васильевич пен әйелі екеуі балаларының бұл сөзіне сүйсініп, оны мақтанын ете, бір-біріне қарады.

— Саган әлі ертерек, сенсіз де жеңерміз, өзірше сабыр ете тұр. Дайындала бергенің артық болмас.

— Әрине, біз жеңеміз. Бас қолбасшы үшінші июльде не деп еді? Әне, менің столым үстінде жазулы тұр, қарашы: «Жолдастар, біздің күшіміз ұшан-теніз. Дандастыған жаудың бұған көп кешікпей-ақ көзі жетуге тиіс. Біздің жеңісімізге қарай, алға!» Міне, осы сөзді біз өруақыт есте үстауға тиіспіз,— деп бітірді сөзін Илько әкесін айқара құшақтап.

— Сөз жоқ, бірде-бір совет адамы біздің жеңетінімізге шек келтірмейді,— деп оның сөзін қостады Григорий Васильевич.— Сүйікті ұлым, біздің қайсымыз болсақ та, өз Отанымызды төсімізді төсеп қоргаймыз. Отанымыз үшін, халқымыздың бақыты үшін қасықтай қанымызды аямаймыз. Кінәсyz совет адамдарын: қарттарды, жастар мен сәбилерді өлтіргені үшін, біздің адал енбегімізben, мандай терімізben жасалған мәдениет мұраларын талқандағаны, бұзғаны, бұлдіргені үшін бұл зұлымдардан кек аламыз.

— Папа, сенің «партия не айтса, бәрі орындалады» деғен сөзінді мен ешқашан есімнен шығармаймын. Біз жеңеміз, мұны жүрттың бәрі біледі,— деді Илько мақтаниш сезімімен.

Оның айтқан осы сөзі әлдилегендей, конілін жай таптырығандай болды білем, ол әкесінің көз алдында маужырап үйықтап кетті.

Танертен сельсоветке келе жатып, Григорий Васильевич сельсовет үйінің сатысында тұрған Василий Алексеевичті корді. Тегі, ол мұны тосып тұрса керек.

— Қартым, үйіқтамаған екенсің, көзіңнен коріп тұрмын,— деді, саулығын сұрастыра тұрып Василий Алексеевич Буряк.— Мен де көз шырымын ала алмадым.

— Ал, әлгі жиналыс жайы қалай болды, қай сағатқа, қай кезге шақырамыз?— деп сұрады Буряктан Григорий Васильевич.

— Кешкі беске деп тұрмын. Халыққа ертерек құлақ қағыс ету керек, олар жұмысын кешкі сағат беске дейін бітіретін болсын. Ал біз қазір колхоз басқармасымен, селолық Совет председателімен келісіп, сол жиналысқа дейін жұмыстың бәрін ойластырып қоюға тиіспіз, адамдарды шақыруға Захар қартты жібердім.

— Василий Алексеевич, комсомолдардан да адамдар шақыру қажет болар және активтің кейбіреулерін келтірген жөн болар.

— Абыржыманыз, Григорий Васильевич, бәрі де ойланыныздай болады. Комсомолецтер шақырылады. Оның ішінде Ильконы да шақырам. Оны білетін боларсыз деймін? Ол — біздің кішкентай активисіміз. Ұларға қоса бригадирлер — Ефим мен Стратон қарттарды, әйел активтерден екі сауыншыны шақырмақпын... Мениңше, жеткілікті болар.

— Иә, әрине, жетеді, мұны қуаттаған жөн болар.

Жиналыс тұра сағат бесте басталды. Парторг Буряк эвакуация жоспарын, оның қалай үйымдастырылатынын айтып берді.

Жиналыс өтіп жатқан кішкене бөлме іші құлаққа үрған танадай. Тек оқтын-оқтын өрбір бұрыштан ауыр құрсінулер гана естіледі. Кімге болса да, атамекенін, туып-өскен жерін, өз қолынан салған үйін тастап кету онай соға ма екен! Мұндағы мәдениет, байлықтың бәрін өлар өз қолдарымен жасады, сондықтан да мұндағы әрбір зат, үй, жер — бәрі де жандарына сондай жақын, сондай қымбат.

Ертенінде танертең осындағы тұрғындардың әрқайсысы әбігер-абыржусыз, зор сабырмен өз жұмыстарымен шұғылданды. Мал, астық және колхоздың басқадай мұліктерін алыс тылға жөнелтуге ыңғайлап, әзірлей бастады.

Софыс тәнірісі атанған артиллерия канонадасының алыстағы дүбірі Малый Букринге де еміс-еміс естіле бастап еді. Жаудың шабуылы үдей түсті. Селодан Қызыл Армияның уақытша шегінген кейбір бөлімдері, обоздар,

көліктер, зенбіректер және үсті-басын тозаң басқан солдаттар өтіп жатты.

Абыржу, асығыстық күшіне түсті, майдан барған сайын Днепр өзеніне жақындағы. Канонада дүбірі барған сайын айқын естіле бастады. Жау бомбардировщиктерінің қарақұрым топтары Днепр үстін жиі-жиі торып жүрді. Бомбаның бірлі-жарым жарылған даусы естілді.

Шығысқа қарай обоздар мен зенбіректер тізбегі созылып өтіп жатты. Олардың соңынан жарапанған солдаттар қабактары қатып, тұнеріп, ілби басып келеді. Осы топтардың ішінде балалы әйелдер мен бала-шаға, кемпіршалдар да кетіп барады. Туған жерден кетіп бара жатқан осы бір қалың топ ертең-ақ қайтып ораларына сенімділікпен, оның үстіне өжет қаталдық пен ыза кернеген ашу, нағылетпен кетіп бара жатыр.

Немістер селоға жақындағы. Малый Букриннің коммунистері мен комсомолецтері аудан орталығы Ржіщев қаласына кенет шақырылды. Аудандық партия комитетінің үйгаруы бойынша жау тылышындағы астыртын жұмысқа қалдырылған жолдастардан басқа барлық коммунистер мен комсомолецтер Қызыл Армияның шегінуші болімдеріне қосылуға тиіс.

Малый Букриндегі подполье жұмысына Григорий Васильевич Витряк пен Василий Алексеевич Гуряк қалдырылды.

Илько көп кешікпей-ақ бұл жаңа жағдайға тез көндікті. Аспанды торып жүрген жау самолеттерінің гүрліне ол құлақ салмады. Бұл оған үйреншікті үн болып кетті.

Бірақ баланың еңсесін бір ауыр зіл басқандай, көңілсіз де, ойлы да еді.

Илько ата-анасының жүзіне де кейде үрейлене, кейде мазасыздана қарайтын. Соңғы уақытта Григорий Васильевич те тым өзгеріп кетті. Оның оні сынып қартайынқырап жүдеді, бірақ ол сол бұрынғы қалпынша сабырлы да үстамды болып қала берді.

Бұл күнде Ильконың кең пейіл, рақымды шешесінің бетіндегі әжімдері қалыпташып, жағы сорайып, тостағандай үлкен қара көздерінен қайғының, уайымның ізі сезіліп тұратын болды. Бірақ ол да бұрынғыша жұмысқа жігерлі, ерінбейтін, жалықпайтын еді, ымырт жабылғанға дейін шаруасымен тынымсыз айналысады да жүреді.

Бала да болса сезімтал, жаны жақсы, есті Илько ата-анасының жүзіндегі бұл өзгерістердің себебін жақсы түсінетіп. Ол ата-анасына бұрынғыдан да мейірімді, рақымды болуға тырысты, шамасының келгенінше қолғабыс етті. Оларға үнемі жақсылық істеуге, анасының үй ішіндегі жұмысына көмектесуге, оның жұмысын өзінің қолғабысы арқылы болса да женилдетуге тырысты.

Бұл қауіп-қатерлі күндерде Илько жастығына қарамастан, Василий Алексеевичке де қатты қолғабыс тигізді.

Парторг оған жіңі-жіңі тапсырмалар беріп тұрды. Илько оларды мұлтіксіз, барынша тындыра орындаады. Ол өзінің жақын, қымбатты, қадірлі адамдарына осындағы киын-қыстау күндерде қолынан келгенінше септігін тигізіп, тапсырмасын орындағанын едоуір-ақ мақтаныш ететін.

Осы жуырда-ак ол еліміздің алыс тылыша карай мал айдал кеткен жолдастарына қызғана қараған еді. «Менімен Карайлас болса да, анау балалар манызды тапсырмалар алды, ал мен болсам, құр босқа жүрмін, маған ешқандай тапсырма бермейді» деп ренжитін. Енді ол ой ескіріп, артта қалып бара жатқан сияқты көрінді. Василий Алексеевич оған сен пионер вожатыйсың, саған осында болу қажет дегенде, парторгтың бұл сөзі оған қалжың сөздей көрінуші еді, ол мұны қорлықтай көріп жылап жібере жаздайтын. Бірақ біраздан соң Василий Алексеевичтің бұл сөзінің қалжын емес екенін оның көзі әбден жетті.

Бір күні таңертен селолық советтің күзетшісі Захар карт ойнек қақты. Илько жаңа гана ыдыс-аяқты, еденді жуып, киімдерін тазалаған-ды. Үйде тірі жан жоқ еді. Экесі мен шешесі таң қылаулана үйден кетіп қалған болатын.

— Илько, үйдемісін? — деп айқайлады Захар карт.

— Ата, үйдемін, ата, үйдемін, — деп жауап қатты Илько, есікті ашып жатып.

— Сеіі Василий Буряк шақырады, дереу келсін дейді. Тездет...

— Қазір, міне, ата, — деді ол асыға кийіп, парторгтің шақырғанына қуанып кетті.

Бірнеше минуттен кейін жүргегі алқынған Илько партком есігін қақты.

— Кірініз, — деген Василий Алексеевичтің даусы естілді.

Илько болмеге жүгіре кірді... Бірақ қатты абыржып қалды, ойткені үлкен жазу столындағы Василий Алексе-

евичпен қатарласа креслода өз әкесі Григорий Васильевич отыр.

Ол әкесінің күтпеген жерде отырғанына едоуір-акынғайсызданып қалған еді.

— Илько, маған ешқандай тапсырма бермейді деп ренжулі едің сен,— деді Василий Буряк оған қарап,— бұғін бір аса манызды тапсырма болып тұр, мұны сенен бөтен адамға беруге болмайды. Мынау пакетті Дудари селосына апарып, тек партком секретарына ғана табыс ету керек. Конверттің сыртына алдым деп, ол қол қоятын болсын. Жолда абай бол, қазір сан қылыш адамдарды кездестіруге болады, ал пакет өте құпия. Саған бұл түсінікті болар,— деп қадағалап айтты Василий Алексеевич.

— Бәрін ұқтым,— деді Илько.— Тапсырманы орындауға өзірмін.

— Ал Дударига қалай барамын деп ойлайсың?..— деп сұрады парторг.— Жаяу ма, салт па?

— О не дегенініз, Василий Алексеевич,— деп Илько наразылық білдірді,— қазір салт атпен қауіпті, жаяу барғаным дұрыс. Егер біреу-міреуді көре қалғандай болсам, кез келген бұтаның түбіне жасырына қоюға болады. Ал атпен қайда сыйысың, ол қайта өзінді үстап береді.

Григорий Васильевич баланың тапқырлығына барынша риза бола күлді, ал Василий Алексеевич те оның байсалды, сабырлы кескініне қарап, сөл жымып койды.

Ол ішінен «Осындаі зерек, тапқыр балалардан жақсы барлаушы шығар еді» деп ойлаган пішінін жасыра алмаған еді.

— Илько, сенің мұның жөн болар,— деді парторг пакетті ұсынып жатып...— Өзің қайсысын жөн дейсің, соны істе. Әйтеуір, сақ болғайсың, тапсырманы орындасан, болғаны.

Илько пакетті қамзолының сол жақ қалтасына салды да, жүріп кетті.

Тапсырманы орындаітын сапарға аттанардан бұрын Илько үйіне сокты да, сақтық үшін үстіндегісін тастап, ескі костюмді киді, сонсоң тапсырманы орындау сапарына кетті.

Алғашқы тапсырманы ол жаман орындаған жок.

Дударига бара жатқан жолында ол ешқандай оқиғага, тіпті, ешбір адамға ұшыраспады, ал үйге қайтып келе жатқанда, Мартыновканың бағы арқылы жүрген еді. Иль-

ко бақ ішіндегі жалғыз аяқ жолмен емес, бұта-бұтаны қуалап қиялай жүрді. Бақтың Малый Букрин жағындағы шетінен жиырма метрдей жер қалғанда, Илько бақтың қалың бұталарының арасында жасырынып отырған сорайған бір ер кісін көрді. Бұл Ильконы қайран қалдырыды, оның отырысы оған тым-ақ құдікті корінді.

«Озі үлкен адам, ал менен жас баладай-ақ құты қашып, үрейленін кетті. Не де болса, мұнда бір терен сыр бар» деп ойлады Илько ішінен.

Бакқа таяна бергенде, Илько ойламаған жерден, қолында бір түйіншегі бар баланы көрді. Бала бұта-бұтанаң арасымен сақтана басып, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, Илько бет алған жаққа қарай кетіп бара жатыр.

Илько бұға қалып, біраз кідірді, мұның қайда баратынын байқау үшін оны ілгері жіберіш, бақтан шығуын күтіп тұрды.

Бұл баламен бақ ішінде жасырынып жатқан адамның байланысы барлығын ол осы бір сөтте-ақ ангарып қалды.

Қолында түйіншегі бар бала Малый Букринге қарай бет алды, ал Илько бұл кезде бақтан шықты да, әлгі баланы жылдамдата басып, лезде қуып жетті.

Илько бұл баланы жақсы танитын-ды. Бұл Малый Букриндең бұрынғы кулак Роман Гердюктің баласы еді, әкесі іріткі жасағаны, колхоз мұлкін үрлағаны үшін он жылға сottалған болатын.

Илько Роман Гердюктің бүкіл семьясын білетін-ді, бұл залымды Малый Букриндеңлердің бәрі жек көретін.

Илько баланы қуып жеткенде, ол сасқалақтап, оған кінәлы адамдай жалтақтай қарады.

— Тамақты Мартыновкада кімге апардың, мені көргенде, бұтаға жасырынған әлгі адамың кім?— деп сұрады Илько оған сұстана қарап.

Ол баланың аты Вания еді. Вания күмілжіп, сықсиган, іркіліп жас келген көздерімен Илькоға үрейлене қарады да:

— Ол менің өкем еді, соған тамақ апарып келе жатырын,— деп жауап берді.

— Е, әкең ол жерде не істеп жүр? Эй, тоқта, ол несіне жасырынады, шынынды айт!— деп, Илько Ванияға қатуланып, сұктана қарады.

— Ол үйде бір-ақ рет болды, коммунистер ұстап алып, қамап қоя ма деп қорқады,— деді даусы дірілдеп Ваня.

— Ол әзірше орман ішінде бас сауғалап жүр, немістер біздің селога қашан келер еken деп құтетін болуы керек менінше. Солар келісімен-ақ, әкем үйге оралмақшы.

— Ал енді айт, әкен үйлеріне қашан келді?— деп, даусын бәсендете сұрады Илько.

Мұнда келгеніне он шақты күн боп қалды. Үш күн үйде, ал бір күн Мартыновкада түнеді,— деп жауап қайырды Ваня, қолымен көзін сұртіп жатып.

— Ал ол бұған деңн қайда болып еді, билетін шыгарың?— деп сұрады Илько, балаға сынай қарап.

— Донбаста болса керек, әкемнің мамама айтқанынан аңғарып қалдым,— деді Ваня, ешбір құлықсыз балалық анқаулықпен.

Ол мұның бәрі тосыннан тап болған өжет баланың бастырмалатып берген сұрақтарына үрейлене тұрып, аңғал айтылған ағатсыз шындық еді.

Илько селога келісімен, еш жерге токтамастан, селолық советке келді.

Парткомда жалғыз гана Василий Алексеевич бар екен, ол алдында жаткан көп қағазды актарып отыр. Илько тапсырманы орындағанын айтып, сыртында «алдым» деген белгісі бар конвертті парторгке ұсынды.

Василий Алексеевич Илькоға алғыс айтты, жолда ешқандай уақиға болған жоқ па деп сұрастырды. Илько алғашқыда қысылып, абыржып қалды.

Осы кезде есік ашып, Григорий Васильевич кіріп келді.

— Ал не, қалай Илько, барған жұмысыңды тындырыдын ба?— деді әкесі.

— Жігіт екен сіздің балаңыз, өжет, пысық бала,— деп Илько үшин Василий Алексеевич жауап қайырды.

Парторгтың мақтағанына Ильконың мерейі өсіп, көнілі көтеріліп қалғандай болды.

— Менің жұмысым жаман емес қой... Мақтағаныңызға ракмет. Мен жолда бір жайсыз жайды көрдім,— деді Илько алқына сөйлеп.

Ол Мартыновкадағы бақта Роман Гердюктің жасырын, бейсауат жүргенін жөне оның баласы мен өзінің өңгімесін бастан-аяқ баяндал берді.

— Ие, бұл онша ұнамды хабар емес екен,— деді Василий Алексеевич қабағын түйіп.— Сақтығын үшін саған

алғыс айтамын. Сен жақсы барлаушы, кейін тәуір тергеуші болады екенсін.

— Ие, бұл едөуір үлкен жаңалық,— деп күрсінді Григорий Васильевич.— Жарайды, балам, үйге бар, демал, Гердюк туралы тіс жарып ешкімге ештеңе деуші болма. Мамаңнан басқа тірі жанға ләм деме. Түсінікті ме?

Григорий Васильевич есікten сыртқа беттеген баласына сүйсіне қарады.

— Эке, бәрін де үктым. Бала да болсам, анғарам ғой,— деді де, Илько шығып кетті.

— Бұл онбаған, жебір тышқандар індерінен шыға бастаған екен,— деді Василий Алексеевич Буряк қабағын түйген қатулы түрде,— бұларды жау келмей тұрып, ерте-рек тұншықтырып тастаған жөн болар. Өйтпесек, олар ертең біздін жалпы ісімізге кеселін тигізеді, жеңіске ұмтылған талабымызға бөгет болады.

— Иә, жау қайдан келсе, онан келсін, жаудын аты — жау, сондықтан жау атаулының қайсысына болса да, рақым болмау керек. Фашист айуан сияқты, ішкі дүшпан да бізге қауіпті.

Жиырма адамды қару-жаракпен жабдықтап, Василий Алексеевичтің бастауымен екі күн ұдайы олар Мартыновканың ой-шүкірын, барлық қуысын, бау-бактарын сүзіп шықты. Бірақ бұл іздеудің нәтижесі болмады. Роман Гердюк те, оны жасыруышылар да табылмады.

Осы уақиғадан соң біраз күндер өтті, қанылезер қорқаулардың фашистік тобырлары Малый Букринге де баса-көктеп енді. Бұл зұлымдармен бірге өлгі азғын Роман Гердюк те селоға келді. Ол селолық староста бол тағайындалды, селоны билеп-төстеді, кінәсyz жай халықтың басына әнгір таяқ ойнатып, ойына келген арамдықтарын жасады.

Григорий Васильевич Витряктың үйінің құлышын бұзып, староста оған неміс комендатурасын орналастырды, ал өзі селолық советтің үйін алды. Гитлердің сұрғылт шинель киген сүр шегірткелері деревняға кара құрттай жабылып кетті. Олар бейбіт халықка зорлық-зомбылық көрсетіп, талауға кірісті, маскүнемдікке салынды, халыққа жәбір-жапа көрсете бастады.

Ертеңінде-ақ басқыншылар «жана тәртіп» орнатуға белсене кірісті. Селоның тап ортасына, мектеп қасындағы аланға дар ағашын орнатты. Үшінші күні таңертенгі

онда олар селоның барлық халқын зорлап осында айдал әкелді. Міне, осы халықтың көзінше Малый Букриннің ең таңдаулы он екі адамын ешбір жазықсыз дарға асты.

Бет-ауыздарының мылжа-мылжалары шыққан, оне бойларын қан басқан оларды дар қасына сүйреп әкелді. Олар соққыдан аяқтарын тәлтіректеп баса алмайды. Барлығын бір арқанға көгендепті. Ұрып-соққанға, қорлық-жәбірлеушілікке қарамастан олар енселерін жогары көтеріп, тайсалмай жүріп келеді, коммунистік қажырлылық, табандылық өмірінің актық минуттеріне дейін олардың рухын төмен түсіртпеді. Олар халықты көргенде бұрынғыдан да жігерленіп, ақырғы күштерін жинап, енселерін көтере жогары қарады:

Дарға асуға алыш келген осынау топтың ішінде Григорий Васильевич Витряк тұр. Ол бойын жинап, басын көтеріп алды да, мұнайып тұрган халыққа қарады.

— Жолдастар, ширандар, табанды болындар, мұнайғанмен іс бітпейді, фашист арамзаларына қарсы рақымсыз құресіндер. Тұған жерімізді, балаларымызды қорғандар. Қызыл Армия қуатты, ол мәнгілік өмір сүреді, ол ертең-ақ қайтып оралып, бұл сұмырайларды біздің қасиетті жерлерімізден қуады, қарасын өшіреді! Жасасын Коммунистік партия!— деп, оның даусы қатты шығып, сол бір сәттен-ақ тез үзіліп кетті. Неміс офицері жанталаса жүгіріп келіп, оны бар пәрменімен жақтан салып жіберді. Григорий Васильевич неміс офицерінің арсыз, жексүрын сықпытана жирене, кекті ашумен қарады да, бетіне түкіріп жіберді. Ол бұрынғысынша қайсарланып, бурыл басын төмен имеді, мелшип тұрып қалды.

Тұнеріп, үн-тұнсіз тұрган қалың қөптің ішінен ол өзінің әйелі мен баласын іздестірді, бірақ оларды көрді ме, көрмеді ме, белгісіз, әйтеуір бірдене деп күбірлеп олармен ойша қоштасқандай болды. Бірақ оның даусын ешкім ести алмады.

Алдымен Витрякты асты.

Жүректі өртеген қайғы-қасіреттен, ауыр жан азабынан Мария Исақовнаның тек құр сұлдері ғана тұр. Оны Стратон қарт қолтықтап, сүйеп тұрды, анасының қасында оның қолын қапсыра ұстап, сүйікті әкесінен көз алмай Илько тұрды.

Осы бір минуттер қандай ауыр, қандай қасіретті еді. Кексе тартқан ақ самайлы әйелдің көз алдында оның көп

жыл отасқан жолдасын асса, оның ең сүйікті баласының алдында әкесін асып өлтірді.

Мария Исаковнаның білеудей болған көздерінен үміт оты сөніп, ерінің жүзінен көз ала алмады, ол өзіне ең жақын, сүйікті адамның бейнесін мәңгілік жүрегінде сактап қалғысы келгендей, козін кең аша тұсті. Оның көзінен бір тамшы да жас шықпады, көздері жансыз, өлдебір әйнек сияқты болып кетті.

Илько да жылай алмады. Тек оның жүрегін кернеген азап қайғыдан ол әлсін-әлсін ауыр күрсініп қояды. Жауга деген ызалы өшпенділік оның жүрегін өртеп барады. Ол әкесінің мойнына арқан салған кезде бетін басып, теріс айналды.

Олардың денесі үш күндей дарда асулы тұрды. Маркұм әкесінің сүйікті жүзін, тірі кезіндегі мейірімді келбетін көру үшін Илько күн сайын жасырынып келіп жүрді. Ал төртінші күн танертең олардың бірде-бірінің денесі жоқ болып шықты. Қайда жерленді – оны ешкім білмеді.

Азалы анасын үйге қалдырып, жетімдікке душар болған Илько әкесінің өлігі тасталған жерді іздеуге шықты.

Ал бұл кезде Мария Исаковнаны немістер бүкіл деревняны шарлап іздеуде еді. Мария Исаковна мен баласы екеуі баспаналаған Стратон қарттың үйіне Василий Алексеевич жүгіріп келіп, бұл жайды оған ескертіп кетті.

Мария Исаковна көрші Ромашка селосындағы сінлісінің үйіне қашуға үйғарды.

Стратон қарт атalyқ қамқорлық жасап, Мария Исаковнаны бақша ішімен селоның шетіне шығарып салды. Жендертер ерін асқаннан бергі аз күн ішінде ол тұнғыш рет қана егіле жас төгіп, қартпен қоштасты да, әрі қарай жалғыз жүріп кетті. Жазық далаға шығысымен, мина комілген далаға килігіп, ойда жоқта, кенеттен қаза тапты.

Жас Илько ана өлігінің алдында жыламауга өзін-өзі мықты ұстап, қажырлы, қайратты болуға, жаудан әкесі мен шешесінің өлімі үшін кек алуға айт берген еді.

Бақытсыз әйелдің өлімінің күәсі болған Стратон қарт Ильконы өзіне алып, оны есіркеп, бауырына басты, туған-туысқандарының өлімі жүрегіне өшпес жара салған жас баланы ол атalyқ мейіріммен жақсы көрді. Өзінше қамқорлық етті.

Бұл көгалды май айының аяқ кезі еді. Жас командир Темір Болатов басқарған шағындау партизан отряды

таңсәріде Мартыновканың үлкен бағына келіп жетті. Бұл Малый селосынан алыс емес еді, осы жерде партизандар жергілікті подпольщиктермен кездесуге уәде етіскең.

Шапақ шашқан күн сәулесі ағаш басына нұрын мол түсірген кезде, біраз көз шырымын алғаннан кейін отряд бақтың ішінен шығып, бүргенді қалың тоғайдың ортасына енді де кетті. Осы жерден селоны бақылауға, ондағы жағдайды білуге қолайлырақ еді.

Осы жерден жан-жақты бақылай отырып, партизандар бақтың шетінен бір бала көрді. Ол жуан таяққа сүйеніп, әлдекайда қияға көз жіберш түр. Онаи он қадамдай жерде үш сиыр оз жайымен қалың қауда жайылып жүр. Бала сиырларға емес, әлдекайда қиялдай қарайды.

— Жолдас командин,— деді партизандардың біреуі Болатовқа бұрылып,— бақташы баланы осында әкелуге рүқсат етініз. Одан тіл сұрауға, біраз жайды білуге болар еді.

— Әзір қажеті жоқ,— деп жауап берді командин,— бақ төңірегін байқап, шолып шығу керек, бұл манда біреу-міреу жоқ па еken, тексеру керек.

Дереу екі партизан, біреуі сол жаққа, біреуі он жаққа төңіректі байқау үшін жөнелді, олар көп кешікпей қайта оралды.

— Айналаны шолып шықтық, тірі жан жоқ, сілімтірлердің оздері де, қоленкесі де, жергілікті шаруалардың да бірде-бірі көрінбейді,— деп баяндады өр уақыт жайдары жүретін жас партизан Иван Чуляк.

Осы кезде бақташы бала үйқыдан оянғандай селк ете түсіп, басын жоғары көтеріп алды да, аяғын еріне, баяу басып, тура партизандарға қарай жүрді. Ол бақтың тоңірегін көмкергендей айнала тартылған жінішке арықтың ішімен баққа келіп жетті, ол партизандардан үш қадамдай-ақ жерде түр.

Партизандар бұта арасынан оған танырқай қарал, әрбір қымылын бақылап түр.

Бала кілт тоқтай калды да, үлкен адамдай ауыр күрсінді, баланың жүзінде зілді қайғының терен ізі жатқандай көнілсіз еді.

Баланың назарын аудару үшін және оны тосыннан үрейлендірмеу үшін, отряд командин партизандар жатқан бұтаның жапырағын ақырын ғана елпен қозғап дыбыс берді.

Бала сол сәтте-ақ құлак тіге қалды, орнынан кілт жылжыды да, бұтаны майыстырды, ол партизандардың тап алдынан келіп шықты.

Ағаш арасында бөтен адамдармен кездесу оны онша үрейлендіре қойған жоқ, ол бойын тез жиып алды, абыржып саспады да, танырқамады да, бала жақын коретін жақсы адамдарын, іздең жүрген кісілерін тапқандай, әлдебір жақсы достарымен кездескендей болды, мұны оның сүйкімді, балалық кескініндегі жайдары, мейірімді құлқісі ой тоқтатып, қындық көріп, жан азабын басынан өткізген адамның бейнесін көрсетерлік еді.

Бала денесі дембелшен, әп-әсем, иықты еді. Оның кайратты қою сары шашы кен мандаіына түсіп, қалың қастарының астынан мөлдіреген тостағандай көкшіл әдепті көзі ғана жайнап тұр.

Оның үстінде тозығы жеткен көне костюмі бар, оның жағасы астынан қоныр сиса көйлегі корініп тұр. Ал аяғында лыпасы жоқ, ол фуражкасын артына шалқайта киіпті.

Оның тозығы жеткен костюмі мұның иесінің оны талайдан үстінен тастамағанын айтпай-ақ анғартқандай еді.

— Партизандар боларсындар? — деді бала сыбырлап.
— Ал егер партизан болсақ ше, бір нөрсе айтпақсың ба? — деді командир, оның жайдары жүзінен көз алмастан.

Баланың жүзінде әп-сәтте шаттық ныншаны ойнап шыға келді, оның көздері жайнап, өңіне шырай кіре бастады, оның жүрегі лұпілден жиі соққан сияқты еді.

— Атың кім? — деді Болатов.
— Илько.
— Жақсы екен есімің.
— Командир сіз боласыз ба? — деді ол командирге қарап.
— Ие, менмін, — деді Болатов жымия құліп, — ал оның саған не керегі бар?

— Менің де партизан болғым келеді. Мені отрядқа алышынды, — баланың мейірімді көздері командирге жалынышпен қарады. — Мылтық ата білемін, қаруым да бар. Осы таяу жердегі бір сайға винтовкалар мен патрондар жасырып қойдық.

Бала соны айтқанда бұрынғыдан да көнілденіп, партизандарға мақтанышпен қарады.

— Ал сениң винтовканды кім алғып жүреді? Біздін басы артық адамымыз жоқ, — деді Василий Бутенко, оған қалжындал.

Бала қысылмады, ол Василий Бутенкоға салмақпен қарады да:

— Винтовканың маған ауыр екені рас. Бірақ менің кесілген, қысқа мылтығым бар, оның тілін білемін,— деді сабырмен.

— Е, сен, оны атып көріп пе ең?— деп сұрады Болатов онан.

— Сан атқанмын,— деп мактана жауап берді ол.

— Фрицтер оны сенен тартып алмады ма?— деп сұрады партизанның біреуі, оның қалай атып жүргенін білгісі келіп.

— Фрицтер ме?— деді бала танырқағандай,— ол сұмырайлар біздін қаруларымыздың қайда екенин еш уақытта біле алмайды,— деді ол қызына сойлеп.— Біз винтовка мен патрондарды анау бактың ар жағындағы сайға жасырдық. Ал мылтық атуға сонау Дудари селосына барамыз. Онда терен жар бар, ол — біздің атыс орнымыз, үйренетін жеріміз.

— Е, сенің бізің кім?— деді Болатов оның жолдастарын білгісі келіп.

— Менің Михаил Гриценко деген жақсы досым бар. Сол екеуміз фрицтер мен полицейлерді қарусыздандырамыз, ал қаруды партизандар үшін жасырып, сақтап қоямыз.

Ол «осыларым дұрыс па» дегендей, командирге көңілдене қарады.

— Ал атудың не үшін қажеті бар сендерге?— деді партизан Иван Чуляк қуана жымиып.

— Атуды үйренбесек, басқыншы залымдармен енді қалай күресуғе болады?— деді бала, сұрау берушіге тандана қарап. Егер ата білмесең, партизанға не бетінмен баrasын. Бізді отрядқа кім алады?

— Сендер бұл фрицтер мен полицайлардың құралдарын қалай есебін тауып қолға түсіріп жүрсіндер? Кәне айт, тындалық,— деді отряд командирі Болатов, жерге отыра беріп.

— Мен оны айтсам, әңгіме ұзакқа созылады,— деп ескертпі бала.— Тындауға уақыттарының бар ма, айтайын ба?

Болатов макұлдап басын изеді де, оны өз қасына отырызды. Партизандар оны айнала коршап отыра қалысты.

— Немістер полицайлармен күнде арак, самогон ішіп мас болады, ішкенде, жығылғанша ішеді. Ол кезде олар-

дың винтовкасы түгіл, өздерін сұйреп әкетсөн де, ештеге сезбейді... Міне, сол уақытта Михайло екеуміз үйді торуда боламыз, ол үйдін бір қабыргасында, мен екінші қабыргасында күзетте тұрамыз,— деп бастады әңгімені батыл бала естияр адамдарша сабырмен.— Немістер тынышталған кезде не мен, не Михайло олар үйіктады ма еken деп, білу үшін байқауга барамыз. Ал мұны былай істейміз: не әйнек қағамыз, не есікті ашып-жабамыз. Егер осы кезде үйден біреу-міреу шыға калғандай болса, онда біз панасыз адам болып, бір тұн қайда түнеп шығуға болар еken деп сұраймыз.

Ал егер үй іші тым-тырыс болса, ешкім қыбырламаса, терезеге де, есікке де еш пенде келмесе, онда біз үйге еркін кіріп, бір-бірден винтовка, патрондар аламыз да, екеуміз екі жаққа кетеміз. Селоның сыртында түйісеміз де, сонау сайға барып, барлығын жасырамыз. Соңсоң олгі фрицтерден винтовка алған селога емес, екінші бір селога кетеміз.

— Бұл сияқты «ұрлықты» көп жасадындар ма?— деді Болатов онан әрі қалжындал, әрі жайды білгісі келіп.

— Михайло екеуміз үш рет, ал Михайлоның өзі бір рет жорық жасады, ол кезде мен науқастанып жатыр ем.

— Бірде-бірінде де ешқандай жамандыққа тап болмадындар ма?— деді партизан Попов.

— Эрине,— деді бала мақтаныш сезіммен.— Біз бала болсақ та, көп норсені аңғарамыз, абай болу керек екенін білеміз.

Ол әрі ойнақы, орі ойлы көздерімен жапа-тармағай отырган партизандарды бір шолып өтті. Оның бұл қарасында өз ісіне сүйсінген, оны басқалардың қалай көрерін білгісі келген ой бар еді.

Оның бұл көкейге қонарлық пікірлерін партизандар аса ынта қойып тыңдады.

— Мен Малый Букрин селосынанмын, ал Михайло Большой Букрин селосынан. Біз винтовканы Малый Букриннен қолға түсірсек, қоналқыға Большой Букриндері Михайлоның үйіне барамыз. Ал егер большой Букинге жорық жасасақ, Малый Букинге барып түнейміз...

«Біздің бұл айлакерлігіміз сендерге үнай ма» дегендей бала төнірегін қоршап, бар ынтасымен тыңдал отырган корі-жасты партизандарға қарады.

Баланың сөзі бүкіл отрядға ерекше әсер етті, оның әрбір сөзін ерекше ынта қойып тындалды. Олар бұл сыйылды батыр жастарды өсірген ұлы Отанымызға риза болған ыстық сүйіспеншілігін айтты.

— Командир жолдас, Михайло екеумізді партизанға алуыңызды өтінеміз, бізді алышыздар, біз жақсы жұмыс істейміз,— деп ол жалынған кейіппен Болатовқа қарады.

— Біз бұл жердін барлық ой-шұңқырын, Днепрдің ана жағалауы мен мына жағалауындағы барлық жолдарды жақсы білеміз. Днепрден өтетін өткелдерді де түгел білеміз, орманы мен бақтарын түгел білеміз. Біз қай селода қанша фашист сұмырайлары, қанша полицай бар екенін де білеміз. Біз отрядтарыңызда барлау жұмысында болайық, біз қолғабыс етеміз, бізден зиян көрмейсіздер, біздін тілегімізді орындауды өтінемін.

— Мұның бәрі жақсы, батырым,— деді Болатов.— Бірақ сен партизан отрядына тек сыналған адамдарды ғана алатынын білуің керек, неміс тылында озінің Отанға берілгендердің дәлелдеген адамдар ғана партизан, совет партизаны болады. Сөзіңе Караганда, Михайло екеуің біраз жұмыс істеген секілдісіндер, бірақ мұның бәрі рас па, жок па? Айта беруге болады ғой, бірақ біз құр сөзге сенбейміз, біз сендердің аты-жөндерінді, кабілеттерінді байқауға тиіспіз, талай сыннан өткіземіз.

Осы сөзді естігенде, баланың жүзі солғын тартып мөлдірген көздерінің нұры сөнінкіреп, онан қайғының ізі сезіле қалды, ол басын төмен салбыратып, ауыр бір құрсінді.

— Мен қазір өз жайымды бастан-аяқ баяндайын,— деді ол жайлап қана.— Менің атым — Илько, фамилиям — Витряк, жасым он бесте. Әкем коммунист болған. Фашистер біздің Малый Букрин селосына басып кіргенде, сол күні бір опасыздар әкемді немістерге ұстап берді, бұл сұмырайлар менің әкемді, онымен қоса селоның он бір активін ең жақсы, адал адамдарын дарға асты, шешем фашистердің қудалауынан құтылам деп жүріп, минаға жарылып олді. Менің тарихым осы! Маған сенбейсіндер ме? Сенсендер, мені топтарыңа қосындар!

Сонан соң Илько фашистердің Малый Букринге келгенін, олардың совет адамдарына істеген айуандықтарын бастан-аяқ айтты. Ол өз басындағы ауыр қайғыны айта отырып, мөлтілдеп жас толған көздерімен партизан-

дарға қарады, оның басындағы бұл қайғыға осы отырған бүкіл партизандардың жаны ашып отырғанын ол жақсы сезгендей еді. Осыны сезгеннен кейін ол командирге бауыр тарта жақындай түсті.

Ауыр күрсінші, ол үн-тұңсіз отырып қалды.

Басынан кешірген бұл ауыр қасіретті еске тұсіру оның жүреғінің бітпеген жарасын қайта қозғағандай болды. Партизандардың қай-қайсысы болса да, жаны жаралы, жүрегі қаяу бұл баланы есіркеп жұбатуға тырысты.

Біраздан сон оксігі басылған ол:

— Мен әкем үшін, анам үшін ғана емес, басқаларға істеген зұлымдықтары үшін өш алуға, кек алуға бел байладым. Бірақ мұны қалай істеу керек, ол жерін біле алмай жүрмін. Мен жалғызбын, оның үстіне кішкентаймын. Әкем мен шешем қайтыс болғанин кейін, он екі күннен сон, тосыннан-тосын Киевтен зор киыншылықпен Малый Букринге мениң апам Ганна келгенде, мениң қуанышым қойныма сыймады. Ол Киевтегі пединститутта оқытын. Сорлы анам Ганнаны коре алмады, оның келуін соншама күтіп еді. Әкем мен шешемнің өлімін естігенде, ол қалай егіліп жылады десеніздерші. Оның қеудесінде тек шықпаған жаны ғана қалды. Ол көзін бір жерден аудармай, сел қылып жас төкті. Мен оны құшақтап, қолымнан келгенше күні бойы жұбатумен болдым, бірақ ол ләм демеді. Тек қас карай есін жиды.

— Көз жасты құр босқа төге бергеннен не шығады, оман түк түспейді,— деді ол әлден уақытта, ойлана отырып.— Қимыл жасау керек, атамекенімізді аяққа басқаны үшін, біздің туған-туыскандарымыз үшін, әкем мен анам үшін кек алу керек,— деді ол, осы кезде оның әр уақытта мейірімді, рақымды коздері түнеріп, іштегі ызыл ашуды сездіргендей.— Сол кезде Ганна маған бұрынғыдан бір төбе жоғары көтерілгендей көрінді.

Ол анамдай мені құшақтап, бетімнен сүйіп-сүйіп алды да, сыйырлап:

— Қарғыс атқан фашистерден кек алу керек, оларды тұптамырымен құрту керек. Жасырын жұмыс жүргізіп жүрген адамдармен байланыс жасау керек. Әкем жалғыз болды дейсін бе, асылған он бір адамнан басқа да адамдар болуы керек, партия жасырын жұмысқа біраз адамдар тастанған болу керек. Оларды табу керек. Бұл адамдар бандиттермен қалай құресудің бізге жон-жобасын айтады.— Ган-

на маған партизандармен байланыс жасау қажет, олар Панилов және Хоцкий ормандарында болса керек, — деді.

Мен апамның сөзін ықыласпен тындадым, менің сөл сөтте-ақ бүкіл селоны шарқ ұрып, барлық үйлерді арапап шығып, олардың қайсысы жасырын жұмысқа қалдырылған екенін сұрап білгім келді:

Мен апамнан ертенге қалдырмай, бүгін, тап бүгін Панилов пен Хоцкий ормандарына кетуді өтіндім. Бірақ апам менен естияр еді, абай болу қажет екенін түсінетін. Мен мұны сонынан үқтым.

«Бауырым Илько, асығудың қажеті жоқ, біз тек мұнымен өзімізді ұстап беруіміз мүмкін, ең бастысы ойға алған ісімізге қырысқ келтіруіміз мүмкін», — деп жалынды ол маған.

— Бірақ тосыннан бізге жаңа бір пәле тап болды, — деді Илько командирге уайымдай қарап. — Немістер топ-тобымен селоны шарлап, жастарды Германияға айдады. Тұн ішінде біздің үйге келіп, Ганнаны да алып кетті. Соңан соң мен оны көрmedім. Мен тағы да жападан-жалғыз қалдым, бірақ апамның «Илько, жалғыз қымыл жасағанмен түк шығара алмаймыз, партизандарға қосылу керек, жасырын жұмыс істеп жүргендерді табу керек» деген сөзін мен есте жақсы үстадым.

Өзіміздің селодан астыртын жұмыс жүргізушілерді астыртын іздестірін таба алмадым, сондыктan ормандарғы партизандарға баруға үйгардым. Бір тілім нан, бір бутылка су, сумкамды алып, «ең алдымен сақтық керек» деген апамның сөзін ескеріп, тұнді сарай ішінде өткіздім. Таңсәріде осы жерден сапарға шықпақшы болым, өйткені күндіз селодан шығып кету қын болды. Немістер ерсілі-қарсылы аласұрып, шапқылып тіміскіленіп жүрді. Бірақ үйықтап қалар ма екем деп қорықтым, сондыктan айнала жым-жырт болған кезде, мен жөлға шықтым. Біреуміреуге килігіп қалмау үшін өмірі жан баспаған жерлермен жүрдім, бүгін-ертең партизандарға килігеміз деген қуаныш сезімі жанымды әлдилегендей болды. Маған қанат біткен секілді, мен алға қарай ұшып бара жатқандаймын. Ару-шаршау, аштық дегенді сезбедім.

Илько бір минуттей кілірді, «айтқан әнгімем бұларға қалай өсер етті» дегендей партизандарға қарады.

Отряд командирі мақұлдағандай бас изеді, соңан соң Илько тағы да сөзін бастады.

— Ақыры, келесі күні кешке Панитов ормандарына келіп жеттім. Ұшы-қиыры жоқ қалың орман тұнерін тұр. Айнала жым-жырт, тыныштық. Маңайда тірі жан көрінбейді. Алып еменнің сарғылт жапырақтары күн сәулесіне шағылысып, бейне алтын секілді көрінеді.

Мен орманға таяу келіп тұра қалдым. Күннің жарық сәулесінде орманға кіруге үрейлендім. Мені біреу-міреу аңдып тұр ма деп ойладым, партизандарға тек меніреу тұнде ғана бару керек деп үйғардым.

Айналаны шолып қарап ем — еш жерде бір пенде көрінбеді. Мен жата қалдым. Жүргім аттай тулады, оның соғуы сонау орманға естіліп тұрғандай көрінді. Мен мазасыздын жата алмадым, бірнеше рет тұрып, жан-жакты шолдым. Сол баяғысындағы ешкім көрінбейді.

Күн бұғын үясина қонбайтын болар деп ойладым мен, уақыт тіпті баяу жылжығандай болып көрінді маған! Әйтеуір, бір кезде қас қарайды, мен не болғанымды білмедім.

— Қалың орманның жанында, жапан тұзде, тұнерген қаранғылық ішінде сен жалғыз қорықпадың ба? — деп сұрады партизан Иван Гаман.

— Қорықпадың ба дейсіз бе? — деп жымышып күлді Илько. — Жоқ, қорыққаным жоқ. Мен бұл жерден, орман ішінен өз адамдарымды ұшыратамын деп үміттендім, олармен қосылып туған-туысқандарым үшін кек аламын деп қуандым. Мен бұл сағаттарды асыға күткен едім. Орман ішіне кірсек болғаны, жасақтанған партизандар мені қарсы алып, отрядқа апарады деп ойладым мен. Мен еш нәрседен де қорыққаным жоқ, ал бірақ бойымды әлдеқандай бір белгісіз сезім билеген еді. Мұны мен айтып келтіре алатын емеспін.

Мен орман ішіне ендім, әрбір ағашты сипалап жүріп келемін. Бірсесе орманның қалың тұкпіріне сұңғып кетіп, бірсесе қайта шетіне шығып қаламын. Ептең жөтеліп те, ыскырып та қоямын — ешкім дыбыс бермейді. Тек аяқ астында қу ағаш бытыр-бытыр етеді.

Орман ішіне тағы да қайта сұнгимін, сонсоң тағы да шетіне шыға келемін, бір жан килікпейді. Мен ұзак сенделдім, обден қалжырадым. Емен түбіне қисайып, қалғып кетіппін. Денемді мұздатқан ызғарлы сұық мені оятып жіберді. Күннің жаңа шашырап келе жатқан сәулесі ағаш араларынан қылтиып сығалап тұр екен. Бірақ онан бөрібір

ешқандай жылу сезілмеді, мен жүгіріп орманның шетіне шықтым.

Анадайдан Луковец хуторының шатырлары көрінді. Мен бұл түні талай километр жер жүрген екенмін. Менің әбден қарным ашты. Алып шыққан наным біткен еді, мен Луковец хуторына бет алдым. Тым құрыса бір тілім нан тауып алып, ал сонан соң Хоцкий ормандарына беттемекшімін. Онда партизандар бар екенине мениң ешқандай күмәнім болмады.

Мен хуторға еркін кірдім. Оның кең көшелерінде, жексүрын фашистердің мотоциклдері мен жүк машиналары ерсілі-қарсылы ағылып жүр. Мен бірінші үйге келіп кірдім. Үйде ешкім жоқ екен. Қаңырап бос түр, тек еденде шоқпыт-шоқпыт бір нәрселер, қалай болса, солай шашылып жатыр.

— Ау, үйде кім бар? — деп дауыстап сұрадым. — Менің даусыма орыс пешінің қалқасындағы есік сықырлап ашылды да, басы бурыл тартқан, қаба сақалды шал шықты.

— Балам, саған не керек? — деп сұрады күркілдеген даусымен әлгі шал.

Мен онымен амандастым, шалдың тұнжыраған жүзі құлім тартты. Ол мені орындыққа отырғызды да, еденнен ескі-құсқы шүберектерді жинаи бастады.

— Балам, бұл антүрған сұғанактардың не істеп кеткенін көріп отырсың ғой, — деді қарт қайғырып. — Тыл-тиныл ғып кетті, дым қалдырмады.

Қарт осы бір создерді айтты да, мұнайып көп отырды, аздан кейін ыздан еніреп жылады.

— Бәрібір иттерге ескі-құсқы шүберектерден басқа ештеңе қалмады. Хуторяндар бар астықты тығып қойды, ал малды баяғыда-ақ сонаш өзіміздің жаққа айдал әкеткен, — деп шал шығыс жақты көрсетті. Сонсоң менімен қатар сәкіге отырды да, ауыр күрсінді.

Шалға мен де оз жайымды айттым: ата-анамды болса, фашистер өлтірді, апамды Германияға айдал әкетті, өзім болсам, бір селодан екінші селоға барып, қаңып жүрмін дедім.

Кетуге ыңғайланып жатып, шалдан бір тілім нан сұрадым, өйткені аштық ішімді жалап барады, сонан соң хуторяндардан партизанға кеткендер аз ба, көп пе деп сұрастырдым. Шал маған одырая қарады да, ештеңе демей,

орнынан тұрды да, бүйірдегі бөлмеге қарай кетті. Одан үлкен бір тілім нан алып шығып, маған ұсынды. Мен жаны жақсы, мейірбанды өзіміздің қарттың әжімі қалыңдаған бетінен сүйдім де, үйден шығып кеттім.

Көшеде фашистердің бір үйден көрпе-жастық алып шығып, машинаға лақтырып жатқанын көрдім. Хутордағыларды тонап жатыр. Мен шалдын ауласына қайта оралып, оның бақшасының ішімен далаға шығып, Григорьевка селосына қарай жөнелдім. Сол жерде Днепр арқылы өткел бар еді, ал Днепрдің ар жағында Хоцкий орманы болатын.

Мен қалжырадым, жүрісім баяулады, нанды үсті-үстіне қүйсеп келем. Келесі күні кешке сілем қатып Григорьевка селосына жеттім. Селода фашистер қаптап жүр екен. Көшеде жергілікті тұрғын халықтардан тірі жан көрінбейді.

Мен тұра өткелге қарай тарттым. Фашист солдаттары көшеде қарбалас бол жүр. Менімен шаруасы да болған жок.

Откелге де келіп жеттім. Мұнда фрицтер оте-мөте көп екен. У-шу, азан-қазан, ештеңе естіліп болмайды. Осы сендей соғылысқан адамдардың ішімен ар жаққа өтіп шыға қояйын деп едім, тосыннан фрицтің біреуі қолымнан шап беріп үстай алды да, артқа қарай сілкіп жіберді. Оның артынан екінші бір фриц желкемнен итеріп жіберді. Енді мен бұл жерден өтіп шыға алмайтынымды жақсы түсіндім.

Григорьевкаға қайта оралуды үйгардым.

— Илько, сен шаршадың білем, азын-аулак дем ал,— деді Иван Гаман жас баланың ішкі жан қүйзелуін бозарған жүзіне қарап, жаны ашыған тұрде.

— Жок, жок,— деді Илько,— мен шаршагам жок, бәрін түгел айтпақшымын.

— Григорьевка селосына бара жатқан жолда мен бұдан былай не істесем екен деп ұзак ойландым. Өзеннің арғы жағалауына өтуді ойладым. Әкеммен бірғе талай жүрген жерім ғой, есіме басқа бір өткелдер түсे қалғаны бар емес пе? Оның біреуі Переяславльғе жақын, ал екіншісі Бучак селосына таяу еді. Мен Бучак селосына баруға үйгардым, өйткені бұл тұстағы өткел Хоцкий орманына қарай тұра шығатын еді. Жүре-жүре мен Бучак селосына да жеттім.

Мұнда өткелді тек екі ғана патруль құзетеді екен, бірақ соның озінде күндіз өтіп кету сондай қыын. Тек тұн қараңғысын жамылды қана жасырын өтуге болады.

Откелді сырттан бақылап, тұні бойы күзеттім. Қарауылдар жиі-жі ауысып тұрды, байқаусыз өтіп кетуге болмады. Мен не істерімді білмедім, төніректе көмектесер жан жоқ. Наным бітті, бірақ еңсем түскен жоқ. Үмітім көп, қалай болғанда да, партизандарға өтуге үйгардым. Бірақ қалай оту керек, міне, осыны ойлап табу қажет. Ақыры, мен озімше, жол тапқандай болдым.

Кешке жақын селодағы үйлердің ара-арасымен келе жатып қурайдың арасында жатқан бір бұралқы аш итті кордім, оның бауырында үш-торт күшік қыбырлап жүр екен. Сол жерде, осы күшіктердің көмегімен Хоцкий орманына өтудің амалын ойлап таптым.

Мен иттің жанына тізерлеп отырып, енесінің бауырынан күшікті тартып алдым. Ол қыңсылай бастады. Ит басын котеріп алып, маған ешқандай парықсыз қарады да, қайтадан басын жерге салды. Мен екінші күшігін тартып алдым. Соңсоң оларды етеп қағаз-кітап салатын сумкама салып алдым да, өткелге қарай жедел басып жонелдім, күшіктер сол қыңсылады. Құртымдай ғана ит күшіктерін жылтыту үшін, сумкамды пенжагімнің етегімен жаптым да, өзім тұн қарандысын күтіп, жар жағалауындағы қурай ішіне келіп жаттым.

Қас қарайысымен мен күзетшілерді бақылаумен болдым. Өткелде екі фриц ерсілі-қарсылы құлісіп, масайрап жүр екен. Днепрден самал жел соғады, қурай басы ақырын ғана ырғалады. Мен демімді ішімнен алып, күзетшінің ауысуын күтудемін, ойткені кезегі ауысқаннан кейін оларға көпке дейін жан келмейді. Міне, ақыры қарауыл ауысты, жел де бұрынғысынан үдей бастады. Жел гүлімен мен жер бауырлап жорғалап отырып, өткелге он қадамдай жақын келдім. Соңсоң мен іш көйлегімнің етегін жырттым да, ұзын жырым алып күшіктерді артқы аяқтарынан бір-біріне байладым, оларды сол жерге тастап, ал өзім жер бауырлап отырып, жардың қарсы қабағына жеттім де, үнсіз-тұнсіз жата қалдым. Құлақ салып тыңдаудамын — күшіктерден үн жоқ.

Тыпыр етпей жатырмын. Ұақыт өтіп барады, ал күшіктер дыбыс бермейді. Шынымен, әлгі оңбаған күшіктер үйықтап қалды ма екен деп, қапа болдым, бойымды ашу кернеді. Енді не істеу керек? Бір кезде болмашы үн құлаққа шалынды.

Құлағымды тосып тындалап түрмүн, фрінтер де құлак түре қойды. Бірер минуттен соң қыңсылау емшек баласының шырылына үксаған зарлы үнге айналды.

Фрінтер тұра қалып, тындалай қалысты. Олардың біреуі екіншісіне сыйырлап бірдене деді де, аяғын анди басып, автоматын кезеніп, құшіктерге қарай жүрді. Ол баяу жүрді, ал құшіктер қыңсылауын барған сайын үдете түсті. Бірақ мұның маған пайдасы болмады, өйткені фрінцтің екіншісі откелден қозғалмады. Менің ойлағанымнан еш нәрсе шықтайтын болды. Фрінтер құшіктердің қыңсылына көніл аударып, соған жақын барады, мен осы кездे откелден зып етіп, өте шығамын деп үміттенген едім.

Бірақ бұл ойымның быт-шыкты, таң қараңғысында қалжырап, салым суға кетіп, мен қайтадан өзіміздің Малый Букринге қарай тарттым.

— Ал сен құшіктерді бір-біріне несіне матадың? — деді отряд командирі қаршадай баланың не ойлағанын білгісі келгендей, оған жайдары түрмен қарады.

Илько козін қулана, қыса қарап:

— Е, оны ма, құшіктер бір-біріне жабысып ормелеп, аяқтарымен бір-бірін тырмалап, ызалаңып қатты қыңсыласын деп матадым. Құшіктер кішкентай болса да, ызалаңғыш келеді, — деп күле жауап берді.

— Сен зерек, тапқыр бала екенсің, — деді отряд командирі. Ильконы жауырынан қағып.

Илько жан-жағында отырғандарға масаттана қарады да:

— Малый Букринге қайтар жолда мен әр хуторға, әрбір селоға соктыйм да, фашист оскерлерінің бет алысы қалай, қанша күші бар екенін сұрастырып біле жүрдім. Ал жергілікті қарттардан Днепрден өтетін көпір бар ма, ол қай жерде, қандай екенін сұрастырдым.

Күтпеген жерден Илько тұнжырап:

— Сіздер күліп, мені ажуа етесіздер, осы бала не түсінеді деп ойлайтын шығарсыздар! Бұған фашистердің қайда кетіп бара жатқанын, қанша күші бар екенин білудің не қажеті бар дейсіздер ғой, — деді. Ол бұл созді қабағын түйіп, ренжіп айтты. — Ал мұны менің біле жүргенім партизандармен кездескенде озім көрғен-білген нөрселерді қобірек айтуым керек шығар деген едім. Өйткені мен бәрібір олармен кездесетінімді білдім, менің фашистер жонінде білгендерімнің бәрі партизандарға керек болар деп ойладым. Мұным артық па, дұрыс емес пе?

Мұны ешкім де сөзбен мақұлдаған жоқ, партизан Холопов, Ильконы құшақтап, бетінен сүйіп-сүйін алды. Нәк осы кезде осында отырғандардың қай-қайсысы болса да, оны өз баласындей, әлде өзінің туыскан інісіндей құшақтап сүюге, бауырына басуға әзір еді.

Илько осы ауыр күндердегі өз басынан кешірген уакиғаларды бір-бірлеп есіне түсіргендей, біраз кідріді. Партизандар оның ойын бөлмеді, олар оның қайғылы көзіне қарап, бұл панасыз баланың оларға сондай жақын екенін, мұның ертең-ақ өздерінің партизандық жауынгер семьясына енетінін жақсы білді.

Ильконың сәбилік жүзінде жадыраған құлкі кенеттен ойнақтап шыға келді де, оның әдемі көкшіл көздеріндегі ренішті лезде айдалап шықты.

— Ал февраль айының аязды бір күнінде Михайлмен таныстым, сонаң онымен мәңгілік, айрылmas дос болдым, бұл ата-анам өлгеннен кейінгі жердегі өмірімнің ең бір жарқын күні болып қалды. Онымен танысуым былай болды.

...Мен көшеге шығып, төніректі бақылап тұр едім, комендатура алдында полицай тұр екен. Ол коп кешікней гайып боп кетті. Мен арт жағынан «тіфө, тіфө» дедім де, енді үйге енелін деп, бұрыла беріп едім, көшениң қарсы бетінде тұрган бір әйел мен баланы көзім шалып қалды. Олар да мені көре салып, тұп-тура маган қарай жүрді.

Анадайдан-ақ олардың біздің Малый Букриндік емес, бөтен, бейтаныс адамдар екенін анғардым. Біздің көшеден бөтен адамдардың жүрмелегеніне талай күндер болған еді.

Кім де болса, оларды күтіп, аялдауға тұра келді. Олар жақындаған келген кезде, әйелдің карт кемпір, ал қасындағысының ересек бала екенін көрдім. Олардың үстіндегілері жаз киімдері екен, сұыктан қалш-қалш етіп дірдек қагады.

— Балам, есенсін бе?— деді кемпір.

— Иә, есенбіз, әже,— дедім оған, ал өзім көз алмастан балаға қарап тұрмын.

Ол менен гөрі сәл ересектеу екен, бірақ өні тым жүдеулеу, ой азабын, тұрмыс зардабын, қыындықты менен аз көрмеген сияқты.

— Балам, мұнда кімде қол диірмен бар екен, білмедің бе?— деді кемпір менен.

— Білемін, әже,— дедім мен,— жүріңіз, мен апаратын сізді онда!

Ушеуміз Екатерина Гордиенконың үйіне қарай жүрдік, оның қол диірмені бар болатын.

Кемпір балаға сүйенін, ақырын ілбіп отырды, ал бала оны сондай қамқорлықпен сүйемелде келеді.

— Уш айдын жұзі боп барады, балам, жегеніміз кейде қуырған, кейде бөктірғен бидай. Шалым осыдан ауруға шалдықты, тістен дым жок, мен аяғымды өзөр алып журмін, мына біздің Михайло да нанды сағынды. Мынау неміс құзғындар елдің түгін қалдырмай тонады, жасырып қалған бірденелер болмаса, жылан жайлапандай етіп кетті. Біздің Большой Букринде тіпті бір уыс бидай тартып алар жер жок. Біз Михайло екеуіміз аяғымызды сүйреп сендерге келдік,— деген сөзін кемпір маған жол-жөнекі шағыммен айтқандай.

Қарт ананың осы бір айтқан сөздері маған айтқан шағымы болмаса да, менің өзіме мұнын айтқан, көмек күткен, менен өлденені талап еткен адам сияқты болып көрінді.

Михайло екеуіміз олардың әкелген біраз бидайын ә деғенше-ақ қол диірменмен тартып бітірдік. Жұмыс істеп отырып, екеуміз көп жайларды әңгімеледік, бірден-ақ бұрыннан бірге өсіп, бірге жүрген адамдай дос болып кеттік.

Михайло маған өз жайын түгел айтты. Ол Переяславль балалар үйінде тәрбиеленіпти. Төрт жасында жетім қалыпты. Фашист басқыншылары қалаға шапқыншылық жасар алдында балалар үйі Отанның алыс тылына көшіріліпти. Балалар өздерінін тәрбиешілерімен бірге қырық жеті адам Переяславль пристанына келеді. Пароходқа отыра бергенде, фашист самолеттері шабуыл жасап, пулеметтерден оқатып, көп адамды өлтіреді, жарапайды. Пароходтың парша-паршасын шығарады. Днепр суында қырық бес адам қаза табады. Тек Михайло мен бір тәрбиеші ғана тірі қалады.

Михайло өзі туған Большой Букринде шешесінің туыстары, қарт әжесі мен атасы бар екені есіне түседі.

Михайло тәрбиеші әйелді ертіп соларға барады.

Оның атасы мен әжесі тірі екен. Олар Михайло мен оның тәрбиешісін қуана, құшак жайып қарсы алады, бірақ бірнеше күннен кейін немістер келіп, көптеген жас қыздармен коса оның тәрбиешісін Германияға айдал әкеткен.

Михайло қарттармен қала береді, қазір, міне, енді он алты жасқа келді.

Сол алғашқы танысқан күннен-ақ екеуіміз ағалы-інілі адамдай боп кеттік, соナン бері біз екеуміз жігімізді жазбадық. Біздер бір-бірімізге сенетін, жақсы көретін достармыз.

Мениң бұдан басқа да досым бар, бірақ ол ересек, үлкен адам. Онымен мені Михайло таныстырыды. Бұл — Михайло Тимофеевич Витряк дейтін мұғалім. Ол осы Большой Букринде туса керек, екеуміз фамилияласпыш. Михайло Тимофеевич Киевтің маңында бір жерде істепті. Өзі — партия мүшесі, коммунист. Ел түкпіріне қарай кетуге дер кезінде үлгере алмапты да, өзінің туған селосына келіпті, мұнда енді фашист сұмырайларынан жасырынып жүр, — деп, Илько қыскаша ғана мұғалімнің өмірбаянын айтып берді.

Міне, сол кісі бізге фашистермен құресте алғаш рет қолғабыс ете бастады және қалай жұмыс істеу керек екеніне жөн-жоба берді. Әзірше, бізге кеңес айтып, ақыл беруші осы кісі ғана.

Біз неміс машиналарының резинка шині мен камера-ларын тесіп, кескіледік. Михайло Тимофеевич бұл үшін бізге кішкентай өткір пышак, ұзын біз соғып берді. Өзіміздің самолеттерден тасталған листовкаларды село-селога тараттық. Қару-жарақ жинаудық, таяу селолар мен хуторларға барып, онда қанша неміс гарнizonы бар, қай жерде жасырын өткел бар екенін біліп келіп жүрдік.

Осының бәрін Михайло екеуміз Михайло Тимофеевичтің басшылығымен, соның тапсыруы бойынша істедік. Біздің бұл кімділ-әрекеттеріміз немістер мен полицайларды қатты абыржытып, үрейлендірді.

Михайло Тимофеевич бізге партизандардың Панитов және Хоцкий ормандарында зор жұмыс істеп жүргендерін және өзінің қайткенде де тезірек солармен байланысу керек екенін айтты. Бірақ партизандарға қоپтеген бағалы мәліметтермен бару керек, ал сондықтан қазір деревняда жақсы жұмыс істеу қажет болады.

Алада Михайло екеумізге күндіз жұмыс істеу қауіпті болды. Михайло Тимофеевич бізді қолға түсіп, құрып кетеді деп сескенді, сондықтан күндіз кімділ жасауға тыйым салды. Тек түнде ғана орекет жасандар деп ақыл берді. Міне, сонымен маған Малый Букринде, ал Михайлоға өз селосы Большой Букринде бақташы болып істеуге

тура келді. Құндіз сиыр бағамыз, тұнде қолдан келген әрекеттерді жасаймыз. Бәрінен бұрын жаумен қүресте тәжірибелі болып қалдық.

Біз екі селоның шекарасындағы жазықта мал бақтық, осы құндізгі кездесуде біз тұнгі қымылдың жоспарын жасадық. Ал соңан соң кезекпен үйықтап алатын болдық.

Бүгін маган бұдан екі құн бұрын қолға түсірілген қаруды бір жерге жасыру тапсырылған еді. Сондықтан мен сиырларды осында, Мартыновкаға айдал келдім. Бізге қару-жараптарымыз дұрыстап жасырылмаған секілді көрінді.

Қандай сәті түскен іс болды! Жүрегін қуаныш, бақыт сезімі билеген Илько орнынан атып тұрды. Мен партизандармен кездестім, ойламаған жерден көптен ойлаған арманыма жеттім. Ал Михайло мен Михайло Тимофеевич мұндай тосын кездесуге бірден илана қоймас деп ойлады ол. Илько қуанғаннан кіршиксіз балалық сезіммен құлімдеп, орнынан тұрды да, секіріп-секіріп түсті.

— Расымен, расымен-ақ мен мұны өнімде көріп тұрмын ба, өзім де бұған нанбаймын! Қандай ғажап! — деп ол қайта-қайта айта берді.

Бірақ отряд командирімен сөйлескенде, оның даусынан әлдеқандай бір үрей сезілгендей болды.

— Сіз бізді отрядынызға аласыз ба? Мені, Михайло және Михайло Тимофеевичті — бәрімізді түгел отрядқа аласыз ба? — деді Илько, отряд командирінің қолын қапсыра қысып. — Мен сіздерге бар шындықты айттым. Біз Михайло екеуміз жақсы барлаушы боламыз, ал Михайло Тимофеевич те сондай көп көмек береді. Бізді аласыз ба?

— Мұның қалай? Ең алдымен отрядқа озінді ғана алушы өтініп едің, соңсоң Михайлоны алушы өтіндің, енді қайдағы бір Михайло Тимофеевичті алушы өтінесің. Біз сениң айтқандарыңың шындығын өзіміз тексеріп көрейік. Сол сен жүрген жерлерде біздің сенімді адамдарымыз да болуы ғажап емес қой, ойланайық, солармен кенесейік, сендерді де сынап көрейік, — деді отряд командирі сабырлы пішінмен, салмақпен Илькоға шүкшия қарап.

Бала оның көзқарасынан тайсалмады. Оның кіршиксіз, адап көздерінен «неге сенбейсіңдер, осындай көп шындықты айтқан адамға сенбеуге бола ма» дегендегі ойды ангару қыын емес-ти.

Ол әлден уақытта барып:

— Демек, сіз маған иланбайсыз ғой? Мениң айтқанымның бәрі, сірә, сізге күдікті ғой,— деді, ауыр құрсініп, соナン соң, басын төмен салбыратты да, аса қатты ренжіген түрде:

— Ал жақсы, командир жолdas,— оның даусы қайта санғырап шықты.— Сізді сендеру үшін мен сайдан қарулар мен патрондарды осында өкелейін. Маған барып келуге рұқсат етіңіз?

— Илько, біздің партизандардың салты мынадай, жергілікті халықтан бізге тосын ұшыраған адамдарды тек түн ішінде ғана жібереміз,— деп жауап берді отряд командири.

— Олай болса, менімен партизан жөлдастардың бірі еріп жүрсін. Бұл жерден қашық емес, онда біздің бүтін бір склад қару мен патрон бар.

— Жоқ, достым,— деді жымыш отряд командири,— партизанды сенімен жібермейміз. Біз сенен де ғөрі сақпыш,— деді де, ол отряд комиссары Николай Михайлович Поповқа қарады, оның пікірімен ол өр уақытта есептесетін еді, оның көздерінен Ильконы қару-жаракты өкелуге жіберуге қарсы емес екенін аңғарып қалды.

— Ал, былай болсын, Илько,— деді командир,— сенің сөзіне толық сенгенімізді анық білдіру үшін біз өзіміздің берік партизандық қагидамызды бұзып отырмыз, саған құралды алыш келуге рұқсат етіп отырмыз. Бұл сенің сөзіңің шындығының нақты айғағы болуға тиіс.

Ал бірақ сен апанның «ең алдымен сақтық керек» деген сөзін, сірә де, есіңнен шығармағайсың. Осы сөзді саған біз де айтқан болар едік.

Баланың жүзі жадырап кетті, қолын әскерше бас киіміне апарып, ол дереу өздерінің жасырған жерінен қару-жарак өкелуге жонелді.

Илько ағаштың қалқасынан отіп кетісімен-ак, партизан Иван Гаман оны бақылау үшін, соның ізімен жүріп отырды. Жарты сағат шамасында Иван Гаман қайтып оралып, Илько қарусыз өзі ғана келе жатыр деп хабарлады. Ол салы суға кеткендей басын томен салбыратып келеді.

Партизандар қаруды біреу-міреу тауып алыш, өкетіп қалған екен деп жорамалдады.

Егер Илько алдағандай болса, онда қайтып оралмаған болар еді деп ойлады партизандар. Олар актық байламга

келгенше, анадайдан бұларға құлімсіреп келе жатқан Ильконың жүрісін көздері шалып қалды.

Партизандар бұған таң-тамаша қалды. Бірақ Илько сол сәтте мұндай айланы қолдануының мәнісін түсіндіре бастады.

— Командир жолдас, ең алдымен сақтық керек деп өзіңіз айттыңыз ғой. Сондықтан винтовкаларды осылай алып келуғе тұра келді,— деді ол жымып.— Мен сайға байқаусыз түстім, бірақ сайдың қарсы қабағындағы дөнесте әйелдер жұмыс істеп жүр екен. Қайтарда не асынып, не қолға ұстап келе жатқан винтовканы олар көріп қоймас па екен деп сескендім. Сақтық үшін көйлегімді қақ бөліп, винтовкаларды аяғыма байладап алдым. Пенжагімді шалбарым ішіне салдым, патрондарға да орын әзір болды. Шөп қалың, биік еді, винтовкалар елеусіз сүйретіліп отырды. Патрон әкеle жатқанымды ангартып алмау үшін бос қолымды сермен, құр қол екенімді көрсету болды. Кім біледі, ол әйелдердің ішінде де жаудың тыңшысы болуы мүмкін ғой.

Осында отырған партизандардың бәрі де бұл «ересек» ақылды баланың тапқырлығына қайран қалып, оны бетінен шөпілдетіп сүйіп-сүйіп алды.

— Жігітсін, Илько!— бұл тосын мақтаудан баланың жүзі құренденіп кетті.— Біз сені де, Михайло мен Михайло Тимофеевичті де отрядқа қабылдаймыз,— деді отряд командирі.— Жұма күні кешке, яғни үш күннен соң, қас қарай, сендер Луковец хуторынан жоғарырақ Панитов орманына келиндер. Үлкен емен ағаштың маңында, орманның шетінде, біздің адамдар сендерді қарсы алады.

— Біз тірі болсақ, қайткенде де жетеміз. Рақмет,— деп Илько партизандарға алғыс айта қарады.

— Ал енді сен қазір қайт, сақ бол!— деді отряд командирі,— селоға сиырларды айдалап баратын уақыт боп қалды. Қас қарайып бара жатыр...

* * *

Сонымен, партизандар өз Отанын, өз халқын жанындаї сүйетін жас патриотпен келесі кездесуғе дейін қоштасты.

Партизандармен қоштасқан сол бір есте қаларлық кеште Илькоға дүниеде онан бақытты жан жоқ секілді көрінген болар.

— Мен енді партизанмын! Әкем мен анам үшін зұлымдардан кек аламын, бұл жыртқыштарға ешқандай рақым болуға тиіс емес,— деп, Илько өзімен өзі сойлесіп келеді, ол ыңырана басып келе жатқан сиырларды әйт-шулеп айдай отырып, осындаи бір тәтті ойдың құшағында келе жатты.

Илько Большой Букринге жеткенше тағатсызданды, ол өзінің бүгінгі жан қуанышын Михайло мен Михайло Тимофеевичке тезірек жеткізуге асықты.

Ал нақ осындаи асығыста сиырлар әдеi қасарысқандай аяқтарын керенау басып, баяу жүрді. Илько оларды бишікпен шықпыртып асықтырып келеді, бірақ сиырлар оған міз қақпай, сол баяу жүріспен ыңырана басып, қырсаулануын қоймады.

— Ой, сезімсіз мақұлықтар, бассандаршы, шапшаң,— деп ашуланды Илько.— Сендермен ыңыранып жүрерлік менің уақыттым жоқ. Арттарыңа жалтақтамай басындар ілгері, бұл қырсаулықлен таң атқанша да селога жете алмаспаз.

Ол сиырларды асыға айдап келе жатыр. Ол осы келе жатқанында ертең-ақ осындаи іш пыстырарлық сиыр аяңнан құтыларына, бұданғері қызулы да, қауіпті де өмірге араласарына қуанды.

Ол өмірінің үлкен қуанышқа бөленигенін мақтаныш етеді. Сарғая өткен қайғы-қасіреті мол ауыр құндерден кейін ол өзін тұңғыш рет бақытты сезініп отыр.

Оның ежелгі арманы орындалды. Жаудан шын кек алу керек, қолға қару ұстап рақымсыз кек алу керек, жау өз қанына өзі тұншығатын болсын.

Самғаған құстай ой артынан ой келді, өткен өмірдің суреттері елестеді, қайғы-қасіретсіз, бақытты ақ жарқын, шаттық өмірі, тәтті құндері көз алдына келді; мектепте оқыған, пионер отрядында, колхозда, клубта істеген құндері бірінен соң бірі тізбектеліп ой елегінен өтіп жатты. Соңан соң ауыр, қапас құндер: фашист тобырларының айуандық шабуылы, неміс малайы опасыз Роман Гердюк, әкесі мен анасының өлімі бірінен соң бірі алмасып, жас жүрегінің бітпес жарасының аузын тағы да бір рет қатты тырнағандай жүрегін тызылдатып өтіп еді.

Осылайша ой құшағына шомып, өткенді, алдағы болашақты қөзге елестетіп Илько Стратон қарттың үйине қалай келіп қалғанын да аңғармай қалды. Оның қуаныштан жүргегі лүпілдеп, ас ішкісі келмеді. Шығып бара жатып:

— Атажаным, мен кешірек оралатын болармын, күтпеніздер, мен бір ұлken маңызды іспен кетіп бара жатырмын,— деді де, үйден жүгірін сыртқа шығып кетті.

— Айналайын-ау, қайда баراسын түнделетіп?— деді қартартынан жүгіре шығып, бірақ Илько оның сөзін ести алмады, ол Большой Букринге зыта жөнелді.

Стратон карт көз жасын сұртіп, оған қайғылы түрде, уайымдай қарады.

— Экесі марқұм жасында нақ осы Илько сияқты еді. Ол да жасында осындай шапшан, зерек еді,— деді де, ол ауыр күрсініп, үйге сүйретіліп әрен қірді.

Ал Илько бұл кезде шапшан басып, достарына кетіп бара жатты. Оның қатты жүргеннен өкпесі алқынды, бірақ жүрісін ұдетпесе кеміткен жоқ, өйткені оған өз жүрісі тым баяу секілді көрінді.

«Михайло бірден-ақ сенеді, ал Михайло Тимофеевич толғанатын болар» деп ойлады Илько ішінен.

«Алдымен Михайлого соғайын,— деп үйғарды Илько,— ал сөнсөн екеуіміз бірге Михайло Тимофеевичке барамыз. Олар мениң мұншалықты қуанышты ҳабар өкеле жатқанымды қайдан білсін, олар мұны, әрине, білмейтін шығар»,— Илько достарына асыға басып жүріп келеді.

Михайло үйінде жоқ боп шықты, сондықтан Илько Михайло Тимофеевичке қарай бет алды. Келсе, екеуі де осында екен. Олар Ильконын келуін күтіп отыр еді.

Білте шамның сығырайған күңгір жарығы Михайло мен Михайло Тимофеевичтің столға ұңғылған бастарына әлсіз соулесянған түсіріп тұр.

Илько үйге қуана, көнілдене қірді, оның жүзінен іштегі жасырын күлкінің ізі қорингендей еді, ол амандастып болысымен, жөндең демін де алмастан, партизандармен кездескені жайында бастан-аяқ асығыс түрде әңгімелей бастады.

Демін іштеріне тартып, Илькодан көздерін аудармай, Михайло мен Михайло Тимофеевич оның әңгімесін зейін коя тыннады. Баланың әрбір сөзін естіген сайын Михайло Тимофеевичтің жүзіндегі қою әжімі жазыла, ал Михайлоның көк көздерінде шаттық күлкісі ойнай түсті.

— Демек, біз жұма күні кешкүрим жаңағы айтылған жерде болуымыз керек,— деп, Илько сөзін аяқтады, достарына мақтана бір қарап.

— Жұма күні кешке біз сонда болуымыз керек қой,— деп, Михайло Ильконың сөзін қайталап айтты.— Жігітсін сен! Нағыз барлаушысың. Әйтеуір, ақыры, партизандарды таптың ғой.

Михайло орынан атып тұрып, Ильконы қолтықтап алды да, жарқын құлқімен, қуанышты түрде үй ішінде шыр көбелек айналды.

Бірақ Михайло Тимофеевич саусактарымен столды мазасыздана тықылдатып, әлі ой үстінде отыр.

— Балалар, бұлай болғаны өте жақсы болған, бірақ партизан жолдастар бізге осыған дейін не істедіңіздер деғен заңды сұрақ қоймай ма? Сонда не дейміз, қол құсырып бос отырдық дейміз бе?— деп, Михайло Тимофеевич бала-ларға «не дейсіңдер» дегендег сұракты жүзбен қарады.

— Оларға не істегенімізді түк қалдырмай айттым,— деді Илько тұнжырап.

— Балалар, біздің істегеніміз аз, тым аз. Бұл жеткіліксіз. Біз мұнан да гөрі көп істей алатын едік қой.

— Отрядқа барған соң, жетімсіз жағын толтырмызыз, аз істегенімізді мойындармызыз, ал енді партизандар қандай тапсырма берсе де, орындастынымызды білдірейік, біздің жаңа достарымызыз не десе, екі дегізбейтін боламызыз, осы адад ниетімізді айтайық,— деді Михайло.

— Ал жарайды, балалар, айтқандарың болсын, партизандарға барайық. Елімізге айуандық пен басқыншылық жасаған, бақытымызға сұғанақ қолын сұққан, адамдарымыздың талай жылдар бойы жасаған байлығын өзінің лас аяғымен таптаған бұл залымдардың сазайын тартқызайық. Олар совет адамдарының кекті қолының дүмпуін көретін болсын,— деп, Михайло Тимофеевич балаларды өз ұлдарындай бауырына басып, қатты қысты.

— Ал отрядқа біз өзімізben бірге не ала барамыз?— деп сүрады Михайло.

— Әрине, құралдарды, патрондарды, киім-кешектерімізді аламыз. Соңсоң, айтпақшы, барлау костюмдерінді, әлгі өздерін айтатын «шоқпыттарыңды» ұмытып кетпегейсіңдер,— деді Михайло Тимофеевич.

— Иә, бізде сол жалба-жұлбалардан басқа не бар, осы үстіміздегі шоқпыттан басқа не бар. Алар жерің де жоқ,— деді Илько қайғыра, көзін төңкеріп, жалаң аяғына қарады.

— Иә, оны жақсы білемні,— деп күрсінді Михайло Тимофеевич.— Ол жағын өзім қарастырмын, қажет нәрселерді табуға тырысармын.

— Менің басыма бір ой келе қалды, білесіндер ме, ол қандай ой екенін? Бізге партизандарға барудан бұрын партизандыққа емтихан беру керек болады. Менің мұғалімдігім есіме түсіп кетті,— деп жымиды Михайло Тимофеевич.— Бізге партизандардан оқып үйрену керек, ал емтихансыз оқуға қалай қірісуге болады?

— Е, бізге қандай емтихан беру керек?— деп таңырқай сұрады Илько мен Михайло, нақ бір осы սұраққа берер жауапты келісіп қойғандай-ақ.

— Ол оп-оңай. Бізде екі граната бар. Осы екі гранатаны жексүрын жауға ойсырата зиян келтірерлік жерге коюымыз керек,— деп жауап берді Михайло Тимофеевич.— Міне, біздің партизандыққа берер емтиханымыз осы болмақшы. Біз мұны абыраймен орындауға тиістіміз.

— Е, мұндай емтиханды бере аламыз ғой. Мұнда тұрған киын ештене де жоқ,— деді Илько сеніммен.

— Жоқ, Илько, бұл емтиханды беру, сенің ойлағаныңдай тым оп-оңай болмас. Бұл жерде мынадай бір жағдайды ескеру керек болады: біріншіден, жауды көбірек жайрату жағын, екіншіден, өз адамдарымызға ешқандай зиян келтірмеу жағын, үшіншіден, осы үшеуіміз де аман қалу жағын ескеруіміз керек болады.— Ол үнсіз тұрып қалған балаларға қарады да, сөзін әрі жалғастыра берді.

— Ал, балалар, кәне, қандай объектін таңдал алуымыз керек, соны ойластырындар.

Илько мен Михайло столға еңкейіп, терен ойға шомды. Бірақ үнсіз минуттер көпке созылған жоқ.

— Михайло Тимофеевич, мен таптым,— деп Илько дауыстап орнынан атып тұрды.— Гранатаны біздің үйдің іргесіне қояйық, өйткені онда комендатура орналасқан, неміс құзғындары мен жергілікті «басшылар» онда күн сайын арак-шарап ішіп жығыла мас болады. Менің өз үйімді талқандағым келетін тағы бір себебім сол — атаанамның колымен тұрғызылған бұл үйде енді бір күн болса да, жау тұрмайтын болсын!

Илько күйіне сөйледі. Қазір неміс басып алып отырған өз үйінде өткізген бақытты балалық шақтарын бала қабырғасы сөгіле есіне түсірді. Бірақ артынша-ақ қатуланып, ширай түсті.

— Сен мұны дұрыс ойлап таптың,— деді Михайло Тимофеевич.— Объект қай жағынан болсын лайыкты, бірақ біздін уақытымыз тым аз, ал істерлік ісіміздің үшінші-қызыры жок.

— Көне, қымыл-әрекетіміздің жоспарын жасайық, егер мұны біз тыңғылықты етіп орындайтын болсақ, онда біз бәрін де дер кезінде істеп үлгіреміз,— деді Михайло.

— Мұны мен де ойлаған едім,— деді Михайло Тимофеевич.— Менін жоспарым былай. Ертең — сәрсенбі. Жұмаға дейін біз бәрін де тындыруымыз керек. Илько, Михайло екеуің, бүгін түнде құралдар мен патрондарды Трахтомировка селосының ар жағына, әлгі орманның қарсыындағы бұталардың ішіне апарып жасырындар. Бұл жұмыстар сендердің күндізгі үш-торт шамасына дейін уақыттарыңды алады, ал бұл кезде мен киім-кешектерді, жолға азық, ол-пұл өзірлейтін болам. Сәрсенбі күні кешке сендер Малый Букринге қайтып ораласындар, объективтің қарап шығасындар, мені Стратон қарттың бағында күтесіндер.

Михайло Тимофеевич балаларға қарады. Илько мен Михайло оның өрбір сөзін қалт еткізбестен, ықыласпен тындалап отыр екен.

— Мен сендерді гранатамен күтетін боламын. Емтиханды біз он бір, он екі шамасында беретін боламыз, сонсон Большой Букринге қарай бет аламыз. Ол жерден киім-кешектерімізді алғып, Трахтомировкаға тартамыз. Сол түні таң атқанша жүретін боламыз. Бұл бейсенбі болады. Да-лада демалып аламыз да, әрі қарай жүреміз, жұма күні кешке айтылған жерге жетеміз фой деп ойлаймын. Егер кездейсоқ бірденеге килігіп, шырмалып қалмасақ, онда біз жұма күні партизандарға қосыламыз. Ал бұл жоспарға қалай қарайсындар, келісесіндер ме?— деп сөзін аяқтады Михайло Тимофеевич.

— Эрине, келісеміз!— деп екеуі қосарлана айтты.

— Бізге бөлеу болар жан жок. Егер бір пәлеге үшінра-масақ, бұл емтиханды да «бестікке» тапсыратынымызға мен шүбәланбаймын,— деді Михайло сенімді дауыспен.

— Ал осы тоқтамға келдік. Уақытты болістік. Енді бір минутті де босқа жіберуге болмайды,— деп тоқтады Михайло Тимофеевич.— Біраз тамақтанып алайық та, сонсон жолға шығайық.

Илько мен Михайло өздеріне берілген тапсырманы дер кезінде орындағы Қару-жаракты Трахтомировка селосының ар жағындағы Панитов ормандарына таяу жерге апартып жасырды, сәрсенбі күні сағат төртте олар Малый Букринге келді.

Илько өзінің туған селосын алғашқыда танымай да қалды. Немістердің осы қожалық жасаған аз айларының ішінде селоның қалай озгергенін, тіпті ол андай алмай қойды, бұғын бұл селоны тастап, өзінің туған, өскен үйін, өзінің бақытты балалық шағы өткен, өзінің өкесі мен анасы тұрған мекені, өз үйін талқандауға бел байлағанда, бұл село оған бұрынғыдан да ыстық, қымбатты көрінді.

Бұдан бұрынырақ, әр кезде, жастардың әні мен құлкісіне, қарттардың жарқын сөздеріне, ойын-сауық думандарға толы болатын селоның кең, әдемі көшелері қансып тұр. Ән де, құлкі де, жарқын сөз де, тіпті бейсауат жүріс те көрінбейді. Селоның бұл түрі оба ауруы басқан аймаққа көбірек үқсайтын. Фашист — оба гой.

Тірі жан көрінбейді! Бұл июннің жадыраған шұғылалы құндерінде, сағат төрттің кезі еді. Үрейлі, көзге жат, еңсөні басарлық меніреу тыныштық басқан село адыра қалғандай қанырап тұр. Ал тіпті таяуда ғана еді гой аласа тақтай дуалдардың ішінде аппақ үйлер көнілдене, шоқтығы котеріле анадайдан көрініп тұратыны. Әрбір үйдің алдында қаптаған түрлі түсті — қызыл, сары, ак, көк гүлдер басын төмен иіп, адам көзін өзіне тартып тұрушы еді. Кошені алуан түрлі көкшіл өсімдіктер әшекейлейтін. Көшеде ғүлдердің хош иісі аңқып тұратын, ал бал аралары гүлдер үстінде ызындал үшып жүретін-ді. Қалың шие бақтарының ішінен күні-түні тынымсыз алуан түрлі құбылған құстардың сайраған дауыстары естілетін-ді.

Көшеннің басына көтеріп шулаған бақытты, шат, көңілді ала-құла киінген балалар ертеден кешке дейін асыр салып ойнаушы еді. Міне, енді қараши. Несі қалған! Илько жұдырығын түйді.— «Жок, бұл ұзакқа бармас» деп ойлады ол.

Қанырап қалған туған селосына қайғыра қарап, Илько бір жerde ұзак тұрып қалды, кенеттен баяғысындай жадырап, өзінен-өзі рақаттанып сала берді.

— Сен неменеге қуанып келе жатырсың, Илько?— деп сұрады Михайло.

— Мен бе?— деп Илько Михайлова қарады. Жексүрын жаудан, фашистерден елімізді азат еткеннен кейінгі жана, бақытты өмір туралы ойлап келемін.— Илько өзінің соңғы күндерде не жайында ойлағанын бастаң-аяқ айтып берді. Жауды женгеннен кейін олар қалай өмір сүреді, сол туралы екі бала қызу әңгімелесіп келеді.

Әңгімелесіп, пікір алдысып, болашақ бақытты өмірдің жоспарын құрып келе жатып, Илько мен Михайло Стратон қарттың үйіне қалай жеткенін де анғармай қалды. Бақ ішінде оларды Михайло Тимофеевич күтіп түр екен.

— Балалар, қалай бәрі реттелді ме?— деп сұрады Михайло Тимофеевич абыржып,— әйтеуір, бірденеге килікпешідер ме? Сезіктендірін алмадыңдар ма?

— Бізге жаман болуы мүмкін бе, жаман істеуге право жок,— деді Илько көңілденіп.

— Мен де керек-жарактың бәрін таптым. Бәрін буып-түйіп жолға әзірлеп қойдым,— деп хабарлады Михайло Тимофеевич.

— Енді көз байлануды құтеміз, қалай комендатурага фашистер жиналады, солай гранаталарды лактырамыз да, жолға шығамыз,— деді Илько.

— Лактыруын лактырамыз-ау, ал оны қалай лактыру керек, мұны біздің біреуіміз де білмейміз. Үят болса да, айтайын, өмірімде мұнымен істес болмап едім,— деді Михайло Тимофеевич күрсініп.

— Міне, партизандар,— деді Михайло алақанын жайып,— біреуі де граната лактыруды білмейді.

— Таптым!— деді қуана Илько.— Біз гранаталарды бір байлам сабанға ораймыз, біреуін шатырдың бір бұрышына, екіншісін екінші бұрышына қоямыз. Соңсоң жандырамыз да, өзіміз зытып береміз! Біздің үйдің шатыры сабан, ол оттан бірден лап ете түседі.

— Иә, граната лактыра алмайтын адамдар үшін бұл бірден-бір дұрыс жол,— деді Михайло Тимофеевич, Ильконың тапқырлығына риза болып,— бірақ бұл жағдай біздің операциямызды қыннатады. Барлығы есі шығып мас болып, үйқыга кеткенше тұн ортасына дейін құтуғе тұра келеді. Олай етпейінше „болмайды“.

— Қайтеміз, тұнді күтейік,— деді Илько.

Ол осы кездे комсомолецтер өскери оқуды үйреніп жүргенде гранатаны лактыру тәсіліне үйренбей, тек мылтық атумен ғана шүғылданғанына өкінді.

Тұн қараңғылығын жамылып, үш патриот комендатураға қарай беттеді. Запалды гранаталардың біреуі Илько-да, біреуі Михайлода еді. Тәжірибесі аз жас балаларға ешкімге білдірмей шатырға секіріп шығу едөүір-ақ қыын! Бірақ көп кешікпей Илько мен Михайло комендатураның дуалына шығып та ұлғерді. Демдерін іштеріне алып, олар дуалға жабысып, жан-жаққа құлақ салды.

Даурыққан айқай-шу, ұлыған анға ұқсас құлкі құлақ жарады. Олардың нағыз қызыған, даурыққан, есінен тана бастаған кезі.

Ұзақ күтүгे тұра келді. Ыза кернеген Илько мен Михайло тістеніп, комендатураның есігі мен терезесінен көз алмай тұр. Бірақ гранаталарды тұтандыру қазір қауптірек болды. Жаудың қорылдап, өле үйқыға кеткенін күту қажет.

Әлден уақытта, тұнгі сағат бір-екі шамасында есік ашылды, староста Гердюк пен екі полицай көрінді. Олар сенделе басып, тұн қараңғылығына сұнгіп, ғайып болып кетті.

Илько ызаланғанынан айқайлап жібере жаздады. Ең кас жау қолынан кетіп қалды. Бірақ бұған көнуге тұра келді. Комендатурада неміс офицері – комендант, оның жәрдемшісі, тағы да солармен қоса бірнеше солдаттар қалып қойды.

Бір кезде айғай-шу, даурығу да басылды.

Балалар мысық секілді аяқтарын етеп басып, шатырға шықты.. Гранаталарды сабанға орап, екеуін екі бұрышқа орналастырып, шатырга от қойды. Жұмыстарын тындырып, олар жерге түсті де, дуалды қалқалап, Михайло Тимофеевичке қарай жөнелді, олар ұзап кеткеннен кейін, тыныштықты бұза кенеттен тарс еткен дауыс естілді, сон-соң бір секундten кейін екінші бір гүрс еткен дауыс шықты. От тілі аспанға шапшыды, өрт жалыны бүкіл селоны жап-жарық қып жіберді. Ал он бес минут өткен соң, патрондар қойылған комендатураның қоймасына жанған дөңбек тұскенде, тағы да тарс-тарс еткен дауыс естілді.

– Қалай, Михайло Тимофеевич, мұнымыз мінсіз істелген жұмыс болмады ма? – деп сұрады Илько, өз ісіне риза болғандай, бірақ әлі де болса, азырқанғандай, оның даусынан ызғардың лебі естілгендей еді.

– Михайло Тимофеевич, емтиханды «отличноға» тапсырдық қой деймін, сіз қалай ойлайсыз? – деп сұрады Михайло.

— Бізге бағаны бара жатқан достарымыз береді, жоғары баға берер деп ойлаймын,— деді Михайло Тимофеевич көңілденін.

Жау комендатурасының түгі қалмай өртенді. Өрткүлінің ішінен коменданттың, оның жәрдемшісінің және басқа солдаттардың көмір боп қалған өлігін алғып шықты. Комендатура қарауылшысы тірі қалыпты. Ол коридорда жататын еді, үйден шығып үлгеріпті.

Партизан құрамасының байланысшысы Татьяна Матузко сол күнде Малый Букринде еді, селодагы уақиғаны құрама штабына ең алдымен сол хабарлады.

Партизандар қайран қалысты. Малый Букриндең бұл секілді батыл диверсияны жасаған кімдер екен? Комендатураны ішіндегі адамдарымен қоса өртеп жіберу онай жұмыс емес. Бұл операция оны істеген патриоттардан соншалық зор батылдықты, үйымшылдықты, тапқырлықты керек етеді.

Михайло Тимофеевич, Илько және Михайло үшеуі партизан лагеріне келгеннен соң, бәрі де анықталды. Партизан құрамасының командирі Иван Кузьмич Примак пен комиссар Емельян Демьянович Ломакоға олар партизандар қатарына қосылу үшін ұзак әзірленгенш, кешегі Малый Букринде болған уақиға партизандыққа тапсырған емтихан екенін, оны қалай үйымдастырғанын бастан-аяқ баяндап шықты.

— Жігіт екенсіндер, енді сендер партизансындар. Емтиханды өте жақсы тапсырдындар,— деп мактады Ломако жымиып құле сөйлеп.

— Совет Одағына қызмет етеміз!— деді үшеуі де бір адамдай өскери тәртіппен.

Құрама командирінің бүйрығы бойынша Михайло Тимофеевич штабқа қалдырылды, ал Илько мен Михайло Болатовтың отрядына берілді.

Отрядта олар барлаушылар тобына бөлінді. Көп кешікпей-ақ Илько барлаушылар тобының командирінің орынбасары болып тағайындалды. Бұл топта он екі жас жауынгер болды. Оның ең үлкені және топ командирі Иван Гаманның жасы он тоғыздады еді, ал ең кішісі оның орынбасары Илько Витряктің жасы он бесте болатын.

Бойларының кішілігіне қарай отрядта бұл топты «кішілер тобы» деп атады. Бұл атақ оларға берік таңыл-

ды. Тіпті ресми бүйрықтарда да оларды «кішілер тобы» дейтін еді.

Он екі жас жауынгерлердің бәрі де батыл, өжет, ер жүрек болды. Қай минутта болсын, олар партизандар құрамының ең күрделі, ең қызын тапсырмаларын орындауға өзір еді.

Илько өзін барлаушылар тобы командирінің орынбасары етіп тағайындалғанына зор жауапкершілікпен қаралды, партизандардың зандары мен әдет-ғұрыптарын тез үйреніп алды, әскери адамша жинақты, ширак болды және өзінің шолақ мылтығын бір минут те тастамайтын болып алды.

Біз кешкүрим құрама командирі Примак жолдастың тапсырмасы бойынша отряд командирі Иван мен Ильконы землянкаға шақырып алдык.

— Міне, балалар, сендерге бір аса манызды тапсырма бергелі отырмыз,— деді оларға командирі,— Днепрдің Ходоров пен Ржищев пристаньдары қыруар астық қабылдау үшін өзірленіп жатыр деген хабар алып отырмыз. Сол жерлерді барлап корген жөн болар еді, олардың өзірлігінің қандай екеінін, астық тиелген баржалардың қанша екенін, құзет бөлімдерінің санын және құшин білу керек болады. Осылардың бәрін анықтап білу үшін және оны бізге тезірек хабарлау үшін жер жағдайын жақсы білетін, женіл қол екі адам керек.

— Тапсырманың орындалады, командир жолдас,— деп жауап берді Иван Гаман, командирдің алдында тартылған сымдай созылып.

— Бұл тапсырманы Гаман екеумізге орындауға рұқсат етініздер,— деді Илько командирге.

— Карсылығым жоқ,— деді командир.

Илько қуанғанынан землянкадан секірін шықты.

— Иван, алғашқы тапсырманы Илько екеуміз орындаимыз деп неге сен командирге бірден айтпадың,— деп кінәлай қарады Илько Гаманға.— Отыруымыз онсыз да жетті. Мениң жұмыс істегім келеді; орманда серуенде жүзу үшін келгенім жоқ, үнемі қызын тапсырмалар алып, қауін үстінде жүрсем деймін.

— Бұл барлауға тек екеуміз гана барамыз деп мен онсыз да үйғарған болатынмын,— деп жауап қатты Гаман.

— Мениң басқа ойым бар деп ойлайсың ба сен?

«Кішілер тобының» бастығы етіп Михайлоны қалдырып, Илько Витряк пен Иван Гаман таңсөріден жолға шықты. Екеуі де әбден каруланды: Иван автомат, ал Илько өзінің сүйікті серігі – шолақ мылтығын алды. Бұл екеуі елеусіз болу үшін жол жиегімен, бұта-бұталардың араларымен етеп басып жүріп келеді. Малый Букрин төнірегіндегі ағаштарға барып, сонда құралдарын жасырып, қайыршы бала бол қайта киінін, сол қалпымен барлау мақсаттарына қарай ақырын беттемекші бол үйғарды.

Алғашқы алған бағыттары Ходоров селосы болды.

Төңірек таңғы бұлыңғырдан аздап айыға бастады. Біраздан соң күн де шығуға тиіс. Илько алысқа үңіліп, төңірекке көз жіберді. Жол үстінде бұларға қарсы келе жатқан үш адамның тұлғасын көздері шалды. Олар әзірше ешқандай қамсыз қаннен -қаперсіз келеді.

— Иван, қараши, біреулер жолмен келе жатыр,— деді Илько, әлдебіреу естіп қояр ма дегендей сыйырлап.

— Ие, үш адам келе жатыр, кімдер екен?

Иван көзін қөлегейлеп, келе жатқан үшеуге тесіле қарады...

— Жау солдаттары ма деймін. Қараши, иықтарында асынған винтовкасы бар,— деді Илько, келе жатқандарға түйіле қарап.

— Ие, бұлар — неміс солдаттары,— деді Иван Гаман даусын бәсендетіңкіреп.— Кел, анау бұтаның түбіне отыра тұрайық.

— Ой, сонда, сол бұтақ бізге пана болар деп тұрсын ба?— деді Илько.

— Тап үстімізге келіп қалмаса, олар бізді байкамай қалуы мүмкін. Ал оларға не істеу керек деп ойлайсын, Илько? Егер өлтірсек, мылтық даусы естіліп қала ма деп корқамын, онда басқалары естіп, ізімізді білдіріп аламыз гой. Болмаса, құралдарын тартып алып, қоя берсек пе екен?— деп кеңесті бастық өзінің орынбасарымен.— Қалай деп ойлайсын?

— Жоқ, ен дұрысы, олардың құралдарын алып, өздерін лагерьге айдал бару керек. Мениңше, осылай істеген жөн болар,— деп айтты Илько.

— Дұрыс, солай істейік,— деп келісті Иван.

Барлаушылар бұтаны бетке ұстап жата қалды, екеуі де құралдарын оқтап кезенумен таянып қалған солдаттардан көз алмай, демдерін іштеріне алып күтіп жатты.

Ешбір күдіксіз бейқам келе жатқан жау өзара даурыға сөйлеп, қарқылдаپ құліп, кең жолмен еркін жүріп келеді. Бұл жерде бір пәлеге тап боламыз ғой деп ойламаған болар. Олар пистолеттерін кабурларына салып, ал винтовкаларын иықтарында бос ұстап келеді.

Бұтамен қатарласа берісімен-ақ, Илько Витряк пен Иван Гаман жер астынан шыққандай, жарқ етін алдарынан шыға келді де:

— Токта! Қолдарынды қөтеріндер! — деп айқайлап, оларға қаруларын кезенді.

Жау тілге келмей қолдарын қөтерді. Олар үрейленгеннен қалш-қалш етеді, дамыл-дамыл қөздерін жыпсылықтата берді, қалтыраған еріндерімен әлдене деп күбірлейді, шамасы кешірім сұрап тұрған болса керек, бірақ тілдері күрмеліп, ештеңе дей алмайды.

Гаман автоматының аузын оларға тұра қадап тұрды, ал Илько оларды әп-сәтте қарусыздандырды. Винтовкаларын иықтарынан алды да, Илько олардың затворларын алып қалтасына салды, винтовкаларды жол жиегіне лақтырып тастады. Пистолеттерін алып, сумкасына салды, сонсон:

— Қолдарынды арттарына ұстандар! — деді Иван.

— Мениң сонынан еріп отырындар! — деді Илько.

Естері кеткен жау мойындарын салбыратып Ильконың сонынан салпақтап еріп отырды, ал артынан автоматын дайын ұстап, Иван Гаман жүріп отырды.

Тұтқындарды, олжаларды партизандар құрамасына табыс етіп, өздері сол сәтте-ақ тапсырманы орындауға қайта жолға шықты.

Барлау жұмысы ойдағыдай орындалды. Ер жүрек партизандар Илько мен Иван бар қажет мәліметтерді алып келді.

Шынында да, бұрынғы хабарлағандай, Ходоров пен Ржищев пристаньдары баржаларды қабылдауға бүтіндей өзір екен. Астық құю үшін жаңа қоймалар да даярланған бол шықты.

Ходоровта астық тиелген бір баржа жұқ түсіруді күтіп тұр. Мұнда құзет күшетілген. Астық тиеген баржаларды түсіріп, қайта жөнелтуге, оны құзетіп бақылауға немістер бір ротадай солдат әкеліпті. Сөйтіп, Ржищевтегі гарнизонның адамы екі жұзге жеткізілген.

Барлаушылар осы жау күзеттерінің тұратын жатақтары жайлы көп мәлімет жинапты, бұған қоса олар жауға шабуыл жасаудың қолайлы жерлерін қарастырып, оған ынғайлыш жер де тапқан.

Партизан құрамасының командирі Ходоровқа шабуыл жасауға бүйрек берді. Содан кейін Ржишевке екінші жолы операция жасауға үйғарылды. Ал пристаньға шабуыл жасауға тиіс болды, ондағы фашистер азаптап, солардың қорлауынан өлім халінде жатқан жиырма подпольщикті босату керек болды.

Ходоров операциясына отряд командирі Болатовтың бастауымен жұз он сегіз жауынгер жіберілді, оларға екі пулемет берілді. Бұл отрядқа жол көрсетуші Илько болды. Олар үнсіз, шусыз, абайлас, ақырын ғана алға жылжыды.

Неміс гарнизонына тұтқылдан шабуыл басталды, тап берген партизандар, лезде-ақ олардың тас-талқанын шығарды.

Гарнизон орналасқан үйді басып алғып, ондағы құралжарақты алды, соナン соң пристаньді, ондағы тұрган баржаны түгел қопарып, быт-шытын шығарды да, екі неміс офицерін тұтқынға алғып, лагерьге оралды.

Уақытша басқыншылықта ұшыраған советтік Украинаның еңбекке жарамды жастарын құлдыққа айдал әкету үшін неміс оккупанттары қолынан келген бар әдіс-айланы қолданды. «Германияда жақсы өмір сүресін» деп, жастарды өз еркімен баруға үгіттеп те, айла жасап та көрді, бірақ ондай анқаулар табыла коймады. Содан соң зорлауга, қорқытуға көшті.

Неміс солдаттары түнде облава жүргізді. Қолға түскендерді зорлап вагондарға қамады. Бірақ мұның да жөні келмеді. Жастар деревнялардан қашып, орманға, партизандарға кетті.

Ақыры, фашистер Германияға адам жіберудің тағы да бір айуандық тәсілін ойлад шығарды. Олар вагондарды тас қылып жауып, құшті қүзет қойып, совет адамдарын тұт-қындар сияқты етіп құлдыққа айдады. Мұндай эшелондардың сыртына: «Украина еріктілері ұлы Германияға көмектесуге бара жатыр»,— деген әшекейлі үлкен плакаттар ілініп қойылған. Ал, дегенмен, көптеген ер жүрек патриоттар мұнан да қашып шығудың түрлі амалдарын тапты.

Совет жастары неміс құлдығынан құтылу үшін талай айла-амал жасап күресті. Кейбіреулері үйдегі погребке жасырынды. Қөшілігі орман ішіне кетті. Қаншалық қатты құғын жасағанымен, жастар күресін тоқтатпады. Олар оккупанттарға қарсы белсенді құрес жүргізді, олар жауға әрбір ынгайы келген қолайлы жерде зиян келтіріп отырды.

Коптеген совет жастарын неміс құлдығынан партизандар азат етті.

1942 жылдың сентябрі еді. Құн жылы, жауын-шашын жоқ, жер құрғак еді. Ұлтарактай жердегі егін орағы аяқталып қалды. Фашист онбағандарға тісін қайрап жүрген жұмыс күші босады. Төңіректегі селолардың бәрінде облава қүшайді, немістер Германияға жіберу үшін үлкен эшелон әзірлеп жатыр деп, байланысшылар партизандарға хабарлады.

Бір құні құрама командирі Примак Болатовты өзіне шақырып алды да:

— Вася, әзірленіп жатқан эшелон жайындағы сыйбыстың дұрыстығын анықтау керек. Хабар үстіне хабар келин жатыр, шын болар, деғенмен қай құні қанша адамды, қай жерден жөнелтпек? Міне, осының бәрін білген жөн!— деді ол.

— Жақсы, командир жолdas!— деді де, ол өз орнына келіп, барлаушылар Илько мен Михайлоны шақырды.

— Балалар, тапсырма оте шұғыл және маңызды. Дереу аттану керек!

— Жақсы!— деді де екеуі қосарлана, сонсон асығыс күркеден шықты.

Үш қүннен кейін барлаушылар қайтып оралды, олар Мироновка станциясында жастарға лық толған жиырма жеті вагоны бар үлкен эшелон тұр деп хабарлады. Станцияға күшті күзет қойылған. Эшелон ертең күндізгі бесте жылжиды.

— Бұл — біздің Отанын сүйгіш бақытты жастарымыз, олар азат жастар еді, енлі, міне, жау құлдығының шырмауына түсіп отырған сол жастарымызды құтқаруымыз керек!— деді командир, өте қатты күрсініп.

Басын салбыратып бір минут үнсіз отырып қалды, сонсон қамықкан көздерімен Болатовқа қарады да:

— Егер поезды тоқтата алсақ жақсы, онда балалар аман қалады, ал егер тоқтата алмасақ, жастарымыз онда барып корлық көреді.

— Примак жолдас, олай ойлау тым ауыр, одан да тек босатуды ойлау керек, міне, әңгіме осында,— деді Болатов.

— Иә, бірталай адамдарымыздан айрылуымыз мүмкін,— деді командир саусақтарын сыйырлатып.— Вася, мен біздің жастарды жанымдай жақсы көремін, олардың өлімі тура-лы ойлау қандай қыын, тиіті біреуін де ажалға қиғын келмейді.

Ол шаршаған көздерін жұмып, алақанымен маңдайын сүйеді.

— Былай істе, Васек,— деді Примак жолдас, орнынан дереу атып тұрып,— жұз жігіт әзірле, ішінде Илько мен Михайло да болатын болсын. Бұл қаршадай екі бала маған сондай ұнады. Операцияны өзім басқарамын, ал сен штаб бастығының жұмысын атқарасын. Жоба былай: біз эшелонды 7-разъезден тосамыз, сол жерде оны тоқтата-мыз. Күзетшілерін тұтқындап, вагондағы жастарды боса-тамыз. Егер бұл дегеніміз болмаса, онда разъезден үш километр шыға бергенде паровозды минаға жарылатын етіп үйымдастырамыз, түсінікті ме?— деді ол шапшан сөйлеп.

— Түсінікті, командир жолдас!— деп жауап берді Болатов.

— Бұл жоспарга қалай қарайсын? Қарсылығын жок па, қосарың бар ма?

— Түгелдей қостаймын, командир жолдас!

— Ендеше, міне, осы жоба бойынша әзірлікке кірісу керек! Нак сағат үште қозғаламыз, ойткені номері жетінші разъезде эшелонды карсы ал деген Мироновканың жар-лығын телефонмен өзім қабылдайтын болайын,— деді командир.

Келесі күні, тап күндізгі сағат үште жұз жауынгерден жасақталған партизан отряды лагерьден 7-разъезге қарай бет алды.

Бұл разъезде не бары төрт қана теміржолшы болатын. Оның екеуі неміс, екеуі жергілікті тұрғындар еді. Партизандардың жоспары бойынша ең алдымен бұл төртеуін постыдан алып, темір жолды басқаруды, тұрлі хабарларды қабылдауды өз қолдарына алу керек.

Отряд разъезге дер кезінде келді. Жауынгерлер темір жол полотносының қалқасына барып жасырынды, ал құрама командирі Примак, Болатов, Илько мен Михайло кенсе үйіне кіріп, күтпеген жерден келген бөтен адам-

дарды көріш, сасқалақтаған немістерді құралсыздандырып, оларды еш нәрсеге қатыстырмай күзетуді Михайлого тапсырды.

Командир үн-тұнсіз, трубкаға көзін қадап, телефонның қасында отыр. Сағат нақ бесте звонок шылдырады. Мироновка станциясы эшелондардың шыққанын хабарлады. Командир эшелондарды қабылдауға 7-разъездің өзір екені туралы сабырлы, байсалды түрде жауап берді.

Теміржолшы екі украин жігіттің көмегімен осы разъезде поезды тоқтату үшін бүкіл темір жол сигналдарын пайдаланды.

Партизандардың өрқайсысына жеке-жеке тапсырмалар берілді. Оның ішінде Болатов пен Илькоға паровоз айдаған немісті құралсыздандыру тапсырылды.

Барлығы да эшелонды мазасыздана күтті. Бір кездे көкжиектен ақ түтін көрінді. Минут сайын будақтаған түтін қалындаі, сұрғылттана берді. Эшелон разъезге жақындағы. Созылта гудок берін, жүрісін бірте-бірте баяулата, ауыр пысылдан, поезд келін тоқтады.

Эшелон тұнерген, күп-күнгірт. Вагондарды тас қылып жауып тастаған. Бұл вагондарда тіршіліктің нышаны да жок, поездың күзеттері де көзге түспейді. Партизандар айғай-шусыз-ақ вагондарды күзеткен пулеметшілердің бәрін постыдан алып тастады. Болатов пен Илько машинист немісті құралсыздандырып, байлап тастады.

Неміс тілін билетін партизан Петро Луценко күзет қай вагонда, неше адам деп машинистен сұрап еді, ол жауап беруден біржола бас тартты.

Сондықтан Илько машинистің жәрдемшісіне келді.

— Ей, пан, күзет қай вагонда? Онда қанша адам бар?— деп қатулана сұрады ол одан.

Даусы дірілдеп машинист жәрдемшісі:

— Орта шенінде, соңғы вагоннан санағанда он екінші вагонда, он екі адам,— деп жауап қатты.

— Баяғыда-ақ солай демейсің бе, фашистің сілімтігі,— деді Илько жек көре.

Болатов, Илько және бірнеше партизан он екінші вагонға бет алды. Вагон есіктері тарс жабылған, ішінен тірі жан жауап бермейді. Луценко немішшелеп:

— Өз беттерінше шықсандар, өмірлерінді сақтаймыз, болмаса, вагонды эшелоннан бөліп аламыз да, өртеп жібереміз!— деп айқайлады.

Вагон есігі ақырын ғана ашылды, қолдарын котеріп, бірінің сонынан бірі он екі солдат шықты. Адам сияқты емес, үсқынсыз, түрі қашып кеткен жексұрын, қорқақ екеін көрініп түр.

Әшелонды партизандардың тоқтатып, құзетшілерін тұтқындағанын естігенде, жиырма жеті вагоннан да «ураган» дауыс естілді. Есікті де, терезені де, тобені де қағады, айғайлап ән салып жүр. Жастар оз адамдары екенін сезсе де, сыртқа шыға алмады. Вагонның барлық терезелері мен есігі қалың тақтаймен мықтап шегеленіп тасталған екен.

Жауынгерлер лом, рельс сынықтарын алып, вагондардың есік-терезелерін ашты. Бұлардың ішінен кір-кір, жүздері сынған, қорыққаннан үрейі қашқан жастар мен қыздар шықты.

Біреулері қуанғанынан жылап жатыр, екінші біреулері азат еткені үшін партизандарға алғыс айтып, оларды құшақтап жатыр.

Өзінің көп жылдық тарихында 7-разъезд еш уақытта мұндай азан-қазан болып қуанған, мұндай көп адамды көрмеген болар, осыншама адамды, осыншама шаттықты көруі мүмкін де емес. Өйткені мұнда жолаушылар поезы тоқтамайтын да еді.

Ал құрама командирі анадай жерде перронда тұрып, жайнаған отты көздерімен осынау мол қуанышқа, жастардың көздеріндегі мөлдіреген жүрек шаттығынан цыққан көз жастарына қарады, уақиғаның ойлағандай сөтті болғанына ол да шексіз қуанды. Мыннан астам жас жігіттер мен бойжеткен қыздар фашист құлдығынан азат етілді.

— Вася!— деген комиссар Ломаконың қатты даусы кепнет естілді.— Балаларды сапқа тұрғызындар, бір-екі ауыз сөз айтқым келеді.

Темір жолдың 7-разъезінің перронында митингі басталды.

— Балаларым,— деп бастады сөзін көтерінкі дауыспен комиссар Емельян Демьянович Ломако,— біздің данқты Қызыл Армия жауды бүкіл майдан бойында кейін ығыстырып келеді. Жексұрын оккупанттардан советтік жерімізді азат етер күн алыс емес. Фашист тепкісіне түспеу үшін бар құштерінді жұмсаңдар. Совет жастары осылай істеуге тиіс. Бойында қуаты бар, партизандық өмірдің қындығынан қорықпайтындарың, біздің адамдардың

қатарына сапқа тұрындар, бізбен бірге орманга жүріндер, Қызыл Армия келгенше бірігіл, үйымдастып құресеміз!

Бес жұз жас өспірім жігіттер мен қыздар партизандарға қосылды. Қалғандары өзді-өздерінің селоларына тарапты. Партизандар паровоздың, темір жолдың күлін көкке ұшырды, бар вагонды түгел өртеді. Қолда түсірген барлық олжаларын алып, лагерьге қайта оралды. Қасқарая Днепрдің сол жағындағы Хоцкий ормандарына етті.

Осы операцияны жүргізу алдындағы барлауда да, сондай-ақ партизандар лагерін көшіру алдындағы барлау ісінде де Илько Витряк өзінің досы Михайломен бірге тамаша барлаулар жүргізді.

Темір жолдың 7-разъезіндегі сәтті операциядан кейін көп ұзамай-ақ, Днепр арқылы ұлken көпір салынып жатқан және неміс офицерлері үшін Большой Букрин маңында демалыс үйін салып жатқаны туралы партизандар жаңа хабар алды. Бұл шараптарды іске асыру үшін сол маңға немістердің көптеген жаңа күштері келіп жатыр деген хабарлар бар-ды.

Командир Болатовты шақырып алды да:

— Васек, ертеңнен қалдырмай осы хабарды анықта, айқында, өйткені бұл хабарлардың өзі қым-қигаш, әр түрлі айтады,— деді Примак.

— Сеніңіз, командир жолдас, бұл тапсырмаңыз орындалатын болады,— деп жауап берді Болатов.

Темір жолдың 7-разъезіндегі операциядан кейін, үш күн өткен соң, таңертенгі тогызда Болатов және оның жауынгер жәрдемшісі Илько, штаб бастығы Григорий Алексеенко, Василий Хлопов төртеуі атқа салт мініп, Большой Букрин селосына бет алды.

Илько бүгін бөрінен де қуанышты еді. Ол жауынгерлік әнбегі үшін құрама командирінің көзі мен құлагы атанған барлаушысы ғана емес, онымен қоса ол күндіз-түнің бірдей жол көрсетіп, бастап жүріп отыратын – ішшілі еді.

Міне, сондықтан да Илько отрядтың барлық барлауларына, операцияларына қатысып отырды.

Михайло да ер жүрек, елгезек болды, бірақ ол тапқырлығы, ептілігі, жағдайды аңғарғыштығы жағынан өз досынан кем сога беретін-ди.

Большой Букринге партизандар тез жетті. Большой Букриннің қасындағы терен сайға келіп, олар аттарынан

түсті, күзетші жауынгерлер мен аттарын тастап, Болатов, Илько және Григорий Алексеенко селоға кетті. Сағат таңертеңгі он шамасы болса да, селода тіршілік жоқ, қаңырап бос жатыр. Олар бақ іштерімен, елеусіз тұрде байланысшының үйіне келді. Онан неміс армиясының өзір көпір салмайтынын, бірақ бірер күннің ішінде комиссия келіп кеткенін білді, сонымен бірге олар сауығып келе жатқан жаралы офицерлерге болса керек, демалыс үйін салу үшін қолайлы орын қаастырып кеткенін біліп алды. Мұның бәрі барынша анық, оны енді тексерудің қажеті жоқ болды, барлаушылар ағаш арасымен Трахтомировкаға қарай кейін қайтты.

Трахтомировка деревнясынан жарты километр шыққаннан кейін, жолда барлаушылар осы селонын негізгі тұргыны – байланысшы Семен Григорьевич Власенко қартпен кездесті.

– Партизандармысындар? – деді де, қарт амандасу үшін қол көтеріп, шаттана құлді.

– Иә, ата, солардың өзі! – деп көп үшін Илько жауап берді. Партизандар тоқтады.

– Қалай, қартым, бұған қуанып тұрсың ба, әлде жоқ па? – деп козін қысып қулана сұрады Григорий Алексеенко.

– Қалай қуанбайын! Оз адамдарымыз, өз туғандарымыз, азат етушілеріміз, сендер қаншама игілікті іс істеп жүрсіндер, ракмет, жарайсындар! – деп қарт бәріне мейірлене қарады. – Туғандарым, бүкіл село халқының атынан өтініп сұрарым – бізді мынау келімсектерден, мынау тонағыш малғұндардан құтқарындар! Міне, тағы да ауданнан солдаттар келді, астық, мал бер деп әкірендейді.

– Сіздерге қанша солдат келіпті? – деді Болатов қарттан.

– Менің козіме шалынғаны бесеу. Қазір олар мектепте отыр, әлдеқандай бір тізім жасап жатыр, – деді қарт.

Болатов жолдастарына қарап еді, олардың козқарастынан бірден-ақ өзінің ойлағанын макұлдан тұрганын сезді. Олар командир айтпаса да, бұл бес солдатты қарузыздандырып, тұтқынға алу керектігін анфарды. Бұлардың артынан келетіндерді үрейлендіру үшін мұны істеу қажет еді. Оның үстіне құрал да табу керек болды, өйткені отрядты разъездегі жастармен толықтырғаннан кейін қару-жарактың жетімсіздігі сезіле бастады.

— Жақсы, ата! Халық тілегін қадір тұттық,— деді Болатов қартқа.— Отанымыз, халқымыз үшін қызмет істеп жүрміз, оны төсімізді төсеп қоргаймыз.

— Бәрекелді, қарастарым!— деп қарт алғыс айтты, зор аталық сезіммен. Ол партизандарға бурыл тартқан басын төмен иіп, құрмет көрсетті.

Партизандар аттан түсіп, аттардың шылбырын қартқа ұстатты да, төртеуі селодағы мектепті бетке ала жүріп кетті. Сағат он екі шамасы еді. Күн қақ төбеде, оның сәулесі тап жазды құнғідей төңіректі қыздырып тұр.

Олар тез жүрді. Мандайларынан сорғалаған тер беттерін жуып, жерге тамды. Олар мектепке келді, маңында тірі жан қөрінбейді. Жап-жалаңаш ұлken алаңың ортасында жападан-жалғыз сопайып мектеп үйі тұр. Бір кезде балалардың айқай-шуына, қоңыраудай сылдыраған әсем үні мен құлкісі толып тұратын мектеп маңында тірі жан болсайшы, қацырап бос тұр.

Осындай құлазыған мектепті көргенде әркімнің-ақ үйінде қалған оз балалары еске түсіп, іштері ашып кетті. Бірақ көп кідіруге бола ма?!

Тортеуі де шапшаң қимылдады. Илько мектепке тыстап жан жібермеу үшін сыртқы есікте қалды, Хлопов Днепрдегі өткелді бақылау үшін сол жақ бұрышта тұр. Болатов өзінің штаб бастығымен бірге мектеп үйінің ішіне енді.

Олар екі жағы да толған есік, коридормен жүріп келеді. Алғашқы екі класта жан жоқ екен. Ал Болатов үшінші есікті ашып қалып еді, онда отырған солдаттарды көрді.

Дереу қимыл жасау қажет болды. Бөлмені кірпік қаққандай уақыт ішінде тез шолып шығып, Болатов он жақ бұрышта тұрған винтовка пирамидасын көріп қалды.

Ол жан үшыра қатты айқайладап:

— Көтеріндер колдарынды! Сендерді партизан отряды қоршап алды,— деп хабарлады.

Өктем айқай, партизандардың тосынан тап бөлуы, олардың зәресін алып, құтын қашырды. Олар баяу ғана орындарынан тұрды да, қалтыраған қолдарын әрең-әрең жоғары көтерді.

— Колдарынды жоғарырақ көтеріндер!— деп команда берді, Болатов автоматын кезеп тұрып.

Оның қасында оларға автоматын кезеп Григорий Алексеенко да тұр. Бірақ оған қарауга Болатовтың мұршасы да болған жоқ.

— Дереу қабырғаға сапқа тұрындар! — деп бұйырды Болатов бөлменің тұтас бос қабыргасын көрсетіп.

Барлығы да бір адамдай, қолдарын көтерген бойы Болатов көрсеткен қабырғаға барып сапқа тұрды. Тізелері қалш-қалш етеді, тістері-тістеріне тимейді. Олардың қайсысы болса да, өлген жеріміз осы болған болу керек деп үрейленіп тұр.

— Бәрін тінд, — деп бұйырды командир штаб бастығына.

Тінткенде Григорий Алексеенко олардың қалталарынан әбден тозығы жеткен бес пистолет және жұз елудей винтовка патронын алды. Сөйтті де, тағы да Болатовтың қасына үш қадамдай келіп:

— Командир жолdas, сіздің бұйрығынызды күтіп тұрмын, — деді.

Сол кезде оның қысынқы әдемі көзінен мыскыл құлқи бетіне ойнап шыға келді.

Болатов өзін-өзі буындырған құлқісін басу үшін:

— Барлық қаруды дереу бірінші взводтың командиріне табыс ет! Екінші взвод пен үшінші взвод командирлері анау алаңда менің жарлығымды күтсін!

— Қару бірінші взводқа берілсін дедіңіз, жақсы! — деді де, Григорий Алексеенко винтовка пирамидасын сыртқа шыгара бастады.

Бірінші взводтың командирі Илько Витряк штаб бастығынан қаруларды қабылдады, өзі құлқіден булығып өлгелі жұр. Ал бұл кезде Болатов қолға түскендердің ішіндегі полицайларға арнап қысқаша сөз сөйлемеді:

— Сендер немістерге еріктеріңмен қызмет етіп жүрген жоқсындар, біз, партизандар, оны жақсы білеміз. Сендердің өмірлерінді сақтаймыз, басқа істермен шұғылдану үшін, оккупанттарға қарсы құресте біздің жалпы құресімізге көмектесу үшін сендерді босатамыз, — ал өзі бұл кезде көз қызығымен Григорий Алексеенко қару-жарқты бірінші взводқа қашан беріп болар екен дең соған қарап қояды.

Қаруларды қабылдалап алған соң, рақаттана жымып тұрған Ильконың алдында винтовкалар үйіліп қалған кезде, Болатов полицайларға тағы да:

— Қызыл Армия бүкіл майдан бойынша шабуылға шығып, фашистерді батысқа қарай тықсырып келеді. Фашистер Москва мен Ленинград алынды деп сендерді алдап жұр. Бұл — онбағандардың өсек-айласы.

Сонсон қабағын қарс жауып, Болатов «Смирно» бойынша Григорий Давыдович Алексеенкоға:

— Мынау азаматтарды аланға шығарып, мектеп үйінің алдына сапқа тұрғыз! — деп бұйрық берді.

Адамзаттың азғындары, ұқынсыз жексүрындар құрдай жорғалап, бас ұрып, сыртқа шығуға бет алды.

Мектептің барлық кластарын қарап, мектеп үйінен шыққан кезде, Болатов ғажап картиналың қалған екен, олардың алдында бастарын тәмен салбыратып полицайлар тұр. Илько автоматағын әзір ұстап, маңыздана адымдап, ерсілі-қарсылы жүріп жүр.

— Жағдай қалай, бірінші взвод командирі жолдас? — деп Болатов қарқылдап құлді Илькоға қарап.

— Полицайларды қарап тұрмын, отряд командирі жолдас! — деді Илько. Аланды жаңғыртқан құлқі басты. Ақымақ болғандарын солдаттар мен полицайлар тек енді түсінді. Оларды батыл, ер жүрек торт партизан қоршап тұтқынға алған. Болатов полицайлар сапының алдына келін оларға:

— Мектеп үйінде мен сендердің өмірлеріндегі сақтаймын, босатамын деп уәде берген едім. Мектепте сендер көп едіндер, ал біз не бары төртеу-ак едік. Енді, міне, халық. Сендердің тағдырларыңды менің бір өзімнің шешуіме қақым жоқ. Не істеу керек екенін мына халық айтады. Бұл — олардың правосы.

Оккупация кезінде талай адамдарға айуандық жасаған бұрынғы кулак балалары — екі полицайды халық үні өлім жазасына үкім етті.

— Залымдардың үні өшсін! — деп дауыстады аландағы жүртшылық.

Осы аландағы халық алдында Болатов протокол толтырды. Даалық партизан соты атынан Отанға опасызыдышқ жасаған әлгі екі полицай өлім жазасына кесілді.

Басқалары босатылды, бірақ олардың бәрі де партизан отрядына алушы қолқалап сұрады. Алайда оларды алмады.

— Мұндайларды партизанға алмайды, — деді дауыстап Илько, — ал кімде-кім партизан отряды қатарында шын, адал құрескісі келсе, ондайлар партизандарды тауып ала алады.

Трахтомировшылар барлаушыларға екі көлік берді, олар күтпеген көп олжамен лагерьге жөнелді.

Лагеръғе келісімен, Болатов бірден-ақ құрама командиріне жүргізілген операция жайында бастан-аяқ баяндағы. Командир төртеуін де өзіне шакырып алып, олардың қолдарын қысып:

— Тағы да алғыс айтамын! — деді.

— Совет Одағына қызмет етеміз! — деді төртеуі де бір кісідей. Илько жымындал, құліп қойды.

1942 жылдың қысында Украинада тіпті аяз болмады. Бұл жерде түнде аздал қар жауатын, ал күндіз шұмектеп жаңбыр қүюшы еді. Декабрь айындағы тынышсыз жауын жерді лайсан, батпак, саз балшық етіп жіберді. Бұл партизандардың қимыл жасауына едөуір қындықтар жасады.

Мұның үстіне қысты күні бүкіл селолар мен қала-ларға құзетті қүшетті, жандармдар мен полицайлардың, құзетші солдаттардың санын көбейтті. Мұның бәрі төні-ректегі селолармен қатынасты қынданатты.

Қару-жарақ пен оқ-дәрінің тапшылығы осы кезде ерекше сезіле бастады, өйткені партизан отрядтары көптеген селолардан қосылған жаңа құштермен толықтырылды. Олардың бәріне бірдей қару жетіспейді, оқ-дәрі тапшы болды.

Примак басқарған партизан құрамасы қысқы айларда бөлініп-бөлініп кетті. Болатов отряды Панитов ормандарында тұрды, басқа отрядтар Хоцкий, Черкасск және басқа ормандарға орналасты. Бұл қысқы жағдайда партизандардың маневр жасауына женилдік келтірді.

1942 жылғы декабрьдің алғашқы жартысында Болатовқа Черкасск ормандарынан бірінші отрядтың командирі Николай Михайлович Попов келді. Ол партизан құрамасының командованиеесінің бүйрығын алып кепті. Бұл бүйрық бойынша Болатов пен Попов екеуді Вюнище селосындағы коммунист подпольщик Сергей Шпитальмен кездесуға тиісті. Бұл подпольщиктің қарауында Қызыл Армия бөлімдері шегінгенде қалдырып кеткен қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түліктің жер астында үлкен коймасы бар екен. Бұл қазіргі кездегі қындықтан құтылудың бірден-бір жолы еді.

Николай Михайлович Попов жақсы үйымдастыруышы, батыл, ер жүрек командир еді. Ол партизандар құрамасындағы парасатты және беделді адамның бірі еді. Бірақ осы қасиеттерінің бәрі бола тұрып, оның аса үлкен бір кемшилігі бар-ды. Ол жер жағдайын, төңіректі абайламай қала беретін,

орман ішімен жұз метр өтсе-ақ болғаны, ол қайтып сол орнын таба алмайтын-ды. Ол әр уақытта бір жөн-жоба көрсететін адамды керек ететін-ді. Ол өзінің бұл осалдығын далада, тауда, орманда емес, қалада ескендіктен дейтін. Оның бұл осалдығын билетін Болатов онымен бірге тек өзі емес, Ильконы да ертіп алып баруға үйғарды, өйткені Илько бұл тәніректі бес саусағындай жақсы билетін.

Олар жолға шықты, қару дегенде тек пистолеттері ғана бар, сонсоң немістердің қолынан босанған өскери тұтқындар болып документтер алған.

Луковец хуторына жақындағанда, партизандар пистолеттерін жасырып, өскери тұтқындар болып баруға үйғарды. Полицайлар оларды тінтіп, документтерін тексерді де, қоя берді. Ымырт жабылышымен, олар Вюнище селосына келді. Бірақ Сергей Шпитальдің үйін іздеді, өйткені Попов бұрын мұнда сан рет келсе де, оның үйін ұмытып қалыпты.

Олар үйді орен тапты. Терезені ишарап ал шертіп еді, Сергей Миновичтің зайыбы шықты, Поповты танып, ол ерін шақырды.

Сергей Миновичтің үйінде олар көп отырмады, ас ішті де, жер астындағы қару-жарак, азық-түлік қоймасы бар жерге тартты. Мұндағы нәрселер түгелдей сактаулы еken, бірақ Сергей Минович оны полицайлар андып жүргенін хабарлады. Сондықтан ол бізден қоймадағы құрал-жарактарды, азық-түліктерді тезірек алып, отрядқа тасып әкетуді өтінді.

Партизандар, мүмкін болғанынша, кешіктірмей әкетуге уәде берді де, онымен қоштасып кетті. Таң білінгенше олар Днепрдің жағасында отырды, өйткені Днепрден тұнде оту қауіті еді, мұз түсіп жатқан болатын.

Днепрден таң сәріде өтіп, Луковец хуторына кіруй-ақ мүн еken, қас қылғандай бұларға үш полицай килікті. Қарусыз партизандарды ұстап алды да, мектепке айдал келді. Мұның себебі, осының алдында Переяслав комендатурасынан ерсілі-қарсылы өткендердің барлығын ұстап алып, комендатурага алып келіндер деген жарлық болған еken.

Біраздан соң мектепке тағы да үш полицай және жасы елулер шамасына келген жалғыз көзді жергілікті староста келді. Ол партизандарды желкелеп мұғалімдер бөлмесіне енгізді де, полицайларға қарап:

— Бұлар совет бандиттері ғой, көрмей тұрыңдар ма? Бұларға уақыт кетірудің, комендатураға апарып әуре болудың не қажеті бар? Оларды бір жарға апарып, ит секілді атып тастау керек! — деді.

Бірақ полицайлар өз беттерімен партизандарды өлтіруге бата алмады, бір түн осында ұстап, таңертең комендатурага апаруды үйғарды.

— Егер сендер менің дегеніме көнбесендер,— деп тағы да әңгімеге араласты староста,— онда тұнгі қараул қойыңдар, аяғынан етіктерін шешіп алындар, әйтпесе, олар зытып отырады, тауып көріндөр сонсоң. Ал айтқаныма көнсөндер, мұндайлармен әуре болмаған жөн болар еді,— бұдан соң ол сөзге тағы араласып:

— Егер сендердің тәуекелдерін тұрмаса, өзіме беріндер, өнмендерінен оқты қадайын! — деді.

Ол партизандарға төніп, үргысы келді. Ол Болатовты бар пәрменімен беттен бір сокты. Поповтың бетіне түкірді, Ильконы жақтан шапалактады.

Бұлардың бұралқы итке деген ыза бойларын кернеді, олар бұл сұмырайды улы жылан секілді буындыруға өзір еді. Бірақ шарасыздан бойсұнып, көнуғе тұра келді. Қайткенде, өзірше бұл қорлыққа шыдап көргенді жөп деп ұқты олар. Ақыры, бәрі де жайына кетті. Партизандарды он бес жасар бала мен бір полицай құзетіп қалды. Старостың дегенін түгел орындағы: партизандарды шешіндірді де, етіктері мен шұлғауларын басқа бөлмеге алып кетті.

Партизандарды қамаған мұғалімдер бөлмесін құлып салып мықтап жапты.

Бөлме қап-қараңғы, сұық еді.

Бұл аядай бөлмеде бір бұрыштан екінші бұрышқа құр сенделіп жүре беру оларға өте ауыр тиді, оның үстінен сұық еденде жалаң аяқ жүру қандай қасірет.

Әбден қалышылдаپ, тоңып, олар столға отырды.

— Оңай-ақ түстік қолға,— деді сыйырлап Попов,— мұны еш күтпеген едім.

— Құтылу амалын іздестірейік,— деді Болатов.

— Терезені қойып қалсақ қайтеді? Сонда тұн пердесін жамылып мүмкін, құтылып кетерміз! — деді Попов.

— Жоқ, Коля, бұл ұсынысында қостамаймын. Терезені қойып түсіру керек дейсің, ал бұл үшін ең болмаса бөлмеде орындық та жоқ,— деп қарсылық білдірді Болатов.

— Бұл операцияны кірпік қаққанша істеу қажет болалы, өйткені полицай құлыпты ашып үлгергенше, ытқып шығуың керек. Біз олай ете алмаймыз.

— Ал енді немістер қорлап, кенірдегінен асып қоюды құтуге болмайды фой. Қалай болғанда да, кимыл жасау керек, Вася!— деді Попов.

— Коля, абыржыма, мен жол таптым, ол былай, тыңдалап көріндер: бізге полицайды құралсыздандыру керек. Ал ол үшін біз полицайды алдаң соғуымыз керек. Ол үшін біз қазір қүзетші полицайдан сыртқа шығуды өтінеміз. Әрине, ол бәрімізді бірден түғелдей сыртқа шығара қоймайды. Алдымен Илько барсын, ол полицайдың дегенін екі етпей қалтқысыз орындайтын болсын. Соңсоң мен де солай істейін. Полицай меін бөлмеге енгізіп, сени шығара бергенде, екеуміз полицайды құралсыздандырайық, ал Илько жәрдемшісін бөгей тұратын болсын.

— Табылған ақыл, Вася!— деді Попов Болатовтың қолын қатты қысып.— Бұл — нағыз табылған жол.

Илько есікке келді де, ақырын ғана тықылдатты.

— Ей, саған не керек, неге тықылдатасың?— деген есіктің ар жағынан полицайдың қырылдаған даусы естілді.

— Түзге шығайын деп едім, рұқсат етіңіз,— деп өтінді Илько.

Құлыптың шықырлаганы құлаққа шалынды да, артынша есік ашылды. Винтовкасын кезене есіктің алдында кесе-көлденең тұрып:

— Қалай, сен үлкен дәретке ме, кіші дәретке ме?— деп сұрады полицай.

— Үлкен дәретке,— деп жауап берді Илько полицайға қарамай.

— Біздің бәріміздің түзге шыққымыз кеп түр,— деді полицайға Болатов есікке жақын келін.

— Бір-бірлеп,— деп жауап берді де, полицай өзінің қосшы баласына Ильконың етігін әкел деп бұйырды.

Бала етікті әкелгенімен, шұлғауын тастап кетілті. Илько етікті жалаң аяғына киіп, құртешесін иығына іле салды да, коридорға шықты. Сол сәтте-ақ есікті тарс еткізді.

Полицай винтовкасын кезеп, Ильконың артында екі метрдей жерде жүріп отырды. Сыртқы есікті ашып қалғанда, сұық Ильконы бүрістіре бастады. Тастан қараңғыда ағаштардың көлеңкесі қараңдап көрінеді. Қашып кету үшін нақ қолайлы кезең екен.

Босағадан жиырма метрдей жерге барып түзге отырды, ал полицай бірнеше метрдей жерде винтовкасының аузын оған қаратып кідіре қалды.

Мектепке қайта келе жатып, Илько артына қарап еді, полицай винтовкасының аузын төмен салбыратып қаперсіз келе жатыр екен.

— Демек, маган сенген болса керек,— деп ойлады Илько мектеп коридорына ене беріп.

Илько келген соң, Болатов шықты, ол да полицайдың ешқандай абайсыз, қаннен-қаперсіз келе жатқанын аңғарып қалды.

Полицай еш күдіксіз, сабырмен есік ашты. Попов шығуға бет алды.

Поповты бөлмeden шығарып, ол Болатовқа жол беруі ақ мұн екен. Болатов оны бас салды. Полицай сүріне жығылды. Болатов винтовкасын тартып алмақшы болып, оның үстіне бүркітше төне түсті.

Попов жүгіріп келді. Бірақ винтовкаға жармаса беріп еді, ол құрс ете түсті. Есіктен баланың басы қылтиды. Ол қолына балта алып алысып жатқандарға үмтүліп еді, бірақ бұл кезде Илько да бейқам емес еді. Ол аяғын қөлденен қойып қалғанда, бала жерге жалп ете түсті. Қолынан балтасы ұшып кетті. Болатов балтаны оң қолына алды да, полицайдың басына үйірді, бірақ Попов жібермеді.

— Болмайды, Вася, сен бүйрықты ұмыттың ба?— деді Попов.

Жанышталған полицай қолын ашып еді, винтовка Поповтың қолында қала берді.

— Жүріндер тез,— деп сыйырлады Болатов, ол жолдастары да мұның ізімен шығар деген үмітпен үйден атып шықты.

Қарангыда еш нәрсе да аңғарып болмайды. Тек Болатовтың құлағына ғана «құтқарындар, құтқарындар», деген үн шалынады:

Дем алмай, алды-артына қарамай, Болатов жарты километрдей жер жүгіріп барып тоқтады, сонсоң қарангылыққа көз жіберді. Попов та, Илько да көріпбейді. Қуып, азан-қазан ғып дүниені басына көтерген дыбыс сезілмейді. Жым-жырт тыныштық.

Болатов әбден қалшылдады. Устінде бір ғана сырт көйлек. Оның күртешесі бөлмеде, полицаймен алысқанда қалып койса керек.

Ол тағы да бірнеше минуттей құлақ түре тыңдады, ал сонсоң құрал тығылған орманға қарай жүгіре жөнелді.

Болатов жолдастарын таң атқанға дейін күтті. Әбден тоңды. Оның үстіне қонылтаяқ етік те аяғының қанын шығара қажады, солқылдата жанын шығарып барады.

«Ал Попов пен Илько қайда кетті екен?»— деп ойлады ол бұлардың гайып болуына таңқалып.

Бір кезде ағаштың арасынан қолында винтовкасы бар адам қарандай көрінді. Үңіле қарап еді, Попов екен.

Суыкты, аяқтың солқылдаған ауруын ұмытып, Болатов, ақсандай басып, оған қарсы жүгірді, бір-бірін айқара құшақтап, сүйісп жатыр.

Олардың бұл зор қуанышын осындай жағдайда басынан кешірғен жанғана біледі. Ильконы күтуде ешқандай мағына жоқ еді. Болатов оның лагерьде екенине күмәнданған жоқ.

Қашудың орайлы болуы олардың бойына қуат, күш берді, олар аяктарының ауырғанын сезбей лагерьге тартты.

— Коля, кәне айтшы, сен қайда жоғалып кеттің, саған не болды? Бет-аузың неге сатпақ-сатпақ, дал-дүл?— деп Болатов Поповқа жол-жөнекей сұракты жаудырып келеді.

— Мен өр уақытта, осы жаратылыстағы кемшілігімнен кесір коріп жүрмің, — деп үялыңқырай жымып құлді Попов.— Сенің қай есікten шығып кеткенинді байқай алмай қалғаным бар емес пе! Қай есікті ашпайын, класқа килемін. Далага шығудың орнына өзіміз отырған бөлмеге қайта оралмасым бар ма? Сол бөлменің терезесін винтовкамен бір қойып қалдым. Қанша жүгірдім, қанша адастым, бір кезде аяғымның астындағы топырақ құлап, тұнғиық түбіне кетіп бара жатқанымды сездім. Көз жұмып, винтовкамды мықтап ұстап, не болса, ол болсын деп тәуекелге бел байладым. Терен жарға түсіп кетіппін. Қабырғалар тіп-тік, сулы, жалама екен. Жоғары өрмелейін дейім, тайғанап түсе берем. Ұзак өурелендім, еш нәрсе шығара алмадым. Тұнілейін дедім, бірақ бұл онбаған құламаның барлық қабырғаларын сипалап жүріп, ақыры әрен дегенде өрмелеп шықканым бар фой.

— Мен, орине, орманға тарттым, өйткені, сені осында үшырататыныма көміл сендім, — деп, Попов өзінің жайдары құлқісімен жымып құліп қойды.

Лагерьге үш жүз метрдей жер қалғанда Болатов пен Поповты Илько мен Михайло қуана қарсы алды.

Лагерьге келісімен партизандар бастаң-аяқ комиссар Ломакоға және командир Примакқа өздерінің бастарынан кешірген уақыгаларын баяндады.

Сергей Минович Шпитальдың өтінішін орындау үшін қолайлыш кезеңді күтті.

Бірақ оны нақ дер кезінде орындауға о кездे жағдай болмады, тек 1943 жылдың март айындаған Вюнищедегі жер астындағы қоймадан Құрал-жабдықтар мен оқ-дәрілерді, азық-тұліктерді алуға мүмкіншілік болды. Көп кешікпей отрядқа Сергей Минович Шпиталь да алынды.

Осы уақыттардың ішінде Илько, Михайло Луковец старостасынан кек алу керек екенін тынымсыз айтып, Болатовтың мазасын ала беретіп. Тек бір жылдан кейін Болатов бұл операцияға құрама командириен рұқсат алды.

Партизандар хуторға ымырт жабылған соң кірді. Болатов Илькомен бірге ең шеткі үйге келді. Оларды кемпіршал қарсы алды.

Болатов олардан староста қайда тұрады, полицайлар қай үйде деп сұраған кезде, карттардың зәресі үшін кетті білем, олар қорыққаннан сұрағанды айтудан бас тартты. Бірақ олардың тек анадайдан ғана көрсетуді тілеп отырғанын сезген кезде тыныштала қалды.

Болатов, Михайло, Илько және екі жауынгер шалды жанына ертіп алыш, старостаның үйіне қарай кетті, ал басқа жауынгерлерді кемпір полицайдың үйіне бастап әкетті.

Старостаның үйінің есігі ашық, өзі киім ілгішке пиджагін ілейін деп жатыр екен.

Партизандар үйге айқай-шусыз кіріп келді. Староста өзіне кезелген автоматтың аузын көргенде, анырып сілейді де қалды. Әйелі мен қызы айқай көтерді, бірақ Илько аяғын тебініп:

— Егер үндериңді шығарсандар, табан астында атамын,— деп ескертті. Болатов старостаға төнпі келді де:

— Ал, жалғыз көзді сайтан, танимысын? — деп сұрады.

— Жо... о... қ, есіме түспей тұр, танымадым, — деді староста үрейленгеннен сасқалакташ.

— Олай болса, мен тұсірейін,— деді де, бойын ашу кернеген Болатов бар пәрменімен старостаны тұмсықтан сілейте бір соқты,— есіне түскен шығар, мені осылай соққаның есінде ме?

Құты қашып, үрейі үшқан старостаның жүзінен Болатов оның мұны танығанын үққан еді.

— Бұл сұмырайды мықтап байладап алыңдар! — деп Болатов жауынгерлерге жарлық берді.

Старостаның үйін тіктек кезде, оның үйінен винтовка, пистолет, он екі пар совет офицерінің костюмі, бес пар етік, әр түрлі маркалы он екі сағат табылды. Подвалда бүтін бір азық-тұлік қоймасы бар бол шықты. Михайло ойламаған жерден сенектен оған баратын жол тапты. Мұның бәрін партизандар бір үлкен арбаға тиеді де, старостаның пар атын жекті. Оған қоса оның бордакыланған екі шошқасын сол жерде сойып, арбаға салды, шошқа етінің үстіне кол-аяғы мatalған старостаны тастай берді. Сөйтті де, олар полицай үйіне қарай бет алды.

Полицайлар үйде жок бол шықты, бірақ олардың үйінен жұрттан тонаған қыруар мұлік шықты. Солардың ішінде мектепте полицаймен алысқанда иығынан түсін қалған Болатовтың күртешесі де бар екен.

Барлық мұлікті арбаға тиеп, олар лагерьге тартты.

Илько өз қолымен Отанға опасыздық жасаған старостаны атып таставады.

— Біз кек алдық, — деп Илько Болатовқа қысқаша ба-яндады. Осы бір-екі ауыз сөздің өзінен-ақ фашистермен күресте өсіп, шыныққан баланың қатал, ерлік мінезін байқауға болатын еді.

1943 жылдың июлінде біздің данқты Қызыл Армияның шабуыл операциясы бүкіл майданда зор женістермен өрістеді. Рас, Гитлер армиясы әлі күшті еді, онымен күрес оңай емес еді, бірақ біздің өскерлеріміздің әрбір жана соққысымен төніп келе жатқан ажалды болдырмауға енді онын дәрмені болмады.

Майдан линиясы күн сайын батысқа қарай сұрына берді.

Партизандар Днепр жағалауындағы жау тылында қимыл жасады, олар гитлершілерге ажал төніп келе жатқын жау қимылынан жақсы сезді. Олар қатты қобалжып, асығыс түрде халықты жаппай тонау басталды. Тонаған мұлікті дереу жөнелтіп жатты, өскери тұтқындардың лагерьлері де ішкери тылға орын ауыстырды.

Жаудың бұл қимылдардың бәрінен қансырай бастаған, сілесі қатқан, бірақ әлі айбар корсетерлік шамасы бар жыртқыштыңabyржып үрейленуін айқын анғаруға болатын еді.

Партизандардың міндеті — шегінген жаудың біздің жерімізден қыл бұрау ала кетпеуіне, оны талқандауға Қызыл Армияға колғабыс ету болды.

Илько мен Михайло бастаған «кішкентайлар тобы»
Днепр жағалауындағы селолардан жау әскерлерінің қимылышы барлады.

Бір барлауға барып келіп, Илько мен Михайло Золотонош тас жолымен жүз неміс конвойы көpteген совет әскери тұтқындарын айдал бара жатыр және олармен бірге аузы-мұрнынан келтіріліп баса тиелген жиырма машина кетіп бара жатыр деген хабар әкелді.

Жас барлаушылардың хабарын тыңдалап, командир Примак пен комиссар Ломако Болатовқа колоннаның қоналқаға тоқтайтын жерін дереу барлап келуге бүйрық берді.

Барлауға тағы да Илько мен Михайло жіберілді.

Кешкі сағат жеті шамасында олар колонна қоналқаға Хонкий селосына тоқтады, ал әскери тұтқындар колхоздың ат қорасына қамалды деп хабарлады.

Ат қораға қарсы есікте автоматпен қаруланған үш неміс тұрды. Машиналар ат қораның алдында екі қатар боп қойылған. Қалған немістер колхоз клубына орналасқан. Автоматтардан басқа немістерде тағы төрт пулемет бар. Ат қора мен клубқа келер жер шабуыл жасауға оте қолайлы. Ал қойылған күзетке қарағанда, немістер жайбарақат, алансыз секілді, партизандар шабуыл жасайды деген олардың қаперінде де жоқ.

— Өте жақсы, балалар,— деді командир Примак, Болатовтың тыңғылықты және тиянақты барлауларына риза болып,— аттанамыз.

— Мен өзірмін, командир жолдас!— деді Илько, шаршаған көздерімен командирге тесіле қарап.

Болатов жас барлаушының шаршағанын аңғарып қалды. Ол оған үніле қарап:

— Демалу керек болар саған, Илько, ә? Сен осы үш күннің ішінде қатты шаршаған секілдісің?— деді.

— О не дегениңіз! Бұлай етуге бола ма?— деп ол қарсылық билдірді.— Біз Михайло екеуміз ат қора мен клубқа баар жолды әбден қарап шықтық. Біз бұл операцияға отрядты өзіміз бастаған баруымыз да керек.

Илько өкпелегендей Болатовқа қарады.

— Жарайды, сенің дегениң болсын. Егер сен мұны қаласаң, бірге барасың!— деді Болатов, балаға сүйсініп, оның табандылығы мен қайсарлығына таңырқап.

Бұл операцияны орындау үшін командование жұз жиырма солдат, екі пулемет бөлді. Осы жауынгер отряд Хоцкий селосына бет алды.

Тұн көзге тұрткісіз қараңғы. Сәл жел тұрды, ағаш жапырағының сыйбыры партизандардың андал басқан адымын естіртпейді...

Селоға жақындағанда Болатов отрядты екі топқа бөлді: отрядтың бір бөлегін Михайломен ат қораға жіберді, екінші бөлегін өзі бастап клубка кетті.

Ат қораға жіберген топтың командиріне ол:

— Ат қора маңына барып жат та, менің бүйрығымды күт,— деп бүйрық берді.

Селода ешқандай жарық көрінбейді, қап-қараңғы. Тек клубтың есігінен шыққан жарық тұн қараңғысында да сығырайып қана көрінеді.

Шынында да, клуб есігінде ешқандай күзет жоқ бол шықты. Бұл немістердің бейқамдығын анғартты, Илько дұрыс айтқан екен.

Партизандар клубты айнала қоршалап алып, қараңғыны бүркеніп жата қалысты. Болатов пулеметпен клуб есігіне қарсы бір жерден позиция құрып алды. Аяғын мысық секілді еппен басып, Илько байқаусыз есіктің саңылауынан немістер клубта не істеп жатыр екен, соны байқап тұр. Санылаудан ол немістердің екі үлкен столды айнала қоршай отырып, тамак жеп, арақ ішіп отырғанын көрді. Болатов немістердің сілесі қатқанша ішіп, әбден мас болғанын күтіп отыруға бел байлай алмады. Ол клубтың үш қабырғасынан өрт қоюға үйғарды. Немістер оттан корқып, есікке ұмтылған кезде, оларды пулемет оғымен қарсы алатын болады. Міне, жаудың күзетші тобын осылайша жойып жіберген жөн деп үйғарды да, партизандар іске кірісті.

Ильконы ол ат қораға жіберді, ондағы жауынгерлерге пулемет даусы шығысымен, бірден сырттағы жау күзетінің көзін жоюға кірсү керек деп бүйрық берді.

Үш жауынгерге клубтың үш жақ қабырғасынан бір мезетте өрт қой деп бүйрық берді.

Партизандар шапшаң қимылдап, от қойды. От баяу маздап жанды. Қауіп төнер-ау деп ойламаган немістер клубта даурығып, қарқылдап құліп, қаннен-қаперсіз отырды.

Болатов пен Илько пулемет құлағына жабысып клубтың есігінен көз алмай жаудың сыртқа лап қоюын күтіп жатыр.

Қою тұтін клубтың қабырғасын орай бастады, бірақ жалын әлі көрінбеді. Тығыз буылған сабан лапылдаш жанбай, бықсып жанды.

Оттың лаулап жануына тосыннан шыққан жел көмектесті, жалынның отты тілі жалаңдаш клуб ішіне қарай кимелей бастады.

Сарай ішінен айқай-шу шықты, сонсын бажылдаған үрейлі үндер, сынған ыдыстардың салдыры естілді, солдаттар топырлаған қойдай есікке қарай ұмтылды.

Клубтың кең есігінен сыртқа шығуға жан ұшыра ұмтылған солдаттар сыймай да қалды, бір секундтей олар шырмалып, есік алдына топырлай түсті.

Міне, нақ осы кезде оларға пулемет оғы жауып кетті. Пулемет оғы оларды қылған баудай түсірді. Құлағанда-рының үстін бастырмалата тірілері сыртқа қарай ентеледі.

Клуб есігінің алдында көзді ашып-жұмғанша солдаттардың көбі олді және ауыр жарақаттанды, ал қалғандары тұтқынға алынды.

Солдаттардың кейбіреулері клубтың терезелеріне қарай ұмтылды, бірақ автоматшылар оларды да қамап, жауды жойып жіберді.

Ат қораны қоршаған жауынгерлердің жағдайы мүлде өзгеши болды. Пулемет тіл қатысымен-ақ, ат қораны құзеткен солдаттар тырым-тырақай бол қашып, түн қарангысына сұнғып кетті.

Бағалы уақытты бос жібермей, партизандар ат қораға ұмтылды, екі есіктің де тас-талқанын шығарып, оның ішінен екі жарым мыңдай арыған, жүдеп-жадаған, үсті-бастары алба-жұлба болған өз адамдарымызды тұтқыннан босатты. Олардың бәрі партизандарды нақ бір туысқандарындай құшақтап, алғыс сөздерін айтты.

Құтқарылғандарына сенбей, тұтқындағылардың біреулері жылап, екінші біреулері күліп жатты. Бұл азап шеккен адамдардың көздерінде бақыттың, қуаныштың, зор алғыстың белгісі түрді.

Ал Михайло бұл көздерде автомашиналарды, жүктерді байқап шығып, Болатовқа баяндағалы келді.

— Командир жолдас! Автомашиналардың бәрі бұзылмаған, қазір жүргуге әзір. Олардағы жүк әр түрлі — фашистердің елден тонап алған ұсақ-түйектері мен ол-пұлдары, астық, тамактар бар.

— Ракмет, Михайло. Не істеу керек, оны қазір айтартымыз,— деді Болатов, Михайло командирден ұзап та үлгермеген еді, Илько келді.

— Командир жолдас! Клубтағы солдаттардың бүкіл мұлкі өртеніп кетіпті. Екі қол пулеметін солдаттардың өліктерінің астынан алдық, қалған құралдары түкке жарымсыз боп қапты,— деп жас партизан рапорт берді.

— Рақмет, Илько! Жігітсің,— деді Болатов.

Бірақ Илько командирдің мақтауын шала-шарпы естіді. Ол жаудан босатылған тұтқындардың арасына еніп кетіпті, Илько оларға қарап:

— Красноармеец жолдастар, кімде-кім машина жүргізе алса, бері шықсын!— деп команда берді.

Қаптаған топтың ішінен қырық-елу адам шықты.

— Әр машинаға екі адамнан!— деп командир тіпті қаты қуанып қалды.

Жасаған жауынгерлік қимылдары үшін өзінің жас достарына қатты риза болды, өйткені осындай аласапыранда, тұтқыннан босатылғандар оған алуан сұрақтар беріп, есін шығарып жатқанда, оның көп нәрселерді есінен шығарып жіберуі мүмкін еді.

Ал Илько мен Михайло өздері бас болып, бұл жерден тез кетуді әзірлеуге көп жұмыстар істеп таstadtы.

1943 жылдың август айы. Майдан линиясы Днепрге жақыннады. Днепр жағалауында жаудың абыржу-сасқалақтаулары көбейді. Темір жол мен тас жолдар, жалғыз аяқ жолдар жау тылына, батысқа қарай айдаған адам, мал, астық, тонаған мұлкітер тиелген транспорттарға лық толды.

Жау жене алмайтынын сезіп, енді бұрынғыдан да бетер аш жыртқыш секілді аранын аша долданды.

Майдандағы артиллерия канонадасы әлі естілмейді, фашист әскерлерінің шегінгені де көрінбейді, бірақ жау барынша жанталасып, жинала бастады.

Совет штурмировиктері мен бомбардировщиктері мезгіл-мезгіл аспанда қалықтап шүйіледі. Осының өзі көктем құсы сияқты жақсы хабардың ең анық нышаны еді.

Жергілікті халықтар да бой серпи бастады. Олар малын, астығын, көр-жерлерін жаудан жасырып, олардың қолына еш нәрсе түсірмеуге тырысты.

Партизан құрамасының командованиеі Днепрдің он жағалауына барлаушылар тобын жасақтады, оларға Мироновка — Кағарлик станциялары маңдарына барлау жасап, жаудың жаңа орындарға ауысуының жағдайы жайында мәліметтер әкел деп тапсырды.

Барлаушылардың бұл тобында жиырма адам бар, оны бастаган команмир Григорий Спижевой болды.

Бұл сияқты ауыр, қауіпті барлауды «кішкентайлар тобына» тапсыру – жас өспірімдердің өміріне қатер туғызу болар еді. Бірақ бұл жердің жер жағдайымен жақсы таныс, ой-шүқырын түгел білетін Илько бұл топтын құрамына енді.

Бұл барлаудың нәтижесінде темір жолымен әскери тұтқын, мұлік, жаралы неміс офицерлері тиелген әшелондар тынымызғының жатқаны анықталды. Енді қайткенде де мұндай бетімен кетушілікті тексеру керек болды.

Әшелондарда күшті құзет бар екен, станция мен разъездерді әскерлердің ірі бөлімдері бақылайды.

Тапсырманы тындырып, қажетті мәліметтер алғып, барлаушылар лагерьге қайтып оралды.

Жолда, Малый Букрин мен Македон селоларының араптарынан, төңіректі үңіле шолып келе жатқан Илько шағын орман ішімен келе жатқан көліктерді байқап қалды.

– Командир жолдас, қараңыздар, Малый Букрин жақтан көліктер келе жатыр, – деді ол Спижевойға. – Кімдер екен, байқап қайтуға рұқсат етсөніз?

– Дереу барлау қажет, Илько! – деді Спижевой.

Илько ағаш бұталарының ара-арасымен лезде ғайып болп кетті.

Илько жарты сағаттан кейін қайтып оралды, бұл семьяларымен көшіп бара жатқан полицайлар екен. Олар небары бес-ақ адам, бірақ жүк баса тиелген он көлігі бар.

Партизандар көліктерді тоқтатып, полицайларды құралсыздандыруға үйғарды.

Екіғе жарылған барлаушылар тобы көліктерден озу үшін жол бойымен алға кетті. Ол көліктерден жиырма метрдей озып барып, бұта арасына жата қалды.

Көліктер баяу жылжиды. Шаруалардың арық-тұрық аттары аяқтарын әрең-әрең алғып жүреді. Қабағы қатып, тұнерген арбакеш көліктердің соңынан құлықсыз салпаңдан келеді.

Көліктердін алдында еңсесі түскен полицайлар келеді. Бәрі де қаруланған.

Жер астынан шыққандай, жиырма ер жүрек барлаушы бұталардың арасынан атып шықты. Автоматтардың аузын үрейленіп, абыржып қалған полицайларға кенет кезеніп, тұтқыылдан жасалған шабуыл.

– Орындарыңнан тапжылмаңдар! Колдарыңды көтеріңдер! – деп команда берді Илько.

Полицайлар мелшиін қатып қалды да, бой сұнып қол көтерді. Оларды Илько әп-сәтте-ақ құралсыздандырыды.

Осы кезде көліктердің біреуінен жылаған баланың даусы естілді.

Илько көліктеге бұрылып қарап еді, оның қаны бетіне шауып, өн бойын ашу буды. Өйткені ол екінші көліктен өз әкесін, селосының он бір адамын өлтірген Малый Букриндегі неміс старостасы бүкшиген Роман Гердюкті көзі шалып қалған еді.

Іә, бұл нақ сол Роман Гердюк еді, немістер Малый Букрин селосына келген күні фашист жендеттеріне оның әкесін ұстап берген болатын. Сол азғын, опасыз, жалдамалы ит еді. Ол сүйекті, қымбатты анасының оліміне де себекер болды, сол тәрізді ол тағы да басқа көптеген әйелдер мен қарттар және балалардың өліміне себекер болды.

Илько сұп-сұр бол кетті, старостага жетін келіп, автоматтың аузын соган кезеді.

— Онбаған қара жүрек, танимысың мен! Кісі өлтіргіш, жендет, опасыз! — деді ол тістеніп тұрып.

Староста балаға тесіле қарады да, үнсіз қалды. Көліктен балалардың бакырып жылағаны, әйелінің зары естілді.

— Ошір үнінді, иттің күшіктері, әйтпесе, жексүрындар, бәрінді құртамын, — деді ашулы Илько.

Сол сәтте-ақ үндері өшті олардың.

— Командир жолдас, мынау сіздің алдыңызда тұрган — халықтың қас жауы, менің әкем мен анамды, Малый Букрин селосының он бір таңдаулы адамын өлтірген қан ішер жауыз. Бұл неміс старостасы, сатылған опасыз, неміс малайы — Роман Гердюк, — деді ол.

Бойын ыза кернегеннен болу керек, оның даусы әдеттегідей емес, дірілдеп шықты.

— Ашуланба, Ильюша, енді сенің уысынан шыға алмайды, — деді сабырмен Спижевой.

Полицайларды тінтіп еді, біреуінің қалтасынан неміс командованиесінің ішкери, Днепрден жүз елу километрдей әрі өтіп барып тоқтар мекендері, мұліктерді, лагерьлерді көшіру жөніндегі бүйрығын тауып алды. Бұл — партизандар үшін бағалы олжа еді.

Бұл кезде Илько старостаны және қалған төрт полицайларды бір қатарға тұрғызып, ұзын арқанмен байлад, оларды орман ішіне қарай алып кетті. Командирдің «мұның не» дегендей үнсіз сұрағына Илько:

— Бұл қанішерлер, менің өкемді және біздің селоның он бір активін осылай арқанмен байладарға сүйретіп өкеліп еді,— деді. Осы жерде, табан астында партизандық далалық сот жүргізілді де, алты опасызыға өлім жазасы кесілді. Үкім шығарылғаннан кейін Илько командирге қарап:

— Командир жолдас, мынау жексүрын жауызды өз қолыммен құртайын, рұқсат етіңіз,— деп, ол Роман Гердюкті көрсетті.

— Қуанышпен рұқсат етемін, Илько. Ата-анаңың қаны үшін кек алу, бұл сениң правоң,— деп жауап берді Спижевой.

— Әкем үшін, анам үшін, Отаным үшін!— деп Илько дауыстады, Отанға опасыздық жасаған Роман Гердюкке автоматтан оқ атуға ынгайлана беріп.

Қызыл Армияның шабуылы бүкіл майданда күн сайын өрістеді, оның соққысы үсті-үстіне үдей түсті, ол екпіндей алға ұмтылды, жолындағы жау күштерін, техникасын жаңыштап, жапырып отырды.

Кейін шегінген жау уақытша бекінген әрбір позициясына машиналарын, құрал-жабдықтарын тастан кетіп отырды, бұларды олар күні кеше совет әскерлерінің шабуылын жан сала бөгеу үшін алыстағы тылдарынан өкелген болатын.

1943 жылдың сентябрінің екінші жартысында Днепр жағалауының селолары жандармериялар мен полицайлардан тазарды.

Днепрдің арғы жағынан ішкери, батысқа қарай темір жолдармен, үлкен қара жолдармен неміс эшелондары, көліктері бірінің соңынан бірі тәртіпсіз, асыға-үсіге лек-легімен ағылып жатты. Майданның Днепрге жақын екендігіне енді көз өбден жетті.

Барлық партизандар, командирлерден бастап жауынгерлерге дейін, сүйкіті жеңімпаз Қызыл Армияны тағатсыздана күтті, оның қатарына қосылып, жексүрын жауға лап қойып, оны жер бетінен өшіруге асықты.

Партизандарға күн баяу жүретін секілді көрінді. Олар анасын құткен баладай шыдамсызданды. Жау тылында журіп онымен үш жыл құралғаннан кейін қазір енді Қызыл Армия белімдері таянғанын сезген кезде, оның жауынгерлерінің жарқын жүздерін тезірек көргісі келді.

Құралдарды, киім-кешектерді тазалап, землянкаларды тәртіпке келтірді. Жауынгерлер қырынып, таза киініп,

ұлken мереке қарсаңындағыдай лагерь алдында ерсілі-
қарсылы көнілді жүрді. Қызыл Армия жауынгерлерімен
кездесу ең қуанышты, ең көнілді мереке болды.

Партизандардың көнілін қуаныш кернеді. Осы бір той-
дың ішінде жас жауынгер, батыр партизан Илько да әкесі
мен шешесін көретін адамдай қуанышты еді.

Бала мұлде өзгеріп кеткен, балалық мінезі кетіп, ер
жетіп марқайған секілді. Бұл оның өңінен де, бойынан да
анғарылатын еді.

Осы күндері Болатов Ильконың оған жиі-жиі қарап,
әлденені сұрағысы келіп, бата алмай жүргенін аңғарған еді.

Илько өзі де айтар деп, Болатов оның не екенін сұра-
ған жоқ.

Ақырында, бір күні таңертең Болатовқа келіп:

— Командир жолдас! Жағдайды барлап келу үшін май-
дан жаққа баруға рұқсат етініз. Шыдап отыра алар
емеспін,— деді Илько.

— Жарайды, мен өзім де соны ойлаған едім,— деп жа-
уап берді Болатов.— Бірақ бұл жайында маған құрама
командирімен ақылдасу қажет.

Құрама командирі шағын бір топ жасақтап, оны бар-
лау жүргізу үшін майдан линиясына жіберуге ризалық
берді.

Сол күні Василий Бутенко бастаған төрт адам майдан
линиясына қарай бет алды.

Бұл ер жүрек барлаушылар тобы зор қыншылықпен
шығысқа қарай ілгеріледі.

Жолда майданнан масқара боп жылдысып қашып бара
жатқан неміс әскерін, жалғыз-жарым солдаттарды
кездестірді. Бірақ оларға ұлken мақсаттары үшін-ақ
тиісken жоқ.

Екінші күні шағын орманның шетінде тұрып, қарсы
кеle жатқан танкті барлаушылардың көздері шалып қал-
ды.

— Біздік! Біздін танк!— деп қуана айқайласты барлау-
шылар, таянып келе жатқан танкіні нұсқап.

Көп кешікпей-ақ тағы да үш совет танкісі көрінді.

— Ура! Ура!— деп шаттана айқайлады да, партизандар
танкілерге жүгірді.

Илько алдынғы танкіге келді.

Қаһарлы, үнсіз танкілер тұра қалды, бірақ адамдар
көрінбеді.

— Танкист жолдастар! Партизан құрамасынан сәлем қабыл алындар. Біз — совет партизандарымызды! — деді көтеріңкі дауыспен. Танктің люгі ақырын ғана көтерілді, онан қылтиып танкистің басы көрінді. Оның жас, жайдалары өні құлім қағып тұр.

— Ура! Ура! Ура! Жасасын біздің даңқты Қызыл Армиямызды! — деп барлаушылар танкистерді құттықтады. Өнге танкистер де жүздері жайрандап, қоңылдене танкілерінен шықты.

Бауырлар бір-бірімен құшақтасып көрісті. Жауынгерлер бір-бірінің қолын қатты қысып, қуанысты.

Барлаушылар өздерінің үлкен партизан құрамасынан екенін, бұл құрама осы жерден жиырма-отыз шақырымдай жерде екенін әңгімеледі. Танкистер тұра партизан лагеріне баруға үйғарды.

1943 жылдың 17 сентябрь күні таңертең партизан лагері қадірлі, сағынған достарын қарсы алды.

Бас танкіде Илько отыр. Жас партизан өзінің досы Михайлого және басқа партизандарға мақтана жымиды. Михайло оған үнсіз танырқай қарады.

— Жасасын біздің даңқты жеңімпаз Қызыл Армиямызды! — деді Илько танк үстінде тұрып бар даусымен.

— Жасасын біздің туысқан коммунистік партия! — деп жалғастырып әкетті Михайло.

Мындаған салтанатты «Уралар» бүкіл орманды жаңғырықтырды.

Танкистер, команда бергендей, өздерінің қуатты машиналарын тоқтатты да, сапта тұрған партизандарға қарай жүрді.

Қайтадан құдіретті «Уралар» аспанда көпке дейін қалықтады да тұрды.

Ертеңінде-ақ партизандар лагері үлкен жерде қалды. Майдан линиясы Днепрге кеп тірелді. Партизан құрамасы Қызыл Армия бөлімдеріне қосылды да, Днепрден өтуге ілгері үмтүлды.

Кешегі жауынгер партизандар Илько Витряк пен Михайло Яковленко даңқты Қызыл Армияның ұрыстарда шынықкан солдаттары болды.

Жас болса да, өмірдің талай-талай қыын-қыстау кешулерінен өткен Илько Витярк үлкен өмірге осылайша аласып, өмірдегі алғашқы қадамын осылайша бастап еді.

Эңгімелер

*Бұларға жер-ана аямай жемісін берсе,
олар да сол жерге аямай аышы терін төккен-ди.*

АТАМЕКЕН

Ата-бабаларымыз қоныс тепкен Асубұлақ пен Үнгірлі бойы – жан-жағынан занғар биік орманды таулармен қоршалған, ұзындығы жиырма, көлденені төрт-бес шақырымнан аспайтын шағын ғана бір ойпат. Былай қараған көзге ортасынан көлденең кесіп тастаған үлкен со-пақ астау сияқты. «Көлдененін кесіп тастаган» деп отырғаным: осы Асубұлақ пен Үнгірлі қойнауларын Тайынты атты терең сай көлдененін кесіп өтеді. Бұл сайдың табанында тентек толқынымен жағасына ақ көбік шашып буырқанып Тайынты өзені ағып жатыр. Бұл өзен сінлісі мен кішкентай бауырын жетектеген бой жеткен қыздай он жағына Асубұлақ, сол жағына Үнгірлі өзендерін ертіп алғып, Тарғын өзенімен тоғысады. Сосын бұл екі үлкен өзен қара тасты қақ жарып ағып, Ертістің алғы арнасына құяды. Тайынтыдан Асубұлаққа қарай бұрылғанда бірінші ауылда – он шакты үй Айдабол, төрт-бес үй Төртқара деген екі атаның балалары қыстайтын. Онан жоғарырақта Ортадағы ауыл деп аталатын ауылда он-бес үй Байғон атаның тұқымдары тұрады. Ал Жоғарғы ауыл деп аталатын ауылда он-он бес үй Жарылғап атаның балалары мен он шакты үй Айдабол атаның балалары отыратын. Осы Асубұлақ бойын мекендеген торт-бес атаның балалары ауыр еңбек, табан ет, мандай терлерімен құнелткен жандар еді. Бұларға жер-ана аямай жемісін берсе, олар да сол жерге аямай ашы терін төккен-ді. Азын-аулақ мал үстап, күн көріс үшін әр үй шағын ғана егін еgetін. Бұл – жаз айларындағы кәсіпптері. Ал қыс айларында ауылдан ал-пыс-жетпіс шақырым жердегі Өскемен қаласына ағаш, көмір, тактай апарып сатып, киім-кешек тағы басқа керек-жараптарына жарататын. Демек, жеріміздің сол кездегі байлығы ағаш еді. Осы ағаштан қып үй салатын, осы ағашты отқа жағатын, осы ағаштан көмір алатын, осы ағаштан тактай тілетін. Қысқасы, жұрттың ішетіні де, жейтіні де, киетіні де осы ағаш болатын.

ҚЫРАУЛЫ ҚЫС

Қай жылы екені есімде жоқ, бір жылы Асубұлақ бойында қыс қатты болды. Біздің үй Жоғарғы ауылдан төменіректі екі-үш зәулім биік теректің түбінде окшау

тұратын. Дағарадай үш бөлмелі ағаш үйде тәтем екеуміз ғанамыз. Тәтем деп отырғаным – өзімнің туған анам – Бижамал. Ол күрк-күрк жөтеліп, пешке от жағып жүр. Мен болсам, бір дорба асықты тордің алдына шашып қойып, ойнап отырмын. Талдықуыстан соққан қатты жел үйді орай үрып, терезениң қақлақтарын жұлқылап түр. Терезеге ауық-ауық қараймын, қалың қырау басқан әйнектен неше алуан сурет көремін. Бірі бойлап өскен бұтақты ағашқа ұқсаса, енді бірі жалама жартастай, тіпті кейбірі айыр ұстап тұрған адам сияқты. Ойнап отырған асығымды тастай салып, терезеге барамын. Саусағыммен бетін айғыздаи сыйзамын. Әлгі әсем өрнектерді аяусыз бұзамын. Енді терезеден есік алдын көргім келеді. Ормелең, терезениң алдына шығамын. Қалың қыраудан дала көрінбейді. Демімді ішіме мол жинап, қырауды үрлеймін. Менің ыссы деміме қырау дөңгеленіп, терезениң шынысы көріне бастайды. Енді үсті-үстіне үрлей беремін. Әлгі дөңгеленіп қырауы еріп, жылтыр мұзға айналған жерінен сығалап далаға қараймын. Дала анық көрінбейді. Енді әлгі мұзды тіліммен жалаймын. Тұз жалаған қозыдай терезениң сол жерін жалап-жалап, аршып аламын. Енді дала көрініп түр. Құресінде екі саусақтан бірдемені шоқып жеп жатыр. Оларды садақпен атсам деп ойлаймын. Бірақ етігімнің жоқ екені, сыртқа шыға алмайтыным есіме түсіп, мұңая қаламын. Жаз қашан ғана шығар екен деп армандаймын.

— Тәте, тәте, жаз қашан шығады?— деп сұраймын шешемнен. Ол кісі пештін отын қосеп жатып:

— Ертең шығады,— дейді. Ертеңнің алыс емес екенін білемін, қуанып қаламын. Терезе алдында әлі тұрмын, сұық. Тонып кеттім. Майлышаяқ деғен күшігім бар еді. Тоңған соң, сол есіме түседі. Ол да тоңған шығар. Ол далада ғой, оны неге үйге енгізбейді екен деймін. Сөйткенше болмай, ол қора жақтан шыға келеді де, құресінде емін-еркін жүрген саусақанды қуып тастайды.

— Майлышаяқ, Майлышаяқ!— деп айқайладап, оны шақырамын. Сыртта жел қатты, ол естісін бе, өз жайына кетін қалды. Енді ол кеткен жаққа қараймын. Оның құйрығы ғана көрініп түр. Ол неге түр деп ойлаймын. Оны көреін деп әлгі терезениң қырауын тағы үрлей бастадым. Үрлей-үрлей, болмаган соң, тағы жалауға кірістім. Сол сөтті арқама тәтемнің шапалағы шарт ете түсті. Терезеден қарғып түстім де, төрге қарай қаша жөнелдім.

— Терезені сындырасың! — деп төтем, маған зорлене қарады.

— Сындыргам жоқ қой, — деп аузымды бүртитып, шашылып жатқан асықтың үстіне отыра кеттім.

— Мен келгенше, осы арада қимылдамай отыр. Бірдемені бұлдірсөн, жаныңды шығарамын! — деп, маған жұдырығын түйді тәтем.

— Сен қайда барасың? — дедім.

— Жоғарғы ауылдан қалбыр өкелемін, қазір келемін, — деп, киінді де, үйден шығып кетті. Үйде жалғыз қалдым. Тәтем кеткен соң отырармын ба?! Орнынан тұрып, төрзеге бардым. Әлгі үрлеп далаға қараған жеріме қайта мұз катып қалыпты. Далаға қарай алмаған соң, не істерімді білмей, үрейлене бастадым. Үлкен балалар кейде мен тентектік жасасам, «әне, Қызыл көз келеді» деп қоркытатын. Әсіресе Иіс, Қабдырөсел деген ағайларым үстіңгі кірпіктерін теріс айналдырып, көздерін қызартып алыш, «Қызыл көзбіз» деп шошытатын. Алдыңғы үйде «Қызыл көз» жүрген сияқты. Енді корғаныс жасауға кірістім. Үйде аласа донгелек стол бар еді. Соны сүйретіп, төргі бөлменін бұрышына алыш келдім. Столдың аяқтарын сырт қараңып, бұрышқа сүйеп қойдым да, асықтарымды жинап алыш, әлгінің артына кіріп отырдым. «Қызыл көз» ауыз үйден мен отырған төргі бөлмеге кірген сияқты. «Қызыл көзді» де, ешкімді де көрмеймін деп, көзімді тас жұмып, бетімді алақаныммен басып, үзак отырдым. Біраздан соң сыртқа шыққым келді. Столдың артынан ақырын шығып, есікке бардым. Есікті сыртқа қарай итеріп аштым да, қайта жауып, дәлізге шықтым. Үйге жалғаса салған қораның іші қаранды. Қораның әр бұрышында «Қызыл көз» тұрган сияқты. Үйге қайта кірейін десем, есікті аша алмадым. Есіктін тұтқасына қолым әзер жеткенимен, күш алу қайда! Бір жағынан сұық, бір жағынан жылу қысып, ісініп тұрган есік ашылсын ба! Есік, сойтіп, ашылмады да, сұық дәлізде жалаң аяқ, жалаң бас қалып қойдым. Артыма жалт қарасам, бір «Қызыл көз» қораның бұрышында бұғып тұр екен. Қоркып кеттім де, сыртқа ытқып жөнелдім. Сол шыққаннан шаңытып тұрган аязда Жоғарғы ауылға қарай безіп бердім. Біздің үй мен Жоғарғы ауылдың арасы бес-алты жұз метрдей еді. Әр жерге бір сүрініп, дызылдатып жүгіріп келемін. Мені кіші ағаның үйінің терезесінен көрген болуы керек, алдынан тәтем де жүгіріп шықты.

Сүріне-қабына алдынан шыққан тәтем: «Олдің-ау, өлдің-ау!» – деп, мені құшақтай алды. Мені көтергеннен көтерін, жүгіре басып, үйге келді. Әкемнің түйе жұні күпісіне орады да, пештің үстіне шығарды. Тісім тісіме тимейді. Тәтем де шошып кеткен болуы керек, маған ұрыспайды. «Неге ғана үйден шықтың?» – дей береді. Мениң жауап қатуға шамам жоқ. Пештің үсті ыстық екен, денем тез жылынды. Бірақ есесіне көресіні көрдім! Аяқ-қолым удаі ашып барады. Әсіреле аяғымның ашығанын айтып жеткізу киын. Пештің үстінде безек қағып жылап отырмын. Тәтем байғұс не істерші білмейді. Мениң енді жерге түсіріп, алдына алыш, уата бастады. Шақпақ қант берді. Басымнан сипап, бетімнен сүйді. Әлден уақытта төсекке апарып жатқызды да, көрпеге орап тастанды. Жылап-жылап, үйықтап кетіппін. Қанша уақыт үйықтағанымды білмеймін. «Қызыл көз» қорада мені шап берін ұстап алған екен деймін, «тәте, тәте» деп айқайлап, шошып оянып кеттім. Тәтем жүгіріп келип: «Қара құлыным, қара құлыным», – деп құшақтай алды. Өксігімді бастым.

Аяқ-қолым онша ашымайды. Бірақ ақыры екі аяғымның бір қабат терісі тізeme дейін түсіп қалды.

АСУБАЙ АТА

Асубай атам пішініне аты сай адам еді. Аскар асудай биік болатын. Өниң ұзын мойнынан жұтқыншағы бұлтишып шығып, жұтынғанында, бірсесе жоғары, бірсесе төмен жылжып тұратын. Ажары қайтқан аумакты козінен үздіксіз жас ағып, селдір сақалын шайып жүретін. Сала-лы саусақтарымен ұстап тұрган ұзын таяғының өзі бір балаға жүк. Ортадағы ауылда тұратын осы алыш адамның жүрегі, сезімі өте нәзік еді. Атамның баспанасы мен Мұқаш, Жөкежан, Бақаш, Батыр деген төрт ұлы бар еді. Оиан басқа оның мал-мұлкі болғаны есімде жоқ. Кемпірі ертеректе дүние салып, жалқы қалған осы адамның өлеолгеніне ермегі де, қуанышы да өзі аталас екі ауылдың балалары болды. Екі ауылдың балалары болып таласатынымыз – осы кісі. Әрқайсымыз ұзын шапанының етегіне жармасып «Мениң атам», «Жоқ, менің атам» деп шуласамыз да жүреміз. Бұл кісі бізді оз аттарымызбен атамайтын, өзі әрқайсымызға әр түрлі кейіп-кескінімізге, мінездүкүлкүмізға қарай өзінше ат қойып алатын.

Ол кісі түске дейін өзі тұрған ауылдың балаларымен болатын да, тұс кезінде біздін Жоғарғы ауыл балаларына келетні. Оны екі ауылдың аралығында аңдып жүріп, қарсы алатын Рақымбек екеуміз едік. Рақымбек менен екі-ақ жас үлкен ағайым. Екеуміз Талдықуыс бұлағының маңында саршұнаққа дұзак құрып жүреміз.

— Қасым, көлеңкеміз қыскарды, тұс болды, қазір атам келеді,— дейді маған Рақымбек. Сөйткенше болмай, ана-дайдан үп-ұзын болып атам шыға келеді. Біз қуанғаны-мыздан:

— Ата, ата!— деп айқайлап жібереміз. Ол кісі де:

— Қоқшан! (Рақымбекті солай атайтын)— деп дауыстайды. — Тентек қара! (Мені Тентек қара деуші еді)— деп дауыстайды. Онын жүгірін жанына барамыз. Ол таяғын тастай беріп, ен алдымен Рақымбекті екі қолымен жоғары көтеріп, бетінен сүйеді. Мен кезек күтіп тұрамын. Оған қалтасынан бір шақпақ кір-кір қант береді, дорбасынан алып, кішкентай шабақ балық ұстатады. Мен шыдамсыздана бастаймын. Бірақ Рақымбекпен таласуға болмайды. Ол үлкен. Ол — үлкен апамның (оны үлкен шешеміз Бибіш бауырына салып алған) баласы. Ол маған әкім, мені сабайды. Соңан кейін атам «кел, Қара» деп, мені де жоғары көтеріп, екі бетімнен алма-кезек сүйеді. Жерге түсіріп, бір қолыма бір шақпақ қант, екінші қолыма бір шабақ ұстатады. Қантты дереу аузыма салып жіберемін де, күтірлетіп жей бастаймын. Бұл атамның Ортадағы ауылдың балаларымен бірге балық аулап, олармен келесі таң атқанша қоштасып келе жатқан беті. Осылай біз мауқымызды басқанша, Жоғарғы ауылдың балалары да келіп жетеді. Атамның барлығымызға беретіні бірдей. Оларға да бір-бір шақпақ кір қант пен бір-бір шабақ тиеді.

— Бұл — Ортадағы ауыл сұнының тобәрігі. Енді осы ауылдың сұынан көп балық ұстаң беремін,— дейді атамыз.

Ол енді бізді ертіп Асубұлақ өзеніне беттейді. Біз оның біресе алдына, біресе он жағына, бірде сол жағына шыбып келе жатамыз. Атамның қолынан балықты бұрын алуға тырыспасақ, басқадай таласымыз жоқ. Ол кісі өте әділ. Бір баланы екінші баладан алалауды білмейді. Балықты беру кезегі баланың әкесінің үлкен-кішілігіне байланысты. Жасы үлкеннің баласы бұрын алады. Қайсымыз кімнің баласы екенімізді ол жақсы біледі. Ал балық бөлгенде біркелкі балық болмай қалса, онда әкелеріміздің

емес, өзіміздің үлкен-кішілігімізге қарай береді. Жасы үлкен балаға үлкен балық тиеді де, кішкентайларға кішкентай балық тиеді. Бұған барлығымыз үйреніп алғанбыз, ешкімнің рениші болмайды.

Судың жағасына келген соң, үлкен пышағын қынинан суырып алады да, барлығымызга ат қылыш мініп жүргуге бір-бір тал шабық кесіш береді. Талдың қабығын сыйдырып, әрқайсымыздың «атымызға» шылбыр байлад, оны мойнымызға іледі де:

— Ал, сендер атпен жүресіндер. Баяғы жаяу — Асубай. Қамшины өздерің талдың бұтағынан сыйндырып алындар, — деп жайланаң отырып, шақшасынан насыбай атады. Ол кезде атамыздың жасы жетпістен асып кеткен еді. Өзі айтқандай, ол кісінің атқа мініп жүргенін де ешқайсымыз көрген жоқ шығармыз.

Асекен — асқан балықшы кісі. Балық қармағына бірінен соң бірі ілініп жатады. Судағы томар түбінде қайрандап тұрган балықты қолымен де ұстап жатқаны. Ол кісінің дорбасы мен шелегі тез толып-ақ қалады.

Бізге бөліп беретін балығын атам дорбасына іріктеп салады. Ал шелектегі, оған сыймаган балықты талдың қабығын есіп желбезегінен тізіп береді. Онан артылғанын бізге пісіріп беретін. Шелек тола бастаса-ақ, үйреніп қалған ересек балалар қу шөпшек теріп, бір жерге үйіп тастайды. Ал ұсақтарымыз атамның маңайынан ұзап кетпейміз. Атамның екі-үш қармағына ілінген балықтарды жинал жүреміз. Ол кейде суда тұрган томардың түбіне он қолының жеңін түріп, ұзын қолын жайлап сұғады да, әп-сөтте үлкен балықты жағаға бауырын жарқ еткізіп лактырып жібереді.

Асубай атам суга бетін жуса, өл «балық аулау аяқталды» деген белгі сияқты. Бетін жуып, шапанының етегімен беті-қолын сұртіп, шөпшек жинаған жерге келеді. От жағады. Біз отты айнала жүремізден отырамыз.

Балалардың кейбіреуі қалың шөптің арасына сүрініп жығылып, қолындағы балығын жоғалтып, жылап тұрады. Қарт оны:

— Жылама, осы ұстағанымыз да бүкіл ауылға жетеді,— деп уатады.

Атам балық ұстағанда табанда ішін жарып, ішек-қарның суга лактырып жіберетін.

— Ата, ішек-қарның суга неге тастайсыз?— дейді ере-сек балалардың бірі.

— Судағы балыққа да тамақ керек емес пе?— дейтін.

От өбден қызып жанған соң, атамыз балықтарға түз себеді де, қағазға, жапыраққа орап, отқа тастай береді. Пісті ме, піспеді ме, біз білін жатқанымыз жоқ. О кісінің пісіріп берген балығын пышақ үстінде бөліп, аузымыз күйе-күйе болып жеп аламыз. Өзі де жейді. Пісірген балығы біткен соң, атам қалтасынан мүйіз шақшасын алып, жұлым-жұлым етігін өкшесіне ұрып-ұрып қалып, тығынын алады да, он қолымен сол алақанына салмақ болып шақшасын қағады. Ішінен ештеңе түспейді.

— Балалар, насыбай бітіпті. Қай жүйрігің Нұғманнан насыбай сұрап әкеліндер,— дейді.

«Мен барам», «Жоқ, мен барам, мен жүйрікпін!»— деп барлығымыз орнымыздан өре тұра келеміз. Атам қолын қөтеріп:

— Таласпаңдар, ол Тентек Қараның атасы ғой, Тентек Қара барсын,— деп билік айтады. Мен зырлап жөнелемін.

Мен келгенде Нұғман атам үлкен балтасымен ағаш шауып отырады. Нұғман атам да Асубай атам сияқты аса зор адам еді. Өні сүyk. Өз еңбегімен күнін көрін келе жатқан адал жан. Ол кісі — менің әкемнің үлкен ағасы.

— Ата, ата! Асубай атам насыбай сұрайды,— деймін жанына барып.

Нұғман атам табиғатында қатал адам болғанмен, маған жылы ұшырай қарайды. Балтасын жерге қойып, қалтасынан мүніздел жасаған, шашақ таққан үлкен қара шақшасын алады да:

— Тентек Қара, ұста алақаныңды,—дейді. Алаканымды тоса қоямын. Атам шақшасын қаққанда, шақшасы ма, қолы ма, әйтеуір, сырт-сырт етеді.

— Ата, шақшаң сыртылдайды ғой?— деймін.

— Ия, менің шақшам сөйлейді де,— дейді жымыш. Сөйтіп тұрганда Рысалды апам шығады үйден.

— Мына, Тентек Қара не қылып жүр?— дейді. Бұл кезде Нұғман атам алақаныма насыбайды салып болып, добалдай қолымен қapsыра ұстап, жұдырығымды жұмып береді.

— Токташи, Тентек Қара, тұтігіп кетіпсін ғой. Бір тос-таған көже іш,— деп, Рысалды апам мені ағаштың үстіне отырғызып, өзі тез-тез басып үйге еніп кетеді. Мен күтіп отырамын.

— Балықты көп ұстадыңдар ма?— деп сұрайды Нұғман атам.

— Көп,— деймін. Онан кейін Асубай атамның «Нұғманан насыбай сұрап алып кел» дегені есіме түсіп:

— Ата, сениң атынды Асубай атам неге атайды? Неге Нұғман ата демейді,— деп сұраймын. Ол қарқ болып күледі. Рысалды апам келеді. Ағаш аяқпен әкелген көжесін басыма бір-ак көтеремін. Менің сұрағымды атам кемпіріне айтады, Рысалды апам да күледі.

— Ол мені ата демесе, онда әдепсіз екен. Айта бар, мені бұдан былай ата десін,— дейді Нұғман атам. Апам күліп басынан сипайды да:

— Ол кісі бұл атаңнан көп үлкен, Ата деп неге айтын, өзінен кіші адамды,— дейді. Мен су басына қарай жүгіре жонелемін. Нұғман атам орнынан тұрып, тісін ақсита күліп:

— Айта бар, мені бұдан былай ата десін, Асубай атаң,— деп, соңынан айқайлап қалады.

Мен келсем, әркімнің қолында — тал қабығына тізген балық. Балықтардың бауырлары жарқ-жүрк етеді. Асекен маған да бір тізбек балық береді. Күн еңкейіп барауды. Атам мен әкелген насыбайдан екі-үш шымшып атады да, орнынан тұрады. Барлығымыз сонынан еріп келеміз. Әдетте қай жерде қарсы алсақ, сол жерге дейін шығарып салатынбыз. Бұл жолы да Талдықуыс бұлағына дейін шығарып салдық. Ол барлығымыздың мандайымыздан иіскеп, ауылына қарай кете барады. Біз кішкентай қолдарымызды бұлғап қала береміз.

МӘТИШ ШЕШЕЙ

Мәтіш шешей сидиған арық кісі еді: «Р» дыбысына тілі келмейтін. Қыста да, жазда да қызыл асығынан келетін шолак қара пима киіп жүретін. Садық, Самарқан, Құсман, Оқан деген төрт ұлы болды. Садық деген үлкен ұлы аса шебер, он саусағынан өнер тамған адам еді. Самарқан, Құсман деген балалары қара шаруа, еңбек сүйгіш адамдар да, Оқаны «Оқан мұғалім» аталып, бала оқытты. Садықтың алғашқы әйелінен Қабдырөсел, Бұркітбай деген екі бала қалды.

Бұркітбай шешесінен жас қалып, үлкен шешесі Мәтіш апамның қамқорлығында болды. Бұркітбай менімен түйдегі жасты болатын, тілін шайнап сөйлейтін. Аса қайсар

еді. Асық бояғанда қазандагы бояу сүйнде қайнап жатқан асықтың бірнешеуін алақанына салып берсең, сол ыстық асықты алақанына қысып ұстап тұратын да, алақаны қолдырап күйіп қалатын. Қаншама әділетсіздік жасасам да, жақсы көруші еді. Мәтіш апам ортаныш үлдарының бірі Құсманның қолында. Құсман ағайды озінен жасы кішилер «нәнем» деп атайдын. Бұл алып денелі, аса қарулы, көмірдей қара кісі болатын. Нәнем не жұмыс істесе де, орнына келтіріп істейтін. Бірігіп шоп шапқанда, алты қарыс ақ шалғысын құлаштап кең сермен, алда үздік кетіп бара жататын.

Бір күні Бұркітбаймен ойнауға Нәнемнің үйіне бара қалдым. Бұркітбай асық ұстап отыр екен. Бір дорба асық. Бірнеше түрлі бояумен боялған. Көзім тұнып кетті. Бұркітбайдың қасына барып отыра қалдым да, әдемі асықтарын ірікеп ала бастадым. Ол өте сабырлы еді, алғашында ұн демей асықтарын беріп, менімен ойнап отырмақшы болды. Анадай жерде Мәтіш апам үршық иіріп отыр. Анда-санда бізге:

— Қаяқтайым, төбелеспей ойнандай,— деп қояды. Бұркітбай екеуміз барлық асықты алып сыртқа шығып кеттік. Біраз ойнаған соң, жақсы асықтарының біразын ірікеп алып кетпек болдым. Ол бермеді. Етегіме таңдалап салып алған асығыма жармасы. Екеуміздің асыққа таласқан даусымызды естіп қалған апам үйден де шығып қалған екен. Енді кідіруғе уақыт жоқ. Бұркітбайды бастаң бір салдым да, етегімдегі асықты алып, қаша жөнелдім.

— Апа, асығымды алып кетті Қатын (Қасым деуге тілі келмей, мені Қатын дейтін),— деп Бұркітбай жылап отыра кетті.

Үйге қарай зытып келемін. Мәтіш апам өкшелеп қуып келеді. Анда-санда «адиа қайғи өйтіеін, Қаяқүйт» деген даусын естімін. Ұстаса, өлтірмесе де, өлімші қылатының білемін, қашып келемін. Екі қолым бос емес. Асығым шашылып қалады екен деп екі колыммен көйлегімнің етегін қапсыра ұстап келемін. Апам жете алмаған соң, ыза болды-ау деймін, аяғындағы қысқа пимасын сілтеп қалса керек, ол дәл желкеме тиіш, етпетімнен ұшып түстім. Етегімдегі асығым шашылып қалды. Орнынан атып тұрып, артыма қарасам, Мәтіш апам кимешегін қолына алып, бір аяғында пима, бір аяғы жалаң аяқ аксандай басып жүгірін келеді екен. Асықты жинап алуға мұршам болмады. Қайран әдемі қызыл асықтар қалып барады.

Ыңа болып кеттім. Дереу апамның әлгі басыма тиғен пимасын ала қаштым.

— Қаяқұйт, пимамды таста,— деп айқай салды. Біздің үй мен Жоғарғы ауыл арасында тоған бар еді. Соны кешіп, үй жаққа өтш шығып, бір-ак тоқтадым. Мәтіш апам аксандаі басып сонымнан келе жатыр.

— Міне, пимаң,— деп пимасын тоғанның сұына бір-ак қойдым. Апам өмірінде ешкімді дәл бұлай үрсып көрменген шығар. Аузы-басымнан сау жер қалдырмай сыбап, суға ағып бара жатқан пимасын ұстамақ болып, тоғанның өн жақ жағасымен төмен қарай кете барды. Бұл кезде Бұркітбай да мениң етегімнен шашылып қалған асығын теріп алып жатты.

КОЯНСИРАК

Біздің үйде аздаған ұсақ мал болды да, соның ішінде бір аппақ ешкі бар еді. Ол ешкіден бір жылы өзі сияқты сүттей ақ ұргашы лақ туды. Лақ ақ қоянға ұқсас: екі құлағы тіп-тік, алдыңғы аяқтарынан артқы аяқтары көп ұзын. Сондықтан оны Қоянсирақ дейтін үйдің іши.

Бұл кезде әкем үлкен үйден бөлініп отау шыққан. Үлкен шешем Бибіштің қолында әкемнің інісі Иіс қалды... Бұл кісіні ауыл адамдары болып Үлкен апа дейтін. Үлкен апам бауырына салып алған Рақымбек деген ағайым, Сақыпзада деген менен екі жасы кіші қарындасым да үлкен үйде, солардың қолында қалды. Әкем еті тірі кісі еді, үш бөлмелі данғыраған үйді інісіне таставды да, ағайындардың көмегімен үлкен үйдің төменгі жағынан екі бөлмелі ағаш үй салып алды. Енді бұл үйде балалардың ен үлкені — мен. Менен басқа Шамшия, Күлзапыран деген екі кішкентай қарындастарым бар. Әкем сырттай мал тапқанымен, үйдің отын-су, ұсақ-түйек жұмысына қыры жоқ болатын. Демек, үйдегі аздаған малды бағып-қағу, отын-су менің мойнымда. Біздегі мал: бір қара ат, қара бұзауымен бір қара сиыр және төрт-бес ұсақ мал. Бұған әкемнің анға ғана міндеттін жирен қасқа атын қоспаймын. Өйткені оны көбіне әкем мінін жүреді. Үлкен үйден енни алғанда, менің еншіме атап берілген мал әлгі Қоянсирақ болатын. Қоянсиракты мен өте жақсы көремін. Мұндай сүйкімді әдемі лақ бүкіл ауылда жоқ. Ол да мені жақсы көреді. Мен қайда барсам, сонымнан еріп жүреді. Кейде

көтерін алып, аузынан, көгілдір көзінен сүйемін. Марқа қозыға мініп, оны алдыма өңгеріп аламын. Оған әсіресе осы сыңғысы қызық сияқты. Мен бір марқа қозыға мінсем-ақ, Қоянсирақ екі құлағы тіш-тік болып қасыма секіріп-секіріп жетіп келеді, алдыңғы екі нәзік аяғын көтерін, менің тізeme қояды да, артқы екі аяғымен тұра қалады.

— Сен де мінгің келе ме?— деп онан сұраймын. Ол сол тұрган бойы басын шайқап-шайқап қояды.

— Онда неге келдін?— деймін. Сол кезде оның көзі жасаурап жылағалы тұрган сияқты болады. Жаным ашып кетеді де, алдыңғы екі аяғынан ұстап, алдыма өңгеріп аламын. Ол енді қозының ұстінде көлденен түсіп жаткысы келмейді. Тыптырлай береді.

— Ә, мен құсан отырғың келе ме? Ендеше отыра ғой,— деп, алдыңғы екі аяғын екі қолыммен ұстап, артқы екі аяғын қозының екі жағынан жіберіп, ұстап отырамын. Ол біраз жүрген соң, тағы тыптырлай бастайды. Енді ыза боламын да:

— Тұс, сен еріккен қоянсың,— деп, қозының ұстінен түсіріп жіберемін. Ол басқа лақтарша жай жүрмейтін. Секіріп-секіріп барып тоқтай қалатын. Сол әдетімен секіріп-секіріп кете барады. Ол әсіресе жетім қоныр қозыға өуес болатын. Қоныр қозы — қазақы қойдың тұқымы, жүні қалың, құйрығы үлкен тостағандай төңкеріліп тұратын. Қоянсирақ сол қоныр қозының қасында жүреді. Ол сусап жата қалса болғаны, Қоянсирақ қарғып ұстіне шығып алып, жан-жағына мақтана қарап тұратын.

Бір күні қара бұзауды жетектеп келе жатсам, Қоянсирақ жанымға жетіп келді.

— Немене, қара бұзауға мінейік пе?— деп сұрадым. Ол әдеттегісіндей басын шайқап қойды.

— Ә, мұнан қорқасың ба? Қорқақ қоян,— дедім. Ол тағы, алдыңғы аяғын менің тізeme қойып, тұра қалды.

— Ә, корықпайым деймісін? Онда, мін,— деп, өзім қара бұзауға қарғып міндім де, Қоянсиракты алдыма алғаным мұн екен, қара бұзау ала келіп жөнелді. Қозыға мінгендей емес, аяғым жерге тимейді. Бұзаудың мойын жібінен айрылып қалдым да, бұзаудың ұстінен Қоянсирақ екеуміз жерге топ ете түстік. Басым мен-зен болып ауырып, сол жерде отырып қалдым. Қоянсирақ та түрегеліп, сілкініп маған қарап, басын шайқап-шайқап қойды.

— Сенің де басың ауырып қалды ма?— деп сұрадым онан. Ол басын шайқады тағы да.

— Ия, ауырмағаны, сен түгіл, менің басым сынып қала жаздады,— дедім. Ол мені аяғандай, келіп, құлағымнан искеледі. Мен оны да аяп кеттім, құшақтадым. Сонан былай екеуміз қара бұзауға мінбейтін болдық.

Келесі күні тәтем Талдықуысқа қозы жайып, қайтарында тезек тере кел деп қолыма қап беріп, екі үйдің қозылары мен лақтарын алдыма салып берді.

Талдықуыс деген екі жағы таумен қоршалған шағынғана түбек — шабындық. Бұл шабындық жерді суару үшін түбекті айнала тау етегімен Асубұлақ өзенінен тоған тартылған. Екі таудың жоғары барып түйіскен жеріне қалың қара мойыл өседі. Бұл түбектің жазда берері үлкендерге қалың шөбі болса, балаларға берері — ат түягы боялатын қып-қызыл жиdedі мен қалың қара мойылы. Осы түбектің дәл ангар аузында біз отырамыз. Қозылар сол түбекте емін-еркін жайылып жүр. Мен болсам, қозыларды Қоянсираққа тапсырып, өз бетіммен ойнап жүрмін. Анда-санда «Қоянсирақ» деп айқайлап қоямын. Ол елең қағып, қозыларды айнала, секендең жүгіреді.

Не заматта тәтем тапсырган тезек есіме түсті. Енді тезек терейін деп қолыма қабымды алған кезде, Талдықуыстың төр жағында жайылып жүрген сиырлар өкіріп, азан-қазан болды да қалды. Зәрем үшып кетті. Не істерімді білмей сасып қалдым. Енді әлгі көп сиырлар бір нәрсені ортаға алып қамағандай, бір жерге үйіріліп, мүйіздерін шайқап, бір нәрсеге айбар шеккендей. Мұнан бұрын сиырлардың қоршауынан бір тік құлақ ит сыйтылып шықты да, тура маған қарай тартты. Аузын арандай ашып алған. Енді қасқыр есіме түсті. Бірақ тірі қасқырды кім көрген. «Қасқыр да — ит. Ит болғанда, үлкен көк ит сияқты болады. Карақойында Асубай атамды түнде келе жатқанда қуыпты. Кісіге шабады», — дегенді еститінмін. Сиырлар өкіріп-өкіріп сол жерде қалып қойды да, ит тура маған қарай келе жатыр. Қасқыр деп жорыдым да, қорқып, қаша жөнелдім. Артыма жалтақтап, қозыларға қарай қашып келе жатып, бір кішкентай шұңқырға құлап түстім. Енді тұрып қашуға мұршам келмеді де, қабымды жамылып, қимылдамай жата қалдым. Ақырын қапшықты қалқалап, сығалап қарасам, әлгі көк ит қозыларға қарай тура тартты. Қозыларды дүркіретіп ары қуып, бері қуып, ішинен Қоянсиракты ұстап қалды. Қоянсирақ бір рет сыйтылып шыққандай болып еді, қайтадан ұстап алды. Қоянсираққа

жаным ашып кетті. Жылап жібердім. Енді «батырлығым» ұстап, орнынан атып тұрып:

— Айт, айт! — деп айқайладым. Даусым шықпайды. Көзіме жас толып, Қоянсирақты арқасына салып алып кетіп бара жатқан қасқырды кейде көрем, кейде көрмеймін. Көзімді көйлегімнің жеңімен сүртіп жіберіп, қасқырдың сонынан жүгіре жөнелдім. Қасқыр Қоянсирақты арқалап алып, тартып барады. Ол тұсына жеткенде, сиырлар тағы өкіріп-бакырып, қасқырды қоршап алды. Қасқырды жан-жағынан мүйіздеп, Қоянсирақты бірнеше айырып алып еді, болмады. Бір кезде қасқыр лақты іліп алып, сиырдың ара-арасымен сыйылып шығып кете барды. Сиырлар өкіріп, мен бакырып жылап, қалып қойдық. Қалған қозыларды қуып үйге келсем, аға бір жақтан келіп атынан түсіп жатыр екен.

— Аға, Қоянсирақты қасқыр алып кетті, — дедім жылап.

— Қалай кетті қасқыр? — деп сурады.

— Былай кетті, сиырлардың ағы жағына, — деп қолыммен келген жағымды нұсқадым. Аға аттың тізгінін менің қолыма ұстата берді де, тез басып үйге кіріп кетті. Мылтығын асынып, үйден, Сұнқар деген тазы иті бар еді, соны ерте шықты. Атына мінді де, Талдықуысқа қарай шаба жөнелді. Сұнқар ағаның сонынан кетті.

Көп ұзамай аға Қоянсирақты өңгеріп қайтып келді.

— Қасқырдың жағы қарысып алып кете алмады ма? Жоқ болмаса, бізден құтыла алмайтынын біліп тастап кетті ме, әйтеуір, жемей, шөп-шалаңмен бетін жасырып, лақты тастап кетілті, — деп аға лақты жерге тастай берді. Ба-рып қарасам, көзін жұмып тып-тыныш жатыр екен, өліп қалыпты.

АТ ЖАРЫС

Кім той жасағаны есімде жоқ. Әйтеуір, үлкен бір той болды. Біздің есіктің алдындағы Құройнақ деп аталатын төбеге бүкіл төңіректегі ел жиналды. «Той десе, қу бас домалайды» емес пе, жиналған адамда сан жоқ!

— Тойға Мылтықбай келіпті, көрейік, жүр, — деді балалардың бірі. Мен ол кісіні көрген емесмін. Бірақ сол манда ол кісіні білмейтін, оның атын естімеген пенде жоқ шығар. Бұл кісі асқан семіз адам, семіз болған соң, мешкей де болады ғой. Талай аттың белін сындырған, талай арбаның білігін майыстырып, күпшегін жарған адам. Ол

кісі кедейлеу адамның кездейсок үйнен қонса, барын ішіп-жеп, шала жұтатып кетеді еken. Бұкіл ауылдың баласы шұбырып арғы жаққа өтіп, жиынға кірдік. Барлығымыз Мылтықбайды іздеп жүрміз. Кісі-кіслердің арасымен дөңнің басына шықсам, дөңнің басына тағы бір дөң орнатып қойғандай бір тәбе болып біреу отыр. Жүгірін, алдына жетіп бардым. Әлгі адамда аяқ жоқ сияқты, шалқайып отыр, он жағына шықсам, қолын жерге тіреп, сол жағына жантайып жатқандай. Сол жағына шығып едім, он жағына шынтақтап жатқан сияқты. Айналып артына шығып едім, оғажап-ай, енкейіп жерге қарап отырган сияқты. Басы бас емес, төңкеріп қойған қазан сияқты бірдеме. Жақындал, окшемді көтеріп төбесін көрейін деп едім, бойым жетпеді. Басының терісі қатпар-қатпар болып тұр.

— Мұның аяғы қайда?— деп сұрадым Бұркітбайдан. Ол әлгі адамның жан-жағына қисайып қарап, аузын толтыра, тілін шайнай сөйлеп:

— Аяғы тынып қалған болу керек,— деді. Оның «тынып» деғен сөзі «сынып» дегені.

— Тек, былай тұрындар. Ұят болады. Аяғы астында, малдасын құрып отырган жоқ па! — деді ересек біреу біздің созімізді естіп қойып. Сонда да, оның қасынан кетпедік. Малдасын құрып отырганда, қарны аяғын кең көйлектің етегіндегі жауып көрсетер емес. Бұркітбай әлгі адамға таңдана қарап тұрды да:

— Мұны етекке қарай домалатса да, аяғы көрінбес,— деді, аузын томпайтып сөйлеп. Шынында солай еді. Жұрттың «Семіз Мылтықбай» деп атап кеткен кісісі осында болатын. Бұл тойға қалай, немен келгенін біз білмедік.

«Аттардың қарасы көрініп қалды» десіп, ел шулап, орындарынан тұрып, дүрлігіп кетті. Біздің елде ат жарыс кара жолмен тұзу шабады. Үлкен аттарды төмен Тарғын мен Тайынтының құйғанынан жіберіп, осы Құройнақтан тосып алады. Бұл екі ара — он-он бес шақырымдай жер. Ал құнандарды Тайынты мен Асубұлақтың құйғанынан, Қызыл Кордоннан не төменгі Тортқара ауылынан жібереді. Қайсысы болмасын, көмбес — осы Құройнақ. Ат кеткені шай қайнатым уақыт болды. Соңан бері қызу құрес болып жатыр еken. Талай адам жығып, талайы то-пырақ қауып жығылышты. Біз Мылтыекенді қызықтап жүріп, құресті коре алмай қалыптыз. «Аттар келе жатыр» деғен дүрмекпен біз де көмбеге, қара жолға қарай жүгірдік.

«Тұрлыбайдың көк аты келе жатыр» деп айқайласты жүрт. Ол көк атқа Рақымбек мініп кеткен болатын. «Ол қалай шауып келеді еken? Көрейін», – дедім де, жүгіріп, жиынның алдына шықтым. Көк ат Қарамойылдан шығып, жалғыз келеді еken.

- Үздік келеді!
- Жануардың аяқ тастасын-ай!
- Тіпті тың келе жатыр!

– Ой, ағуыңа болайын! Төрт аяғын бауырына жинап алыпты! Ия, аруақ, қолдай көр! – деген сан алуан дауыстар естіледі.

Ат жақындаған сайын, жүрттың айқайынан құлақ тұнады. Көк ат көмбеден ағындаپ өтіп барып, тоқтады. Бірнеше атты қісілер оны қаумалап әкетті. Онан кейін де жүрт ауық-ауық айқайлап, дүрліге берді.

- Байырқаның қара аты келді!
- Дәндібайдың торы аты...
- Қайракбайдың көк қасқасы...
- Ақтастының құла аты...
- Шынтайдың кер аты келді, – десін жатты. Ия, бұл аттар біздің елдің санлақтары. Алдына ат салмас жүйріктері. Еліміздің жанкүйерлері бұл аттардың атын атағанда, ішкен асын жерге қоятын.

Бір кезде жаныма Рақымбек келді. Қолында бойгеден тиғен ақшасы бар.

- Сені аға шақырып жатыр. Жүр, құнанға мінесің, – деді ол бірден. Мен бұрын бәйге атқа мініп көргенім жоқ, аздаپ жүрексінемін. Бірақ Рақымбек жүр деп түрған соң, оның үстіне әкем шақыртып жатса, қалай бармайын. Барсам, қаншырдай қатқан, құйрығын, кекілін қызыл лентамен шарта түйген әдемі торы құнанды аға тізгінінен үстап түр еken. Ішімнен жүрексініп тұрсам да, мінбеймін дегенге үялып, құнанға жақыннадым. Аға мені көтеріп оған мінгіздіңде, қолыма өзінің қамшысын берді.

- Корықпа, барлығынан озып келесің, – деді аға. Құнаннның арқасы жұп-жұмыр оқтаудай.

- Эй, Қайса, Өгізбайдың қара байталына мінетін бала жоқ. Рақымбекінді бер, – деп дауыстады біреу, Рақымбек жанып кетті.

- Мінейін, – деп жүгіре жөнелді Мұндай атқа құмар болар ма! Әлгінде ғана шауып келді. Міне, тағы кетті!

Рас, Рақымбек мен сияқты емес, атқа мықты болатын. Мұнан басқа аттың құлағында ойнайтын бір бала

бар. Ол Қосан ақсақалдың Сагидолласы. Оның «аттан жығылды» дегенін ешкім естімеген де болар.

— Сагидолла, сен неге аттан жығылмайсың? — деп сұраса:

— Атка мінудің де дағдысы бар, — дейтін. Ол бүгін жоқ. Жұмыстан бас көтеріп кормеген бала, жұмысты болар.

Топтан ұзап шықтық. Рақымбек — Өгізбайдың қара байталында, мен әкемнің құрбысы Ноғасбайдың атақты жүйрік торы құнанын мініп келемін. Екеуміз қатар келеміз.

— Қаштай (мені көнілі түскенде осылай атایтын), астындағы торы құнан мал емес, құс. Жығылып қалып, обал жасама! Қорықсан мәған бер, — деді Рақымбек. Бергім келмейді. Мениң де оз есебім бар. «Жығылатын болсам, қара байталдан жығылдым не, торы құнаннан жығылдым не, бәрібір емес пе? Жығылсам, осы жүйріктің өзінен жығылайын». Мен «аттан жығыламын» дегенде, «бостанbos жығыла салады екен» деп ойламандар. Мен алаңғасарлығымнан жығыламын. Ересек қу балалар жығады. Кейде өзімше атқа мініп шауып келе жатқанда, ересек балалар қатарласа беріп, аяғын аяғымның астына салып, аудара салған кезі болған. Бірақ дәл мұндай үлкен бәйгеде шапқан емеспін. Бұл жолы қалай болатынын кім білсін?!

Байқаймын, балалардың ішінде мендейлері де, Рақымбектейлері де, онан да үлкендері бар. Айдаушымыз — Кенембай аулынан Уәлтай деген кісі. Ол мені жақсы біледі. Құйрық-жалы ұзын бір торы айғырға мініп алыпты. Мәған құліп қарап қояды.

— Сен, Тентек Қара, байқа, үлкен балаларға жақындаушы болма! — деп қояды ол, мәған жақындал келіп. Кім білсін, ол қу мениң осал жағымды біледі-ау деймін.

Қызыл Кордонның жанына алып келді де, барлығымызды кен қара жолға қатар тізіп қойды. Жүргім дүрсдүрс етеді. Торы құнаның козін орамалыммен сұртіп, сол қолыммен жалынан мықтап ұстап алдым. Рақымбектің қасына барып түрғамын. Ол үлкен. Оны ес көрем. Бір кезде Уәлтай қамшысын жоғары көтеріп, «Ал!» деп айқайлап қалды. Шаба жөнелдік. Ал дегенде, құнаның басын тежеп, топ сейілгеи кезде, басын қоя бердім. Бір-бірлеп құнандарды қуып жетіп, озып келемін. Озайын деген құнанға онша жақындармай озамын. Байқаймын, торы құнан ешқайсысын қояр емес. Міне, алдымда екі-ак құнан қалды. Ең алдында Өгізбайдың қара байталы, онан кейін бір көк құнан. Көк құнаның үстіндегі бала

ересек еken. Менің тақымдағ келе жатқанымды көріп, маған бұрылып, жұдырығын түйіп: «озып көр, көретініңді көресің» дегендей белгі берді. Онан қорқып, жолдың бір қолайлыш жерін күтіп торы құнаннның басын тежей бердім. Сөйткенше, әлге көк құнан қара байталды қуып жетті. Енді «бұлар қайтер еken» деп келемін. Өзінен озып бара жатқан көк құнан жанаса бергенде, Рақымбек шылбырына оң аяғын салып жіберді. Көк құнан мойның алға қарай қисайтып, шаба алмай қалды. Көк құнаннның үстіндегі бала Рақымбекті қамшымен салып жіберді. Рақымбек те оған қамшы басты. Енді Рақымбек көк құнаннның шылбырынан аяғын шығарып алды. Көк құнан әжептәуір ілгерілеп кетті. Қалып бара жатқан Рақымбек енді көк құнаннның құйрығынан үстай алды да, тақымының астына басты. Бұл жолы екеуі біраз жерге дейін біріпебірі қамшы серместі. Қысқасы, екеуінікі жарыс емес, қыпқызыл тобелес болды. Көк құнан қалжырап, шабысы бәсендей берді, бәсендей берді. Қара байтал онан қайта озып шықты. Осы кезде қара жол кенін, көк құнаннның сол жағынан сып етіп өте шықтым. Енді алдында Рақымбек қана қалды. Қанша туыс болғанмен, әлгі көк дөненге жасаған қиянатынан кейін онан мен де корқайын дедім. Жақындағы қалып едім, ол маған қамшысын кезеді. Енді көмбеге өзі бірінші болып барғысы келгенін сездім. Жақында сам, әлгі артта келе жатып көргенімнің барлығын өзім көрермін деген қауіпте болдым. Ортадағы ауылдың тұсына келгенде, жолдан шығып, Рақымбекті жанамалай інаптым. Бірақ еркін келе жатқан торы құнанға жетпесін білді де, мені аузымнан бір сыбап қала берді. Көмбеге үздік келдім. Жығылмай келгеніме ағада қуанып қалды. Бұл – бәйге атына алғаш мініп, жығылмай, тұңғыш рет озып келгенім болды.

ТӘТТИ ІЗДЕП...

Ақ кезеңнің арғы жағына ертеде келіп орыстар қоныстанған. Онда Толчеевка, Карповка деген селолар бар. Осы екі село да бірінші қоныстанған адамның атымен аталған. Толчеевті көргенім жоқ. Ана екінши селоның аты аталған адамды көрдім. Оны қазақтар Көрпей деп атайды. Ол кісінің балалары көп еді. Сол бүкіл село Көрпейдің тұқымы болатын. Өзі жүздін ар жақ-бер жағында, бертін, Ұлы Отан соғысынан кейін қайтыс болды. Бұл орыстар қазақ-

тармен қатты араласатын. Ол селоларда әркімнің өз досжараны бар. Сөйтсе де, менің үлкен шешемнің дос-жараны қай селода болса да, көп-ақ еді. Бұл кісінің аты – Бибіш. Жұрттың барлығы «үлкен апа» деп атайды. Үлкен десе, үлкен-ақ болатын. Семіздігі Мылтықбайдай болмағанмен, бүкіл Асубұлақ бойында ондай семіз адам болған жоқ. Үлкен әкеміз Мажыра деген кісі өте айбынды, елге қадірлі адам болған екен. Сондықтан ба, ағайындардың барлығы ол кісінің осы кемпірін құрмет тұтып, тіпті басқа ауылдың үлкендері де сана satын. Үлкен апамның тамырларымен алыс-берісі мол. Тамырларына тері илеп, қой терісінен қолғап тігіп береді. Тоғайдан қап-қап шырмауық (хмель) жинап апарады. Кейде қозы, лақ та сыйлайды. Тамырлары да қарыздар болып қалмайтын. Үлкен апам оларға қонаққа барады. Эрине, өзі бір ауыз орыстың тілін де білмейді. Бірақ олардан көп олжамен, ауыр жүкпен қайтады.

Апамның алдынан бүкіл ауылдың балалары болып жамырай шығамыз. «Үлкен апа, үлкен апа» деп ол кісіні қоршап аламыз. Әрқайсымыздың қолымызға бір-бір нәрсе ұстатауды. Бізге ұнайтыны іші қызыл, сырты көк ала доп сиякты домалак жемісі болатын. Онан да бізге бір-бір тілім тіліп беретін. Біз ішінің тәтті қызыл жерін жеген соң, көк ала сыртқы қабығын да қылғытатынбыз. Сонда да құмарымыз қанбай қалатын.

– Үлкен апа, мұны қайдан алдыңыз? – деп сұраймыз.
– Қорпейден алдым. Никонор берді, – дейді.
– Мұны не дейді?
– Дарбыз емес пе! – дейді. Енді біз «дарбыз» деген сөзді ұмытартмыз ба!

Бір күні төрт-бес бала ақылдасып, селога дарбызға бармақшы болдық. Үйді-үйімізден ұрланып, ауылдан шығып кеттік. Ақ кезеңнің үстінен бір-ақ шықтық. Қай село қайда екенін, қай жерге бақша еgetінін білеміз. Өйткені осы Сасыққарагайда егін салғанда, барлығымыз да кішкентай болсақ та, соқаның атына мінетінбіз. Біз егін салғанда, олар да егінге шығатын. Қөршілес жұмыс істейтінбіз. Қорпей селосы алыс болғандықтан, жақындау Толчеевка селосына қарай тарттық. Бақшалары селодан алыс болушы еді.

Бәріміз жалаң аяқпыш. Қатқан тықыр тері шалбарымыз бар. Кенеп көйлегімізді шалбарланып алғанбыз. Бақшага кіргенде, көзіміз тұнып кетті. Тенқиіп-теңқиін үл-

кен дарбыздар жерде жатыр. Апам әкеліп жүретін дәмсіз жұдырықтай жұмсақ қызылдар, сопақ көктөр шөпке ілініп, тұтасып тұр. Анадай жерде пияз өсіп тұр. Оны танимыз, ол біздің жақтың тауында өседі. Біздің көздел барғанымыз – дарбыз. Дарбызға қыргидай тидік. Бірінен-бірі үлкен. Қанша қызыққанымызбен, кішкентай құшағымызға бір дарбыздан артық сыймайды. Иесі көріп қоя ма деп, жалтақтап, қорқып та жүрміз. Асығып-үсігіп, бір-бір дарбыз алдық та, бақшадан шыға қаштық. Бір жерге келіп жиналдық. «Мениң дарбызым үлкен, менің дарбызым жақсы», – деп бірімізге-біріміз мақтанысып жатырмыз. Енді кесіп жейік десек, пышағымыз жоқ. Дарбызымыз қатты-ақ. Бұркітбай қолындағы дарбызын тасқа қойып қалып еді, екіге бөлініп жарылып қалды. Іші қызыл емес, тарамыс-тарамыс, сап-сары. Кеміріп жеп көрсек, дәм жоқ, тату жоқ бірдеме. Дарбызымыздың барлығын тасқа ұрып, жарып көрдік. Бірінен-біріпің айырмасы болмай шықты. Енді дарбыз әлі піскен жоқ екен деп жорамалдадық. Дәмі тәтті болмаса да, дарбыздан басқа піскендерін алайық деп ойладық.

– Олардың піскенін қалай білеміз? – деді балалардың бірі. Оған ешкім жауап берे алмай тұр еді:

– Қызарғаны піскені болады, – деді Бұркітбай.

– Е, онда қызарғандары көп болатын, деп балалар шулап кетті. Бақшага қайта кеттік. Бір тұтам, екі тұтам сырты көктөріне тиіскен жоқпыш. Жұдырықтай-жұдырықтай жұмсақ қызылдарын отап жатырмыз. Асып-сасып, жеп те жүрміз, көйлегіміздің ішіне салып та жатырмыз. Кейбіреуіміз жартысын тістеп жеп, жартысын көйлек ішіне қойып қаламыз. Бір кезде қарасақ, Никонор шал келе жатыр екен. Зәреміз ұшып кетті. Бақшадан шыға қаштық. Никонор ұзын сирақ жүйрік шал болатын, бізді қойын ба, барлығымызды қойша қайырып, ұстап алды. Барлығымыз жылап тұрмыз. «Никонор ата, Никонор ата, бұдан былай үрламаймыз» дейміз. Барлығымыз бір ауыз да орыстың тілін білмейміз. Ешқайсымызды үрган жоқ. Сол қалпымызда селоға бізді айдалап келді. Никонор атайдың үйі ең бергі шетте болатын. Үйінің алдына келдік. Қойнымыз толған – помидор. Қашамыз деп қанша жүгіргенбіз, оның үстіне, міне, екі шақырымдай жол жүріп келдік, помидор езіліп кетінті. Қарнымызда езіліп тұрган помидордың суы шалбарымыздың балағынан ағып тұр. Үйінен кемпірін шақырып алды да, қазақша:

— Мына ұрылардың сиқын көрдің бе? — деді. Кемпір бізді танып, барлығымыздың әкеміздің атын атап, басын шайқады. Біз төмен қарап тұрмыз. Бірімізге-біріміз ақырын үрлана қараймыз.

Корасының алдына ертіп барды да, қойнымыздағы помидорды бір науаға төккізді. Кораның есігін ашып:

— Мына қораға сендерді қамаймын. Өздерін бақшадан әкелген осы помидорларыннан басқа тамак бермеймін. Үнемдеп жендер. Жарты айда бақшаны жинап аламын. Сонда сендерді бір-ақ босатамын. Әйтпесе, сендер тағы үрлайсындар! — деді бізге шал. Біз жарты ай дегеннің қанша уақыт екенін білмейміз. Әйтеуір, ұзақ уақыт екенін ғана білеміз. Барлығымыз шу етіп, жылап жібердік. Қораға қараймыз, іші тастай қараңғы. Қөзіміз жасқа толып, түк көрмей кетті. Кемпір бізді аяп кетті ғой деймін:

— Енді үрламайды. Үйлеріне қоя бер балаларды, — деді, шалына қолын сермеп. Бұл сotte бізге осы кішкене кемпірден жақсы адам дүниеде жоктай болып көрінді. Біраздан соң шал:

— Жарайды. Ендеше «Бұдан былай үрлық қылмаймыз. Осы істегендерімізді әкелерімізге айтып барамыз», — деңдер. Сонда ғана босатамын, — деді.

Біз оның сөзіп қайталап, шу ете түстік.

КӨК АТ КӨПІРДЕН ҚҰЛАДЫ

Үлкен үй мен біздін үйдін арасында, тасығанда су орып кеткен, терен жыра бар. Оған сол жыраны айналып жүрмес үшін аға екі салманы қатар салып, көпір жасап қойған. Онан жаяу кісінің өзі әзер өтетін. Үлкен апамды бұл көпір көтере алмайтын еді де, біздің үйге ол кісі жыраның ең жоғарғы, не төменгі жағынан айналып келетін. Бұл көпір қыста да тұратын. Бір қыста біздің үйге Рақым нағашымның көк атын мініп, Рақымбай нағашым келді.

Бұл кісі көзі құлімдеген шағын денелі, қара адам еді. Өмір бойы мандайының тері құрғамаған еңбекқор болатын. Мені «ку қара» деп еркелететін. Мен де оны жақсы көретін едім. Содырлығым ұстап кетті де, осы кісіні атымен осы копірден бір құлатайын деп ойладым. Ол келгеннен кейін, біраздан соң, атын үлкен үйдің корасына апаратының білемін. Біздің үйдің малы да сол үйдің қорасында тұратын. Әлгі ойымды іске асыру үшін өзірлік жа-

сай бастадым. Қар қалың болатын. Көпірдің үстін қурай төсеп кеңіттім де, үстіне қар құреп салдым. Өзім арыбері жүріп көрдім. Эрине, ол мені көтереді. Ал нағашымды бұл көпірден мал жүретініне, ат өтетініне қалай сендеремін деп ойладым. Оған да амал таптым. Үлкен үй соғым сойған. Сол соғымға сойған жылқының тұяғы үлкен үйдің күресінінде жататын. Соның екі тұяғын алып келдім де, екі тұяқты екі қолыма ұстап, көпірге аттың ізін түсірдім. Эр жеріне жылқының қыын шашып тастадым. Енді талай жылқы өткен көпір болды да қалды. Шайын ішіп болған соң, нағашым сыртқа шықты. Көк аттың қасына барып:

— Қу қара, мына атты ана үйге апарып шөпке қой,— деді.

— Нағашы, атыңыз асаяу. Мені жығып кетеді. Өзіңіз апарыңыз, шөп салып қойдым,— дедім, көпірдің үлкен үй жағында тұрып.

— Өй, көрқақ,— деді де, көк атқа қарғып мінді.— Қай жақтан жүрем?

— Мына көпірден өтесіз,— дедім шімірікпестен. Көк ат батыл жүретін жалақтап тұрған ат еді. Нағашым көпірге жақындалп келіп:

— Өзінен ат өте ме?— деп қалды, көпірге үңіліп қарал.

— Өтпесе, ана аттың ізі қайдан келеді,— дедім тағы.

Рақымбай нағашым құлықты білмейтін адал, аңқау адам болатын, маған сене қалды. Тақымын қысып қалып еді, көк ат іркілмestен көпірге қойып кетті. Мен көк аттың бұлаң еткен ұзын құйрығын ғана көріп қалдым. Нағашым ат-матымен көпірдің астындағы қалың қарға көмілін кетті. Мұны үйден жана ғана шыққан аға да көріп қалды. Ол кісі жүгіріп көпірге келгенде, мен үлкен үйді айналып, Жоғарғы ауылға қарай зытып өтырдым. Кешке үйге келсем, Рақымбай нағашым төсекте жатыр. Аға төсектің алдында ішек-сілесі қатып, күліп отыр екен. Бауырын құлатқан бұл сотқарлығым үшін мені тәтем бір сабап алды.

ҮЙДІ САҒЫНДЫМ

Бір жылы мені ағайым нағашыларыма апарып тастады. Нағашым — Қаршыға, оның ішінде — Итбақбасы. Туған нағашым — Ешкі ақсақалдың менің шешемнен бас-

қа Рақымбай, Рақым деген екі ұлы бар. Рақым нағашым — сол кездегі оқыған адамдардың бірі, бала оқытады. Кейіннен ол кісіден мен де оқыдым. Рақымбайы қара жұмыс істейді. Қазақтың ескі әдеті бойынша өз нағашымның үйінде емес, олардың «Үлкен үй» деп атайдын Isa деген інісінің үйінде жүрмін. Isa әлді шаруа еді. Үлкен бір қора қойы, бір үйір жылқысы бар. Бірақ ішім-жемге қуаң үй еді. Қарным ашып жүреді. Анда-санда Ажар апам (өзімнің туған нағашы апам) мені коріп, ана үйдің ішінен жасырып үйіне ертіп келеді де, бетімнен сүйіп, «тентек Қарғам-ай» деп тамакқа тойғызып жібереді. Мен өзімнің туған нағашыларымды біліп қалған кезім, олардың бірін көрсем, жайнап кетемін. Ал мына үйдің іші маған бөтен сиякты. Өзімнің Ешкі нағашым қандай жақсы. Ол кісі орта бойлы, сақал-мұрты аппак. Көзі бүркіттің көзіндей от шашып тұратын, бетінен нұры тамған ажарлы адам болатын. Өте күйгелек кісі еді. Оның кемінірі Ажар апам да өнді кісі. Екеуі де мені көргенде айналып-толғанып, аймалап сүйетін.

Нағашыларым киім-кешегімді бүтінде берген. Ол кезде қанша уақыт ол үйде жүргенімді білмеймін. Жер қарда барып едім, міне, қыс түсті. Қар қалын. Малтығып, екі арасында ойнап жүремін. Екі үйде де мен ойнайтын бала жоқ, барлығы ересек. Сөл менен үлкен Қомал деген Isa нағышымның қызы бар. Бірақ онымен ойнаудың сөні жоқ. Оны тұмсықтан бір-ак сүйкеп, жылатып қоямын.

Енді үйімді сағындым. Ауылдың балаларын сағындым. Үйге қайтқым келеді. Кім мені үйге апарады? «Үйге қайтамын», — деп бір-екі рет қынқылдап едім, ешкім тында-мады. Енді ел жақтан біреулердің келгенін күттім. Ауық-ауық ел жақтан келетін жолға көзім талғанша қараймын. Бір күні Кенже аға (Мұса — әкемнің інілерінің бірі) келе қалды. Қуанып кеттім. Жүгіріп барып, құшақтай алып жылап жібердім. Ол басымнан сипап:

— Неге жылайсын? Үйінді сағындын ба? — деп сұрады.

— Иә, мені жібермейді. Қайтсең де, мені ала кет, — деп, оның алдынан нағашылар шыққанша, Кенже ағаға айтып үлгердім.

Құдаларына «Мені алып кетемін» деп ашық айтуға бата алмады ғой деймін, ол кезде Кенже аға жас жігіт еді.

— Ендеше мен шай ішіп бола берген кезде, киімінді ки де, ел жаққа шығатын жолмен көрінбей, біраз жерге жаяу кетіп қал, — деп ақыл үйретті. Онымен бірге өз наға-

шымның үйіне кірдім. Оナン енді айрылғым келмейд. Ол үй ішімен амандастып, төрге шығып отырды. Мен де оны тізерлей отырдым.

— Ана Қу қараны қарашы, туысынан айрылар емес,— деді Ажар апам күліп.

— Енді туысын, ағасын танымайтын бұған не болыпты. Қу қара біледі кімнің жақын екенін,— деп қойды Кенже аға, басымнан сипап. Біраздан соң шай келді. Жүрт шай іше бастаған кезде сыйтылып сыртқа шығып кеттім. Ел жаққа баратын жолмен ауылдан алыстап кетіп барамын, кетіп барамын. Қуанышым қойныма сыймайды. Қуанғаннан алға қарай жүгірін келемін. Не заматта ол кісі де мені қуып жетті-ау!

— Кел, Қу қара, отыр,— деп, шанасының алдына бетімді өзіне қаратып отырғызды да, жүріп кетті. Қек ала ат алышып келеді. Мұса сол кезде жана үйленген, орта бойлы, талдырмаш қана сары жігіт еді. Әнші болатын. Аттың божысын қағып қойып, кен далада асқақтата ән салып келеді. Шанада теріс қарап отырмын. Жол жиегіндегі бұтақарағандар бірін-бірі қуып артта қалып жатыр. Кейде шана ауып қала жаздайды. Кейде жолдың оқабына кездесіп, ыршып-ыршып түседі. Бірақ Кенже ағаның әдемі оні бір тынбайды.

ЖАЯУ ЖАРЫС

Ортадағы ауылда бізben аталас Құнапия деғен кісінің екі ұлы болды. Үлкені — Нұрсұлтан да, кішісі — Байсұлтан. Байсұлтаны оқыған, сауатты, зерек жігіт еді. «Алыста, бір жерде оқиды, орысша оқиды» деседі ауыл адамдары. Жасы жиырмаларға келген, орта бойлы, дембелше, қызыл шырайлы жігіт. Ол да Асубай атам сияқты балаларға үйір еді. Балаларға Байсұлтанның көрсетер қызығы да көп болатын. Оның үйінде әр түрлі қағаз, қарындаш көп-ақ. Біз — балалар әліпті таяқ деп білмесек те, қағаз, қарындашқа құмар-ақпыш. Онда шеті қызыл, қек сзықтармен сыйылған әдемі қағаздар да болады. Таңертең көзімізді тырнап ашқан соң, Байсұлтаннан қағаз алсақ деп ойлаймыз. Бірақ онан қағаз, қарындаш алу оңай емес. Құн көтеріле бергенде, Құнапия атамның есігінің алдына үш ауылдың баласы жиналады.

— Эй, Байсұлтан, мына жүгірмектерінді топырлатпай әкет маңайдан,— дейді Құнапия атам есік алдына шығып. Сол кезде:

— О, келіп қалған екенсіндер ғой,— деп құліп, үйден Байсұлтан шығады.

— Ага, бүгін бізге қағаз бересің бе?— деп ұсақ балалар шу ете түседі. Ересектері үндемей тұрады. Өйткені қағазды жай бере салмайтынын олар өбден біледі.

— Беремін,— деп Байсұлтан үйге қайта кіріп, әр түрлі әдемі қағаз, ортасынан екіге бөлген торт-бес қарындаш алып шығады. Соナン кейін барлығымызды ертіп, қара жолға алып келеді де:

— Міне, осы арада көмбе. Қазір ат жарысы, онан құнан, соナン соң тай жарысы болады,— деп, балалардың үлкен-кішілігіне қарай үшке біледі. Ол қай баланың қашан туғанына дейін біледі. Оның бөлгеніне ешкім таласа алмайды. Бөлген балаларын біріне-бірін араластырмай, бір тобын жолдың оң жағына, екінші тобын жолдың сол жағына отырғызып қояды. Ал үшінші топ жарысқа кетеді. Байсұлтанның әрбір топты басқаратын көмекшісі болады. Жарысатындарға ертіп жіберетін айдаушы да бар. Мені екінші — құнандар тобына шығарады. Бірақ мен барлығынан жүйрікпін. Алда келемін. Маған бірінші бәйге — шеті қызыл сыйықты қалың қағаз, жарты қарындаш береді. Екінші келгенге көк сыйығы, үшінші келгенге жай қағаз береді. Мениң қағазым, әрине, барлығынан жақсы, шеті қызыл сыйықты әдемі болады. Оның үстіне Байсұлтан менің жүгіргенімді басқаларына үлгі етіп мадақтап, «ең жүйрік бала» деген белгі деп, оң аяғыма қызыл жіп байлаپ береді. Бұл кезде мен, тіпті жосып кетемін. Енді бәйге ала алмай қалған балалар қынқылдай бастайды. Кейбіреуі аузын бұртитып окпелеп, кетпек болып, топтан оқшаулана бастайды. Оны Байсұлтан байқап тұрады да:

— Сен тұра тұр, бәйге аласың, әлі күрес басталады,— дейді. Әкпелеген балалар қайта топқа кіреді. Күрескенде де жасына қарай күрестіреді.

Ең алдымен ересектерін күрестіреді. Олардың бірінші шыққан екеуін «түйе балуандар» дейді. Мені екінші топта әрқашан да Омарбайдың Рамазан деген баласымен күрестіреді. Ол менімен түйдей жасты. Бірақ ол менен денелі. Әкесі Омарбай еңгезердей адам болатын. Бұл екеуміз күрескенде, Байсұлтанның көніл күйі ерекше болады.

Оның менен күші артық, бірақ озі ыңғайсыз, әдісі жоқ. Ол мені тымақша үйіреді. Мен жыбыла қоймаймын. Ол үйірін жүргенде, мен аяғынан қағып қаламын. Ол құлап түседі. Үстіне міне түсемін. Ол мені оп-онай аударып тастайды. Кейде екеуміз жерге қатар құлаймыз. Онда «Ит жығыс түсті, ит жығыс түсті» деп, Байсұлтан айқай сала-ды. Екеуміз бір-бірімізден үстай-мұстай тұра келеміз. Қайта күресеміз. Ол менің мойнынан құшақтап алады да, бойымен басып алып согады, бірақ мен сынашпа сыпсып астынан шығып кетемін. Енді Рамазан ыза болып, менің кез келген жерімнен үстап, колын батырып жібереді. Мен де ыза болып, оның үлкен құлағынан үстай аламын. Ол да менің құлағыма жармасады. Енді екеуміз сүзіскең қош-карша басымыз беріліп, табандап тұрып аламыз. Төреші — Байсұлтанның өзі. Ол қашан «бәлен жықты» дегенше, күрсек береміз. Бұл кезде әбден шаршап саудамыз бітеді. Әбден терлеп қызырып кетеміз. Сонда барып:

— Балуандар жығыса алмады. Тен түсті. Бүгінгі бас бәйгені екеуіне тең бөліп береміз,— деп, Байсұлтан екеумізді айырып жібереді.— Рамазан екеуміз екінші топтың бас балуандары болғандыктан, бірінші бәйге — қызыл сыйығы бар қағазды екеумізге ортасынан бөліп береді. Жарыста, күресте жұлдеге ілінбей қалған балаларға шетінің сыйығы жоқ қағаздан бір-бір парак қағаз беріп, Байсұлтан сол күні бізбен келер күнге дейін қоштасады. Біз де үйді-үйімізге тараймыз.

КӨШ

Тұр, қарақұрт! Ел көшіп кетті, сен жұртта жалғыз қалдын! — деген Нәсиха тәтемнің даусынан оянып кеттім. Сыртқа шықсам, бүкіл ауыл азан-қазан. Жылқы кісінеп, сиыр мөніреп, қой маңырап, ауылды қалың мал басып кеткен сияқты. Біздін үй жұғін арбаға тиеп қойыпты. Жоғарғы ауылдың көші тізіліп, қара жолмен төмен қарай келе жатыр. «Шынында, Нәсиха тәтем болмаса жұртта қалып қояды екенмін» деп ойлаймын. Ішімнен сол кезде «маған жаңы ашитын осы Нәсиха тәтем» деп түйемін. Нәсиха — әкемнің Иіс деген інісінің әйелі. Бетінің секпілі бар, нәзік қана сары келіншек. Мениң ең кіші женғем. Ол мені «кішкене үл» деп атайды. Ол кісінің атымды атағанын естіген емеспін. Ол үйден бір аяқ айран алып шықты да:

— Мынаны ішіп ал. Жолда қарның ашады,— деді. Мен «көштен қалып қоямын» деп асығып тұрмын. Тәтемнің қолындағы айранын алып, басыма бір-ақ көтердім де, арбаға қарай жүгіре жөнелдім. Арбада Шамшия, Күлзапыран деғен кішкентай қарындастарым отыр. Мен де солардың қастарына барып, орналасып отырып алдым. Үлкен үй жақтан әкем келіп, аттың басын үстады.

— Аға, аттың басынан мен үстайын,— деймін.

— Жоқ, сен арбаны аударып аласың. Бері, менімен қатар отыр. Мен божыны үстаймын. Сен мына бишікпен атты айдал отырасың,— деп, қолыма бишік үстітты. Ол маған — үлкен дәреже. Енді арбаның жүру-жүрмеуі менің қолымда сияқты. Көштің алдына шыққым келеді. Бірақ аға асығар емес. Бір кезде аға жириен аттың божысын қағып қалды. Жүріп кеттік. Енді көнілдене бастадым. Қара жолға келіп тағы тоқтадық. Біздің тұсымызға келіп, Жоғарғы ауылдың көші де тоқтады. Сол кезде:

— Ал, Қайса, жүр алға,— деген дауыстар шықты. Мен енді, тіпті жосып кеттім. Жириен атты бишікпен салып қалдым. Көштің алдына түстік. Біздің соңымыздан бүкіл ауылдың көші ерді. Сандақ-сақбыт, киіз-текемет, көрпе-жастық тиелген арбалар. Арбаның канатына салбыратып ағаш шелек, торсық байлап қойыпты. Жүк артқан түйелер. Түйенің екі өркешіне айнала артқан жүктің үстіне тоңкеріп шаңырақ байлап қойыпты. Біздің ауылдың көшінде басы артық салт атқа мінгендер аз. Жылқы атаулының барлығын арбаға жегіпті. Міне, көшті жанамалап салт аттылар келеді. Мен оларға қызыға қараймын. Эне, Иіс ағам, Нәсиха тәтем бір-бір атқа мініп алыпты. Әсіресе Иіс ағаның көмірдей қара аты жал-құйрығы төгіліп тенселіп жорғалап келеді. Жалқұйрығын сүзіп тастапты. Қолында қурайдан істеп алған сыйызғысы бар. Иіс — әкемнің кенже інісі. Орта бойлы, қызыл шырайлы әдемі жігіт. Үйленгеніне бір жылға да толған жоқ. Ол оте қатал адам. Бүкіл ауылдың балалары «Иіс келе жатыр» десе, жылағанын қоя қоятын. Онан жылқы екеш жылқы да қорқатын. Оның даусын естісе, Корада жайына шөп жеп түрган аттар біріне-бірі тығылатын. Өз әкем балаға жайлыш атада еді. Бүкіл ауылға «тентек» атанған мен екеш мені де мандайдан шертіп көрген емес. Мен сотқарлық жасасам:

— Әй, Қара, әне Иіс келе жатыр,— дейтін. Әзінің қаталдығымен бүкіл ауылдың озінен кіші жастарын тәртіпке салып, ауыр жұмысқа, таза еңбекке үйретті ол кісі.

Міне, сол қатал аға бүгін жайдары. Сыбызысын тартып, жайына келе жатыр. Аяғында қисық табан хром ірбіт етік, үстіндегі бүрмелі қара тон, басындағы тұлкі тымак өзіне жарасып тұр. Осылай киіндіріп, оны алақанына салып әлпештеп өсірген әкем қазір оған сүйсіне қарап отыр. Өз еңбегінің, оз жақсылығының жемісі көз алдында келе жатыр.

Ұзақ жүрдік, бірнеше судан оттік. Әсіреке Тайынты өзенінен өзер өттік. Сол күні Үнгірлі өзенінің бойына ат шалдырып алдық та, Қарақойынды асып, Қосқұлақтың түбіне жетіп тоқтадық.

Жұрт арбаларын қатар-қатар қойып, аттарын догара бастады. Біреуді біреу іздең, айқай салады. Балалар жерге түсіп, арбаларды айналып жүгіріп жүр. Әйелдер от жағып, кешкі тамактың қамына кірісті. Бұл жерге арбадан жүк түсірмеді. Арбадан жеңіл-желпі төсөніш алып, кешкі тамақ ішкен соң, жұрт жатып қалды. Шамшия, Құлзапыран үшеумізді арбаның үстіне көрпеге орап таstadtы. Шамшия деген қарындастым – домалақ қара қыз. Тез сөйлейді, бірақ бір сөзді анық сөйлемейді. Құлзапыран онан үш-төрт жас кіші. Көзі көк, сары қыз. Бұл кішкентай болса да, әр сөзді анық сөйлейді. Мен аспандығы жапырлаған жұлдыздарға қарап, шалқамнан жатырмын. Шамшияның аузына дамыл жоқ, сөйлей береді. Әр норсені сұрай береді. Өны мен-ақ түсінемін. Сөйлеуге ерініп жатырмын. Ұйықтаң та кеттім.

Ертеңінде елең-алаңнан тұрып, артынып-тартынып, ауыл тағы көшті. Екі таудың арасымен келе жатырмыз. Салт аттылар тұс-тұсқа қарай шауып кетті. Біз ілгері қарай жолмен кетіп барамыз. Біз үзап кеткен кезде, әлгі кеткен салт аттылар сонымыздан қуып жетті. Олар құшак-құшак раугаш, жуа алып келіп, әр арбаның үстіндегі балаларға бөліп беріп жүр. Бізге де жарты құшағын әкеліп таstadtы. Раугашын аға сындырып, қабығын аршип, бізге береді, біз жеп жатырмыз. Дәмі қышқыл, ашырқанып-ашырқанып жейміз. Жуасын жеп көреміз. Ол пияз сияқты аузымызды аштыып кетеді. Сонау Шыбынды жайлауына жеткенше, ермегіміз даланың жабайы жемісі болды...

ЖАЙЛАУДА

Асубұлақ бойын мекендейген үш ауыл бұл жайлауда да үш ауыл болып шаңырақ көтерді. Қыстақта бізben бірге

отыратын бес-алты үй Айдабол балалары өз түкімдарына кетіп қалды. Біздің атандың балалары он шақты үй болып жеке конды. Осы біздің шағын ауылда бір қорақай бар. Оны әр үй кезектесіп бағады. Біздің екі үйдің кезегі менің мойнымда. Өйткені Иіс аға қой жаймайды, ал Рақымбек болса, ұлкендермен бірге қыстауға барып, шөп шабады, егін орады, жұмыс істейді. Бірақ бұл ауылда койдың кезегіне баратын ешкім жок десе де болады. Сондықтан, анда-санда болмаса, бұл ауылдың байырғы қойшысы – мен. Біздің сол жағымыздағы үй – Иса атандың үйі. Ол кісінің Зәпен деген біздің Шамшиядай қызы бар. Мұхамметтұрар деген жалғыз кішкентай ұлы бар. Иса атамын өзі жарымжан адам. Одан арғы үй Ахмер ағайдың үйі, оның бір сиырдан басқа айыр түяқ малы болып корген емес. Сонан кейінгі – Оқан мұғалімін үйі, онда ер бала жок. Құсман ағаның ұлken ұлы – Мұхамметсапар әлі кішкене. Самарқан атамың үйіне бір ешкіден басқа мал бітіп көрген жок, онда бала да болмады. Нұғман атамың ұсақ малы болғанымен, ер баласы жок болатын. Ағайынның ұлкендерінің бірі деген – Садық ақсақалдың үйінде ғана қойдың кезегіне баратын бала болды. Қалғандары жаңа ғана отау шыққандар.

Бір күні Иса атандың кезегі екен. Қой жаятын адамы жок. Қания шешеміз мені сұрай келіпті.

– Қара, тұр! Мына кіші ағаның үйінің қой кезегіне барып кел, – деп, тәтем мені оятады. Мен тұрғым келмейді. Басымды көтеріп, отырғызып қояды. Көзімді уқалап отырамын да:

– Құнде-құнде қой бағамын... – деймін.

– Енді бүгін барып кел. Әлі Тоян (Мұхамметтұрарды әке-шешесі, бүкіл ауыл еркелетіп солай атайдын) ұлken болған соң, сенің де қой кезегіне барады, – деп, Қания шешем жалына бастайды. Орнынан тұрып, Қания шешемнің үйіне барамын. Бұл уақытта қой далаға өріп бара жатады. Есіктерінің алдында өмірі шыр бітпеген арық, көк аттарын маған мінгізбек болып байлан қояды. Үйге кіргізіп, маған қаймақ пен қатырма береді. «Қарның ашқанда жейсін» деп, қойныма қатырма салып береді. Бұл кезде Иса атам Тояның кеудесіне отырғызып:

– Тояны, тоймасы, – деп баласын қызықтап жатады. Мениң көнілімді қайтсем табамын деп, Қания шешем жүреді.

— Сендердің Тояндарың неге қой жаймайды? — деймін, тاماқ жеп отырып.

— Ой, әкем, Тоян, міне, көрмейсің бе, әлі кішкене, өскен соң, сениң орныңа қой кезегіне жіберемін, — дейді Isa атам.

Әйтпесе, менімен бірге Тоян жүрсін, — деймін.

— Ой, жығып аласың. Бұл жаман кішкентай немені қайтесің, — дейді шешесі. Сонымен қой жаюға жарамайтын Тоянды ішімнен жек көріп, қой сонынан кете баралын.

Қойды қуғаннан қуып, кезең асырып кетемін. Қой енді ауылдан алыстап, жайылып кетіл бара жатады. Күн көтерілін қыза бастаған кезде, осы тұстан жолмен біреу отетін. Астындағы ауыздығымен алысқан кер атын сипай қамшылап, осы арадан күнде өтетін адамды бүгін көргім келіп, жол үстінде жүрдім. Көп кешікпей әлгі адам атын жайдақ қақтырып, дөннен шыға келді. Жақындал қарасам, біздің ауылға келіп жүретін Алдаберген деген кісі. Ол біздің ауылға неге келетінін, бізге қандай жақындығы бар екенін білмейтінмін.

— Ассалау мағалайқұм, — дедім, ол кісі тұсыма келе бергенде. Атының басын маған қарай бұрды да, сөлеміме жауап қатпастан:

— Мынау кай ауылдың қойы? — деді, аяғын үзенгісіне шіреніп, сары ала қамшысының сабын аяғының басына тіреп тұрып.

— Біздің ауылдың, — деп күнк ете тұстім. Бұл кісінің бұрын алыстан көріп байқамайды екенмін. Қап-қара мұрты бар, көзі уытты, тұсі суық, енгезердей кісі екен. Басына тұлқі тымақ, беліне күмістеген белбеу буынып, аяғына саптама етік киіп алышты. Қорқып кеттім.

— Кімнің баласысын? — деді ақырып.

Мажыраның Қайсасының баласымын, — дедім сасқа-лақтап. Сол екен, сарала қамшы жауырынымды осып-осып өтті. Шыр ете тұстім.

— Ағатай, ағатай, үрманыз! — деуге тілім өзер келді. Тағы да салып-салып жіберді. Мен көк аттың жалын құшып, қала бердім. Өл өз жайына кете барды. Өнен бойындаудай ашып барады. Өксіп-өксіп қоямын. Оның мені неге үрғанын да білмеймін. Бар жазығым — жолын тосып тұрып сәлем бергенім. Кешке үйге келген соң, Алдабергеннің ісін үйге айта келдім. Білеуленің тұрған арқамды көрін, әкемнің де, шешемнің де жаны ашып аяп

кетті. Сөйтсем, Алдаберген бізге күйеу еken де, мені балдызынып «ойнағаны» еken.

Бір күн өткеннен кейн кезек Нәнемнің (Құсыман аганың) үйіне келді. Койдың кезегіне барып келуге тағы мені жұмсады.

— Нәнемнің көк атын берсендер, барамын,— деп бұлданым. Көк ат қоян сияқты артқы аяғынан алдыңғы аяғы қысқа, өсіреле өрге қарай шапқанда, алдына жан салмайтын жүйрік ат еді. Ондағы ойым — Алдабергеннен өш алмақпын.

— Жарайды, міне ғой. Бірақ қойды жамыратып жібермей, жақсылып жайып кел,— деді Қайша женгем.

Қуанып кеттім де, дереу көк атқа мініп, қойды өрістетіп шықтым. Құндегі жерге қойды иірін таstadtым. Көк аттын ауыздығын салып, жолға келдім. Нәнемнің тобылғы сабы бар жуан қамшысын Қайша тәтемнен сұрап алып шыққамын. Ойым — оны беттен бір салып, қаша жөнелмекпін. Басқа жерінен ұрганмен, ондай үлкен адамға қамшым өтпес деп түйдім. Көк аттың жеткізбейтінін білемін. Сөйткенше болған жок, Алдаберген тағы жалғыз өзі келе жатыр еken. Жол бойында еш нәрсе ойламағандай болып, моп-момакан тұрмын. Ол тағы жаныма жетіп келді де:

— Сен тағы жолымда жүрмісін,— деп, маған қарай бергенде, беттен жуан қамшымен салып жібердім де, қаша жөнелдім. Қамшының ұшы қөзіне тиді-ау деймін, «ек» деп көзін қолымен басып тұра қалды. Сөл кідірін барып, мені қуа жөнелді. Қашып келемін, ол қуып келеді. Аты үшқыр еken, ө дегенде, жақындаپ қалды. Қуып жете ме деп сасып келем. Көк атқа қамшы үстіне қамшы баса түсемін. Әбден ыза болған болуы керек, сонынан қалар емес. Енді жетуге айналса, көктің басын օрғе бұрамын, ол зымырап кетеді де, Алдаберғен алыстап қалып қояды. Қойши, әйтеір, шай қайнатым қуды, жете алмады. Семіз кер ат көк атқа ұқсап үстін ақ көбік жауып кетті. Ал қоянкөктің құлағының түбі ғана терледі. Алдабергеннің аты шоқырактап шабудан қалды. Ол мені тілімен аяп жүрген жок. Қуып жетіп, үстаса, маған не істейтініне дейін айтады. Мұндай бейпіл ауыз адамды көрсемші! Мен оған енді қайта оралдым. Ауылдың балалары жездесі болған соң, айта ма, жок, шыны солай ма, ол ауылға келгенде «таз келді» деп, шу ете түсетін. Енді бұл жуан жұдырық Алдабергенді мен де тілдей бастадым. Оның таздығына да

жеттім. Ол қуайын десе, жете алмайтының біледі. Оның мысы өбден құрыды. Қоянкөк шаршар емес, лыптың түр. Тұсап қойған атты айдал келе жатқан сияқтымын, оның алдына да, артына да шығамын. Осылай біраз жерге дейін шығардым да, қойыма қайтып кеттім.

КОЙ КҮЗЕТ

Ауылдың жұмысқа жарайтындарының барлығы пішен шабуға қыстауга түсіп кетті. Жайлауда кемпір-шал, балашаға ғана қалды. Иса атам қолы ауырып, бізben бірге қалып қойды. Иса – өкемнің үш-төрт жас үлкен ағасы еді. Бұл кісі шағын денелі, ашан жүзді, қызыл шырайлы адам. Алды-артын анламай сөйлей салатын ақ көніл, адал жан болатын. Бір ат, бір сиыр, екі-үш ұсақ малы бар. Жас кезінде оң қолының шынтағынан сүйек туберкулезі болып, қолы жазылмайтын. Ол сол қолымен ағаш шабатын. Екі кісі артына қатар отыратын жеңіл шана жасайтын. Оны біздің елде кашевка дейді. Ол шананы қара сырмен бояйды. Ол кісінің бояуы – пеш мойнының ысы. Сол ысқа бірдемелер қосып бояғанда, қазіргі қара бояулардан кем соқпайтын. Қысқа қарай ол кісіге басқа ауылдардан жеңіл шана жасатуға кісілер көп келетін. Жұрт шанасын мақтаса, Иса атам «мен жасаған шаналар атсызақ жүреді» деп, бөсіп кететін. Айқай-қиқушыл даңғой еді. Бір жылы жұрттың біразы қазынадан шөп таситын үлкен арба сатып алды. Солардың бірі болып Иса атам да бір арба алды. Оны бричке дейтін. Сол бричкесінің астына үлкен қоңырау тағып қойыпты.

— Аға, мұны неге тақтың? — деп сұрағандарға:

— Жүргенде жұрттың арбасындай емес, өзгеше дауысы шығып жүрсін, — дейтін. Бұл кісінің сылдыраған дауысы әдемі болатын. Иса атам үйықтап жатып, түнде ән салатын. Егер бір нәрседен оянып кетіп, қайта үйықтап кетсе, алғашқы салған әнінен жаңылмай, ары қарай жалғай беретін.

Міне, бүкіл ауылда қалған бас көтерер – осы Иса атам. Қасқыр да қу ғой, ауылдан ересек адамдар кеткен соң, ауылды торып алды. Күнде қорага шабады. Бірнеше қойдың құйрығын тартып кетті. Иса атамның түнде даусы сенбей шығады. Бір күні қыстаудан Садық атам келді.

Бұл кісі орта бойлы, ақ құба, қыр мұрынды, кең мандайлы әдемі адам еді. Айыбы аздап мұрнынан сөйлейтін. Он саусағынан өнер тамған шебер адам болатын.

— Бүйтіп аз малды қырып аласындар ғой,— деп, інісіне ұрысты да, ауылдың бар арқан-жібін жинатты. Бір үйдін белдеуінен екінші үйдің белдеуіне арқан керіп, бүкіл ауылды арқанмен белдеулеп таstadtы.

— Қасқыр арқаннан аттамайды. Енді қотанға қасқыр кіrmейді,— деді Садық атам. Сонаң кейін ауылдың бар бақанын жинатып, ауылға қасқыр келеді-ау деген жағына балаларға алтыбақан құрып берді. Енді балалар алтыбақан теуіп, тұн ортасына дейін ұйықтамайтын болды. Тұн ортасынан кейін Иса атамның ашы даусы мен керілген арқан қасқырды қотанға жібермейтін болды. Н

ҚАНЫЛТЫР ҚҰПИЯСЫ

Самарқан атам мығым денелі, табиғат қырнап, мінемей-ақ, долбарлап жарата салған адам еді. Оның күскүс жуан саусақтары, жырым-жырым болып жарылып кеткен қалың еріндері өмір бойы бейнет көріп келе жатқанын анғартатын. Ол кісі көсе еді. Сирек сары мұрты мен сақалына өмір бойы ұстара тимей кетті. Салиха апам да «Апама жездем сай» деғендегі өйелден ғөрі еркекке ұқсас добалдай қара кемпір болатын. Оның, тіпті, даусы да әйел даусына ұксамайтын. Осы екеуі бірігіп тұтін тұтеткелі не заман! Жоғары ауыл ортасындағы төбешіктің дәл үстінде ағаштан қыып салған бір бөлмелі аласа үй тұратын. Екеуі бір перзентке зар еді. Балалары болмағандықтан ба, әйтеуір, екеуі де өте балажан болатын. Үйлерінің маңайына барған балаларға «айналайын», «қарақтарым» деп, мандайларынан иіскемей, үйлерінен дәм татырмай жібермейтін. Балалар да оларды жақсы коретін. Сол атамыз бір күні өріске мал шығарып бара жатты. Біз де шашыраған малдарын жинасып, өріске бірге шықтық. Ауылдан ұзап кеттік. Өскемен қаласының жоғары жағындағы кен шығатын жерлерге біздің ауылдың үстін үлкен күре жол басып өтетін. Сол жолды кесіп өткенімізде Бұркітбай жолға жақын бір топ қарағанның арасында тұрған-ды. Бұркітбай — осы Самарқан атамның агасы — Садық ақсақалдың баласы.

— Ой, бері келіндер,— деп ол қолын бұлғап, айқай салды. Біз «не болып қалды» дегендей, барлығымыз соған қарай жүгірдік. Бұркітбайдың жанына келсек, қарағаннын түбінде торт-бес дөңгелек қаңылтыр жатыр екен. Біз таңырқап әлгі донгелек қаңылтырды ағашпен түртіп, аударыстыра бастадық.

— Атылып кететін бірдеме болмасын, байқандар,— деді балалардың бірі. Сөйтіп, жабырласып тұрғанымызда, жанымызға таяғын ұстап, Самарқан атам да келді.

— Немене, балалар,— деп, атам қаңылтырға үніліп қарады.

— Міне, осы жерде жатыр екен,— деді Бұркітбай.

— Қолымызben алып көруге қорқып тұрмыз.— Ұзак қарап тұрды да, Самарқан атам:

— Сендер арырақ тұрындар,— деп бізге әлгі жерден кетіндер дегендей қолын сермеді. Біз алысырақ барып тұрган соң, ол бір қаңылтырды қолына алып, жан-жағына қарай бастады. Жуан саусақтарымен қысып та, шертіп те көрді. Сосын шайқап, құлағына апарып, тындалп көрді де:

— Балалар, бері келіндер. Қорқатын ештенесі де жок. Бірақ ішінде су бар ғой деймін,— деп тағы құлағына жақыннатып, қаңылтырды шайқады. Енді біздін де етіміз үйреніп, әрқайсымыз қолымызға бір-бірден алып көре бастадық. Қаңылтырдың сыртына жапсырылған қағазда-ры жыртылып, сарғайып кетілті. Қагаздағы жазулары да өшіп қалыпты.

Бұл не? Ішінде не бар? Бұл жерге кім өкеліп тасталды? Осыған біз түгіл, Самарқан атам да жауап таба алмай тұр.

— Жазуы өшіп қалмағанда Оқан мұғалім оқып, не екенін айтар еді, жазуының өшіп қалғаны-ай,— деп өкінді атам. Оқан мұғалім деп тұрғаны — өзінің туған інісі еді. Бала оқытқан кезінен бастап оның Оқан деген атына мұғалім деңенді жалғап, үлкен-кішінің барлығы Оқан мұғалім дейтін. Бірақ оның арабша ғана сауаты бар.

Қаңылтыр сыртындағы жазу қай тілде жазылғанында шаруамыз жоқ, әйтеуір, жазу атаулының барлығын да Оқан мұғалім оқи алады деп ойлайтынбыз. Сол күні жерден жеті қоян тапқандай әлгі арадан тауып алған дөңгелек қаңылтырлардың барлығын Оқан мұғалімнің үйіне алып келдік. Ол ары қарап, бері қарап, кей дыбыстарының жыртылған жерлерін құрастырып көріп: «Бұл қазакша жазу емес, сірә, орыс жазуы болар»,— деп жорамалда-

ды. Бірақ бұл үш-төрт ауылда орысша сауаты бар Құнапия ақсақалдың Байсолтаны да үйінде жоқ, оқуда еді.

— Не болса да, ашайық,— деді Оқан мұғалім. Сөйтті де, үлкен пышақты қаңылтырдың тегіс жағына қадал, балғамен пышақ сабына ұрып қалып еді, қаңылтыр ішінен қою сары су шықты. Барлығымыз жапырлап қарап тұрмыз. Енді мұғалім құмыраны мұрнына жақындастып иіскеді де:

— Иісі бір түрлі,— деп, Самарқан атама қарады. Еш нөрседен жиіркене білмейтін ол кісі саусағын қаңылтырдан шыққан сары суға батырды да, мұрнына апарып иіскең:

— Осы іушімді жарып кетер деймісің, у болса да, дәмін татып көрейін,— деді.

— Тек, Самайқан, у бойса, қайтесің?— деді Мәтіш апам. Мәтіш апам Самарқан атамын туған шешесі. «Р» мен «Л» дыбыстарына тілі келмейтін шолжын адам еді. Сойткенше болмай, Самарқан атам дәмін татып:

— Ой, дәмі тәтті еken,— деп тамсанып, қаңылтырдың бетіндегі қалғанын сұқ саусағымен сыптырып жей бастады. Мәтіш апам қорыққанынан көзі аларып, екі қолын қеудесіне басып, алласына сыйынып отыр. Оқан мұғалім де дәмін татып көрді. Соңан кейін қаңылтырдың бетін кенірек ашып, ішіндегісін үлкен ағаш аяқта төңкеріп салды. Белінен бір бөліп салған ұсақ балық. Балалар жанжактан жамырап, сұрай бастады. Балалар «мыналар жеді ғой, енді қайтер еken» дегендей Самарқан атам мен Оқан мұғалімге алма-кезек қарайды. Олар қалған құмыраларды бір-бірлеп аша бастады. Осылай обігер болып жатқанымызда, Нұғман атам келді. Бұл кісі қара сұр, еңгезердей адам еді. Алып күшинің арқасында өлді орыстарға жалға жүріп күнелтетін. Бертін інілері ізден барып, елге алып келіп, бұл кезде ағайын-туғандарының арасында болатын. Ол кісі пышақпен тілгілеп ашып жатқан қаңылтырларға үніліп қарады да:

— Мұны қайдан алдыңдар?— деп сұрады.

— Бұл не екенін білмейміз, ана Мұздыбұлақтың ауызында қара жолдың астыңғы жағында бұтаның арасынан тауып алдық,— деді Самарқан атам.

— Ол консерві ғой, орыстар қаладан өкелетін. Кіршилерден түсіп қалған ғой. Арба ауып, соңан түсіп қалды ма еken, өйтеуір, қаладан қайтқан орыстардан түсіп қалған шығар. Ет, балықтан жасалған тамақ қой. Орыста

жұргенімде талай жегемін,— деді Нұғман ақсақал. Енді оны тіліміз келмесе де «қәнсерп» деп, тамақ екенін біліп, дәмін татып тамсанып, аз тауып алғанымызга өкіндік.

ВЕЛОСИПЕД

Бір күні есік алдына шықсам, Жоғарғы ауылдың балалары қойға қасқыр шапқандай шуласып, біздің үйге қарай жүгіріп келеді. Кейбіреулері Қарамойыл жақты нұскап айқайлайды. Қарамойыл жаққа қараймын, еш нәрсе корінбейді.

— Шайтан арба, шайтан арба,— дейді біреулері. Сөйткенше болмай, Қарамойылдан бір нәрсе қараш етіп шыға келді. Енді біз шуласып, қораның төбесіне шығып кеттік. Анықтап қарасақ, астына бір нәрсе мінген адам. Біз қол бұлғап айқайлап тұрмыз. Әлгі адам үлкен қара жолмен Құройнаққа қарай тарты. Енді көлдененеңін анық көріп тұрмыз, екі дөңгелекті арбаның үстінде отырған адамның аяғы бірде тәмен, бірде жоғары көтеріліп, екі дөңгелекті арба зырлап барады. Үстіндегі адамның құлап қалмай кетіп бара жатқанына таң қалып тұрмыз. Тіпті үлкен адамдар да бастарын шайқап, таңдайларын қағып таңырқап тұр. Әлгі екі дөңгелекті арбаға мінген адам қара жолмен барып-барып, Жоғарғы ауылға қарай бұрылды. Енді біз қораның төбесінен түсіп, солай қарай жүгірдік. Барсақ, Нұғман атамның үйінің алдында тұр. Арбасын қашаға сүйеп қойыпты. Манғайының терін сұртіп, Нұғман атаммен сөйлесіп тұр екен. Атам орыс тілін аздал білетін еді, ол ұзын қолын оның басынан асыра, Шалшы жақты нұскап, бірдемелерді айтып жатты. Біз олардың сөздерін түсінбегенмен, жолаушының жол сұрап, оған атамның жол көрсетіп тұрганын түсіндік. Олар сөйлесіп тұрганда, біз жолаушының көлігін айнала қоршап, таңырқап тұрмыз.

— Мынау жай темір ғой, жаны жоқ, қалай жүреді?
— Жоқ, тәмен қарай өзінен-өзі дөңгелеп кететін болу керек!

Тәмен қарай емес, әлгінде Құройнаққа қарай — өрге қарай да зырлап кеткениң көріп едік қой!

— Жоқ, мына дөңгелегі арбаның дөңгелегі сияқты емес, жұмсақ бір нәрсе ғой, ол әлде жоғары қарай да дөңгелей

алатын шығар,— деп шуласып тұрмыз. Біраздан соң жолаушы жол жүрмекші болды ма, әйтеуір, арбасының қасына келді. Біз «Бұл қалай жүреді?», «Өрге қарсы қалай жүреді?»— десіп, оған сұрақты жан-жақтан жаудырып жатырмыз. Ол біздің сұрағымызға түсінбеді-ау деймін, атама қарап бірдемелерді айтып, құлді.

— Былай тұрындар, үят болады. Қазір қалай жүретінін көресіндер,— деді атам. Бірақ біз жолаушыны қоршап алғып, шулап, әр нәрсең сұрай бердік. Ол, ақыры, арбасын ұстап тұрып, бірдемелерді түсіндіре бастады. Оның әр сөзін үқпағанмен, аяқпен басып жүргізетінін түсіндік. Ол сөз арасында «белесепед» деген сөзді қайта-қайта айтты. Атам оның сөзін тындалап тұрды да:

— Бұл арба емес, мұны белесепед дейді екен,— деді бізге. Енді біз арба дегенді қойып «белесепед» деп әрқайсысымыз қайталап айтып, онан бетер шулап кеттік.

— Судан өте ала ма?— деп сұрады балалардың бірі, Атам оған біздің сөзімізді жеткізіп еді, ол бірдемелерді айтты да, он қолын тамағына апарып, қөлденең тартып қалды.

— Ойбой, кеудеден асатын судан да өтіп кетеді деп тұр,— деп қалды балалардың тағы бірі.

— Жоқ, таяз судан өтеді, ал кеудеден келетін терең судан өте алмайды деп тұр,— деп түсіндірді атам оның сөзін. Құн еңкейіп қалған кез болатын, жолаушы асықты гой деймін, белесепедін жолға қарай бұрды да, сол аяғын белесепедінің бір жеріне салып, атқа мінгендей, тез арбасының үстіне отырып, қүре жолға қарай жүріп кетті. Біз сонынан біраз жерге дейін еріп барып, шуласып қалып қойдық. Сонан кейінгі құндері барлығымыздың аузызымиздан «белесепед» деген сөз түспеді.

Біздің балалық арманымыздың ағынын үдете берді.

Мазмұны

Повестер

Жау тылындағы бала	6
Жас партизандар	99

Әңгімелер

Атамекен	170
Қыраулы қыс	—
Асубай ата	173
Мәтіш шешей	177
Қоянсирак	179
Ат жарыс	183
Тәтті іздеп	186
Көк ат көпірден құлады	189
Үйді сағындым	190
Жаяу жарыс	192
Көш	194
Жайлауда	196
Қой күзет	200
Қаңылтыр құпиясы	201

**«Атамұра кітапханасы» сериясымен биыл мына
кітаптар жарық көреді:**

Ахмет Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш.
Міржасып Дулатов. Оян, казақ!
Жүсінбек Аймауытов. Құлагер.
Бейімбет Майлін. Шұғаның белгісі.
Ғабит Мұсірепов. Ұлпан.
Қасым Аманжолов. Дариға, сол қыз.
Іліяс Есенберлин. Қаһар.
Тахауи Ахтанов. Қаһарлы күндер.
Ғафу Қайырбеков. Көнсадак.
Мұхтар Шаханов. Эверестке шығу.
Төлеген Айбергенов. Аруана – бауыр дүние.
Бауыржан Момышұлы. Ұшкан ұя.
Әбіш Кекілбай. Ханша – Дария хикаясы.
Жұмекен Нәжімеденов. Жанғырық.
Бердібек Соқпақбаев. Менің атым – Қожа.
Баубек Ғұлқышев. Заман – біздікі.
Саттар Ерубаев. Менің құрдастарым.
Саги Жиенбаев. Алтын қалам.
Оралхан Бекей. Кербұғы.
Қадыр Мырза Әли. Менің мұңым – махабbat.
Кәкімбек Салықов. Жезқиік.
Тұрсынбек Кәкішев. Сәкен сүйген сұлулар.
Оспанхан Әубәкіров. Мың мінездеме.
Мархабат Байгұтов. Қозапая.
Қойшыгара Салгарашұлы. Сол бір күндер.